





Әлем балалар әдебиеті

МУЗАФАР
ӘЛІМБАЕВ

Балдәурен,
балалық









Әлем балалар әдебиеті







Әлем балалар әдебиеті

МУЗАФАР
ӘЛІМБАЕВ

*

Балдәурен, балалық

Алматы
«Балауса» баспасы
2007

ББК 84 (5 Қаз.)

Ә 55

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
017 «Әлеуметтік маңызды өдебиет түрлерін шығару»
бағдарламасы

Ақылдастар алқасы:

Ермұхамет Ертісбаев
Қадыр Мырза Әли-төраға
Әлібек Асқаров
Райхан Мәженқызы
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмабаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев

Әлімбаев М.

Ә 55 Балдәурен, балалық. Өлеңдер, әндер, ойындар, аңыздар, ертегілер, дастандар. – Құрастырған О.Асқар. Алматы: «Балауса» баспасы, 2007. – 432 бет.

Бұл әлем балалар өдебиетіне арналған 50 томдық-тың бірі.

ISBN 9965-672-51-2

М.Әлімбаевтің бұл томға енген өлеңдері, әр жылы балаларға арналып шыққан кітаптарынан іріктеліп алынды.

Ә $\frac{4803250200}{00(05)-07}$ 1 – 07

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 9965-672-51-2

© М.Әлімбаев, 2007

© «Балауса» баспасы, 2007

© Дизайнер Ж.Болатев

АЛҒЫ СӨЗ

Менің әкем Айтмағамбет ауылда мектеп ашып бала оқытқан. Сол мектеп Маралдыда әлі сақталынған. Әкемнің кенже інісі Ахметжан да мектеп директоры болған. Сол ағайдың қолында оқып, көп үлгі көрдім. Мен де жастайымнан мұғалім болсам екен деп кұмарттым.

Содан жеті жылдық мектепті тамамдап, Керекудегі педагогикалық училищеге оқуға түстім. Сонда оқып жүріп, он бес жасымда өлең жаза бастадым.

Үлкендерге де, балаларға да арнап өлең жазуды содан бері жалғастырып келемін.

Мен кішкентайлар психологиясын өмірдің өзінен де, педагогикалық кітаптар оқу арқылы да зерттеуді ұнатам. Бұл зерттеулер маған тың тақырыптар ашады. Әр жастағы шәкірттерге қандай өлеңдер керек екенін жан-тәніммен сеземін.


Мәселен, бәбектерді еңбек етуге қызықтыру керек, сонда олар ел қамын ойлар елгезек азаматтар болып ер жетеді. Осы ойды мен өлеңге өзек етіп,



«Он саусақ» деген өлең шығарғам:

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті:
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды...
Өнерлі екен он саусақ:
Қала салсақ, жол салсақ.

Еңбек қозғалыстан, әрекет етуден басталады. Екі саусақты біріктіру де, онымен ине ұстау да еңбек. Енді одан әрі не түйме қадалады, не киім тігіледі. Өстіп еңбек екі саусақтан, аздан, кішкенедеп өрбиді. Сөйтіп үш саусақ біріксе қалам ұстауға, хат жазуға, білім алуға жарайды. Ал, он саусақ кіріссе үй де салынады, жол да жасалады. Саусақ арқылы адамдарды мензеп тұрғанымды алғыр балалар өздері-ақ аңғарады.

Мен әр жастағы балалармен араласып, әмпей болып, әлсін-әлсін сырласқанды ұнатамын.





– Қыз! Қыз!
Сен кімнің қызысың?
– Анамның.
– Тұз! Тұз!
Сен кімнің тұзысың?
– Даламның.
– Ұл! Ұл!
Сен кімнің ұлысың?
– Атамның.
– Гүл! Гүл!
Сен кімнің гүлісің?
– Отанның.

Міне, өстіп сұрақ, жауап арқылы да бүлдіршіндермен сұхбаттасып, алдымен олардың жауаптарын тындап, мен Тұз бен Гүл арқылы оларға өз көзқарасымды ұсынып, саналарына ой салғым келеді. Қыз бен Ұл өздігінен назарларын аударып, Тұз бен Гүлдің орнына өздерін қойып көрсе екен деймін.

Балдырғандарды үнемі бақылаумен болатынымның бір мысалы: Қысқы аязда далада шанасына ат жегіп жатқан

Атасынан немересі сұрады,
(Көрмеген ғой, білмейді ғой бұл өлі!):
– Ата, аттың танауында пеш бар ма,
Танауынан түтін неге шығады?..

Міне, өстіп балалардың өзі кейде маған еріксіз өлең жазғызады.

Жана жазған жырларымды бауырларыма, балаларыма, немерелеріме оқып беріп, олардың ұқпаған, ұнатпаған тұстарын дереу өңдеймін. Кемін толтырамын, артығын қысқартамын. Тіпті қайта жазамын.



Менің педагогикалық білімім ақындығыма әрдайым көмектеседі. Демек балалар ақыны – әрі педагог болуы шарт.

Қалам қармағаным жетпіс жылға таяды. Жиналған тәжірибелерім жырлар жазуыма ұдайы жәрдемін тигізеді. Болашақ балалар ақындары менің өлең дүниесіндегі іздеріме үнілсе, өздерінің туындыларына пайдалы аталық ақыл-кеңес алары сөзсіз. Арғы-бергі, алдағы оқырмандарым барлық жазған-сызғандарым тек сіздер үшін.

Мұзафар Әлімбаев

*Қарт ақын. Қазақстанның халық жазушысы,
23-қазан, 2007 жыл. Алматы.*





БҮЛДІРШІН, БҮЛДІРШІН КҮНМЕН БІР КҮЛСІН

АУЛАҚ БОЛ ЖАМАН ӘДЕТТЕН

* * *

Балалардан қалған сөз,
Дей көрмендер: «Жалған сөз!»
Баршаға бар пайдасы,
Балалар құп алған сөз!

* * *

Қаншама рет ескертті Аю Қоянға:
– Бүйірінді таянба!

* * *

Балта ұқтырды Араға:
– Сақта сөзімді есте.
Өсіп тұрған далада
Жалғыз ағашты кеспе!

* * *

Қошқар айтты Қошақанға бүгін де:
– Үйді айнала жүгірме!

* * *



Ұқтырды Ешкі Лаққа:
– Жөн білмей лақпа,
Таңдайынды қақпа!

* * *

Бұзауға Бұқа ұрысты
(Ұрысқаны дұрыс-ты):
– Иығындағы бас па, тас па?
Отты шашпа,
Күлді баспа!

* * *

Бота көріп Бұзауканды жайлауда,
Шақырыпты бірге жүріп ойнауға:



– Шөліркесен, кел, науаға жақында,
Шелектегі суға аузынды батырма!

* * *

Арыстан айтты Аюға:
– Жадында сақта лайымда.
Әдептен озбауды ойла,
Қолыңды төбеге қойма!

* * *

Жайылып жүрген жотада
Ескертті Бура Ботаға:
– Үлгілі сөзді ұмытпа,
Түкіре көрме құдыққа!

* * *

Кейіді тентек Қонжыққа
Кірекей – қамқор, кәрі ана:
– Болса да мейлі бал жұққан
Пышақтың жүзін жалама!

* * *

Мысыққа Қанден жөн айтты,
Жөн айтқанда дөп айтты:
– Аузынды ашып текке,
Ақты жерге төкпе!

* * *



Ойнақтап жүрген өзекте
Бұрылып Қоян Көжекке,
Арқадан қақты:
– Қой, бала,
Бөркінді теуіп ойнама!

* * *

Кездесіп Мәулен Маймылға:
– Жүрмісің, – деді – жай мұнда.
Бекерге сөйлеп босқа айтпа,
Бейітке қарап қолыңды шошайтпа!

* * *

Қолтырауың еңіремей тұра ма,
Делфин айтты:
– Бейуақытта жылама!



* * *

Мәнісін біл байқа да,
Өз ішіңнен қайтала,
Піл ұқтырды Пілтайға:
– Басыңды еш шайқама!

* * *

Жолықты Мияу Тышқанға:
– Сөзімді еске сақта да,
Жауыңнан қорқып зытсаң да,
Оттан қорқып аттама!

* * *

Күшікке Құмай кейіді:
– Жетпей ме соған зейінің,
Басқа зат бар ғой ойыныңа
Белбеу салма мойыныңа!

* * *

Пілге қарап сабырлы,
Мүйізтұмсық жалыңды:
– Таянбашы жағыңды!

* * *

Қалталы Қасқырға
Жөн айтты Тазтырна:
– Дей берме «Білем» мен!
Отырма жүреңнен!

* * *



Ат тіл қатты Өгізге:
– Мені, «жатым!» дегізбе.
Үйге жиі кел де,
Босағаны керме!

* * *

Жапалақ айтты ақылын,
Қызғышқа келіп өтініп:
– Жайлап жүр, сөйле ақырын,
Ысқырма үйде отырып!

* * *

Дәу Мегежін тоғайда
Түсіндірді Торайға:



– Есі жоққа ерме,
Езуінді керме!

* * *

Ормандағы алаңда
Үйретті Ұлар Қабанға:
– Қанша етке тойсаң да,
Нанды баспа табанға!

* * *

Қаракүспен сөйлесіпті Қаршыға:
– Бұдан былай келісейік біз енді,
Майға пышақ шаншыма,
Құшақтама тізенді!

* * *

Арыстан айтты Аюға
Әдепті болу жайында:
– Өзіңді-өзің еш нәрсеге қыштама,
Қолыңды артыңа ұстама!

* * *

Түйеқұс кеп Тауыққа:
– Айтқан сөзге көн! – деді.
Еріккеннен жаныштап,
Көкті жұлма жердегі!

* * *



Көк бөрі бөлтірікке алаңғасар
Мұная, қарады да ойға кетті:
– Байқамай аң да басар, адам басар,
Пышақты шалқасынан қойма! – депті.

* * *

Шыға бере жотаға
Енесі айтты Ботаға:
– Әдеп үйрен елге қарап,
Түкірме желге қарап.

* * *

Арыстан жаздың кешінде
Айтыпты Маймыл-мешінге:
– Дастарқанға емінбе,
Көп алдында керілме.



ОН САУСАҚ

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті:
Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды...

Өнерлі екен он саусақ:
Қала салсақ, жол салсақ...



ҚОЯН МЕН ҚАСҚЫР

Қоян, оян,
Келе жатыр қасқыр!
Қоян-Ноян,
тұр,
қасқырды басқа ұр!

АЯЗДА

Ақ қыраулы аяз күні далада
Атай келіп атын жекті шанаға.
Ақ боз ат тұр алған демі будақтап –
Аппақ-аппақ бұлт қонғандай қораға.

Атасынан немересі сұрады,
(Көрмеген ғой, білмейді ғой бұл өлі!):
– Ата, аттың танауында пеш бар ма,
Танауынан түтін неге шығады?..



ТЫРАУ, ТЫРАУ, ТЫРНАЛАР

Тырау, тырау, тырналар!
Жем іздесең қырға бар.
Егін жайда масақ бар,
Тырбанбаған құр қалар.

АЙТАҚЫРДА АЙ ЖАТЫР...

Аула алдында айтақыр.
Айтақырда ай жатыр.
«Аспаннан ай түсті», – деп,
Айға карап Айша тұр.

МАЙГҮЛМІН – МЕН

Бала деме қай бұл?
Менің атым – Майгүл.
Ортасында гүлдің
Май айында тудым.

АҚ ЛАҚ ПЕН БАҚАЙ

Ақ ешкінің лағы,
Бақайға кеп жылады:
– Өзің тамақ ішпесең,
Маған бер! – деп сұрады.

МАРАЛДЫНЫҢ МАРАЛЫ

Маралдыда марал көп,
Марал жайлар арал көп.
Мүйізінен маралдың
Дәрі-дәрмек алам көп.

КҮНБАҒЫС

Күнде көкке қараса да,
Жалықпайды күнбағыс.
Ұмтылғаны тамаша ғой
Аспандағы күнге алыс!

БӨДЕНЕ



«Ұстатпады бөдене,
Бұғып қалып көдеге,
Ұстап алсам егер де,
Тойғызар ем бедеге.

КІМНІҢ БАЛАСЫСЫҢ?

– Қыз! Қыз!
Сен кімнің қызысың?
– Анамның.
– Тұз! Тұз!
Сен кімнің тұзысың?
– Даламның.
– Ұл! Ұл!
Сен кімнің ұлысың?
– Атамның.
– Гүл! Гүл!
Сен кімнің гүлісің?
– Отанның.

ҚҰС АТҚАНДА

Ізберген
Құс атты:
Біздерге
Ұстатты.



Шүрегей
Үйректі
Дүрегей
Сүйретті.

МЕН ТІЛ АЛҒЫШ БАЛАМЫН

Буфеттен алып дәйім,
Ішемін балық майын.
Жаннұрша жалындырып,
Үй-ішін сабылтпаймын.

АҢҚАУ


Назымбектің Құмары
Дүкеншіден сұрады:
– Үш тиынның қаламы,
Ағай, қанша тұрады?..

СЫЙҒА СЫЙ

Ара тынбайды,
Ұшып, зырлайды.
Шарлап қырларды,
Шырын жинайды.
Гүлдер өсірсен,
Балын сыйлайды.

ТАТУ БОЛ

Достар болса достық атын ақтаған,
Алыс жол да – жақын жол.
Қара бала, сары бала, ақ бала,
Туыстардай тату бол!



ЖАҢҒЫРЫҚ

– Орман барсақ,
– Айқай салсақ.
– Пәленше!..
Өзімізді-өзімізге таң қылып,
Даусымызды қайталайтын не нәрсе?
– Жаңғырық! Жаңғырық! Жаңғырық!

«АДАЛДЫҚ»

Үйінен нағашымның інім келді.
– Үш алма сәлемдеме беріп еді.
Біреуін сонда жедім, жолда бірін,
Мінекей жеп тұрмын мен бірін енді.
Ду күлді сөзіне оның отырғандар,
Інімнің «адалдығын» өзін аңғар.



МЕНИҢ ОЙЫНШЫҚТАРЫМ

Жүрмейсің бе абайлап? –
Болмасаңшы ұрыншақ.
Асыр салып, көп ойнап,
Ақсап қалдың, құлыншақ!

Ашытпайды көзіңді,
Шомыла ғой, балақай!
Қарашы енді өзіңе:
Аппақ болдың, алақай!

Түсті түймең үзіліп,
Неге қадап алмайсың?
Тұр ғой өне ине-жіп,
Неге ұқыпты болмайсың?

Мектебіне ертемен
Баратұғын бала аз ба?



Апарамын ертең мен
Машина тұр гаражда.

Шырылдама, әндетпе,
Бұлбұлым, ертең жырларсын.
Папам келді қызметтен,
Ұйқтап біраз демалсын.

Тиіспе, күшік, қоянға,
Тентектікті қойыңдар!
Кикілжің жоқ аранда,
Тату-тәтті болыңдар.

РАХЫМЕТ ДЕП АТАЛЫПТЫ АХЫМЕТ

Асын ішіп болса, біздің Ахымет,
Анасына айтатыны: «Рахымет!»

Киімдерін кигізсең де, Ахымет
Ұмытпайды, дейді саған «Рахымет!»

Тәтті кәмпит сұраса да Ахымет,
Ең өуелі деп алады «Рахымет!»

Күні-түні таусылмайтын «Рахымет»
Рахымет деп аталыпты Ахымет.

САУЫСҚАН

Ала қанат сауысқан
Құтты көрсе жабысқан.
Бір томардан томарға
Секең-секең ауысқан

Жақыннан да алыстан
Бері ұшқан да, әрі ұшқан.
Құтты шоқып тауысқан
Санитар – бұл сауысқан.

БИККЕ, БИККЕ

Көктемде, көктемде
Күн нұрын төккенде,
Қар еріп ақты су,
Жоғары тартты бу.

Көк шыбық былтырғы
Көгерді – құлпырды.
Құлпырды, құлпырды,
Жоғары ұмтылды!

ҚОЗЫ МЕН ТЕКЕ

Бір қозы терге шомып, жалдап жанды,
Күртіктен ойдым жерді аршып алды.
Бас қойып тебін шөпке жатыр еді,
Теке де сорына оның келе қалды.

Қозының бүйіріне мүйіз төнді,
Ыңқ етті, қозы байғұс кете берді...
Мүйізім бар екен деп кішілерді,
Сүзгілей беруің де жетер енді?



КӨЗ ТОСТАҒАН

Көрсен оның қарасын,
Ойыншық деп қаласың.

«Көз» дейтұғын бар аяқ:
Көздей ғана шара аяқ.

Ас құятын аяғым,
Осымен де тоямын.

Береді өжем сүт құйып,
Тойып алам тыңқиып.



«ҰМЫТШАҚ»

- Галошынды неге жумадың?
- Мама, ұмытып кетіппін.
- Кітабынды неге жимадың?
- Мама, ұмытып кетіппін.


- Пальтонды неге ілмедін?
- Мама, ұмытып кетіппін.
- Итке ас неге бермедін?
- Мама, ұмытып кетіппін, -

Айтады сондай «себепті»
Өзіне сөз жуытпай.
Сол «ұмытшақ» конфетті
Жүр екен қалай ұмытпай?!

ЖЫЛҚЫШЫ

Екі бала таласты,
Едірейе қарасты:
- Жылқышы -
Ол кісі, -
Деді Арнұр.

- Жылқышы -
Көл құсы, -
Деді Жаннұр.
Кім жанылып, бұрыс айтты? -
Екеуі де дұрыс айтты.



БАЛАҚАЙ МЕН ҚАЛАҚАЙ

Саяхаттап көрдік қыр,
Қырға бардық, тердік гүл.
Айқайлады балақай:

– Алақай-ау, алақай!
Жапырақты үземін,
Гербарий ғып тіземін.

Ол бұтаны бас салды,
Міне, шатақ басталды.
Қарып қалды қалақай,
Жылап қалды балақай...

МЕН ДАЛА БАРДЫМ



Мен дала бардым,
Қыр гүлін берді,
Көл суын берді,
Күн нұрын берді.

ӘЖЕМНІҢ АЛАШАСЫ

Тоқыпты әжем алаша,
Бояуы қанық тамаша!
Көктегі кемпірқосақты
Әжеміз жерде жасапты.

ТЫШҚАН МЕН БАЛАСЫ

Баба тышқан – көпті көрген зиялы
Баласының құлағына құяды.
– Мысық деген жолбарыстан зор! – дейді.
Зеңбіректен оқ атсаң да өлмейді.
Тарғыл пөле, ата жауың сол! – дейді.
Бас салмасын, балам, абай бол! – дейді.



ДӘРІГЕР БОЛАМЫН

Әже! Әже! Жатпашы!
Ауыр ойға батпашы.
Болайын мен дәрігер
Десең: – шипа дәрі бер! –
Дәрі жасап берейін,
Берін жасап берейін.
Ауыртпаймын өжемді,
Ауырмайсың, әже, енді!

ҚЫСҚЫ КӨЛ


«Күннің күнгірт кезі-ай!» – деп,
Көлдер киді көзөйнек.
Көл ашыққа құмар ма,
Қарады ұзақ мұнарға.
Түк көрмеді алжасып,
Көз өйнегін қар басып.

БҰЛТ ПЕН ҚҰС

Барады өне бұлт ағып,
«Кетпесін деп бұлт алып»,
Бұлдырықтар ұшады,
Бұлтың-бұлтың бұлтарып.

ҚОЛШАТЫР

Біз кішкентай балдырған,
Сескенбейміз жаңбырдан.
Төбемізде қол шатыр,
Алдымызда жол жатыр.



ЕКІ КӨРІНІС

Қыс та сынап тұрғандай,
Біледі екен кім қандай:
Болжыраған болбырды
Аяз сорып тондырды.
Келеді өжет ал, бірақ,
Екі беті албырап.

МЫСЫҚ ПЕН ҚҰМЫРА

Сүтке толы құмыраны
Айналшықтап қызығады.
Төңкеріп тастап қарап отыр,
Енді ернін жалап отыр.

ҚОЛҚА

Ата, үйге ерте қайт,
Бізге қызық ертегі айт.
Шаршап қайтсаң жұмыстан,
Бүгін ойлап, ертең айт.

ГҮЛ МЕН ТАМШЫ

Тамшы тамса тырс-тырс,
Гүл айтады: Дұрыс! Дұрыс!



ШАЙ ҚАЙНАТЫП БЕРЕЙІН

(Халық өлеңі сарынымен)

Апатайым Бәтима,
Басың ауырып жатыр ма,
Шай қайнатып берейін,
Тандайына тати ма?
Шайға қанып, терлей ғой,
Өзінді-өзің емдей ғой.

Інішегім Мерейім,
Сиыр сауып келейін.
Қарның ашып қалды ма,
Иіндісін берейін.
Әппақ сүтке тоя ғой,
Жылағаның қоя ғой.



ШЫНЫҚСАҢ –

ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ

Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір,
Сағатқа қарап ап
Жаттығу оңай-ақ!

Қақпаға туралап
Теп допты, оң аяқ!
Қақпаға туралап
Теп допты, сол аяқ!
Оң аяқ!
Сол аяқ!
Жаттығу оңай-ақ!

Доп безек қагады
Секіріп еденде,
Біресе жоғары,



Біресе төменге.
Секіріп сондай-ақ
Жаттығу оңай-ақ!

Отырайық жүрелеп,
Гүлді үзіп алайық.
Орнымыздан түрегеп,
Басқа гүлге барайық.

Қарлығашқа ұқсайық,
Көне, қанат жаяйық.
Қарлығаш боп ұшайық,
Ұшып-ұшып алайық.

Тік ұста бойыңды,
Жоғары соз қолыңды.
Соз қолыңды тағы да
Жеткіз жираф жалына.

АЙ МЕН АЯ

Айдың беті әппақ,
Аяның беті сатпақ.
Неге олай?
Ол былай
Бұл ай
Аунамайды жерге,
Шомылады көлге.

ҚОМАҒАЙ

Қомағай-ай, қомағай,
Қос қолдап-ақ соғады-ай.
Іс дегенде майысып
Солқылдайды қоғадай.

САМАТ ПЕН САҒАТ

Сағат тоқтап қалыпты,
Самат ұйқтап қалыпты.
Сағат ұйқышыл ма?
Самат ұйқышыл ма?

ДӘУ БАЛЫҚ

Таң атқаннан сарсылып,
Таңат отыр сағада.
Інісі оның таусылып,
Мін тағады ағаға:
– Ұстағаны он шабақ...
Інінің сөзі салмақты, –
Мен болсам тормен тұмшалап,
Аулар ем, қойып қармақты.
Атасы айтып тастады:
– Сөйлеме ағат, қой, күнім.
Дәу балықты ол ұстады
Төзімділік дейтұғын.


САНАМАҚ

I

Бір дегенім – бір таяқ,
Екі деген – екі аяқ,
Үш дегенім – үшкір тіс,
Төрт дегенім – төрт бұрыш,

Бес дегенім – бес қатар
Алты деген – алты атар,
Жеті – жердің жемісі,
Сегіз – төлдің семізі,

Тоғыз деген төлбасы,
Он деген он жолдасы.



Сан білмеген айта ма.
Санамақты қайтала!

II

Жеті жұлдыз – анау «Жетіқаракшы».
Нанбасаң сен, жолдасыңа санатшы:
Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті ме?!
Жұлдыздардың көз сал оң жақ шетіне.

Екі жұлдыз аралығын байқап ал,
Жоғарыла бес мәртебе қайталап.
«Темірқазық» жұлдызында тұрмын де,
Неше жұлдыз бар көргенің, білдің бе?!

III

Ағаш ек, Атай!
Малға бар, Матай!
Су өкел, Сопай!
Отын жар, Опай!
Қазан ас, Шоқай!

Атай да, дем ал!
Матай да, дем ал!
Сопай да, дем ал!
Опай да, дем ал!
Шоқай да, дем ал!

МИЯУБИКЕ МІНБЕСІН...

Қуыршақ ат, қурай арба-күймесін
Жегіп алып, тауға тышқан барады.
Күймесіне мияубике мінбесін,
Арба сынса, тышқан жылап қалады.

ЖАЛҚАУДЫҢ ЖАУАБЫ

– Ана есікті жаба салшы,
Ілгегін де сала салшы.
Жалқау әрең ыңыранды:
– Жел соқпай ма,
Сол жаппай ма?!

* * *

Үйдің ішін суық алды...

ТӨЛЕГЕН – БЕРЕГЕН

Көрші бала Төлеген
Жоғарыда тұрады.
Жұртқа қарап төбеден.
Балконына шығады.



«Төлеген бе? Төлеген –
Қолы ашық береген!» –
Десе досы қуақы,
Көмпит жауар төбеден.

ПОЧТАШЫ АҒА ЖҰБАТТЫ

Почташы үйге енгенде
Қолым создым далаңдап.
Папама хат келгенде,
Жоқ боп шықты маған хат.

Почташы аға бүгін де
Келе қалды орамға.
Сумкасының түбінде
Жоқ боп шықты маған хат.

Почташы айтты:
– Тоса тұр да, төзім тап,
Бұл, жігітім, аз қайғы ...
Бірақ, бірақ жазбаған соң өзің хат,
Саған да хат жазбайды.



Есіңе алып басқаны,
Хат жазбасаң сәтімен,
Өзіңді де достарың
Қуантпайды хатымен.

... Білмейді ағай, білмейді ғой шынымды
Менің өлі хат танымайтынымды!

ӘРІПТЕРДІ БІЛІП АЛ

А – Жер өлшейтін саржан,
Белін буып алған.

Г – Семафор жабық тұр,
Жол бойын бағып тұр.

Н – Екі тіреу,
Басқышы біреу.

О – Дөп-дөңгелек жүзік пе, әлде шеңбер ме,
Мұны соққан ұста ма, өлде зергер ме?!

П – Алдыңнан тап болар
Әр үйде қақпа бар...

Р – Жылқышының кұрығындай,
Тіп-тіке тұруын-ай!

С – Бір қарасаң егіншінің орағы,
Жарты Айға да кейде ұқсап қалады.

Т – Телеграф бағаны деп қаласың,
Насосқа да ұқсастығын табасың.

Ф – Арқасын тіреп жабысып,
Екі «Р» қалған қабысып.

Ш – Пішенші ұстар қос қолдап,
Айырдың басы үш тармақ.

Ү – Ешкім де қолдан жасамай,
Қос біткен айыр, ашамай.

ТІЛ СЫНДЫРУҒА

Ат. Атпен шап!
Доп. Допты сок!
Жер. Жеміс тер!
Ине. Қадап ал түйме.
Мұз. Мұзды бұз!
Су. Бетің жу.

НАРКӨЗ


Наркөз
Ертеден елде бар сөз.
Тостаған
Халқымыз қолға ұстаған.
Өзі,
Кәдімгі, нардың көзі!
Наркөзбен
Сүт ішемін әркез мен!

БОРСЫҚ

Май басқан борсық –
Тырсиған торсық.
Кездесе көлшік,
Жүзе алмас шоршып...
Күн ыссы жазда
Кетерсің борсып,
Кер жалқау – кырсық,
Ініңнен, тұр, шық.

ТАЛАС ҚАЛАЙ ТЫЙЫЛДЫ...

Жігіт де Танашты,
Өршітпей таласты,
Қақ бөліп қалашты,
Ырза етті Данашты.



БАЛАҚАЙҒА

Көсілерсің, өрлерсің,
Жер үсті кең, биік көп.
Алқынарсың, терлерсің –
Жүрме, бірақ күйік боп.

СОТҚАРДЫ СҮЙЕР КІМ?

- Ыза болса, күшік неге «ррр» дейді,
- Неге жөнге көнбейді?
- Неге десең, ол әдепті білмейді,
- Содан дөкір сөйлейді.
- Сотқарды ешкім сүймейді.


СУАЙТ САУЫСҚАН

Сауысқан ала таннан ауыз жаппай,
Орманда сыпсындап жүр байыз таппай:
– Дөкейлер, өттең, бейғам келеді ғой,
Жатпай ма бас панасын бүркей салып.

Кетіпті піл байғұсты шіркей шағып,
Ойбай-ау!
Ойсыз неме өледі ғой!..
Суайтқа анқау ғана сенеді ғой.

ЖАЛМАҒЫШ

Көршіміздің баласы,
Шұрық-шұрық жағасы.
Тап осындай жалмамас
Сиырдың да танасы.



ҚЫРЫҚАЯҚ

Қырық аяқ шұбалып,
Төсегінен тұрғанша.
Тысқа шығып, су алып,
Қырық аяғын жуғанша,

Сонсоң қырық башмақтың
Қырық бауын бұғанша.
Өтеді ғой босқа күн,
Өтеді уақыт, бір қанша?!
Жасамаған жақсы ғой,
Жасық болып туғанша!

ЖАҢҒАЛАҚТЫҢ ӨЛЕҢІНЕН


Алты жыл тұр далада
Ала белбеу шағала.
Ұшып жүрді жағада
Әрлі-берлі бағана.

ӘППАҚ ПЕН САТПАҚ

Әппақ дала, әппақ қар,
Ақ қалпақты әппақ тал,
Әппақ үйлер, әппақ жол —
Кілең, кілең әппақтар!..
Әттең соның ішінде
Беті-қолы сатпақ бар.

ОРМАНДА

Отын жардык жұмылып,
Орман кетті жылынып.



МҰЗОЙНАҚ

Көл бетінде жалтыр айдын – мұз ойнақ,
Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап.
Коньки теуіп жарысамыз желменен,
Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.

О, ҚОРҚАЙЫН МЕН НЕГЕ?

(Халық әзілі)

Н а г а ш ы а т а с ы:

– Шам жақпаған үйде сен
Қалмайды дейді.
Қараңғы бөлмеге кір десең,
Бармайды дейді.
Осы рас па?

Ж и е н і:

– О қорқайын мен неге?
Нанбасаныз,
Сол қараңғы бөлмеге
Менімен бірге жүріңіз
Менімен бірге кіріңіз.

Н а г а ш ы а т а с ы:



– Мен жаңылып айтып жатыр екем ғой,
Менің жиенім «батыр» екен ғой!..

«ҚАҚ САТАМ, ҚАҚ САТАМ»

Қожанасыр үстіне
Киіп алып ақ шапан,
Қан базардың ішінде
Айқайлапты:

– Қақ сатам! Қақ сатам!

– Қан қақсатар бұл неме,
Жолама да, үндеме! –



Жұрт ығысты базардан
Құтылғандай азардан.

Анқаулықпен Қожакен
Қан базарда барылдап,
Сата алмапты қауынқақ...
Себебі: әлгі сөзі екен.

САРЫ ЖАПЫРАҚТАР ЖАУҒАНДА

Күзде жауын. Бұлт. Тұман.
Сары жапырақ жауады:
Сары құйын ұйтқыған
Сапырады ауаны.

Тапталады табанға
Судыр-судыр жапырақ.
Өттей сары бояуға
Малынғандай атырап.


ЖЕЛ ДЕГЕН НЕ?

– Жел деген не?
(Айт деп інім жалынды).

– Жел де – ауа көдімгі
(Айтқаныма нана ғой),
Жел дегенің тек бірақ
Ойға-қырға шапқылап,
Пайыз таппас ауа ғой.

МЕДУЗА

Кеспірі жоқ мақұлық,
Балық емес – медуза.
Толқын ұрса, сапырып,
Медузаға мен ыза.



Жел тұрғанда қаптайды,
Бір төуірі – шақпайды.
Жылп-жылп еткен жалқаяқ,
Содан маған жақпайды.

КӨЗІҢ НЕГЕ ҚЫСЫҚ?

- Мысық! Мысық! Мысық!
- Көзің неге қысық?
- Ұйқыдағы пенде
- Қауіпті ме елге?!
- Етпетімнен түсіп,
- Жатам көзім қысып.
- Тышқандардың момын
- Қайнатамын сорын...

Ғұмыр бойы қысып,
Содан көзім қысық.

ТАБИҒАТ ӘЛІПЦЕСІНЕН


«Ш» ӘРШІ

Шиені суарамын әлсін-әлсін,
Шиенің шөлі қансын... Қансын... Қансын.
Шығырды шиқылдатып су тартамын:
Шиеге шырай беріп, тамшы тамсын.

БІЛМЕЙ МЕ КҮШІК ОНДАЙДЫ?..

Таңертең жауды күміс қар –
Әкелді суық тұңғыш қар.
Бүрісіп, жаурап, құнысып,
Үйшікте жатыр сұр күшік.

Қытымыр келер қысқы шақ,
Мұздаса бойы, тонса егер,



Жылынар еді, біз құсап
Жүгіріп, жүгіріп алса егер.
Спортшы қыста тонбайды,
Білмей ме күшік ондайды?

ДҮРБІ

Әкелді әкем дүрбі,
Қарашы деп күлді.
Дүрбіні ұстап көрдім.
Төңіректі шолдым.

Алыстағы тау да,
Беткейдегі бау да –
Бәрі аулаға кірді!
Алып келді дүрбі!

Қарап едім теріс,
Қалам, дәптер... тегіс
Қашып кетті менен,
Үрікті олар неден?

Дүрбіні енді білдім,
Бар ма сенін дүрбің?

ТІС ПЕН ТІС ЫСҚЫШ

Мынау Нүсіп нас екен,
Тіс ысқышпен қас екен.
Ұрты содан ісіпті,
Тісі шіріп түсіпті.
Енді тісім ауырса,
Еске аламын Нүсіпті.

БАЛҒАБАЙ

Бүгінгі астан түстегі
Екі-ақ қасық ішкені.
Біздің арық Балғабай
Көтерем боп қалмағай.
Балғабайдан сұрайық,
О, Балғабай, хал қалай?!

ҚАРАҚАТ ТЕРЕ БАРҒАНДА

Теремін жазда қарақат.
Қарақат теру – рахат.

Себетім қолда тоқыма,
Мен – бір күс дөндер шоқыған.

«Апама бірі», – деп қоям,
Біреуін өзім жеп қоям.

«Папама бірі», – деп қоям,
Біреуін өзім жеп қоям.



Қажымай тердім қаншама;
Екі асап, бірін салсам да,

Толмады өлі себет те,
Тоймадым өзім... себеп не?

ҚОРБАҢ АЮ

Қорбаңбай-маймақ
Орманын жайлап,
Шарлайды аймақ:
Балға бір тоймақ...

Жаз бойы жөйлап,
Семіріп, шайлап,



Қарлы қыс келе
Үңгірін сайлап,
Жатады айлап.

Табанын қыстай
Сорады маймақ...
Мен саусақ сорсам,
Шықпайды қаймақ...

ТАРҒЫЛ МЫСЫҚ ДАҒДЫСЫ

Сағат сегіз таянды:
Дағдысынша бұрынғы
Ұмытпайтын тұруды
Тарғыл мысық оянды.



Жатпайды ол ерініп,
Мысық бойын жазады,
Аяқ-қолын созады,
Созылады керіліп.

Дағдысы оның солай-ды:
Елден ерте тұрады.
Беті-қолын жуады, –
Жумайды-ау, жалайды...

ТҰҢҒЫШ КӨКТЕМ

Көргенін қызықтауға жарағандай
Бір жаста ақыл қандай, бала қандай?!
Өтеді өскен гүлді орағытып
Басуға аяғымен аяғандай.

Көк майса жұпар иісі аңқығасын,
Аялап алма ағаштың ақ ұлпасын,
Тосады алақанын жаңбыр жауса...
Жас біткен тап осылай таңырқасын!



Ол үшін бәрі таңсық, сыры жаңа
Көктемді көрді ұлым биыл ғана.
Барады тұңғыш рет мерекеге
Кішкентай қызыл жалау қолына ала.

Білмейді ол елдің көгін бұлт торлаған,
Қаһарлы сонау шақты оқ бораған.
Ержүрек жұмысшы тап шежіресін,
Келелі келер жылдар, ұқтыр оған.

ҚҰМЫРСҚАЛАР

Құмырсақаның илеуі –
Құмырсақаның үйлері.
Бір тілек, бір ниетте
Барлық тұрғын үйдегі.

Елгезектер бұйығып,
Ерінуді білмейді:
Илеуіне жұмылып,
Инелікті сүйрейді.


Құмырсақалар тамағын
Еңбекпенен табады.
Өзін қорғай алады –
Шамдандырсаң, шағады!



БАҚАНЫҢ ЖАУАБЫ

(Армян өзілдерінен)

– Бақа! Бақа! Күні-түні бақылдап,
Қалай ғана жабылмайды ауызын?
Деп көршілер, жақындап
сұрайды.

– Өзіме өз дауысым
ұнайды...





КЕЖІР

Жұмсады ұлын атасы:

– Әкеле ғой көрші үйден балғаны.

Сөз қайырмай шатасып,

Баласы өне жарып өтті ауланы.

Тұрып-тұрып үй сыртында сотқары

Қайтып келіп босағаға тоқтады.

– Әкелдің бе, ал кәні?

– Әкелмедім балғаны...

– Таппадың ба, көршіні?

– Балғасы ауырып қалыпты.

– Не деп тұрсын, жан балам,

– Бұнына кім сенеді?!

– Күні жетсе, балға да

– Ауырмақ түгіл, өледі!.

ҰЗЫН ТІЛ

Ұялмайды ұзын тіл,

Қызармайды ұзын тіл.

Неге десең, ұзын тіл –

Туғаннан-ақ қызыл тіл.



Адам нанбас сөз айтып,

Бөскен сайын ұзарар

Сол тіл үшін көз тайқып,

Бет пен құлақ қызарар.





БАСТАЛМАҒАН ЖЫР

Дәуренге

Ат жалынан өкең тартып мінгенде,
Әжең байғұс күлсе, тұңғыш күлген бе?

Әйөй мамаң келін болып түскенде,
Әжең байғұс алғаш шарап ішкенде.

Сен туғанда жас отауға жаз қонған,
Күн құшақтап, әжең елтіп, мөз болған...

Өзің келіп әулет жолын созғасын,
Ақсарбасқа атады ма өз басын,

Мұңға төзген, бақытына төзбей ме,
Осындай да ұшырай ма кез кейде?!

Әжең кенет кете барды келмеске,
Қалған ғұмырым бұйырсын деп Дәурешке.

«Екі Тұмаш – екі арысым бар!» – деді.
Сол сөз еді-ау соңғы келген дәрмені!

* * *



Сен дүниеге келмей жатып, шірендің,
Ақ патшасы, өміріндей бір елдің.

Тумай жатып сен өкенді жұмсадың,
Тумай жатып сен шешенді жұмсадың.

Әке-шешен бәйек болып жүр бүгін,
Жасап саған адал ниет құлдығын.

Дөйсін өзің, бес жасыңа қарамай,
Сен бала емес, өкең саған баладай.

Әкеліктің сыбағасын ерте жеп,
Көрейін деп, қамдандың ба ертерек?!




* * *

Сен әзірге көп баланың бірісін –
Басталмаған жырдайсың.
Танытпаған тұлғасының ірісін
Даңқ-атақтан жүрдайсың.

Сен тумай-ақ қышып жұрттың иегі,
Тойда шалқып жүріп ек.
Дос-жарандар сені бүгін сүйеді.
«Тұманбайдың ұлы!» деп.
Бар қуатын төк халқыңның жолына
Кеудеңдегі сәулеңнің:
Тұман шалды мақтасып жұрт соңыра
«Әкесі, деп – Дәуреннің!..»

* * *

Аты мәлім аргы-тегің көп, әкем,
«Ата!» атанған армансызы жоқ екен.
Ақ тілеудің орта жолда аты ұшқан,
Аталарың аһ ұрыпты қапыстан.
Сен татпашы сары уайым сарқытын,
Балдай сімір бар бақыттың нәр-құтын,
Созылмақшы сол қашанғы қате енді,
Әулетіңе ата дегіз әкеңді...



ЖАРҚЫРАЙ БЕР ЖҰЛДЫЗША

МОНТЕР АҒАЙ



Ағай епті қолымен
Жүреді ылғи от беріп,
Тарам-тарам жолымен
Жүгіреді ток келіп.
Көшеде, үйде, кеңседе
Жүреді ағай шам жағып.
Түн ішінде келсе де,
Ол жүрген жер жап-жарық.

КҮЛӘН ТӘТЕМ

Төтем жұмыс басында,
Төтем күннің қасында!
Жүк көтергіш кранда
Отыр төтем Күләнда.

Балық ілген қармақтай
Құлатпай да аунатпай,
Көтереді мың қышты,
Сол төтемнен кім күшті?

Салған үйі бірнеше
Бірнешеміз – бір көше!
Төтем кран басында,
Қашан тұрам қасында?!



ҚҰСТАРДЫҢ ТОЙЫНДА

Той басталды, жаз келіп,
Қазан асты қаз келіп.

Турады етті тоқылдақ,
Торғай кірді отын ап.

Ұзақ отты маздатты,
Тарғақ күріш тазартты.

Мейіз әкеп мекиен,
Шымшық татты шетінен.

Құманмен күр су кұйды,
Жапалақтар үй жуды.

Сәбіз тіліп сауысқан,
Тырна тұзын салысқан.

Қырғи пияз қуырды,
(Қызғыш топтан қуылды).

Бұлбұл салды бұрышын,
Бәрі осылай тырысып,

Торғай палау пісірді,
Баптап асты түсірді.

Бөліп берді бөдене,
Бұл той емей немене?

ЖОРҒА ТОРҒАЙ

Жорға торғай жыпылдап
Күзде жаңғақ терді мол.
Тұмсығымен шұқылап,
Топыраққа көмді ол.

Қысып қыстың бораны
Қалса керек қарны ашып.
Тапты торғай тамағын,
Қойманы іздеп, қарды аршып.


Кетіпті ол ұмытып
Шошқа жаңғақ талайын.
Көктем келді жылытып,
Көгертіп тау тоғайын.

Тіршілікке нәр берген
Күн төбеде тұр биік.
Келеді өсіп дөндерден
Бала емендер қылтиып.

ЛАҚ НЕГЕ ШҰНАҚ?

– Лақ неге шұнақ,
Неге шұнақ құлақ?
– Аяз қарып қысқан
Ақ қар, көк мұз қыста.

Мама тілін алмай,
Шыққан лақ тысқа.
Тыста жаурап ұшып,
Құлақ кеткен үсіп,
Содан лақ шұнақ,
Содан шұнақ құлақ.



СЕГІЗІНШІ МАРТ КҮНІ

Сегізінші март тойында класта
Гүл сыйладым Гүлжан, Нілжан, Күләшқа.
Алақайлап сыйлығымды алысты,
Қуанысып мәз-мейрам боп қалысты.

Гүлжан маған өз сумкасын ұстатты,
Нілжан маған өз сумкасын ұстатты.

Жана шыға бергенімде кластан
Өз сумкасын бере қойды Күләшжан.

Төрт сумканы Бәкең алып жөнелді,
Бірге айтып келеді үш қыз өлеңді.

Терлесем де сыр бермей-ақ келемін...
Намыс деген не екенін білемін.

ОЙЫННАН ҚАЙТҚАН ОРАҚ

Ойнап-ойнап манадан,
Орақ келді даладан.



Пальто сүңгіп қуысқа,
Бөрік зырлап бұрышқа.

Етік шкаф үстіне
Ұшып барып түсті де.

Қолғап төрге атылды –
Қарасын тез батырды...

Бір-бірінен шошырдай,
Заттар басы қосылмай.

Түнде жатар бөлініп,
Көзге түспей көрініп.



Ертең шыққан күнменен
Басталады дүрбелең.

Әрі ізде де, бері ізде,
Жоқ үйде де, дәлізде.

Көзге түсер киім жоқ:
Бірі болса, бірі жоқ.

Ойран-топыр үй-іші,
Күндегі осы жұмысы.

КӨРЕГЕНДІК

Күннің шығып, батқанын
Бір көрмеген оңай ма?
Көскен қопа, батпағын
Көреген бе торай да?!



Тырнағымен үңгіген
Тонды қазып әр тұстан.

Ұзап шықпас інінен
Нені көрер көртышқан?!

Қара судан от алған,
Тауды орнынан қопарған.
Мұхиттарды көшірген,
Гагаринді өсірген.

Космостағы қияннан
Жерді шолып көзімен.
Озып кеткен қиялдан –
Ісімен де, сөзімен.

Айдай әлем батыры!
Адам қолы, ақылы –
Көреген де – сол адам,
Береген де – сол адам.



ТУРИСТЕР

Жас ұлан туристер –
Бәрі іскер – мініскер.
Қолдары жұмыскер,
Аяғы жүріскер.

Жартасқа тап-тақыр
Тігеді ақ шатыр.
Көгалға аунайды,
Аунайды-қунайды.

Шөлден су табады,
Отын да жарады.
Отты да жағады,
Дәмді жол тамағы!



Аязды түн мейлі
Ақ қарда түнейді.
Тонуды білмейді,
Моюды білмейді.
Шынығып қайтады,
Шырқап ән айтады.

Жас ұлан туристер –
Бәрі іскер – мініскер.
Қолдары жұмыскер,
Аяғы жүріскер.

ОРАҚ – ОЛАҚ

Қадаймын деп түсіп қалған түймесін,
Қоса тікті костюміне жейдесін.
Біздің Орақ –
Сондай олақ!

Орындықтың шығып кеткен шегесін,
Қағамын деп қапыда ұрды-ау шекесін.
Біздің Орақ –
Сондай олақ!



ЖАЛҚАУ ВИНТ

Жалқау бір винт жасынан
Жылжып болттың басынан.
Түсіп қалды қырғысып,
«Токтасын, – деп, – машинама!»

Оған неге қарасын?!
Бұрап алып жаңасын,
Жүріп кетті машина,
Шарлап ауыл даласын.

Жапанда винт тек жатыр,
Жаңбыр – батыр, жел – батыр.
Жарамаған кәдеге
Көк темірді жеп жатыр.



ҚОЯН ӨРГЕ ҚАРАЙ ЖАҚСЫ ЖҮГІРЕ МЕ, ОЙҒА ҚАРАЙ ЖАҚСЫ ЖҮГІРЕ МЕ?

Орғығанда өрге мен
Желді қуып жетемін.
Тау тұрса да көлденен,
Бір-ақ қарғып өтемін.

Өрден ойға қашқанда,
Зәрем қалмай сасамын.
Зәрем қалмай сасқанда,
Мен тоңқалаң асамын.

Десең: «Қоян, неге олай?»
Түсіндірем мен оңай.

Артқы екі аяғым
Ұзын десең, ұзын-ау,
Алдыңғы екі аяғым
Әттен, қысқа... қызық-ау!



ЖЕЛ – ДАУЫЛДЫҢ ІНІСІ

Ағаштармен жұлқысып,
Шаршайды жел күніге.
Күшік құсап бүк түсіп,
Жатады тал түбіне.

Дыбыс берсе қияннан
Дауыл аға «Жүгір!» – деп.
Шыға келер қыраннан
Жел інісі дүрілдеп.


ШАҢҒЫ ЖОЛ

Оңға қарай біресе
Толқып, серпіп ырғалған.
Солға қарай біресе
Шалқып, толқып ырғалған.

Домбыраның қос-егіз
Шегіндей бос бұралған
Шаңғы жолға түсеміз
Шығу үшін құмардан.

Өрге баяу жылжимыз,
Жылжымаймыз, ілбиміз.
Өрден төмен ылғи біз
Желден оза ызғимыз.

Жел мандайдан осады,
Қызынады етіміз,
Арқадан тер жосады,
Албырайды бетіміз.



РАХАТ ҚОЙ САЛҚЫН СУ

Мөңгі ерімес мұз-қары
Тау қойнында туғам мен.
Суық қой деп ызғары,
Қорықпайым судан мен.

Су пайдалы адамға,
Шынығамын күнде мен.
Тонбайды аяз, боранда
Салқын суға үйренген.

ЖАҢҒАҚ ПЕН ЕСІК



Ағам менен өлдеқайда айлалы,
Амалдарды табады ол қайдағы.
Ағам маған жаңғақ шағып үйретті;
Ә дегенше жаңғақтарды күйретті.

Жаңғақты есік арасына салды да,
Сарт еткізіп қайта жапты, жарды да...
Содан бері сасып жүрмін, өй тегі,
Апам көрсе, папам көрсе қайтеді?!

Жаңғақ шағып машықтанып алсақ та,
Барады есік топсасынан алшақтап...

КҮРЕКТІҢ ЖЫРЫ

Кіп-кішкентай күрекпін.
Күнде саған керекпін.
Күре қарын ауланың,
Қолсыт түбін теректің...
Еңбек сүйгіш күрекпін,
Елгезекке керекпін.



КӨКТЕМ КЕЛДІ

Көлдiң мұзын күн тестi,
Әппақ тонын жер шештi.

Жан-жақтан күн күркіреп,
Жанбыр жауды сiркiреп.

Жердi жапты көк кiлем,
Ондай кiлем жоқ, бiлем!

Көктем келдi күлiмдеп,
«Мiне саған гүлiм!» – деп.

МЕНIҢ ТӘТЕМ КОРРЕКТОР

Ертеңгi күннiң газетiн,
Көремiн елден бұрын мен
Күндегi осы әдетiм, –
Оқимын қызыл iңiрден.


Қағатын газет қатесiн,
Корректор – менiң тәтешiм.

СЫЛАҚШЫ АПАЙ

Қызығамыз бiз ылғи:
Соналайдан тартқан көз.
Шапақ түстес қызыл үй,
Шағаладай шаңқан боз.

Сары уыздай сары үйлер,
Көгiлдiр үй – аспандай.
Күрең үйлер... жаңа үйлер
Қалаға нұр шашқандай.

Күнi-түнi тынбаған
Сән табам деп әр үйге,



Соның бәрін сылаған
Сылақшы апай, өрине.

Жаңа кұрылыс басында
Өткеншекте тербеліп,
Жүреді апай осында
Әрбір үйге өң беріп.

АРНҰР ҚҰСТЫ АЯЙДЫ

Момақансып жүр екен,
Мияубике ұры екен:
Алдындағы торғайға
Атылғалы тұр екен.



Апасы жоқ қасында,
Папасы жоқ қасында
Жеп қояды-ау торғайды
Жебір мысық расында.

Аяп кетіп торғайды,
Арнұр салды айғайды.
Жансыз сурет болса да,
Қолмен басып, қорғайды.

ТАСБАҚАНЫ ЖҰМСАСАҚ...

Орман – орда, патшалық.
Өртенбесе от шалып,
Үлкен де бар, кіші бар, –
Жұрт несіне қысылар?!

Арыстаны – патшасы,
Бағынышты – басқасы.
Солай дейді ертегі,
Ертегі сыр шертеді...



Әмір етті Арыстан:
– Аяқ жетер алыстан
Ан дейтұғын жандыда,
Бәрі келсін алдыма!

Көне, түлкі – уәзір,
Шабарманға кім өзір?
Құлақтансын ел түгел,
Тез келуін мен күтем...

Сайқымазақ түлкі екен
(Іздегені күлкі екен):
– Болмаңыз сіз бос қапа,
Барсын, – депті, – тасбақа!

... Ол кеткелі бес сағат,
Қалмапты елде еш тағат.
Сонда елік сөйлепті,
Сөйлегенде бүй депті:

– Түлкіекеңнің тапқаны,
Көңіліне жаққаны
Бақа бопты, о тоба,
Атама, қой, атама!

Ол жайбасар тоғайға,
Өлсе, жетпес он айда.

Есік жақтан үн келді,
Жалт қаратты күллі елді:
– Мені төлкек қылдындар,
Онда елгезек бірін бар...

* * *

Сөйтсе өлгі тасбақа
Үйден өлі шықпапты.
... Болбырлықтан бас қатар,
Бақа соны ұқпапты.
Ұнатпайды ел езді.
Ал тасбақа не сезді?

ӨШІРГІШ ПЕН ҚАҒАЗ

Өшіргіш пен кір қағаз –
Өмір бойы дұрдараз.
Қағаз айтты досына;
«Қайырымың осы ма?»

Жатырмын деп тазалап,
Ысқылайсың қажалап.
Білігі жоқ есерсің.
Бүйірімді тесерсің.

Түбі осыңнан табасың:
Күнде шөгіп барасың.
Өзің-дағы өшерсің,
Дүниеден кешерсің».

Сонда өшіргіш сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
– Бұйырмасын өкінсем:
Қағаз кірін кетірсем.

«Бір күні жоқ жалыққан,
Қателерден арылтқан
Өшіргіш!» деп, айтады ел.
Бағалайды байтақ ел.

* * *

Жаны туыс
Көркемдік пен тазалық:
Көні дұрыс,
Көркем, таза жазалық!

ҚИСЫБАЙ

Қызды тартып тұлымнан,
 Ұлды шертіп мұрыннан,
 Көрінгенге ұрынған.
 «Жын» какқандай жұлынған
 Кіп-кішкентай Қисыбай,
 Мінезінің қисығы-ай!...

КӨК ТАЛ – КӨРКІ КӨШЕНІН

Сембілікке бір шығып,
 Әр оқушы бір шыбық
 Мектебіміз бағына
 Жылда егеміз құлшынып.

Сен: «Аз!» деме, қомсынып,
 Он жылда бұл – он шыбық!..
 «Солай, – дейді мұғалім, –
 Құралады молшылық.



Ектің екен – ерінбе,
 Сінсін жерге терін де...»
 Өзім баптап өсірген
 Үш талым бар менің де.

Біздер екен неше мың,
 Көк тал – көркі көшенің,
 Мен – балдырған – елімнің
 Көркі болып өсемін.

КҮЗ КЕЛДІ

Сарғайды тоғай,
 Сап-сары манай.

Сонғы әнін айтып,
 Құс кетті қайтып.



Айнала жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.

Жер жыртқан тында
Трактор қырда.

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.

Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.



ҚАЙТЫШ КЕЛГЕН ХАТ

Ойлап жүрген өзінше
Қуанттым деп атамды,
Алтай жұрттың көзінше
Атасынан хат алды.

Конвертті ашты. Дауыстап
Хатты бастап оқыды.
Өз жазуы, таныс хат –
Токтады да отырды.

Атасы айтып өкпесін
Жазыпты хат тұсына:
«Асықтың ба, қайткенсін,
Әлде барын осы ма?»

Оқушының қолы деп
Бұл шимайды айтар кім?
Өйтпес келер жолы деп,
Хатты өзіне қайтардым...»



БҮ НЕ?

Ұрып қалсаң, кері атып
Оралады өзіңе.

Көрсө досың бері атып,
Қайтып барар өзіңе.

Бір орында тұру жоқ,
Деп атайды мұны...

– Доп.

* * *

– Түрі-түсі шұбар.

– Тіс түбінде у бар.

– Жүрген жері лаң.

– Бү не?

– Жылан.

* * *

– Танауы талпақ,

– Тұмсығы жалпақ.

– Ыңқылдар босқа.

– Бү не?

– Шошқа.

* * *

– Қызылшыл да қан құмар,

Қозы көрсө қан қылар.

Сен атпен бастыр.

Бү не?

– Қасқыр.

* * *



– Жұп-жұмыр жоны бар,

Инеден тоны бар,

Түйрегіш, түрпі...

Бү не?

– Кірпі.



* * *

Қармағыңның ұшында
Қорғанбайды именіп,
Вертолеттей ұшуға
Өзір... Бұл не?
– Инелік.

* * *

– Шыққан бітеу үйден
– Үрпек жүнді балақан,
– Жүрер күйбең-күйбең.
– Бұл не? Айтшы!
– Балапан.


* * *

– Басында бар тарағы,
– Құйрығында орағы.
– Өзіндеймен араз:
– Таңнан айқай салады...
– Айтшы, бұл не?
– Қораз.

БАЗАРЛЫҚ

Төрт жыл аңсап сағынған
Баурым Алтай бал бөбек,
Қанат жайып, алдымнан
Қарсы шықты еркелеп.

– Не базарлық маған сіз
– Әкелдіңіз, ағатай?
– Окопсыз, өртсіз, тұмансыз?
– Әкелдім өмір, балақай!..



КІТАП – ЖЕМІС АҒАШЫ

Көрдін талай аралап
Мәуелі жеміс бақшасын.
Тәттілерін таңдап ап,
Жемісін талай татқасын.

Закым түссе, ал бірақ
Ағаш қалар семер де.
Жылдағыдай балбырап,
Жемісі қайта өнер ме?!

Кітап та – алма ағашы
Жемісін біздер теретін.
Тәтті алмаға балашы
Кітабыңның әр бетін...

КІМ ҰТЫЛДЫ, КІМ ҰТТЫ...



Тауға өрмелеп үш бала,
Талай шыңнан асыпты.
Қажып-талып, түс ауа
Қарындары аңыпты.

Қалған алма екеу-ақ,
Қалай бөлер оны үшке?
Екі бала сотанақ,
Түскен дейсін керіске.

Мінезіне түсінші:
Босқа күйіп-пісіпті...
Үнеіз тұрған үшінші
Арашаға түсіпті.

– Не керек сол айтысып,
Сен бер маған жартысын.
Не керек сол тартысын,
Сен бер маған жартысын...

Екеуі оған көніпті,
Жарты-жарты бөлікті



Басу айтқан балаға
Өз қолынан беріпті.

Кім ұтылды, кім ұтты?
Кім ұқпады, кім ұқты?

ПЕРНЕБЕК ПЕН КӨБЕЛЕК

Көк ала қанат көбелек
Шарқ ұрады көлбеңдеп.
Оны көріп Пернебек,
Тұра ұмтылды елбеңдеп.

Тура көздеп тоқталып,
Лақтырғанда портфельді,
Сия-сауыт тапталып,
Көбелек ұшты – жалт берді.



Сау жері жоқ сиядан
Дәптерлер мен кітаптың.
Баланы сол ғой қинаған:
Қатесін түзер жылап кім?!

ЕКЕУ ДЕГЕНШЕ, БЕКЕМ ДЕ

Бірді бірге қосқанда
Екеу болады.
Жалғызсырап, жасқанбай,
Бекем болады.

Екі қолды қосқанда
Құшак емес пе?!
Екі қанат аспандап,
Ұшады емес пе?

Тіркелсе екі дөңгелек,
Өзің тебетін,
Зырылдайтын дөңгелеп
Велосипедің...



Басталады екеуден
Достық, дос тілек!
Ауырлықты көтерген
Адал қос жүрек!

ЖАМАҚАЙ МЕН ДУШ

Қыс ортасы болса да,
Күн қызар ма сонша ма?!
Жылы лепті жел есті,
Зәрлі қыспен егесті.
Жата алар ма қар шыдап,
Кетті көлкіп, – тамшылап.

Жаңбыр жауған сияқты,
Шатырлардан су ақты.
– Тамаша душ! Алақай! –
Деп, жүгірді Жамақай.
Омырауын ашты да,
Тұрды тұрба астына.
Су құйылды мойынға,
Су құйылды қойынға.
Үсті-басы малмандай,
Көлге малып алғандай.

«Душка» түсті бір апта,
Қыста түсті бірақ та...
«Тұмау тиді қайдан?» – деп,
Әжесі жүр қайран боп.

АТЫ МЕН ЗАТЫ

Б а л а с ы:
– Ат қойған соң «күшік» деп,
Күшік кіші болған ба?
Ат қойған соң «мысық» деп,
Мысық кіші болған ба?

Ә к е сі:

– Атын солай қойған ғой
Қарамай-ақ затына.
Үйреншікті болған соң,
Жарасып тұр аты да!

Ілтифатқа алар кім
Ісің қораш шіркінді.
Ісі жақсы адамның
Есімі де сүйкімді!

БАС ПЕН ҚОЛ



– Сабақ қалай, бала?
– Жаман емес, аға!
Біледі жөнін,
Ақылды, басым ақылды!
Бірақ та қолым
Ұятқа талай батырды.

Ақылға сүйеу бола алмай,
Қаламға ие бола алмай,
Сызықтан асып кетеді,
Сиясын шашып кетеді, –
Деп Сәкен, төмен қарады...
Ұялтпаңдар баланы
Жақсы екен,
Жақсы екен талабы!

ЖОЛ ҚАЙДА ЖОҒАЛДЫ?..

Жүгірді жол, жүгірді,
Бір жерлерде бүгілді.
Бір жерлерде бұрылды,
Желаяктай жүгірді.

Ойлау жерде қайқайды,
Дөңдеу жерде шалқайды...
Сүзіп шықты бір елді,
Көлге келіп тірелді.



Жоғалды ма жол оңай,
Суға кетті-ау. Обал-ай!
Іздеп жүрсек жан-жақтан,
Сүнгіп шықты ар жақтан.

КӨКТЕМДЕ

Көлкіген су айнала,
Малтығып тұр тал, қайың,
Қарайды айдын-айнаға,
Шымшық қағып таңдайын.

ҚОЛ

Қолың сенің жаралған
Жақсылықты жинауға.
Аямай дос-жараңнан
Өз барыңды сыйлауға.

Ен далаға – тың жерге
Иен жеміс егуге.
Елге келіп тигенде
Жау сазайын беруге.

ҚҰРБАҚАНЫҢ ЖЫРЫ

Құрт-құмырсқа теріп жеп,
Көк шалғында жүремін.
Не біледі еріншек,
Мен жүзе де білемін.

Ыстыктасам – суым бар –
Көлге келіп күміп берем.
Тоңсам – ыстық құмым бар –
Күн шуақты құп көрем.

ҚОШАҚАН МЕН ОШАҒАННЫҢ СЫРЛАСУЫ

Қ о ш а қ а н:

– Өй, ошаған, ошаған!

Қоймаушы едің түйремей,

Неден жұмсап, босаған

Тікендерін инедей?

О ш а ғ а н:

– Келе жатқан жаңбыр бар,

Өн-бойымды алды ылғал...

Қ о ш а қ а н:

– Өй, ошаған, ошаған,

Бүгін қалай қадалдың?

Қастығың ба жасаған,

Қадалғаннан қан алдың?!

О ш а ғ а н:

– Ашық болса, күн жаумай,

Қатаямын, жұмсармай.

... Жаумай ма, әлде жауа ма,

Қандай болмақ күн бүгін –

Тікеніме қара да,

Ауа райын біл бұрын!

ХАЛЫҚ ӘЗІЛІНЕН

– Қонақтарға деп қойған

– Конфетті кім жеп қойған?!

– Қайсыңнан мен көрейін?!

– Мен емеспін, сеніңіз...

– Кімге тағы берейін?

– Маған... маған беріңіз...


ҰРЫНШАҚ

Жеті жасар көршім бар

Жұрт білмейді шын атын.

Сонысында мол сыр бар

Содан келіп шығатын.



Мықты болсаң жалықпас,
Ал аттарын санап көр:
«Жырық ерін», «Жарық бас»,
«Тыртық танау», «Полақ қол».

Шағын өмірбаянын
Жазгандай өн-бойына.
Ұрыншақты аядым
Ұялу жоқ ойында.

Тек жүр десен, дүрдараз
Салыстырсаң Қабдешпен.
Атасының жарасы аз.
Үш соғыста қан кешкен.

СӨЗ МӘНІСІН АЙЫРА БІЛ

Ескек ескен Есенкелді ағамыз.
Асау Ертіс айдынында ағамыз.

* * *

Ауыр екен, қап,
Әттеген-ай, қап!

* * *


Мылтықтың оғы – қорғасын,
Қасқырдан малды қорғасын.

* * *

Қолыңдағы керней ме,
Керней бізге сөйлей ме?
Үрлегенде аузыңмен
Ішін ауа керней ме?

Жолдасыңмен келіс те,
Жұмысыңды кел, істе!

Шикі сүттен қорықтық,
Жасап іштік қорықтық.



Әуелей өссін құрма,
Әткеншек оған құрма!

Есті!
Есті сөзді есті!

Қасқырдан тілеу қайырым –
Қайдағы өдет, қай ырым!?

Атқосшы,
Бөйгеге сен де ат қосшы!

Құлаққа қатса көп құлық,
Тазартар неге жоқ құлық?!

Абайламай, аяғыңа қарамай,
Табаныңа жағып алдың қарамай.

Көк жиіктің шетіне
Көтеріліп ай шықты.
Сырмақтардың бетінде
Еске салар айшықты.

«Алмаймын, – деп, – бақырды!»
Алтай біздің бақырды.

«Ерлігі елден ерек
Жас кезде біз де ер ек», –
Деседі ақсақалдар,
Желкілдеп ақ сақалдар.

Қашан? Қайда? Қай мықты?
Қас дұшпаннан қаймықты!?

ҰШЫП КЕЛДІ ҰЗАҚ ҚҰС

Созылса да ұзақ қыс,
Ұшып келді ұзақ құс.
Айқыш-үйқыш шатынап,
Жарылды мұз, қақырап.

Күн ерітті сүңгіні,
Тамшы жерді үнгіді.
Ыдырады тозғандай
Қар жоғалды, із қалмай...
Жайнайды енді келбеті
Жасылданып жер беті.
Көлдің суы зеңгір көк,
Көз тартады мөлдіреп.
Егінжайлар бу атып,
Толқиды енді мұнартып.

ҚЫС



Күн қабағы түйілді:
Тоңып қалма, ал киін!
Жылыттың ба үйінді,
Қайраулы ма конькиің?
Аяз сүйіп бетіңді,
Албырасын қыс күні.
Жеңіп шықшы, бекін де,
Қыс дейтұғын күштіні!

САЯ

Жауын жауса орманда,
«Су болам», – деп қорғанба.
Көк жапырақ саясы
Кең шатырдай тоңғанға.

ҰҚСАТАСЫҢ БА?

Күн – сарғалдақ сап-сары,
Үзіп алғым келеді.
Күн – күнбағыс шап-шағын,
Сызып алғым келеді.



Күн – табадан аумайды,
Құя қойған жұмыртқа...
Сол суреттің қалмайды
Біреуі де ымыртта.

ЖАЗДА НЕГЕ ЫССЫ?

І н і с і:

– Ең ыссысы ыссының
Жаз болады неге осы?

А ғ а с ы:

– Қимылдаған кісінің
Қызады ғой денесі!

Өйткені жаз – еңбеккер,
Өйткені жаз – бағыбан...
Жазға ұқсап терлеп көр,
Тер жемісін бағынан.

НАНАСЫҢ БА?

Б і р і н ш і б а л а:

– Көлеңкеде түс бар ма?

Е к і н ш і б а л а:

– Солай деп те қыштар ма?

Б і р і н ш і б а л а:

– Қыста қайың ағашы
Көлеңкесіне қарашы!

Е к і н ш і б а л а:

– Көр кешінде, көр ерте:
Қара түсті көлеңке.

Б і р і н ш і б а л а:

– Білмейтінім көп екен:
Көлеңкесі көк екен!

СОЛ ДЫБЫСТЫҢ ҚИЫНЫ - АЙ...

- Тары деші.
 - Жем.
 - Дөрі деші.
 - Ем.
 - Неге
- Олай дейсің, ей?
- «Л-л - Рр» - деу
Оңай дейсің бе?..

ҰЙҚЫНЫҢ ҚЫРСЫҒЫ

Бір бұрышқа тығылып ап отырды,
Түні бойы ертегілер оқыды.
Ертеңінде ұйқы буып класта,
Тұмсығымен партаны ол шоқыды.

КІТАП

Жақсы кітап – адал дос, ақыл жолдас.
Ондай ешкім, еш нәрсе жақын болмас.
«Оқы, оқы және оқы!»

Ильич айтқан,
Кітаппен жақын болған қапыл қалмас.

ЕГЕР ДЕ...

«Ауланың қарын күрер ем,
Аяғым су болмаса.
Бақшаны баптап жүрер ем,
Үстіме шаң қонбаса.

Суға да мен барар ем,
Егер қарым талмаса.
Отынды да жарар ем,
Ағаш қатты болмаса.

Жұбатар ем Жанатты,
Жылап маза алмаса,
Жақсы оқыр ем сабақты,
Арифметика болмаса...»

Айтайық біз Көрімге
Бұл мінезін қоймаса:
– Тындырар ең бәрін де,
Жалқаулығың болмаса.

АҚ ДӘПТЕРДІҢ ОЛАҚ ҚАЛАМҒА ЗАРЫ

Қалам менен дәптердің
Таласына тап келдім.
Оқып көрсін шәкірттер,
Ұсынғанды шақ көрдім.
Аппақ дәптер сөйледі,
Қаламға кеп, бүй деді:



– Өрнегіндей зергердің
Болмайтын ба сөз деген?!
Зердесінде көргеннің
Қалмайтын ба із деген.

Жүрсін бәрін кесе аттап,
Жөн-жосыққа қарамай,
Кір аяқпен бес баттам
Төрге шыққан баладай.

Қиын болды-ау ұнауың,
Көрген пенде безінер:
– Қалам емес, мынауың –
Сусебердің өзі! – дер.

Ағызған да тамызған
Шашыратқан, бүріккен
Сен сияқты «жауыздан»
Дәптер біткен үріккен.

Бағым жанбай өтем-ау
Дүниеден назалы...



* * *

Қалам жазбайды екен-ау:
Ақыл мен ой жазады.

КІШКЕНТАЙ БАЛАНЫҢ ТАҚПАҒЫ

Біздерде көп жас талант,
Мен де бірі солардын:
Алматылық космонавт
Бөлкім, өзім болармын.

ӘСЕМ ШАРЛАР АСПАНДА



Қызыл, жасыл, қара, сары,
Ақ, көгілдір... өуе шары
Бірінші Май – той күнінде
Алматыға жарасады.

Алуан түсті өуе шары
Аспанында тамашаның
Қалкиды әне, толқиды әне,
Жұрт мөз-мейрам қарасады.

Желмен ойнап таласады,
Ақ бұлттармен жанасады.
Сөлем айтып Москваға
Әсем шарлар тау асады.

ҚАРАҒАЙ НЕГЕ ҰЗЫН, ЖЫҢҒЫЛ НЕГЕ ЖАТАҒАН, ТОБЫЛҒЫ НЕГЕ ҚЫЗЫЛ БОЛҒАН?

Ерте-ерте, ертеде
Тобылғы, Жыңғыл, Қарағай
Өсіпті бір өлкеде
Тел өскен үш баладай.



Олар тату дос екен,
Тұрса керек жонда өсіп.
Көңілдері хош екен.
Көрмепті бір шәй десіп.

Жыңғыл менен Қарағай
Ойда-жоқта кейісіп,
Ар-ұятқа қарамай,
Бұркылдапты керісіп.

Тауға қашып Қарағай,
Бекініпті биікке.
Жыңғыл жатты шыдамай
Ішті өртеген күйікке.



«Қайтеді ол?» – деп Қарағай,
Мойнын соза беріпті,
Қырды шолып жағалай,
Жыңғылды да көріпті.

«Күн көрем деп со гүрлы» –
Жыңғыл күмға бұғыпты.
Досын қимас Тобылғы
Арашаға жүріпті.

«Қойыңдар деп керісті!» –
Айтудай-ақ айтыпты.
Іс тындырмай келісті,
Үйге ренжіп қайтыпты.

Екі арада ит-өлек –
Сондай қыжыл болыпты:
Жатаған да төпенек
Содан Жыңғыл болыпты.

Дәу қарағай содырлы
Содан ұзын болыпты.
Ұялыпты тобылғы –
Содан қызыл болыпты.



ОЛ ЖЫЛЫ МЕН БЕСТЕ ЕДІМ

Ұмытылмас естегім:
Ол жылы мен бесте едім.
Жездем тайға мінгізді,
Қырга бастап жүргізді.

– Ал тізгінді тарт бері,
Үйге қарай шап! – деді.

Құйғыттым да құладым,
Құладым да жыладым.

Әкем көрді жасымды,
Сөйлеп кетті ашулы:

– Еркек аттан құламас,
Құласа да жыламас.

Жарсаң дағы басыңды,
Кет, көрсетпе жасыңды!



Төзе алмаймын аяңға,
Шапқыламай қоям ба?
Өмірде сан құладым,
Жыламауға шыдадым.

ҚАЙСЫСЫ ДҰРЫС? ҚАЙСЫСЫ БҰРЫС?

Жазыпты бала,
Сен оқып қара.
Қайсысы дұрыс?
Қайсысы бұрыс?

Шөлінде – бұлан,
Інінде – ұлан,
Тайгада – құлан,
Елінде – қыран,
Көгінде – жылан.

Қайсысы дұрыс?
Қайсысы бұрыс?



Бұл қалай, бала,
Тағы оқып қара:

Інінде – қыран,
Көгінде – құлан.
Тайгада – жылан,
Елінде – бұлан,
Шөлінде – ұлан.

Бұл сені сынау.
Дұрысы мынау:

Інінде – жылан,
Шөлінде – құлан,
Тайгада – бұлан,
Көгінде – қыран,
Елінде – ұлан.

ХАЛЫҚ АЙТҚАН СӨЗ АНЫҚ

– Сыйлаймын деп ең класқа,
Өзің еккен гүлінді.
Айтқан сөзде тұрмас па,
Көреміз қашан мұныңды?!



– Онда сенің нең бар? – деп,
Ашуланды Құрманбек.

Жолдасына қуланып,
Желкесін Алтай қасиды:
– Халық айтқан сөз анық,
«Шолақ сай тез тасиды».

ҚАУЫН ҚАБЫҒЫНДАҒЫ ЖАЗУ

Не мересі:
– Мынау қандай дәу қауын?

А т а с ы:
– Бұл торлама – бал қауын.



Немересі:
Сыртты бұжыр қабық қой.

Атасы:
– Толған жұмбақ өріп қой.

Немересі:
– Танымаймыз оны біз.
Ата, оқып беріңіз!


Атасы:
– Жазуының сыры бар,
Сен де, балам, ұғып ал:
«Еш болмайды еңбегің,
Терің сіңсе кезінде.
Жемісіңнің өнгенін
Еліңе бер, өзің же».

МАҢЫРАУЫҚ

Бағлан қозы – маңырауық,
Маңырайды ауық-ауық.
Биік таудың жары – қауіп,
Қыстың қалың қары – қауіп,
Қызыл көзді бөрі – қауіп,
Бейшараға бөрі – қауіп...
Содан қозы – маңырауық,
Безілдейді ауық-ауық.

ҚАРАҒАЙ

Көкке бойын созады,
Көпке қолын созады.
Кең құшағын ашады,
Көленкесін тосады.
Көк қарағай, қарағай,
Мейірбанды анадай.



ЖЕЛ

Еседі жел, асып бел,
Түрі өзгеріп кеткен бе.
Шалғын үсті жасыл жел,
Көгілдір жел көк белде.

ЫРЗАЛЫҚ

Аптап ыстық... Қайнатардай күн миды,
Аулада қыз сусебермен су құйды.
Құмға тамшы дара-дара сүңгиді,
Ырзалықпен гүлдер басын шұлғиды.


ЖАС БУЫНҒА ЖАҢА ЖЫЛҒЫ ТІЛЕК

Тоймен бастап жыл басын,
Жыл бойы ел жырғасын.
Қыста қырда қар қанша,
Өнсін күзде дән сонша.

Бар баланың бойы өссін,
Бойы өскеннің ойы өссін!
Жоғалсын да білместік,
Жыпырласын кіл «бестік».
Бір класқа – бір жастан,
Көшсін шәкірт кластан.
Төкпей әркім мұң жасын,
Қуанғаннан жыласын!

ТИІН

Түсі қызыл жалындай,
Көзі жылтыр лағылдай.
Тиін – орман еркесі,
Орман – оның өлкесі.



Қарағайда қуыс бар,
Ұясы сол тыныстар.
Ағаштардың басынан
Қарғығанда тосыннан
Қутың-қутың тынбайды,
Қолды-аяққа тұрмайды.

Қарағайдан қағады –
Тәтті жаңғақ шағады.
Тиін – орман еркесі,
Орман – оның өлкесі.

ҚЫРДАҒЫ ҚҰДЫҚ

Қолдан қазған құдық бұл
Суы мөлдір тұнып тұр.
Бабам қазып балшықты,
Сол құдықты аршыпты.
Аршыған соң құдықты,
Суы таза тұныпты.
Іздеп бізге талшықты,
Әкем құдық аршыпты.
Аршыған соң құдықты,
Суы таза тұныпты.
Сыртқа атып балығын,
Сол құдықты аршыдым.
Қырдың қима құдығы,
Жұртым үшін тұнығы.

ТАУЫС НЕГЕ ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ, ҚАРҒА НЕГЕ ҚАРА?

Ерте-ерте ертеде
Ну орманды өлкеде
Жемін терген жұптасып,
Өмір сүрген құптасып.
Ақ тауыс пен ақ қарға
Аумайды екен ақ қардан.

Тауыс соған налыпты,
Досқа мұңын шағыпты.

– Екеумізден-екеу-ақ
Ақ болыпмыз бекер-ақ.

Бақсаң басқа кұстарға,
Бізде сондай түс бар ма?

Қызыл ала қырғауыл
Гүлдей жайнап қырда жүр.

Әтеш алтын айдарлы
Әдемі де айбарлы.

Тоты қайдан тапты асыл,
Көйлегін-ай жап-жасыл!

Берін көрдің талай сен,
Сұқтанбайын қалай мен?!

Біз кембіз бе солардан?
Сондай болсаң о, жалған!

Қарға қанат қомдапты
Дос тілегін қолдапты:
– Бекер жүру – қоршылық.
Емес біздің қол сынық.

Жадырасын күн шығып,
Жасайық бір тіршілік!



Күн шыққан соң екеуі
Бояу іздеп кетеді.

Шөптен бетер жасылын,
Жасылының асылын.

Тобылғыдан күреңін,
Талдап-талғап реңін.

Көмір тектес қарасын,
Қарасының жаңасын,

Қардан ашық аппағын,
Жер бетінен талқанын,



Көз талмайтын көруге
Аспан түстес көгін де,

Қаннан қызыл қанығын,
Ең қымбатын бәрінің,

Сарғалдақтай сарысын
Сұлулықтың сәні үшін, —

Сан бояуды жиыпты,
Ұяға әкеп үйіпті.

— Қолдағы осы жетеуі, —
Депті қарға, — жетеді!

Тек сене бер бір маған,
Қайда өлгі қыл қалам? —

Үндемейтін Қаракен
Өнерге де бар екен.

Тауысының қымбатты
Тұла бойын сырлапты.



Ең ақыры аяқты
Түрлі түспен бояпты.

Шыға кепті құлпырып.
Қызығыпты күн тұрып.

Енді тауыс толғанып,
Қыл қаламды қолға алып,

Қарға үстіне төнгенде,
Енді бояй бергенде,

Дөң астында бір шошқа
Қорсылдапты күр босқа.



Шошқа алдында ет жатыр,
Жалғыз өзі жеп жатыр,

Соған шапшаң жетем деп,
Қарға байғұс секеңдеп,

Қолды-аяққа тұрмапты,
Пайыз таппай, тулапты,

«Мен қашанғы тұрам, – деп,
Тез боянып шығам!» деп,

Көнбей «Сабыр!» дегенге,
Күмп беріпті дегенге,

Құйған бояу бар екен,
Ол бояуы қара екен.

Қара бояу көмірдей
Жабысыпты желімдей.

Ойлағаны ас қана,
Қарға бопты масқара.
Үсті басы қап-қара,
Мойыны тек ақ қана.



Қарға атанған «комағай»,
Кеткен тауыс жоламай.

Оның «қарқ-қарқ» дегені
«Қап!...» – деп опық жегені!

ЖОЛДАМА

Балғыным, бауыр етім, балдырғаным.
Бейғам күн – сәбилікті қалдырғаным,
Есігін аштың бүгін ен дүниенің –
Жолдама жақсы жолға алдың, жаным!

Қасына ертем сені ағалардың,
Қолына берем сені даналардың.
Саналық сарайында қазына мол –
Сыйлығы саған қалған бабалардың.



Қадірле сол асылды, көзіндей көр,
Кінәлі тата алмасам өзімдей бер.
Еңбек пен еріншектік сыйыспайды –
Мектепке сарылудан безінбей кел.

Жалықпа сырлы томмен сырласуға,
Сонда сен шыға аласың шың басына.
Сонда сен ел – ананды ырза етесің;
Сонда сен шарқ ұрасың Күн қасында.

ЕБІ ЖОҚТЫҢ ЕМІ ЖОҚ

Еліктің көзі ауырып,
Емдеді аю қорбаңбай.
Кетер ме деп ек сауығып,
Улы бір дәрі тамызып,
Жіберген көзін ағызып.
Бір көзсіз қалды сормандай.
Енді өкінер жөні жоқ:
Ебі жоқтың емі жоқ...

АЛ ТАБАЛЫҚ, ІЗ КЕСІП

Анасының алдында
Жас Қорбаңбай жығылып,

Жатыр ойнап өзінше,
Соған қоян тұр күліп.

Таянғанда аңшылар
Қалды үшеуі тығылып.

Ақылдасып, із кесіп,
Ал табалық іздесіп.

Ізін кесіп табындар,
Сосын сурет салындар.



ДЕМАЛЫСТА ЖАЙЛАУДА

Демалыста жайлауда
 Жүрдік інім екеуміз,
 Мезгілді тек ойнауда
 Өткізбедік бекер біз.
 Талай өлең жатталды,
 Талай кітап оқылды,
 Еңбегіміз ақталды,
 Толтырған соң олқыны?
 Сонда да інім мін тақты,
 Менен көріп барлығын.
 – Тап, – деп, – қызық кітапты
 Қиғылықты салды інім.
 «Үлкен бір кітап табайын
 Маған ер де жүр», – дедім.
 «Қызықтың саған талайын
 Көрсетейін, біл», – дедім.
 Жаңа орман ну көрдік,
 Жал-толқынға жармастық.
 Қызыл-жасыл гүл тердік,
 Құзға өрмелеп, тау астық.
 Күнбағысты баптадық,
 Бұлбұл үнін тыңдадық.
 Жер асылын ақтарып,
 Аралаудан тынбадық...
 – Табиғаттың кітабын
 Алуан сырлы осындай
 Оқыған сайын, Отаның
 Ыстық тартар осылай.

ОТПЕН ОЙНАМА

«Әркім – өзі бақытының ұстасы, –
 Дейді халық (Бұл – ақылдың нұсқасы!)
 Бағың жану, сорың қайнау өзіңнен,
 Әркім – өзі өз басының ұстазы».

Ата-баба тірлік – күрес хақында
 Шалыс басып шатаспаған, тегінде.



Менің соған көзім жетті жақында,
Бұның талай айғағы бар өмірде...

Қандай жақсы аунап-қунау көгалда,
Қандай жақсы айдын көлге жүзгенің.
Қандай жақсы кеудең тосып самалға,
Қандай жақсы жіпке балың тізгенің?!

Әкесіне еріп Омар бір күні
Машинамен келіп сондай сайранға.
Жұмыртқа іздеп көде арасын тінтіді,
Асыр салып ойнап жүрді қайранда.

Шаршады ол күні бойы жүгіріп,
Мазалады көзіне ұйқы тығылып.
Айтты әкесі:
– Ау тартамыз біз ұзақ,
Машинада демала ғой тынығып.



Суық қолдан сақтық үшін әкесі,
Кетерінде есіктерді кілттеді.
Осы еді ғой оның үлкен қатесі,
Онда, өрине, ешбір қауіп күтпеді.

Пәле-қырсық, бейнет-азап бар деп те,
Ойланған жоқ... Ойланса, сақ болар-ды.
Көзін жұмса қор ететін жан көп пе,
Ұйқы бірден ұйытпады Омар-ды.

Ұмыт қалған шырпыны алып, бір-бірлеп
Терезеден шертіп, сыртқа атты Омар.
Бір тал шырпы қауға түсті, жел үрлеп,
Озбыр-о жар отқа қандай сот болар?!

Сырт-сырт етіп ұшқын алға жылжыды,
Қалың қаудан қызыл түске боялды.
Оттын тілі орағыта сырғыды,
«Победаның» алқымына таянды.

Жұмсақ, жайлы орындықтың үстінде
Жатыр ұйықтап бала қаннен-қаперсіз.



Сұм ажалдың сым торына түсті ме?
Әттегене-ай... Қалай жәрдем етерсіз?

Ашулы адам мінезіндей тұтанғыш
Бензин жанса, салады ғой өлекті.
От тигенде майы құрғыр «тілалғыш»:
Мотор үстін орап алды, лап етті.

Жанбай жатып өшкені ме жас жалын?
Бүршік жармай семгені ме тал шыбық?
Жалп еткізіп кетер ме әке аспанын,
Бүгін ұлдың дәмі-тұзы таусылып?

Селк етті де, Омар оқыс көз ашты,
Сатыр-сұтыр... Түтік біткен атылды.
Есі шыға екі есікке жармасты,
Жұлып тартты... аласұрды, бақырды.

Бетті шарпып жалын лебі, жалақтап,
Келіп қалды кабинаға алдыңғы.
Сорлы сәби екі көзі алақтап,
Арқалықтан артқа қарай қарғыды.

Көріп еді түйгіштеп те, жұлқылап,
Кілттеулі есік онай ырық бермеді.
Айқай салды, ащы даусы шырқырап,
Қатты састы, кара су боп терледі.

Жалт қарасты әлгі үрейлі дауысқа –
Балықшылар, ауды тастай жүгірді.
Қара түтін карауытты алыста,
Түйткілденіп, әке талай сүрінді.

Дедектеді, жетті әйтеуір әкесі
Есігімен жұлып алды тұтқаны...
... Ерке Омардың шолжындығы, қатесі
Жас өмірін әрең қалды құртқалы.

«Тыртық көзді» деген ат та жамалды,
(Бұртиғанмен не шығады өкпеден?!)
Бала түгіл, үйретеді бабанды,
– Ойнама, – деп, тілсіз жаумен – отпенен!

ЕПТІ КІМ?

Шығарғам жоқ мен ойдан,
 Бояу қостым болмашы.
 Ұмытылмас оңайдан
 Бұл – балалық олжасы:

– Бұрынғының сөзі жөн:
 «Әкесінің ұланы
 Әкесінің өзінен
 Бір елі кем шығады...»

Сен де, балам, сондайсың,
 Қанатың күр қомдайсың:
 Тыңғылық жоқ ісінде,
 Жөнде десем, жондайсың.

Маған өсте тартпапсың:
 Жұқа емессің – төртпақсың.
 Елгезектік, ептілік
 Дейтін дәмнен татпапсың.

Мысықтан да ептімін,
 Сауысқаннан сақпын да...
 Әкеңе жоқ септігің,
 Осы кімге тарттың, ө?!

Отырса құс ұяда, –
 Сезбей қалар, сірә да, –
 Жұмыртқасын астынан
 Алып, қулық асырам, –

Деп әкесі түйіпті
 Жұрт көзінше (жеке емес).
 Қытығына тиіпті,
 Бір емес те, екі емес.

Сегіздегі баласы
 Сөз қайырмай, шыдапты.
 Салқынқанды санасы,
 Бақпа екен, тұрақты.

– Жақын мен жат, басқа да, –
– Бәрі айтады епті деп.
Қиылыпты жас бала, –
– Көрсет соны, – деп тілеп.

– Жүр, жарайды! Далаға
Әкесі ертіп жөнепті.
Қызыққан ғой бала да
Үйренгелі керек-ті.

Қызығыңа қана алмай,
Еміренген анандай
Мамыр айы тұсы екен,
Үйде отырсақ обалдай.



Дерттілерге дарудай,
Шаршағанды сергітер
Шіркін, мамыр балын-ай
Шарапсыз-ақ елтітер.

Туған жердің қадірін
Білдіретін мамыр сол.
Сабалаған жауынын
Сағынатын шағың сол.

Үлкен көлдің жағасы.
Күн төбеде – қияда...
– Томар үстін қарашы:
Үйрек отыр ұяда.

Мойнын созды баласы:
Көрінді үйрек қарасы –
Түгі-түсі жып-жылтыр:
Үйректің көк-аласы.

– Еңбекте де, ер де отыр, –
Деп әкесі үйретті. –
Өнерімді көр де тұр:
Селт еткізбен үйректі.



Жермен-жексен жабысып,
Әке тұра ұмтылды.
Сәт пен сүйем ауысып,
Естіртпеді сытырды.

Қырқылған жоқ қыр гүлі,
Сырт сынған жоқ семген шөп
Әккілікпен сырғыды,
Сауысқан да сезген жоқ.

Әкесінің артынан
Келе жатыр ұлы еріп,
Ойы да жоқ тартынар,
Емін-еркін үлгеріп.


Келіп шықты еп-кісі
Ту сыртынан үйректің:
Жұмыртқаның шеткісін
Сыртқа қарай сүйретті.



Жұмыртқаны өперді,
Баласына ұстатты.
(Ойламастан қатерді,
Ұясында құс жатты).

– Ептілігің ерен ғой!
Ақыл жетпес, апырмай!
Көзбен көрдім, сенем ғой,
Енді күдік шақырмай.

Әкетайым, алайда
Кебісіңе қарашы...
Осы түрі жарай ма?!
Деп сұрапты баласы.

Кеудесімен құм сызып,
Көздегенін ілгенше,
Көрсетем деп бір қызық,
Бұл әуре боп жүргенше.





Кебісінің ұлтанын
Кесіп апты баласы.
... Жеңілмеске, бұлтарып,
Қалмапты өке шарасы.

* * *

Ендігінің сөзі жөн;
«Ыждаһатшыл ұланы.
Әкесінің өзінен
Бір елі артық шығады».

КҮН ТОҚЫҒАН КІЛЕМ


Күн – Кілем тоқиды,
Нұрмен тоқиды,
Гүлмен тоқиды.

Ол – Асыл зер кілем,
Жалпақ, кең кілем,
Жерге тең кілем.

Ол – Сен де сиярлық,
Мен де сиярлық,
Ел де сиярлық кілем.

КІРІШТАР КӨЖЕК

Көжек түспей уысқа,
Кірді қорқып қуысқа.
Жымға сырық жүгіртіп,
Бұрап, қинап, шыңғыртып,
Озбыр біреу өзі епті
Сүйреп шықты көжекті:
Аямаған қоянды,
Аяр ма екен адамды?!



«Г» ӘРШІ

Гүлжан көлден су алды,
Гүлзарды кеп суарды.
Титтей қызыл жалаудай
Гүл самалмен ырғалды.

КҮН КӨСЕМ

Жаңа ғана ашылған
Мен өзімді гүл десем.
Баптап, бағып жасымнан,
Мені өсірген Күн көсем.

Сабағымды мұғалім
Сұрағанда, білмесем.
Қара терге шомамын,
Не дейді деп Күн көсем.

Олжа көрмей оңайды,
Кіл бестікке үлгірсем.
Төрден маған қарайды,
Ырза болып Күн көсем.

Биіктерге біртіндеп,
Альпинисше өрлесем.
Көз тіккендей күлімдеп,
Ту сыртымнан Күн көсем.

ОЛ БІЛГЕН ЖОҚ

Өтеді отты күн легі
Сындырмай сабаз ер сағын.
Жатқанда ақ жем сүлдері
Хат жазды үйге Корчагин.

«Айтар сөз бүгін бірінші:
Өлердей сені сағындым.
Тамамдап шықтым (сүйінші!)
«Дауылдан тугандарымды».

Оянып атса таң күліп,
Түн ауа ілдім көзімді.
Үш қыздың қолын талдырып,
Жаздырдым кезек сөзімді.

Болсам да сенен қашықта,
Жан ғана бөлек, жан анам!
Көрлі қыс өтер... асықпа,
Көктеммен бірге оралам!..»

Хат жазды Коля Корчагин
Жатқанда ақ жем сүлдері...
Тарылтып, қысып құрсауын,
Өтеді дертті күн легі.

Сәлем хат жетсе Сочига,
Ананың көңлін жұбатып,
Тыншыр ма жүрек шошымал
Қарт өңі қайта нұр атып.

Толғанды ол елтіп, сыздықтап,
Келесі томның арманын.
Білген жоқ соңғы сызыққа
Жеті-ақ күн қалғанын.

КӨҢІЛ, ШІРКІН, ШӨЛДЕГЕНДЕ

Туган мекен!
Сен дегенде
Елең өркез құлағым.
Өзінді аңсап шөлдегенде
Елестейді бұлағың.

Шолып ойша шалғай қырды
Ауылға сан бардым мен.
Сұрап жатам хал-жайыңды,
Біліп жүрем өркімнен.

Біздің жаққа жауды биыл
Алғаш жауын қай күні?
Соқты қашан шаңды құйын —
О да маған әйгілі.

Қайсы үйлерге түсті келін
Кеңейтіп бақ өрісін?
Той көп дейді естігенім —
Қуанамын сол үшін.

Қара емендей дауыл күнгі
Құлап түсті қай қартым,
Қашан қара жамылдырды,
Қай жеңгеме қайғы артып.

Жалғап баба жолын өрі
Сөби туды қай үйде?.. —
Соның бәрі, соның бәрі
Аян маған, әрине...



Туған ауыл!
Сен дегенде
Елең-түрік құлағым.
Көңіл, шіркін, шөлдегенде
Көлбендейді бұлағың.

ТОС ҚҰЛАҚ

Су тамшысы жолын жаңа бастаған
Сан сүзгіден, қабат-қабат тоспадан.
Өтіп келіп, арылады екен-ау
Ащы тұздан, кермек дәмнен, қоспадан.

Сыршыл сөздер әуеніне тос құлақ:
Өзің үшін әсем дүние аш, шырақ.
«Айна бұлақ», «Жылы бұлақ», «Ақтұма»,
«Қасқа бұлақ», «Мөлдір бұлақ», «Бас бұлақ».

Қайнардың бұл аттары ма жай ғана
Өлең болып шыға келген бас құрап?!



Ғасырлардың сүзгісінен нақ солай
Біздің тіл де – мөлдірленген тас бұлақ.
Әсем дүние ашқың келсе, әр таңда
Ана тілі әуеніне тос құлақ.

КӨҢІЛІНЕ КЕЛЕР ДЕП

Жағажайдан жоғарылап сатымен,
Барады әне бір қария қартымен.

Жылжып баяу, тізелері дір-дірлеп,
Баспалдақты санайды олар бір-бірлеп.

Ай-жыл асса шығу ауыр жоғары,
Бұндай ма еді? Алпыс жасқа обалы!

Елден ерек жоқ та шығар ерлігі,
Елдің бірі тік көтерген Ембіні.

Есіңде ме: Жерді айналып Чкалов
Сол селдеткен жанармаймен ұшқаны?!

Құралайдай ойнақтайтын баяғы,
Жан серігін қарты ішінен аяды.

Сүйейді қарт, бөйбішесін демейді,
Сыр алдырса, сырт көз әлде не дейді?

Баяу жылжып, буындары дірілдеп,
Баспалдақты санайды олар біріндеп.

Бір жас ұлан қатар шыққан жағадан
Келеді ілбіп сондарында манадан.

Ойлы жастық кетпеді озып, елеуреп:
«Қарттықтың бұл көңіліне келер...» – деп.

ЕНДІ ТҮСІНДІМ

Жаңа ғана суырғандай мартеннен,
Кенжем кенет күйіп-жанып өртенген.
От денесі оятындай төсегін,
Күл боп ұшып, қалмайтындай ертеңнен.

Есім шықты, ойға-қырға шапқылап,
Ем-даруы табылмады-ау «қап!», бірақ.
Одан-дағы өзiм отта жансамшы,
Ұланымды қатерлерден қаққылап.

Жасымызда жаттық талай төн талып,
Шеккен бейнет ұмытылды, жан қалып.
Ұқтым енді сорлы әкемді қол жайған:
«Ақ баламның алдында ал!» – деп жалбарып.

БОЗТОРҒАЙ ӘНІ

Шырқатады боз торғай,
Тас төбенде қозғалмай.
Шырқатқанда боз торғай,
Құйқылжыған саз қандай!

Ән-көңілді сергектік
Сергітеді жер-көкті.
Күн еңкейсе бесінге,
Тынығады кешінде.

Тамылжыған үнінен
Ән күрайды түнімен.
Жаздың арнап таңына,
Бастайды өнін тағы да.

МЕН АҒАҢМЫН

Қызғышындай даланың
Беймазамын.

Алаңмын.

Тәуфиғы жоқ санамның,
Келеді ылғи жаңарғым.

Ата мекен-қоныста
Беймазамын.

Алаңмын.

Ең алдында борышқа
Жас баладай адалмын.

Парызы бар өркімнің
Беймазамын.

Алаңмын.

Өйткені мен халқымның
Қамын ойлар ағаңмын.

ҰМЫТШАҚ ҮМІТХАН

Класка келіп Үмітхан,
Жаутандап қара көздері,
Үйінде өзі ұмытқан
Дәптерін таппай, іздеді.

Сылтауратып бұлтара,
Күмілжіді Үмітхан:
– Дәптерді салмай сумкама
Мен емес, әжем ұмытқан –



Айтқаны тіпті сөз емес,
Жалтарғаны – о несі?
Үмітханның өзі емес,
Оқи ма екен әжесі!

ӘДЕТ ҚОЙ...

Құлпынайдың иісін-ай!
Бір шығайын құмардан.
Жеткенімше тыншымай,
Қарғып түстім дуалдан.

Көрейін бе сорымнан:
Бағыбан қарт Жүсіптің
Төбесінен түсіппін.
Ұстап алды қолымнан:

– Қақпа ашық тұр тал түсте,
Қарғысың сен дуалдан.
Өзің бұндай артист пе ең,
Бұның қалай, Қуанжан?



– Үйреншікті өдет қой...
Кешіріңіз, – деппін-ау.

* * *

Сөз білмеген әлек қой,
Күлкі болып кеттім-ау.

ДАБЫЛПАЗ

Керген жарғақ, қос жарғақ!
Ұрғыласаң қос қолдап.
Дабылпаздың ішінен
Дауыл тұрар аспандап.

Думандатып тойыңды,
Жандырады ойыңды,
Шарықтатып ойыңды,
Ширатады бойыңды!



БАЛА АЙТАДЫ БАЙҚАҒЫШ

Таныс балам айтады:
– Көлшік – күннің айнасы.
(Тегі, көріп байқады,
Тенегенін ойлашы!)

Күннің көлшік-қағындай
Көкшіл аспан дегенің.
Ат де желді жаңылмай,
Бұлтты арба дер едім.

Қарашы әне, қарашы:
Көгалда күн билейді.
Нұры маған жанасып:
«Соңымнан ер, жүр!» – дейді.

Мініп алып бұлтқа күн,
Жолға шықса жөні бар:
Алып келер құт-жауын...
Торғай сонда шомылар.



КҮНДЕ НЕГЕ КЕЗЕКШІ?

Қыз балалар құттықтайды Бақайды,
Староста ол мектебіне аты өйгі.

Жұғымды да жұмсақ шығар мінезі,
Шынын айтсақ, атанбаймыз өсекші.

Староста бола тұра ол өзі,
Ал класта күнде неге кезекші?

ӘЖЕМНІҢ ЕРТЕГІСІ

Талайын ертегінің, әңгіменің
Әжемнен елти тыңдап теріп едім.
Тамсанып киіп алып көз әйнегін,
Жырымды оқиды әжем енді менің.

СУРЕТ

Ақ мамық қар жамылған қырдың үсті
Жұп-жұқа қызыл торғын – нұрды күшты
Домалап көкжиектен ұясына,
Қонғанын көрдің бе сен күннің қысқы.

Батар күн байтақ дала жонындағы
(Елесі көз алдымда оның әлі).
Баламның жел ұшырып алып кеткен
Секілді қызыл шары қолындағы.

АНА МЕН БАЛА

Арнұр мен анасына

I
Күн асса үзілдіріп, сарылдырып,
Арманы алыстағы сағындырып.
Жас ана аяғы ауыр, күні таяу,
Бақытын күтті асыға, жаны күліп.

Елемей солғын тартқан өрлі еренін,
Елжіреп күтті асыға бал бөбегін.
Кестелеп көйлек-көншек таң атырды,
Іздеді күн батқанша бар керегін.

Бір күні зарықтырған ұлы туды:
Тоғыз ай шеккен бейнет ұмытылды.
... Үйрену керек екен аналардан
Өзге үшін өзінді-өзің ұмытуды?

II
– Үш-ақ кило тұңғышыңның салмағы, –
Деп әзілдеп Әділғазы болмады.
Жұрт азсынса, мейлі азсынсын, өмірде
Салмақты бол – өкеңнің сол арманы!



III
Тоғыз айдың ұзақты күн-түнінде,
Сақтап сені жүрегінің түбінде.
Айырбастап азабына өзінді,
Дүниеге әкелді анаң, білдің бе?!

Жан бөбегім, осы бастан ұқ анық,
Ата-ананмен бірге сол күн қуанып:
«Үлкен елдің бір баласы туды», – деп,
Тарих саған жазды үлкен куәлік.

IV
Жөпшендіге селт етпес
Ұйқышыл едің, бейғам ең.
Бейғамдық кімді ерке етпес,
Соны сен қашан ойлап ең?!

Оянып жүрсің, міне, енді
Қып-қысқа түнде қырық рет.
Аналық парыз үйге енді,
Сендей-ақ болар бір сергек!

V
Сен жас буын, біздей емес бүгінгі,
Атойларсың мен аспаған шыңымды.



Сен шырқарсың мен білмеген жақсы әнді,
Сен жалғарсың жазылмаған жырымды.

Болмағайсың жай ғана бір көшірмем,
Онда саған енжарлығың кешірмен!
Үстемеле орта қалса арбамды,
Менен гөрі биік шырқа, көсіл кең.

VI

Бір күннен қойдын асырмай
Ойыншық, кәмпит... – барлығын.
Айтшы тозбас асылдай
Не сыйлаймын, Арнұрым?

VII

Бал бөбегім, менің нағыз өзімсің
Менше бүкіл дүниені өзімсін!
Бесігінді бейбіт күндер күзетіп,
Бақыт сені серігім деп сезінсін.

Бір менмін бе бесігінді тербеткен?
Кездерінде өнер жиған, ер жеткен,
Несиеге халқың берген бақытты
Он есе ғып қайтара біл сен ертең.

VIII

Құлыным, кел өзінді әуіп етейін,
Далаға серуендетіп әкстейін.
Әкелік көңіл шалқып, қансын мейір,
Әлдилеп иығымда тербетейін.

Өзін гой мейірлене құшарым да,
Қалайын еркін сүйіп бұл шағында.
Өсерсің. Сен азамат атанарсың, –
Сыймассың сонда менің құшағыма.

БІР АПТАДА

Дүйсенбіде доп ойнадык корада,
Сейсенбіде серуен құрдык далада.
Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,
Бейсенбіде би биледік, өндетіп.
Жұма күні жидек тердік қыратта,
Сенбі күні суға түстік бұлаққа.
Жексенбіде үйде болдық демалдық,
Осылайша өте шықты бір апта.

ӘЛІПШЕ

Жеміске құты тола ма,
Бір-бірлеп теріп алмасаң?
Әп-сәтте шыға қоя ма
Еккен дәнің, ойласаң?!



Білім де сондай, қарағым,
Біртіндеп сіңер ойыңа,
Ұғып ал: білім боларын
Шам-шырағың жолыңда.

Көлге айналған бұлақтың
Қайнар көзін көріп пе ең?
Том-том қалың кітаптың
Басы болар әліппең...

КӨКІМЕ ҚОРАЗ

Жалпақ шөл... жазда күн қызып
Жандының бәрі қаталап,
Тарғыл тас балқып, құм шыжып,
Таксірет саған батады-ақ!

Ұзақ күн құмда жол іздей,
Ұзарып тілің салақтар.
Сағымы толқып теңіздей,
Соған да көзің алақтар.



Өзгенің түгел бәрі ұмыт,
Ойында жұтым су ғана.
Қанатсыз ұшып, талығып,
Құларсың жетіп жылғаға.

Осылай міне шөліккеп
Бір топ құс жетті айдыңға.
Тұрғандай суда өмір тек,
Тұнық су барда, қайғырма!

Мөлдiрге шөлі қанған соң,
Тереңге бетті түзеді.
Салқын көл қарсы алған соң,
Сүңгиді, бәрі жүзеді.



Іркілген жалғыз қораз тек.
Тіл қатты Аққу:
– Келіңіз!
Естуші ек сумен араз деп,
Жүзуге қалай едіңіз?

– Мынаның қара қорлығын!
Мықтыны көрмей жүрмісің?!
Өзіңе, Аққу, бол мығым,
Қораздың, көне, біл күшін...

Жартастан Қораз жүгіре
Жалма-жан бір-ақ секірді.
«Батырың» судың түбіне
Батты-ай кеп балта секілді.

Сүңгігіш шапшаң Қасқалдақ
Сол сөтте қызыл айдарға
Шап берді, ұстап «Қос қолдап»,
Шығарды бір-ақ қайранға.

– Жаным-ау, көкіп мұның не,
Жазым бола жаздадың?! –
Қарамай малман түріне
Мыңқылдап жатыр жазғаның:



– Көрсетер едім өнерді,
Сіңірім тартып қалмаса...
Не десін басқа ол енді:
Дәлдірдің сөзі – далбаса!

ЖАННҰРҒА

Арнұрымның інісі –
Айналайын Жаннұрым!
Іні-аға тынысы,
Ағаң тілін ал, күнім!

Ақыл айтса кішіге,
Аға бекер айта ма?!
Жамандығын өшір де,
Жақсылығын қайтала.

БҮЛ ҚАЙ КЕЗДЕ БОЛАДЫ?

Бу атады жоғары,
Сайларға су толады.

Дүрілдейді трактор,
Түрленеді қырат-қыр.



Жұпары аңқып даланың
Иісі мұрын жарады.

Жылы самал соғады...
Бұл қай кезде болады?

Көбелек бір – гүл де бір,
Қызыл-жасыл күллі өңір.

Аспан төрі ақша бұлт,
Бау-бакшада барша жұрт.

Саңқылдаған саз-өні
Көлде құстың базары.



Жидек пісіп, толады...
Бұ қай кезде болады?

Көлдін беті – кілегей,
Жер – сап-сары бірегей.

Тыру-тыру тырналар
Жылы жаққа бұрды олар.

Қара суық жел есті,
Күннің көзі көмескі.

Колхоз егін орады...
Бұл қай кезде болады?

Аққу мамық ұлпа қар
Жамылады қырқалар.

Шымшып аяз бетінді,
Ширатады етінді.

Қос конькимен ылғи біз
Жалтыр мұзда сырғимыз.



Торғай тыста тоңады...
Бұл қай кезде болады?

ОМОНИМ СӨЗДЕР

Омоним дегеніміз таңбасы бірыңғай, бірақ мағынасы әр түрлі сөздер. Мысалы: Бас – адам мүшесі, дауыстың бір түрі, етістіктің бұйрық райы. Ал, кәне, мына омоним сөздерді тауып көріңдер.

Өкінгенде оқыс айтып қаласың:
Оған кейде астығыңды саласың.
(Қап)

Өзенмін – күздан құлар құла тасқын,
Ал кейде көлеңкелі бір ағашпын.
(Терек)



ЛОГОГРИФ

Логогриф – шараданың бір түрі, көбінесе өлеңмен жазылады. Әуелі жұмбақтаған сөзді табу қажет. Содан соң әлгі табылған сөзге бір не екі әріп қосып немесе алып тастау арқылы жаңа сөздер құрауға болады. Логогриф ерте замандардан белгілі. Оны құрастырушылар қатарында Цицерон мен Апулей де болған.

1. Бойындағы нәріңмін,
Анық айтсаң – жаныңмын.
Қоссаң дауыссыз дыбыс,
Дастарханнан табылдым.
(Қан – т)
2. Геометрлік денемін,
Тәуір менің сыйымым.
Қоссаң жаңа бір өріп,
Мәдениет үйімін.
(Куб – клуб)
3. Қымбат кенмін, түсінсең,
Қолға ұстайтын сән көріп.
Соңғы әрпімді өшірсең,
Шыға келем сан болып.
(Алты – и)
4. Миюалы ағаш далада,
Үз дағы, бауырым, же жеміс,
Бір әріп қоссаң араға,
Болар да шығар төсеніш.
(Алша – алаша)
5. Арифметиканы алқанда,
Көп жолдардан күт мені.
«О» дыбысын қосқанда
Географиялық нүктемін.
(Плюс – полюс)

ШАРАДА

Шарада дегеніміз сөз-жұмбақ; жұмбақталған сөздің әр бөлігі өзінше мағына береді, әр бөлікті қосып оқығанда сөздің негізгі мағынасы шығады. Әуелі тұспалдап айтылған әр бөліктің мағынасына қарап, табу қажет. Төмендегі шарадалардың үлгісі бойынша, өздерің шарада құрастырып, дағдыланындар. Шараданы қара сөзбен де, өлеңмен де құрастыруға болады.

1. Алғашқы буыным –
 Дауысты әріп бірімін.
 Екінші буыным –
 Түйенің бір түрімін.
 Екеуін қоссаң – қаттымын,
 Жеміспін, өзім тәттімін.
 (А – нар)
 2. Бірінші буын – ол – қажет
 Киімнің таныс бөлегі.
 Екінші буын – әрекет,
 Осыдан жеміс өнеді.
 Екеуін қоссаң, мәртебе –
 Шайқастың ғана берері.
 (Жең – іс)
 3. Жер өлшемі – бастапқым;
 Нота боп та кетемін;
 Қосып оқы екеуін:
 Музыкалық аспаппын.
 (Ар – фа)
 4. Біріншімен жер көлемін өлшейсің,
 Екіншіні нанға қосып сен жейсің.
 Тұтас алсаң: соған жатқан жөн дейсің,
 Жаздың күні өзінді-өзің тербейсің.
 (Га – мак)
- Бас буыным – етістік, бұйрық рай,
 Екіншінің жүйткітіп, құйғуын-ай!
 Екеуін қосып оқы: кенді өлкемін,
 Елімізге беретін сыйлығы бай.
 (Ал – тай)

Көк тұманды ысырып,
 Суретке түсіріп,
 Белес-белес белі бар,
 Сусыз құрғақ көлі бар
 Әкелді айдың келбетін,
 Таң қалдырды жер бетін.

Біздің ғалым ағалар,
 Біздің ғалым апалар
 Ашты жолды аспанға,
 Ашты жолды асқарға.
 Әлі ұшамыз алысқа –
 Алыс Айға, Марсқа!

Бұл өлеңді *Ә. Дүйсенбиев* жазысқан.



ШЕГЕ

Теңізде кеме
 Тоқтады неге?
 Штурвал босап,
 Сыныпты шеге.

Орындық өн сап,
 Ырғалды неге?
 Қарап кеп қалсақ,
 Босапты шеге.

Етіктің түсті
 Ұлтаны неге?
 Өйткені, ұшты
 Шіріген шеге.

Шегені неге
 «Сөз қылдың?» – деме.
 Орнында тұрса
 Оңды екен шеге!




ЖЫЛТЫҚАЙ



Жылтықай жырлап келеді,
Сондағы мынау өлеңі:
– Кеттім ана тілінен,
Қол еңбегін тастадым.
Есептен кеттім бүгін мен,
Суреттен де кашкамын.
Ән-күйден мен бұйырса,
Зытармын-ау күні ертең...
Бақшаға қарай бұрылса,
Алдында Алма тұр екен:
– Бәрінен пәннің кетіп ең,
Құтылмассың екіден, –
Деді де, Алма домалап,
Кете барды бетімен.

КӨКЕК НЕГЕ «КӨКЕК» ДЕЙДІ

Жас бала жаздың күні барғанында,
Алтайдың бір күс көрді орманында.
Ұзынша, үшкір түмсық сәл иіңкі,
Тұрқы да орташалау, шағын-күйкі.
Сұр жүнді, күрең жүнді... шұбар ала,
Төрт башнай, қысқа аяқты, құба ғана
Әлгі күс талдан талға секектеді,
Бір ғана «Көкек, көкек, көкек!» – деді,
Таңырқап бала келді күс қасына,
Сұрады, қарап тұрып нұсқасына:
– Сен неге жалғыз сөзді қайталайсың,
Сен неге басқа сөзді айта алмайсың?
– Өзіндей мен де бір кез балғын болдым,
Ұстаздың, мектеп барып, алдын көрдім.
Мен бірге оқып едім аққулармен,
Жер соқтым айдалада аққұла мен.
Жасынан қырандықты тілек көрген
Қаз-қатар қанаттандым түлектермен.
Бұлбұлмен үйреніп ем әнді бірге



- З – Заводтын озат адамы
Зәкидің сәтті қадамы.
- И – Ирина кенді іздейді:
«Инженер мына біз» дейді.
- К – Капитан жас Төлеген
Каспийде жүзген кемемен.
- Қ – Қайратжан қой бағады,
Қойы егізден табады.
- Л – Лұкман шахтер жөн білген,
Лаванда көмір өндірген.
- М – Мектепті жақсы көреді,
Мертай сабақ береді.
- Н – Нағыз биші өнерпаз.
Нұрсұлудай биші де аз.
- О – Оспан еккен орманды,
Орман – егін қорғаны.
- Ө – Өнері оның алуан:
Өміртай – боксер, палуан.
- П – Паровозшы Мәулеткеш,
Поезы жүйрік жел жетпес.
- Р – Роза шықса ән салып,
Риза оған бар халық.
- С – Санитар шаршау білмейді,
Салақ пен насты сүймейді.
- Т – Төлеубай – турист, алғыр жас,
Тосқауыл емес тау мен тас.
- Ұ – Ұмсынай – ұшқыш ер жүрек,
Ұнайды оған зәулім көк.
- У – Уфаға барып оқыған,
Уля жібек тоқыған.
- Ү – Үйлер салған әдемі,
Үміт неткен «пәле» еді!
- Ф – Футболға жастай құмартқан
Фарид допты дәл қаққан.
- Х – Хабиба – сумка көтерген,
Хат-хабар күнде әкелген.
- Ц – Цирктегі жонглер
Цойды бүкіл ел білер.
- Ч – Чкаловтың ұрпағы, –
Чекалин неден қорқады?!



- Ш – Шахматшы болсаң келе ғой,
Шоқанды, қане, жеңе ғой!
- Щ – Щорсты көрдім кинодан,
Щорстай мен де ер болам.
- Ы – Ыдысты саздан жасаған
Ықылас – маман, жас адам.
- І – Ілияс – іскер балташы,
Іс-ақ қой жаңа партасы.
- Э – Эрик өнер үйренді,
Электрик бұл енді.
- Ю – Юнга үлкен теңізде,
Юра осал дерміз бе...
- Я – Яша – солдат кешегі,
Ялтада қайық еседі.

ОТЫРДЫ ОЛ ПАРТАҒА



Құлыншақ қалды қорапта –
Ойыншық енді қажет пе?! –
Талап зор бүгін Жаннатта,
Мақтасаң сияр газетте.

Арқада «Абай» совхозы
Түспеген әлі картаға.
Мектебін тыңнан тапты өзі –
Отырды ол тұңғыш партаға.

Тыңынан байтақ даланың
Әкесіндей жол тартқан.
Тамаша өмірбаянын
Бастады Жаннат кітаптан.

ІЗДЕГЕН ТАБАДЫ

Сайран салып, шаңғы теуіп,
Қайтып келсем үйге кеште.
Отыр екен інішегім
Көбейте алмай төртті беске.



– Білмесең сен
 мен есіңе
Түсірейін... – дедім оған:
– Өзім біраз ойланайын, –
Деді үлкендей інім маған.

Ойлап-ойлап інім менің
Тілегенін іздеп тапты.
Көрдіңіз бе дегендей боп,
Маған қарап жымың қақты.

ПАРТА



Қадірін оның жете ұқпай,
Деп ойлама құр тақтай,
 Қасиетті орын бұл.
Ертең жігіт болғанда,
Ақылың өсіп толғанда,
 Құрмет тұтар төрің бұл.
Шуақ күйіп санана,
Арнаған барын балаға,
 Не айтар екен мұғалім?
Жақынша барлап алысты,
Танытқан Ай, Күн, Марсты, –
 Қалай дер екен қарт галым?!
Осылардың бәрі де,
Жас та, яки кәрі де
 Бір сөз айтып сендірер:
«Қай өнердің болса да,
Басы осы партада,
 Мен де сонан өстім», – дер.
Қадірін оның жете ұқпай,
Деп ойлама құр тақтай.
 Қасиетті орын бұл.
Ертең жігіт болғанда,
Ақылың өсіп толғанда,
 Құрмет тұтар төрің бұл.

ҰҚЫШТЫ ОҚУШЫ

Кітапты орап түптеймін –
 Жыртылмасын.
 Мұқабасын бүкпеймін –
 Қырқылмасын.
 Таза болсын беттері
 Кірлемесін.
 Көрген кісі дәптері
 Кір демесін.
 Біріншіні бітірдім
 Беспен кілең.
 Әліппемді ініме
 Сыйға берем.

БАСТАҒАН ІСТІ ТАСТАМА

Күн көзі жайнап ашылды,
 Көк кілем жерді жасырды.
 Трактор, соқа, машина
 Қаптады егіс басына.
 Егісте елді көргенде
 Ой келді кенет Дәрменге:
 Орнына ескі жалбыздың
 Дөнін екті қарбыздың
 Қызықты Дәрмен ойынға,
 Болмады қарбыз ойында.
 Жаз күнінде жел қақты,
 Орнында семіп дән қатты.
 Мол егін күзде жиналды,
 Кеңейтті колхоз қыrmанды.
 Қарбызын сонда еске алды,
 Дәрменжан біздің кеш қалды.
 «Бақшасын» келіп қараса,
 (Міне, қызық-тамаша),
 Басылып жатыр топырағы.
 Тым құрса жоқ жапырағы...
 Айтқанда ғана төтесі,



Есіне түсті қатесі:
– Бастаған істі тастасаң,
Термейсің жеміс ешқашан.

ШЫНДЫҚ

Балтамен иінағашты екі бөліп,
Он жасар Талғат әкеп салды пешке:
– Оның не? – деді әжесі, мұны көріп,
– Үйде енді су құбыры бар емес пе?



АКПАР ЖӘНЕ АКВАРИУМ

Құраймын деп аквариум,
Қуантам деп Акпар үйін
Келді өзенге,
Сагадағы
Буырқанып жатты үйірім.

Судың ішін талмай шарлап,
Ақ шабақтар жүзді аңдап.
Құрт шанышып, қамыр іліп,
Акпар біздің салды қармақ.

Шабақтан соң шабақ алды,
Толды шөлмек, тығындалды.
Ісін шала тындырғанын
Аңқау Акпар білмей қалды.

Жеткенше үйге балық біткен
Қоштасыпты тіршілікпен.
Жасалынбай қалды солай
Аквариум класс күткен.



ДЕМАЛЫС ЖОҚ ЕҢБЕКСІЗ

Есептен алып «екілік»,
Еркеш қалған өкініп.

Сынамақ еді күзгі сын
Кіп-кішкентай қыз күшін.

...Кітабын жиып қойды да,
Беттеді Еркеш ойынға.

Шешесі айтты:

– Қызым, ұқ,
Ойынға жүрсін қызығып...

– Басқалар дем алғанда,
– Мен дем алмай қалам ба?

– Ойласаңшы, тентек қыз,
– «Демалыс жоқ еңбексіз».

СУАЙТТЫҢ ӨТІРІК ӨЛЕҢДЕРІНЕН

Жайраттым пілді түйреп қаламұшпен,
Астым мен машинадан қара күшпен.
Жалғанның жүйрігі деп өзім баптап,
Ішінде тас бақаның тамақ ішкем.

Өзіме келістіріп бір үй салдым,
Шатырын іргесінен бұрын салдым.
Бұлбұлмен өн айтысып озып шығып,
Тумаған тұңғышымнан сүйінші алдым.

Тоқтықтан қарным ашты, жолда жүріп,
Жимадым езуімді зорға күліп.
Жедім де мұз қуырып, ұйықтап қаппын,
Ояндым төрт күн бұрын – сонда біліп.

Бір күні, күн шыққан соң, таңда тұрып,
Ойыншық – резинка шарға мініп.

Жөнелдім қуып екі Жер серігін.
Демалдым Ай қасында жолда отырып.

Поезға арттым жалғыз қауырсынды,
Тарта алмай тепловозын ауырсынды.
Тышқанға коса тіркеп беріп едім,
Жүйткіді әлгі поезд дауыл сынды.

* * *

Жерге егіп ем рельс,
Шыға келді мын жеміс.
Сол жемісті, көнеки,
Мені менен бір теріс.

* * *

Пысынап қызуынан қысқы күннің,
Тонбасқа тоң ішінде үш жыл тұрдым.
Адасып есік пен төр арасында,
Компаспен жол таба алмай қыстай жүрдім.

* * *


Тас жидым жұмсақ қой деп жастық үшін,
Бес жаста өкемнен де асты күшім.
Танктың бір дырауын тандап мініп,
Теңізге бидай ектім астық үшін.

* * *

Ұшына шығып иненің,
Үш күндей еркін биледім.
Тартқызып қойдым домбыра
Үйретіп дала үйрегін.
Көп билеп қарным ашқан соң,
Ауаны нанша иледім.

* * *

Ыза боп өзім-өзіме
Қыршып кеп алдым мұрнымды.
Кіріп кеп кеттім көзіме,
Өткіздім сонда бір күнді.



* * *

«Қанағат ет, құрсақ!» – деп,
Мүз қуырып жедім де.
Орақ салдым бір сәт кеп,
Теңізде өскен егінге.

* * *

Жаңғырыққан дауысты
Қапқа сықап, тауыстым.

* * *

Ертең бардым қонаққа,
Сонда тойдым тамаққа.

* * *

Танды арқалап тауға апардым,
Инеменен тоң қопардым.

* * *

Тауды соқтым тауға;
Дуал соқтым бауға.

* * *



Көлеңкені сойып жедім,
Сойып жедім, тойып жедім.
Қызыл етке қарауды да
Содан бері қойып едім.

* * *

Тауық саудым, тауық саудым.
Ең сүттісін тауып саудым.
Бал қаймаққа тойдырдым мен
Талайларын тамақ саудың.

* * *

Мүз мұхиттың төрінен
Кесек-кесек тұз тердім:
Қара күмның шөлінен
Қаталасам, мүз жермін.



* * *

Өзімнің шығып төбеме,
Ойнадым, би де биледім.
Мінбей-ақ суда кемеге,
Кит ұстап, қырга сүйредім.



* * *

Амалын тапсаң қиын ба,
Айнасыз көрдім желкемді.
Конькимен жүрсем шиырлап,
Мұз басқан теңіз өртенді.

* * *

Сегізде қасқа атанып,
Қарызға алып шаш ектім.
Тоқсанда тауды қопарып,
Күшімді көпке пәш еттім.

Қап-қап болып теңкиетін сенекте
Таусылып та қалған екен жем, тегі.
Жұлдыздарды қолмен теріп себетке,
Шашып едім... күстар шоқып, шелдеді.



ТАБИҒАТ ТАМАШАЛАРЫ

ҚЫС КӨРІНІСІ



Алғашқы қар ақ көбіктей, ақ мамық,
Қозғалса ауа, қалатындай тапталып.
Желдің өзі бататындай сонарда.
Суық торғай қорғанады қонарға.
Жаңғырығып бір үн шықса кенеттен,
Әппақ күміс сау етердей теректен.
Қара мұржа өне ағарды бозарып...
Жердің беті кіршігі жоқ тазалық.

АНА ТІЛІ

Таудағы тас бұлақтың мөлдіріндей,
Даламның қызыл-жасыл өңіріндей.
Бәйек боп бауырына алған бөбек жанын
Анамның мейірбанды көңіліндей.

Күйіндей тәтті толқын Тәттімбеттің
Талындай он өрілген тал жібектің.
Гауһардың от шарпыған ұшқынындай,
Өлшеусіз кеңдігіндей жер мен көктің.

Аяулы, абыройлы ана тілім!
Өстім мен саясында қанатыңның.
Кетіпті ғазиз анам сені сыйлап,
Жыр болып көкірегімде жанатұғын!



АЛМАТЫНЫҢ АЛМАСЫ

Қыздай қызыл шырайлы –
Алматының алмасы.
Қайсы саған ұнайды.
Ал қызылын таңдашы.

Тісің тиер-тиместен
Тырс етер де, жарылар.
Шықпас мәңгі бір естен
Хош иісті дәмі бар.

Тіл үйіріп алғасын,
Тамсанасың, жейсің де.
«Алматының алмасы
Неге төтті?» – дейсің бе?

Туған жердің ежелден
Топырағы нәрлі ғой.
Алма сонау тереңнен
Төтті нәрін алды ғой.

МАРТ АЙЫ

Март айында маужырап,
Жылы болмас күн тегіс:
Көлкір жолда қар «жылап»,
Күндіз – көктем, түнде – қыс.

ЕКІ СҰРАҚ, ЕКІ ЖАУАП

- Бақыт, қайда барасың?
- Татуларға барамын.
- Қайғы, кімді шаласың?
- Араздарды табамын.

ФЕРУЗА

Түркімен жерінде сегіз бұтағы айқаса өскен биік шынар бар. Аңыз бойынша жеті ағайынды жігіт елдің жауына қарсы шауып, ерлікпен қаза табады. Жетеуінің жалғыз қарындасы Феруза да жатқа жастығын жібермейді. Бір бейітте жерленген туыстардың басына осындай ағаш өсіпті.

Тілсіз, үнсіз тұрып,
Жансыз шынар жар салса,
Ынтызары кұрып,
Көрген халық тамсанса.

Жеңе алмаған жауыз
Жеті батыр, Феруза!
Ескірмейтін аңыз,
Саған мәңгі ел ырза!



Кіндігі бір бауыр,
Тірлігі бір туыстар,
Сын сағатта ауыр
Сендер кұсап ту ұстар.

ӨЗІҢ БІЛ

Жас балапан өседі екен ұяда,
Қанат қағып, самғайды екен қияға.
Мен де бір кез балапан ем, балғын ем,
Ұясын кұс ұмытуға қия ма?!

Сағынышты жылдар салып араға,
Барып қайтам ауылыма – анама.
Ел салты бар: азаматын оралған
Жығып салып аунататын далаға.

Сол сияқты аунатсаң да өзің біл,
Ағайындар, қунатсаң да өзің біл.
Түрікменстан – туган аулым менің де,
Алыс қырдан аңсап келген кезім бұл.



ДУНАЙ ТОЛҚЫНДАРЫ

(Бұл «Дунай толқындары» деген вальсты Абайдың баласы Әбіш Петербургтан үйреніп келіп, ауылда сыбызғымен ойнаған. Содан қазақ даласына тараған)

Жақсы әннің туысы көп, бауыры көп,
Жақсы әннің жетпей қоймас ауылы жоқ.

Дунайдың көбік атқан көк толқыны –
Секілді келіп жеткен күй жойқыны.
Ертістің ең жағасын ерке жайлап,
Шалқыған Дунай күйі көкке бойлап.

Әкепті скрипка алыс жақтан,
Тәтті күй домбырадан туыс тапқан.
Қазаққа «Гаккуындай» қымбат, сыйлы –
Естідім ел аузынан осынау күйді.



ОТАНҒА АНТ

«Елімді сүйем!» дегенше,
Қадірін оның білем де,
«Отанды өле-өлгенше
Өбектей сақтап жүрем!» – де.

ЕСІК КӨЛІНДЕ

Шыңның үшкір найзасын
Ақ күмістей түсімен.
Таудың үлкен айнасы
Төңкеріп дәл түсірген.

Таудың үлкен айнасын
Тамашалай, үңілдік.
Жатты айнада жайласып
Көк қарағай – шымылдық.



... Мұны бұрып көрмеген
Бір келмесін, мың келсін.
Сұлулықты білмеген
Табиғаттан үйренсін!


ТУҒАН ӨЛКЕ

Көркіне көз тоймайтын.
Елжіретпей қоймайтын
Шуакты күндері,
Көгілдір түндері,
Хош иісті ауасы –
Жанның жаннат дауасы!
«Жасқанба, – деп, – балдырған».
Батырлыққа баулыған,
Қойыны көркем гүл,
Өмірлі өлкем бұл.
Жүректегі жалынды –
Берем соған барымды.

БІЗ СОДАН КӨРГЕНБІЗ

– Неліктен дала ұланы
Қысық көз болып туады?
– Әділдік – шынға тоқтамақ,
Өзіл-ақ дейін сөзіңіз.
Қияға, Күнге көп қарап,
Қысықтау бопты көзіміз.

Тас түлек қыран сияқты
Көреген, сергек өсеміз.
Қырынан көздеп қияқты,
Бір оқиен қиып түсеміз.



ҚЫСҚЫ АУЫЛ КӨРІНІСІ

Қысқы дала... Кешкі мөлдір тыныштық
Салқын ауа самалынан сімірдік.
Маралдының станциясын көзге ыстық.
Артқа тастап, оңға шұғыл бұрылдык.

Құлдилап жол құлай берді кілт бірден,
Панорама шымылдығын ашқалы:
Түсті кино кадрындай түкпірден
Ауыл көркі бері жылжи бастады.

Қарашы өне қараңғы ымырт ішінде
Қатар-қатар терезелер шуақты
Шамы жанып, кең үстелдің үстінде
Сайрап тұрған транзистор сияқты.



БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ ЕСКЕ АЛУ

Көл бар біздің ауылда,
Көлдің аты Маралды.
Жағада жаздың шағында
Жатушы ек төсеп көгалды.

– Алабұға, дөнен сарт,
Қанды басың бері тарт.
Майлы басың өрі тарт,
Қармағымды керіп тарт!.. –

Қармақ салып күнімен
Отырушы ек жағада.
Балықшы болсаң, білер ең,
Бұдан қызық бола ма?!

– Толды міне шелегім,
Кілең бірақ ақ шабақ.
– Бір фонарь еді керегің,
– Байисың-ау акшалап!



– Қармағынның ұшында
Ұйқтап қапты инелік.
Ұйқысы қанып тұрсын да,
Инелікке тимелік! –

Десек, «жолы болмаған»
Бала,
 мойып қалатын.
Жемін жөндеп, ол бала
Қармағын қайта салатын.

Келеді деп үй күтіп,
(Уақытты күн ұрлап),
Түскі шайды ұмытып,
Отырушы ек дуылдап.



Ұмыт қарын ашқаны,
Ұмыт үйдің іздеуі...
Балық, көлден... басқаны
Білмеуші едік біз, тегі.

... Тік кемерден атылып,
Сүңгігенде жебедей.
Серпін суды жапырып,
Өзін-өзі шегелей.

Қаз-қатар лек әуелде
Шыбық қатар тізілер.
Үздік-создық әудемде
Бір-бірінен үзілер.

Біреуіне біреуі
Жылдамдықтан ұтылып.
Суды оқша тіледі,
Сүңгігінші сытылып.

Қасқалдақтай қасқиып,
Сүңгіп шығар ар жаққа.
Қалар көбі тас қиып
Өтетіндей қалжакқа.



... Аттатпайды астан құм,
Күйдіреді үстен күн.
Үйреншікті жастан бұл,
Мен тотығып өскенмін.

Балғын дене күп-күрен
Қоланы ертіп жаққандай.
Жаратылыс көп күннен
Ескерткіш қып соққандай.

Баяу басып аяғын
Келетін сол кез көрші шал,
Әркімге нұсқап таяғын
Дейтін:

– Көне, «енші» сал. –



Қазақтың салты осындай:
Қарттар олжа салғанда.
Аяулысын ұсынбай,
Аяп жігіт қалған ба?!

Сыйлаушы ек қартты құрметпен
Сырлы сөзге майталман.
Қисса мен аңыз, ертекепен
Есесін бізге қайтарған.

Баз-баяғы заманда
Елден асқан ер бопты... –
Деп бастар еді әманда,
Шарлап шолып жер-көкті.

Қағылып казна-қалтасы
Қалғандай бір сәт үн қатпас.
Тәрік боп салған қолқасы,
Бала да оны ұнатпас.

– Бұртидың неге, су мұрын,
Қалыпсың сен де кісі боп!
Осыдан алты жыл бұрын
Әйтiшке келдiм iсiм боп.



– Әйтiш, – деп түйдей күрдасы
Айтушы едi әкемдi.
(Мұндайда, мiне, тындашы,
Бiр кулық айтпак, тап ендi.)

– Үй сыртында ат байлап
Жатыр едiм: Әйтiшiм
Барады ұшып ойбайлап:
– Өлдi-ау, өлдi-ау, тәмпишiм!..

Дiр еттiм, тұра жүгiрдiм,
Әкеңнен бұрын жеттiм мен.
Құдықтан сенi суырдым,
Iшiңе де теңтiм мен.

Жатар ең бұл күн жұртында,
Өлiмнен менмiн құтқарған.
Ендеше маған бұртима,
Құтылып көр құт-шалдан!.. –

Әзiлдiң ұқпай ұшығын,
Балалар дулап күлетiн,
Өтiрiгiн не шынын
Жапекен өзi бiлетiн.

Жымияр едi мiз бакпай
Қуақы, қунақ кейпiмен.
Шалдың сөзiн жаратпай:
– Иә!.. Өтiрiк! – дейтiн ем.

Сол он жасар қалпымда
Көктен түсе қалғандай.
Балажан байғұс қартыма
Жүретiн едiм мен нанбай.

Қайран аңқау балалық!
Көршiсi түгiл, ананың
Қадiрiн, сiрә, бала ұғып
Көрiп пе?! Ондай дана кiм?..

ТӘТТІ ЕСІМДЕР

Сәтті есімдер –
Тәтті есімдер!
Құлақ күйдей
Тәтті естілер.

«Кілем жайған» –
Көлге шомыл.
Кілең сайран
Елде со бір.

«Бөйгі күмда»
Бағың сына.
«Балды суда»
Балын сұра...

«Айна бұлақ»
Жүзінді көр.
Ай да құлап
Жүзіп жүрер.

«Саумал көлде»
Сусын қандыр.
«Сұлутөрде»
Тусын ән-жыр.

Халық қайдан
Шабытты ойдан
Тәтті есімді
Тауып қойған?!

Сәтті есімдер –
Тәтті есімдер!
Құлақ күйдей
Тәтті естілер.

МАРАЛДЫ МӘЙЕГІ

Туған көлім: «Шымыр өссін бұ балам!»
 Дөп жасымда шипасымен сылаған.
 Жат өлкеде жылтыр тасқа елтіген
 Әр таппаған өз көшесі көркінен
 Жел бастарға ұқсамайын лайым,
 Маған мөлдір, маған шипа – лайың.

Үйренгендей сүр сақтағыш өжемнен
 Қазынасын жинай берген өзелден.
 Маралды көл ырысым мен берекем,
 Шапағаты – шардаруы мол екен.

Көлімде екен дүниенің жиһазы:
 Еңбек қана оған әділ би-қазы.



ТІЛЕШКЕ ТІЛЕК

Сүйсінерім саған –
 Ұнайтыны маған:
 Өзің туған Баян –
 Өз сырындай аян.

Жазық дала, көк бел –
 Өзің жазған дәптер.
 Орман... әрбір бұтақ –
 Сен оқыған кітап.

Сен шарлаған қырлар –
 Сен жаттаған жырлар.
 Көңілімнің хошын
 Келтіретін осың.

Тірлік жолы – бұран
 Күн шуақ пен тұман.
 Кілең болмас күнгей
 Килігеді түнгей...



Сабырмен жол аш та,
Сонда, Тілеш, саспа,
Өмір – қилы күрес,
Мол ала біл үлес!

Түсіңе енсе Баян,
Түлек оймен оян.
Қимастарың сонда,
Хатқа салақ болма...

Жайрандасын Момкең –
Жая бер сен өркен.
Елжіресін апаң –
Елдің ұлы атан.



Тілешке осы тілек,
Айтқан туыс жүрек.

СТАДИОНДА

Жазғы кеш. Стадион. Дүйім халық.
Тұрмайды доп орнында зырыл қағып.
Екіұдай көрушілер... Айтыс-талас...
Бөрінің бүйірі қызған... Ал құлақ ас:

– Алып кет, осы бетпен қақпаға жет!
Қақпашы қағып алды, шапшаң өжет!
– Қап, ауыт боп кеткені-ай мына доптың!
Қалайша, өй Әнуар, жаңсақ соқтың?!
– Тап бүгін «Динамоңыз» ұтылмаса,
Сөз басқа! Біздің «Алға» мытымаса.
– Қой!

Біздің тең келмейді командаға,
Нанбасаң, қай жақ басым, енді қара!
Көруші ем мұндай ойын астанада,
Көрдім бүгін колхозда «Жас қалада».



СЕН ҰҚСАМА ОҒАН

Емен шыбық – деседі –
Шынарлардың бауырында өседі.
Өсіп алып, кеселі –
Шынарларды менсінбейді, – деседі...

Тағдыр ұрып жықса да,
О ұрпағым, ол еменге ұқсама!



САҒАТ ҚАНША

Күн батқанша, күн батқанша
Сабырсыздар сұрайды:
– Сағат қанша, сағат қанша?..
Күн батқаннан таң атқанша
Төсегіне сұлайды.
Сұрамайды:
Сағат қанша?

– Сағат қанша, сағат қанша?
Деуге менің мұршам жоқ,
Бітпейді ісім күн батқанша.
Ойға шомам таң атқанша,
Ойға алғаным тынса-ау деп,
Сұрайтыным:
– Сағат қанша?

ЕРІНШЕКТЕР ЕЛІНІҢ ЕРТЕҢБАЙЫ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Еріншектер елінде
Болған екен бір бала:
Текке келген өмірге
Түк түсінбес дүңгәна.
– Шөпшек теріп қырдан көп
Әкел! – десе анасы,



– Қойшы ертең де күн бар! – деп
Кіржиіпті баласы.

Қыбыр ете қоймапты:
«Айдалада бүрсендеп, –
Ол ішінен ойлапты, –
Шөпшек теріп жүрсем», – деп.

Бір күнгі ішер ырысы –
Ертеңінде сүт іріп,
Қалған екен үй-іші
Сілекейін жұтынып.

– Ақ ешкіні суар! – деп,
Айтса ата-анасы,
– Ертең тағы күн бар! – деп
Ерініпті баласы.



Қыбыр ете қоймапты:
«Айдалада бүрсендеп, –
Ол ішінен ойлапты, –
Ешкіні бағып жүрсем!» – деп.

Еріншекке көнер ме,
«Ертең», «бүгін» болыпты:
Ешкі байғұс көгенде
Шөлдеп, арам өліпті.

– Көктемгі жер бабында,
Ал, – десе әке, – тез егіп...
Күн бар ертең тағы да, –
Депті ұлы безеріп.

Қыбыр ете қоймапты:
«Айдалада бүгжендеп, –
Ол ішінен ойлапты, –
Егін егіп жүрсем», – деп.

Көктемнің шағы өтіп,
Дән себілмей, жаз шыққан.
Үзім нанның зары өтіп,
Үйі қыстай ашыққан.



– Ел қатарлы білім ал! –
Десе ата-анасы.
– Алда талай жылым бар, –
Деп көкіпті баласы.

Қыбыр ете қоймапты:
«Әлденені білсем деп, –
Ол ішінен ойлапты, –
Оқу оқып жүрсем», – деп.

«Ертең» «бүгін» болыпты,
«Бүгін» «кешке» болыпты.
Қараңғылық торыпты
Ұлы кешше болыпты...

Не шығады селтеңнен,
Неңдей қайыр сырдаңнан?!
«Ертең, ертең, ертеңмен»
Бар үлестен құр қалған.


Ұсынбайды сыбаға
Селтеңбайға бұл жалған.

СЫРЛАСТАР

Жалғыз жігіт жанына
Танда келдім тағы да,
Ауыр басып, аяңдап.
Сырласқандай тау-тасқа,
Бүркіт отыр жартаста,
Көз алдында бар аймақ.

«Күйдірмендер жанымды»,
Қуып тастап залымды –
Қаракүс пен байғызды.

«Махмұт тыныс алсын, – деп, –
Мәңгі ұйқысы қансын», – деп,
Күзеткендей жалғызды.



«Бүріп алған тылсым күш
Бейіт басы тым-тырыс
Шығар» – десем әуелде,
Шымшылаған жүректі,
Шымырлатқан сүйекті
Тап болдым мен әуенге.

Көзін көрген ақынның,
Сөзін терген ақынның
Құрдастары болар ма?!
Өзінен саз үйренген,
Өмір жырын сый көрген
Бұлбұл құстар солар ма?!

СУ ДА – БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТШІ



Қарамай тауы-тасына
Қайратпен арна қаздық та.
Ауылдың тура қасына –
Ағыздық өзен жазықта.

Жібітіп шөлді-тандырды,
Жүйрік су қырға түнеді.
Сусынын егіс қандырды –
Сол еді халық тілегі.

Түтікті бойлап мөлдір су
Босагадан аттады.
Шомыл да, құйын, бетің жу,
Шүмектен тұр ғой аққалы.

Жандырдық судан жұлдызды
Жарқыратып түндерде.
Шұғыланы күндізгі
Жеткіздік түнде үйлерге.

Қарашы қалай тулайды,
Диірмендегі ағынға,
Қызыл маржан бидайды
Айналдырған ақ ұнға.



ТАУ МЕН ТАУЛЫҚ

Сауранбай Жусуевке

Алатауда шың-биік
Асқақтады алдында.
Сен тұрып ең қылтиып,
Сонау бала шағында.

Енді міне маңқиып,
Сенбей тұрсын көзіңе.
Аласарып бар биік,
Асқақтаған өзін бе?!

КҮЗ



Ұшты талдан жапырақ
Сары көбелек секілді.
Аспанда жай шатырлап,
Тамшы жерде секірді.

Барын берін халыққа,
Жұмыстан сон қалжырап.
Дала ұқсайды алыпқа
Дамыл алған маужырап.

НЫШАН

Әлі тоңы қатып жер,
Әлі дөңде қар жатты.
Әлі ызғарлы апрель
Шештірмеді қолғапты.

Өзіңе бірақ сенімді
Жауқазын қаптап қаулады.
Қар астынан көрінді,
Жаздың да таяп қалғаны!



ТАМШЫ

Бұлт – ана, тамшы – бөбек...

Ол шалдуар

Рұқсат сұрамай-ақ анасынан.

Жөнелді жерді іздеп: Нөрге құмар,

Гүлдердің бір-ақ шықты арасынан.

Бір жасап жылжиды бұлт күн астында,

Әжетке жас бөбегі жарағанға.

Бәрібір қалмай тамшы құм астында,

Бір күні оралады жан анаға.

КРОКОДИЛ – ҚОЛТЫРАУЫН ҚАЛТЫРАЙДЫ

Крокодилді – көк Нілдің қолтырауын

Көзі шалса, талайдың көріп едік;

«Жұтып қояр ма екен?» – деп қалтырауын...

Мұз мұхитқа Нілдің сол қолтырауын

Әкеп еді өзінің көрдік енді:

«Ұшып өлер ме екем?» – деп қалтырауын.

КІТАП ТУРАЛЫ ОЙ

Әкемді ажал ерте жалмапты ғой,

Мұра боп жалғыз том да қалмапты ғой...

Қолыма жаңа кітап алған сайын,

Басыма келеді бір салмақты ой:

Арқалап өткен кеше ата мұңын,

Кітабын жайсаң қазақ атаулының

Жетпес-ау кітапханам жартысына



Тізілген өз үйімде қатар бүгін.

... Адамзат алдындағы өр тұлғалы

Отаным! Сені ойлаймын мен тугалы.

Ақырғы тыныс бітіп сөнгенде де,

Кеудемде жатар кітап сен туралы.



ЕЛІНЕН АРНА ТАБАДЫ

Сарқырап аққан тас бұлақ
Самалды Баян тауында.
Ұзаған сайын тасқындап,
Келетін біздің ауылға.

Ақындық асқар қиялдан
Бұлақ – жыр солай ағады.
Ентелей келіп қияннан
Елінен арна табады.

ЖЕТІ ТҮС

Айдынды көк өзенде
Қызғылт сары пароход.
Көгілдір тас кезеңде
Кешкікұрым жанады от.

Жасыл шалғын жапырақ
Қырда күлгін топырақ.
Көз шала алмас көлемін
Жайқалады сары егін.

Қос басында бағанға
Қызыл жалау қадалған...
Саған қолқа өтініш:
Жаттап ал бұл жырымды.

Жеті бояу – жеті түс
Сонда болар ұғымды.
Табиғаттың қонымды
Бояуы осы жетеуі.

Сәндеуіңе өмірді
Сол жетеуі жетеді.

НҮРКЕНІҢ КӨШЕСІНДЕ

(Совет Одағының Батыры, қарағандылық
Нүркен Әбдіровке)

Болдың ба, Жаңа қалада,
Көрдің бе, Нүркен көшесін?
Бас иіп сәлем бердің бе,
Құрметтеп ғазиз шешесін?

Сол көшенің бойында
Қардан соғып аққала,
Бір кездегі Нүркендей
Асыр сап жүр топ бала.



Бақытты туып, батыр боп,
Күресте Нүркен өлгенін.
Бұлар да жақсы біледі,
Жалынмен жауды көмгенін.

Нүркеніндей өзінің
Көргенде көп баланы.
Жасын сүртіп көзінің,
Жадырайды ана қабағы.

Біледі ана
Әр үйде
Келеді есіп Нүркені,
Сын сағатта
Нүркенше
Қорғайтын туған өлкені.

КЕН КОМБАЙНЫ

Тасқыны тулап жосылып
Нұра ағып жатқандай.
Толқиды көмір науада
Қара бұйра мақпалдай.



Ағынның басы қайда? – деп,
Арнаны бойлап өрледім.
Құдіреті күшті керемет
Комбайн сонда көргенім.

Минут санап кең лава
Алға жылжып барады...
Комбайн шапқан көмірге
Толды дала алабы.

А. БАЙЖАНОВ ПРОСПЕКТИСІНДЕ ТУҒАН ОЙ


Көгі мол Жаңа қала өңірінде,
Келмес бұл Алматының көңіліне.
Саңлаусыз сая астында жүрмін түсте
Ойнайды кесте гүлмен желі бірге.

Сәулетті спорт Сарай маңдай алдым,
Кешеге бүгінгіні жалғай қалдым.
Осы түс осыдан нақ бес жыл бұрын,
Жон еді... Өз көзіме нанбай, нандым.

Жаңалық солай баурап ала бермек,
Балаша елік қағып барам өрлеп.
Кенеттен көзім түсті көше атына
Көше емес, проспекті – салалы өрнек.

Бір ойды ой арқалап ала келмек,
Жусан дәм татығандай ауа кермек.
Сарғайған сары аурудай сарғыш көде,
Сағымда шөліркейді дала көлбеп.

Төзе алмай аптап – жылан шағуына,
Көлеңке тығылады бауырына.
Қой жайын талма түсте жас бала жүр,
Жаутаң көз, жалыншыты бай ұлына.



Тамақтан таяқты көп жеген кедей,
Жай таппай тым құрса сол көленкедей.
Езіліп, пысынайды, қара тер боп:
«Күн құрғыр төбеде тұр неге еңкеймей?»

Мәңгіріп, басы зеңгіп, талмаурайды,
Ісінген тіл шіркінді қозғау – қайғы.
Аш қарын, кепкен таңдай, түнерге көз,
Жұтқанға сілекейің алданбайды.

Не өнбек мұндай марғау күйде отырып,
Қалғандай, бойы сал-сал күйретіліп.
Бір қойдан бір құты сүт сауып алды,
Тұрды да ілбіп баяу сүйретіліп.



Іріктеп қолайына жарағанды,
Қос кесек қара тасты қалап алды.
Құтысын қойды-дағы тас үстіне,
Тұтатты ошақтағы қарағанды.

Пісіріп қорықтықты, қойыртпақты,
Әупірім шөлін басты, тойым тапты.
Қоламта қалды сөнбей ошағында
Қайырды кешке ауылға қой-лақты.

Тағы да таңнан тұрып ертеңіне,
Тағы да келді үйренген өртеңіне.
Ғаламат! Қара тастар жанып жатыр:
Тап мұндай болар шығар ертегіде.

Біреулер босқа лағып жас қиялы,
Хас батыр қаһармансып қасқияды.
«Өлгенде ескерткішім тұрсыншы», – деп,
Көзінің тірісінде тас жияды.

Керегі қанша шамшыл шатағының,
Құны не қу мен сұмдар атағының?!
Ешкім де көзеп бүгін айта алмайды
Моласы қайда Байжан Апағының.



Қаукитып қалағанмен зергер бекем,
Күмбез де жалған сөздей көр-жер екен.
Тұғыры өлместіктің еңбек екен,
Ажалды Апақ қойшы жеңген екен.

Ең тұңғыш Қарағанды отын жаққан,
Халқына қара түсті алтын тапқан.
Апақтың атына енді көше қойып,
Тұтады кенші қауым данқын мақтан.

БАҚШАШЫМЕН ӘҢГІМЕ

– Болмаса да апорты
Алматының атақты.
Бақшамыздың өз сорты,
Өзімізге тәп-тәтті! –

Деп қарт шахтер жымыып,
Тосты алдыма бір алма.
– Қойғансыз ба, бал құйып,
Көптен бар ма бұ маңда?

– Қай түкпір бар жетпеген
Мичуриннің өрісі?!
Арқада да көктеген
Соның шырын жемісі.

КІРПІШ

Алау жолын ашты жігіт –
Леп тұтқасын қозғады өні.
Жібергендей тасты да үгіп,
Сол жалындай көз жанары.

Алып завод алабы кең,
Сөрелерде сұр ала қыш.
Отты леппен алады дем:
– Ал, кірпішім, қызара түс!

Кірпіш артқан керуендер
 Қызыл жіптей шұбатылған.
 Жігіттің де еңбегін көр
 Жаңа үйлердің сымбатынан.

СОНДАҒЫ БАЛА

Қара бала торғайдай
 Қалың қарды келе жатты борбайлап.

Бітіміне қораштау
 Күлгеніміз естілді ме оғаштау.

Жалт қарады жас бала,
 Жанымыздан жанай өтті жасқана.

Шүбә туды болмашы:
 – Осы-дағы болар ма екен домнашы?..

Содан бері алты жыл,
 Шімірікпей, шүбә өлі тантып жүр.

... Келдім домна пешіне,
 Шойын өзен шүмегінен көсілген.

Шойын өзен басында,
 Ұшырастым сол қараға осында.



Шырамытты ол-дағы,
 Қысылғаным көрсең етті сондағы?!

Қарыссам да қаншама,
 Сусыз-ақ мен түсіп шықтым моншаға.

Күдік әр кез кесірлі,
 Горновойым жымиды да, кешірді.

– Тәңіріндей алыптың
 Болыпсың-ау... Сол сырыңа қанықтыр.

Тапты сөздің қалауын,
 Айнытпастан айтсын өлең жауабын:



– Ардақтаған бабалар –
Бір кездегі ту көтерген ағалар.

Арқа тұтқан ағалар –
Олардағы кешегі жас балалар.

Бүгін балғын інілер
Ағаларша, аға атанып, ірілер.
Мені соның бірі дер.

ҚАЛМАПТЫ БІРІ

Сырлы бір сурет музейде
Көзімді тартпай қоймады.
Бұл да бір кіші шежіре –
Азапты заман айғағы.

Ол – шахтердің кешегі
Баспанасы – жер барак.
Білетіндер деседі
Бұрынғы аты «көр барак».

Қайғының кара қазаны –
Ыбырсық, лас, кір барак...
Көнерген солай тозады.
Қалмапты қырда бір барак.

ЖИЫНҒА КЕЛДІ ҚАРТ ШАХТЕР

Ашылды қызық жиын.
– Жас ұландар,
Атаңның әңгімесін ал тындандар!

...Қызыға күлақ түрді пионерлер
Суырыла сөйлеп кетті сұңғыла шал:
Жігіт боп, он жетіге жетіп едім,
Жоқшылық қамшысы айдап тентіредім.
Келіп ем Қарағанды шахтасына,
Алдымнан қарсы алмады үміт менің...

Дірілдеп буындарым, өлім кұрып,
 Бір тұрып, тәлтіректеп, бір жығылып.
 Шанамды сыртқа сүйреп бара жаттым,
 Забойға Герберт¹ қожа келді кіріп.

– Көмірің шанаңдағы неге орта?
 Істейсің, тағы казак, мұны жорта, –
 Деді де дойырменен осты мені,
 Өмірден тілеп пе едім ондай қолқа?

Жалп еттім, соққы жеңді – шыдамадым,
 Білмеймін одан әрі не болғанын.
 – Бұл итке соқыр тиын берілмесін, –
 Деп бұйырып кетіпті Герберт залым.
 Демесем де қожаға ұнайын мен,
 Күн көзін көрмей үш күн ұдайымен,
 Жансебіл көмір қаздым айып тартып,
 Жанымды жеді қайғы – уайыммен.

Шұғылалы Октябрьдің таңы атқанша,
 Мендейлер жан азабын шекті қанша?
 Қара нан, қатықсыз су, қараңғы үйшік –
 Өлмеші күнін кештік ғарып жанша.

Қарт шахтер сөзін үзді бір күрсініп,
 Сазарып түсі суып, жүзі сынып.
 Жиіркеніп өткен өмір елесінен.
 Сол сәтте залдағылар қалды тынып...

ДҮКЕН АЛДЫНДА

Дүкен алды дүйім жұрт
 Дулап, иін тірескен,
 Кимелескен ұмтылып
 Құр қалардай үлестен.

¹ Октябрь революциясына дейін Қарағанды кенін иемденген ағылшын капиталісі.

Бүгін мұнда келіпті
Қаланың кіші, үлкені.
Маңдайшада көрікті
Сөздер:
«Кітап дүкені».

ҚАРАҒАНДЫҒА

Мен бала едім,
Сен дала едің.
Мен шала едім,
Сен дана едің.
Тәлімің көрдім,
Ақының болдым.
Туына көштің,
Мерейің тостың.

Отыңмен доспын,
Өзім де өстім.
Сыныңа толмай,
Шыңыма қонбай.
Көншімес көңілім,
Тауфиқсыз болдым.
Есейіп бірге,
Өсейін күнде.
Шабытпен тұтап,
Сыйлайын кітап.

ТІЛШІНІҢ АУЗЫНАН

Жасырмайтын бар шынын,
Мен газетте тілшімін.
Жаңсылыққа жаршымын,
Жамандыққа сыншымын.

Редакторым шақырып:
– Аттап, – деді – Бәшірге.
Очерк жаз қатырып,
Келтір өрнек-нәшін де.

Шахтеріме ілесіп,
Шарлап кеттім жер астын.
Қара алтыны сіресіп,
Жатқан неше бел астым.

Макаровтың қолынан
Шыққан зерек комбайн.
Қопарады жолынан
Құз-жартасты толайым.

Ол кесек тас емес тек,
Олай деп те ұқпағын.
Кетер көзге елестеп
Ұйықтап жатқан от-жалын.



Жалын керек жаңаға,
Тіршілікке от керек.
Өзің енді бағала:
Тас көмірің – от, демек.

Кенші халқы ерлер ғой
Дүбірлеткен жер астын.
Әр еңбеккер зергер ғой,
Мен өзімше бел астым.

Қалайын да қамшылап,
Ой тізгінін тежемей.
Маңдайдан тер тамшылап,
Болмас тілді беземей.

Ойды өрнектеп сезімге,
Очерк жазбай, жыр жаздым.
Өмірінің өзі де
Өлең екен сырбаздың.

Редакторым қол қысты:
– Мұныңды жөн көрем! – деп.
Өмірменен тоғысты
Өмір жайлы өлең кеп.



ӨТЕЛМЕГЕН ПАРЫЗ

Зал кара көлеңке. Тым-тырыс.
Басталды картина. Қызды ұрыс.
Шаһардың денесін шарпыды от,
Алаулап күнбатыс, күншығыс.

Кешегі айдыны көгілдір,
Міне, енді қан жоса Еділ бұл.
Есер жау есінен алжасты:
Еділден өту бір – өлім бір!

Тойтарды дұшпанын шын ерлер
Жылжымай бір адым шығысқа.
Окопта шешулі шинельдер.
Онсыз да бой қызу ұрыста.

Жер тырнап үш жүз мың жасағы
Ақ қарды кеудемен осады.
Ақ жалау қалтырап аспанда,
Фельдмаршал бетінен басады.

Жұлдызды батырлар тізбегі
Жеңістен нұрланып жүздері
Өтті алдан. Залдағы әр адам
Көзге ыстық танысын іздеді.

Баршамыз экранға төнеміз.
Құштарлық билейді – көнеміз.
Көп күбір ішінде нәзік үн:
– Папамды қашан біз көреміз?

– Айналдым, ақылдым Төлешім!
Неге жұрт көңілін бөлесің?
Асықпа көресің, – деді ана, –
Папанды кинодан көресің...

СОЛАЙ ДЕЙМІН

Сөз етсем жорық жылдарын,
Сергелден небір ойға кеп,
Сұрайды сәби ұлдарым:
«Достарың қазір қайда?» – деп.

Өзгеден артық ер санап,
Өзінің жаман әкесін,
Бөбектер тұрса қоршалап,
Бетінен қағып, қайтесің?!

– Достарым көп қой, достарым,
Тұрағын, әттең, білмеймін.
Тағдырын өзі басқарып,
Орнында бәрі жүр, – деймін.

Шерткенде жорық жырларын,
Шерулер небір ойға кеп.
Сұрайды сәби ұлдарым:
«Сондағы танкің қайда?» – деп.

Өзгеден артық ер санап,
Өзінің жаман әкесін.
Бөбектер тұрса қоршалап,
Бетінен қағып, қайтесің?!

– Жалғанға келмес қол созғым,
Күлмендер мейлің, күл мейлің.
Тын жерде танкім совхоздың
Қартобын тасып жүр, – деймін.

ЕЗ КҮЙРЕГЕН, ЕР БЕКІГЕН

Іздеме соғыс ізін жер бетінен,
Уақыт өтпес болар өз бетімен.
Орнында окоптардың, ұралардың
Егін, гүл... Бүгін көрсен тербетілген.

Ол ізді ізде, Әнеш, ақ шаштардан,
 Адамның әжім сызған келбетінен.
 Ол ізді іздегейсің ескі салттан:
 «Ежелден ез күйреген, ер бекінген».

МЕЙМАН

I
 Мекен тыныш, ел аман.
 Зілзаланың беті аулақ.
 Тонап сел жоқ жағадан
 Жөңкілетін жеті аунап.

Түнге қарай сақтана,
 Есік, қақпа біткенді
 Ұсынақты Маквала
 Ұмытпаған кілттеуді.

Таң атқанша, сәріде
 Тау ашпады түндігін.
 Көз ілдірмей кәріге
 Тыншу өтті түн бүгін.

Тынысына дем жетпей,
 Тосып аузын қарманды.
 Ағындағы дөңбектей
 Аунақшыды, сандалды.

Сырт еткеннен секем ап,
 Айрылардай сабырдан.
 Өрекірдей бекер-ақ,
 Қарт көңілге неғылған?!

Қапыда сел тасқандай,
 Өрт шалғандай етегін.
 Қаңтар ызғар шашқандай
 Қалтыранып кетеді.

Кетсе кірпік ілініп,
Түс көріпті тосыннан.
Қартаң жүрек жиі ұрып,
Сол түсінен шошынған.

Төбеге ілген май шамы
Шарт сөніпті... селк етіп:
– Түзде жалғыз жайсаңым
Құлады ма мерт кетіп? –

Деп қалса да табанда,
Есін ана жиыпты, –
Жорымайын жаманға,
Аз тартып па ем күйікті?!



Жерге шашып алтынын,
Таң атты да, күн шықты.
Ауа жетпей алқынып,
Ана үнсіз түршікті.

II
Мындап тұяқ шапқынып,
Тіктеп тасқа тигендей.
Тасыр-тұсыр... лақтырып
Тауға тауды үйгендей.

Бү не дүсір дүрліккен?
Бү не қылған зобалаң?
Қол шапты ма түріктен,
Болғай халық, ел аман.

Басын оқыс көтерді
Жастығынан көрі ана.
Жолай тық-тық жөтелді,
Шыға келді далаға.

Ашып сыртқы қақпаны,
Үлгерместен қарт ана.
Кескекті де тартпады,
Қалды қатып ортада.



Бір жігіт тас дуалдан
Атын бір-ақ қарғытты.
Шүберектей қуарған
Жүзі сынық, жақ жұтты.

– Алла атымен жалынам:
Құтқара гөр бейбақты... –
Сырғып аттың жалынан
Жігіт жерде беу қақты.

Екі иіннен дем алып,
Сол күлаған кейпінде
Аяғына оралып
Жалбарынды кемпірге.



Сөйткенше де болған жоқ:
Дүбірлетіп шатқалды.
Қашқынды әлгі қуған топ
Дүрсілдетіп кеп қалды.

Аттар үсті ақ көбік,
Көпіршіген сабындай.
Қуған ба екен кектеніп
Мынау ата жауындай?

Төне тоқтап есікке
Тізгін тартты бес жігіт.
Өжеті ме өшіккен
Сөйлеп кетті сес қылып:

– Шешей, бізге сеніңіз:
Мынау құныкеріміз,
Осы сұмда – кегіміз,
Қолымызға беріңіз!

Жұмбақ ине жүректі
Шаныпты ма, шым етті:
«О, төңірім, сақтай гөр
Өзін берген түлекті!»



Ана өлгі бес сөзді
Ойша ғана айта алды.
Бір сұмдықты іш сезді,
Көңіл кері қайтарды.

Тау езгендей еңсені
Бойдан өлді сөтте алды.
Ана байғұс теңселіп,
Шөге жаздап, шақ қалды.

Қайдан тапты қайратты,
Қызыл тілін сайратты:
– Жаландатпай қанжарды,
Тоқтатындар жанжалды!



Картвелилер сақтаған
Ата салтын жоймадым:
Босағамнан аттаған –
Жауым емес – мейманым!

Сұлап жатқан жігітті
Демеп кемпір тұрғызды.
Тірілтті де үмітті,
Құжыраға кіргізді.

Тісін қайрап бес жігіт,
Аттан түспей төніп тұр.
Өртеп іштен өштігі,
Кек күйдіріп, өліп тұр.

Қайта шықты сол шақта,
Кемпір атты байлады.
От маздатты ошаққа,
Күдік тыныш қоймады:

«Нико мінген кер төбел
Тегі, осындай екеу-ау.
Адамға адам, төлге төл
Ұқсай береді екен-ау!..»



Жас ет шаншып істікке,
Шашлық баптап қуырды.
Күн аунады түстікке,
Дала нұрмен жуынды.

«Қызыққан соң күйындай
Жүйткитұғын атына,
Никоны осы сұмырай
Байлапты оққа қапыда.

Жалғзыңның, шешей, бұл
Қалдың ба атын танымай?..»
Дей алмастан бесеу тұр,
Қайтсін кегін жанымай?



Жалғыз жігіт төрде отыр,
Есік жаққа елендеп:
«Бір аяғым көрде тұр,
Тысқа шықсам, өлем!» – деп.

Цинандали шарабы
Кеспектен мол күйылды.
Осы үйдің бар тамағы
Мейманына бұйырды.

«Өлерімнің» алдында
Бір тояйын», – деді ме,
Бал шарапқа қанды да,
Опыра кеп жеді де.

Бірақ қашқын-бейшара
Мен пәлен деп айтпады.
Білдірмеді ишара
Өз аулына қайтқалы.

Сұп-сұр болып бозарып,
Қанын тартып ішіне.
Қарап қалған қадалып,
Қарт ананың түсіне.



Ұқсастырып біреуге
Отыр ма екен – кім білсін:
Жете алмаған тілеуге
Батыр ма екен сол қыршын?

Кемпір:

– Балам, жүр бері,
Енді атыңа мін! – деді.
Оқыс бола қалғандай
Дәрменсіздік ділгері,

Үш ұмсынды, қалтырап,
Жігіт атқа мінгелі.
Қондырды ерге қария,
Жетеледі ілгері.



Ашты кемпір қақпаны,
Ағытты да кескекті.
Ойқастатып аттарын
Елең етті бес кекті.

Құтқаршы деп өтінген
Жалғыз сорды
Кәрі ана
Әрі асырып көпірден:
– Ал, қаш, – деді, – қарама!

Болғандай бір өрт пайда
Дүркіретіп даланы,
Болат тұяқ – төрт қайла
Тасты шағып барады.

Әдеп сақтап, ақырын
Басын тежеп атының.
Келе жатқан арт жақта
Шақырды бес батырын.

– Әне жауың, жігіттер,
Енді айырылып қалмандар! –



(Әлгі сөзде үміт пен
Қанша ащы арман бар?!)

Аш қырандай шүйліккен
Ал самғады тарландар...
Жасын соққан теректей
Сұлап түсті кәрі ана.
Қуғын сырын не кекті
Андамапты манадан.

От тұтатып, ас камдап,
Қонақ сыйлап, күйбеңдеп,
Кәрі көзі жасаурап,
Көре алмапты бұл жөндеп.

Бесеуді енді таныды,
Тозғаны ғой көзінің:
Достары екен көнігі
Никосының өзінің.

«Нико қайда бұлармен
Аңға бірге аттанған?
Секем алып сұрар ма ем?
Қашқын қайдан атты алған?»

Ана-жүрек сезеді,
Содан түс те көргем-ау!
Өртенеді өзегім:
Шамым мәңгі сөнген-ау..!»

* * *

О, грузин достарым!
Аз ба, көп пе,
Аңызыңа қосқаным?!
Жауыздыққа өш жаным,
Мейірбандық қостарым.

Әлімсақтан сақтаған
Ата салтың ойдағым:

«Босағаннан аттаған –
Жауың емес – мейманың».

АҢЫЗ

(Жамбыл)

Алқа-қотан шаршы топ,
Алма бақтың ішінде.
Жүз жасаған жаршы боп
Жамбыл кілем үстінде.

– Көмей шіркін, шырағым,
Көнін қанша созады?!
Бұрай берсең құлағын,
Патефон да тозады.



Шаршап қаппын, балалар,
Шалды енді аяндар.
Сайып қыран жүлде алар
Саяділге таяндар. –

Деп қуланып күлді де,
Орамалмен желпінді.
Лаулап кетті жыр, міне
Дала өртіндей жел күнгі.

Көрі тарлан қызынып,
Көсілгенде шығанға.
Сабағынан үзіліп,
Қақты қолын бір алма.

Жұлдызынан көз жазып,
Жырау қалды тежеліп.
Шат көңілі құлазып,
Кетті кейіс сөз өріп:

– Кіріскенде ораққа
Қырсық жаңбыр селдетер.



Ұн елесен табакқа,
Құм боратып желдетер.

Желі тартсаң кілемге,
Мысық үзер тінін кең.
Жолға шықсаң бір елге,
Жылға бөгер гүрілдеп... –

Сағағынан үзілген
Әлгі алманы қолға алды.
Аянышты сезіммен
Әлденені толғанды.

– Алжыған ғой, – деме, – шал,
Ажал деген қақпан бар.
Бұл Жамбылды бере сал,
Жыр Жамбылды сақтандар!..


ХАЛЫҚ ҒАЛЫМЫ

(Академик Қаныш Сәтбаевқа)

Өз үйіндей жасынан бөрі таныс:
Ерке өзені, асқар тау, жалтыр құзы,
Арқада, Атырауда. Алтайда алыс
Суымай геологтың жатыр ізі.

Тауып берген елге асыл тастан кұтын,
Үңіліп туган жердің түкпіріне,
Геолог шатырынан ұшқан түтін
Ұласты сан заводтың түтініне.

Көшеден жас шәкіртті көрген сайын,
Алдында аға жолы үлгісі бар.
Ұрпақтан ұрпақ озбақ, – деп ойлаймын:
Бү да бір халық ұлы – ғалым шығар.



АМАНКЕЛДІГЕ

Кім сүймесін ерлікке шақырғанды,
Нажағай боп дұшпанға атылғанды!

Қадірлеп атасақ біз қазақ халқын –
Есімізде тұрады ғажап даңқың.

Жаңа өмірді жасадың сен аңсаған,
Одан асқан ескерткіш болмас саған.

ЖАСЫБАЙ БАТЫР МЕН ЕЛШЕКБАЙ



Хас батыр келе жатыр алыс жолдан,
Бергенін өлім көрер намыс қолдан.
Қырық жыл ерлігінің куәсіндей
Кезіккен әр төбешік, таныс қорған.

Ызғарлы аяз қарып шоқтан бетер,
Ызғырық өткірлігі оқтан бетер!
Түкірік түсіп жатыр мұз боп қатып,
Жол алыс, жақын емес аттап өтер.

Қонған үй қазысы мен қартасының
Ысырған семізін жеп, қарт жасығын,
Қызуы сыртқа теуіп шыдатпады,
Сорпаға езген майлы малтасының.

Мен біраз алайын деп тер құрғатып,
Осыны қалағандай дене ұнатып.
Қарады атқосшысы Елпекбайға
Жасыбай шана үстінде келе жатып.

Тымағын шешкенінде кердең шалың,
Есігі ашылғандай кең моншаның.
Сыпырып орамалмен сүртті батыр
Бұршақтай маңдайдағы тер моншағын.



Тымағын алды қолға Елпекбай да:
«Тендесер Елпекбайға еркек қайда?!»
Мырс етті мықты шалың ішінен тек:
«Табар ма тентектіктен тентек пайда?»



Өткенде Қызылтауда қонысынан
Қамшысын суырды да қонышынан.
Сакал-мұрт, құлағының қақты мұзын,
Рахат тапқандай қарт сонысынан.

Елпекбай қутыңдады құрақ ұшып,
Өзіңше жоқ сияқты бұдан пысық.
Қамшымен қатқан мұзды қаққан кезде
Кеткенін білмей қалды құлағы ұшып...

МҰНАРА

Алыс қалды Жаманшұбар даласы,
Ауылы мен шалгай қала арасы.
Ит өлген-ақ жер екен ғой... Арбадан
Түсуге әрең келді бала шамасы.

Ұғындырып нықтап қойды ағасы:
– Бүйрегіндей сиырдың
Ығы-жығы Қызылжардың қаласы.
Арасында пытырманды шиырдың
Адасын та қаласың.
Биік мынау су айдайтын – мұнара.
Пәтерінді соған қарап табасың.
Мектебіннен жырақ та емес бұл ара. –
... Жарты ғасыр. Жылдар мұңлы, талайлы
Шындапты оны өнерде.
Мейманхана балконынан қарайды,
Мұқанов сол мұнараға, төменге.
Ақ шашты ақын, академик бұл аға –
Бүгін міне мыңдарға өзі мұнара.



ОРМАН КҮЗЕТКЕН ТЕМІР

Азамат ала таңнан ат үстінде:
Ұрынып қалмау үшін қапыс күнге,
Шолғаны қолаң шашты қалың орман –
Күнгей бет, теріскей жақ, батыс ірге...



Оқтаулы стволда патрондай,
Сергек-сақ сирек шығар батыр ондай:
Жіптіктей түйін шықса тұтқиылдан,
Ұшады қолын бастап қапы қалмай.

Орманның от шарпыса бір ағашын,
Өкінер өрт шалғандай мың қарасын.
Бұлтындай күздің қара түнереді
Ұмытып аймалауды ұл баласын.

Қажыған қарт секілді қарағайды,
Баладай басын сүйеп, аялайды.
«Шыбыққа шаң жуытпа – мөтелі оның –
Бірден мың, мыңнан миллион балалайды»...

Тастайтын шылымының отын жерге,
Қадалар көк найзағай бейпілдерге.
Алысып үш күн өртпен жаңа оралған
Шошиды Теміржанның кейпін көрген.

Жасынан өртке жаны өшігулі,
Армандар жасыл дәулет өсіруді.
«Баянның орманының генералы»
Деп айтады елі де осы інімді.



ШЕЖІРЕШІ

*Атақты фотограф, Павлодардың өлке зерттеушісі
Дмитрий Багаевтың ескерткішіне*

Ертістің бойын жағалай,
Есіліп жолың түссе егер.
Әр үйге сен бір ағадай
Кезің бар қонар, түстенер.

Ертістің жарын көбелей,
Есіліп жолың түссе егер.
Әркімге туган бөледей
Кезің бар қонар, түстенер.


Қонақтың көзі көреген,
Қалғандай жоқ боп керегің.
Шоласың бастап төбеден,
Босаға, төрін, еденін.

Орамал тұтқан оюлы,
Сырланған рамка ішінен.
Талай көз барлап ойынды,
Қарайды сурет-мүсіннен.

Кім анау, ұлан отты көз? –
Білгенше әрең шыдайсың.
Табылып сонда сәтті кез,
Жөнін де ептеп сұрайсың.

– Қайтпаған сонау қырғыннан
Жалғыздың жансыз жанары... –
Дейді де, жетпіс қор қылған
Дәрттінің жасы тамады.

– Түсірген мұны кім? – десең, –
Есімін еске алайық...
– Қарағым, – дейді ол, – білмесең,
Суретші Дима Багаев!



Осылай жылжи бересің,
Қызығы жолдың үзілмей.
Музейден сурет көресің
Мезгілдің өшпес ізіндей.

– Андаған халық... Неге бұл
Айыр, шот, найза асынған?
– Бесінші жылғы ереуіл,
Кереку кекпен ашынған!..

– Сақталған қайдан бұл? – десең, –
Үңіле, көне, қарайық...
– Жоқсың ғой онда... білмесең,
Түсірген мұны Багаев!



Үйден үй жылжып жөнерсің,
Түтіні сыйдың үзілмей.
Әр төрден сурет көрерсің
Уақыттың өшпес ізіндей.

– Мына бір таныс түс маған...
(Бұрмайсың мойын ешқайда).
– Үкілі домбыра ұстаған
Үні бал біздің Естай да!

Жүректе туган алаулап,
Жетеді «Қорлан» құлаққа.
Қоңыр үн талып, манаурап,
Елтітіп сені жырақта.

– Түсірген мұны кім! – десең.
Қалады сенде бар айып.
– Қарағым, – дейді ел, – білмесең,
Кім болсын... Дима Багаев!

... Әр үйден сурет авторын
Сұрасаң, айтар халайық:
– Халықтың мұнын, шаттығын
Қалдырмай терген Багаев.



* * *

Қос шегімін домбыранын,
Бос бұрасаң, болбырадым.
Оқыс шіреп, үзіп алсаң –
Онда қайтіп оңдырамын?!

Құлақ күйін келтіре тарт,
Таусылмайды мөлдір өнім.
Қос шегімін домбыранын:
Шың басына қондырамын.

ӘЛИЯ

Ол туды Жем өзені жағасында,
Неваны теңдес көрді анасына.

Алғыр ой, білім күштар балғын жасты
Аймалап, Ленинград бауыр басты.

Арманы асқақ еді, асыл еді,
Далаға дөн егуге асық еді.



Туған жер ашық көгін басты тұман:
Қас жаудың қан көлкіді қастығынан.

Мерген қыз өңменінен өлімді атты,
Халықтың жүрегінен өмір тапты.

Өзінің жұлдызындай Әлия қыз –
Мәңгілік жарқырайтын жарық жұлдыз.

ҚҰРЫЛЫСШЫ ӘНІ

Қызыл шырай күн күлгенде шығыста
Асығамын, асығамын жұмысқа.
Күн екеуміз күні бойы шаршамай,
Қатар тұрып қаласамыз сән-сарай.



Кірпіштерді өре берсем іргеден,
Күн қасына көтерілем күнде мен.
Шар тарапқа қанат жайып, көшелер,
Арманымдай көсіле бер, өсе бер.

Ұясына күн кіргенде тыныстап,
Үйге қарай аяндаймын жұмыстан.
Жерлестерге таныс менің қол таңбам,
Қошаметтей қол бұлғайды балконнан.

Ертең тағы күн күлгенде шығыста,
Асығамын, асығамын жұмысқа.
Күн екеуміз күнде солай шаршамай,
Қатар тұрып қаласамыз сән-сарай.



ЖАНАШЫР

Қапылыста қамаласа
Қатерлі дерт сені егер.
Жеті түнде хабар барса,
Жеті түнде ол жөнелер.

Ол келгенде есік ашып,
Үміт бірге енгендей.
Егілмейсің, есің қашып,
Енді күдік сөнгендей.

Су себеді жанған өртке
Сырқатыңнан сыр танып.
Біздің дөргер барған шепте
Кетеді ажал бұлтарып.

Жан күйзелген кезімізде
Жанға медет көреміз.
Сенбесек те өзімізге,
Сол дөргерге сенеміз.



СӨТ СУРЕТІ

Жарқ етті найзағай,
Қақ бөліп көк жүзін.
Түсті екен қайда жай, —
Түн кенет көмді ізін.

Қайталап өмірге
Соғар ма өлгі сөт.
Өлгі сөт сөнді ме,
Үзілген жан құсап?!

Сол сөттің сөзбенен
Сала алам суретін.
Біле ме сезбеген
Қызыл тіл құдіретін?!



Аспанды қара көк,
Жайдың ақ жебесін
Нанбасаң қара кеп, —
Өлеңнен көресің.

БӨЛЕТІН НЕ?

Адамдарды тіл бөлмейді,
Діл бөледі.
Адамдарды Күн бөлмейді,
Түн бөледі.

МҰЗ АЙДЫНЫ МЕДЕУДЕ

Аты өлемге өйгілі
Алатаудың Медеуі —
Озып алар бөйгіні
Бұл — спорттың мерейі.



Жасыл көктем, жарқын қыс,
Аптап жаз да алтын күз... –
Әзір соның бәрінде
Кіршігі жоқ жалтыр мұз.

Күн қызыға қарайды
Мұз айдыны Медеуге.
Жалтыр мұз да жарайды
Жас жігерді демеуге.



Қол соғары халықтың –
Тай жүйріктер, тарландар!
Айдынында даңқтың
Ағындаңдар, самғандар!

Көргеннен соң сендерді
Қозар, бөлкім, делебем.
Кім ұнатпас жеңгенді,
Қорғалайтын мен емен.

Қайда менің конькиім:
Қайрап, майлап қояйын...
Сендер құсап шалқиын,
Ләззатына тояйын.

Арығанды, шаршауды
Танымастан өтейін.
Көрілікті, қаусауды
Адастырып кетейін.

... Алты өлемге өйгілі
Алатаудың Медеуі –
Озып алар бөйгіні
Өрендердің мерейі!



ДҮНИЕ ҚОҢЫЗ

Дүлей өгіз алтын артқан арбаны
Гұмыр бойы сүйреп, жанын жалдады.
Шыңырауға арбасымен шым батты,
Құлап кетіп тайғақ жолдан жардағы.

Түйір алтын бұйырмады жеміне,
Білмей өлді: немене еді арманы...
Сол өгіздей бүкіл дүниеқоңыздар
Өлсе артында қалар жиған бар малы.

АНА

Анам Зейнепке



Жеңбейді сенен өзге ұйқы кімді?
Түн бақтың, күзетші етіп кірпігінді.
Балбырап бесігімде уілдесем,
Күлімдеп, қабағыңа күлкі кірді.

Емізіп ізгі құнар ақ сүтінді,
О баста ойлағандай мақсұтынды.
Құйдың мол құлағыма қазақ жырын,
Жырлар деп жан тебіренге жақсы күнді.

Ойға алсам өкінемін дүркін-дүркін,
Көрмедің, көрмедің-ау, өттең шіркін,
Санатқа қосылғанын сары ұлыңның
Өзі-өз боп еңбекақы өкеп бір күн.

Иыққа іліп оттан жамылғыны
Жүгірдім оқ ішінде дауыл күні.
Елімді өртке бермей, өжеттендім,
Сондағы көрмедің-ау сары ұлыңды.

Қайтейін көрмей өттің алғы күнді
Балнұр мен Алтайыңды, Арнұрыңды,
Көздері өз көзіңдей шұғылалы.
Жүздері өз жүзіңдей өрлі-нұрлы.



Үш бөбек «Біздің әже қайдалайды»,
Сол сәтте мені қайғы, ой қамайды.
Өлді деу өмір үшін қиянат қой,
Қай бала осылайша ойламайды.

Кейбіреу мені мейлі «күйрек» десін,
Өленді өтірікке сүйретпесін!
Әйтеуір өтінерім: олар маған
Ананы бізше сүй деп үйретпесін!

Қимадым, анам, сені қара жерге,
Қоятын орын таппай бар әлемде.
Өзіңе жүрегімді зират еттім,
Ескірмес ескерткішің қалды өленде.

ЖАҚСЫЛЫҒЫ – ЕСКЕРТКІШІ

Жатырқау жоқ кісіні,
Жаны жарқын бір пенде.
Аға тұтты кішіні,
Іні болды үлкенге.

Қызыл көріп қызығу,
Не сабынша бұзылу,
Не шампанша қызыну,
Сырымға жат сызылу.

Болса алтын күн қолында
Сыйлар еді-ау оны да...
Жақсылығы – ескерткіш
Бізге қалған соңында.

ӨМІР САБАҒЫ

Алтыншы «А» класы шығып тысқа
 Аулада тұрған еді... Қоңыраушы шал:
 – Болды ма сабақтарың бүгін қысқа,
 Балалар, – деді, – қайда барасындар?

Бар еді мектеп бағы тұрған көктеп
 Колхозды Алатаудың алабында.
 – Барамыз, – деді Балнұр, – о да
 мектеп –
 Бақшаға, ботаника сабағына.

ЭСТАФЕТА

Дүйсенбек жарыс жолында,
 Жерге тимей аяғы
 Келеді ұшып, қолында
 Эстафета таяғы.

Келесі жүз метрде
 Алтайға тиді.
 Ол енді
 Досына тез жетуге
 Таяқты алып жөнелді.

– Жүйрік екен рас кім?
 Жарыстың мынау ғажабы!
 – Бесінші біздің кластың
 Командасы озады!..

Қолдан қолға ауысып,
 Эстафета таяғы
 Алдағы жолды тауысып,
 Көмбеге де таяды...

Осынау эстафетадай
 Жеткізер біздің жас буын,
 Болашақ күнге өте бай
 Отанның игі дәстүрін.

МУЗЫКА МЕКТЕБІНДЕ

Не деген тартымды еді халқым өні,
Сазынан сайрағандай жарқын жаны.

Мамырлап майда қоңыр қалықтап өн,
Біресе қияға өрлеп шарықтады өн.

Тулаған өн толқыны кернеп залды,
Әп-сәтте баурап алды, тербеп жанды.

Бүкіл зал қолын соққан қошеметпен,
Жас қазақ он екіге кеше жеткен.
Достарым, не деп шұба айта аласың,
Меселін қалай ғана қайтарасың.

Дәріптеп дана қартын, батыр жасын,
«Шахтер» деп атар, бәлкім, операсын.

ТУ ҰСТАУШЫ

Бүгінгі ауа өзі де – елде кілең
Қуаныш өн менен күй, қызық думан.
Толассыз ағылғанда лек-легімен
Қалың ел көрінбейді қызыл тудан.

... Атақты алып завод Бас алаңға
Бір кезде келіп жетті толқып сеңдей.
Алдында ту ұстаған жас адамға
Құмартып, көз тікті жұрт сүйсінгендей.

– Папа, ол кім?
– Еңбек Ері – жас слесарь.
– Осылай ту көтеру қандай жақсы!
– Асықпа, өс. Данқына данқ ұласар.
Саған да сондай құрмет арналмақшы.

Мен, өне үміт күтем ертеңіңнен,
Сен болсаң, шымырланып, шыңайып көр:
Соңына миллиондарды ерте білген
Ту ұстаушы Еліңе лайық бол.

СӨЗ БЕН ІСТІҢ АЛШАҚТЫҒЫ

Сыпайылық туралы
Сырым қызу сөйледі.
Кей жолдасын «сынады».
Сынамады-ау – түйреді.

Жиыннан соң қайтты ол
Трамваймен үйіне,
Көңілінің әлгі сол
Көтеріңкі күйінде.

Орындықта отыр ол
Ал қасында, ортада
Чемоданы қолында
Түрегеп тұр қарт ана.

Қайда әлгі жиыны?
Сырымға ол көрген түс...
Сол ғой, шіркін, қиыны:
Алшақ қонса сөз бен іс.



АНА САҒЫНЫШЫ

– Былтырғыдан ер жеткен,
Сұңғактау болар бойы да.
Ұстаз бар өнер үйреткен,
Өскен шығар ойы да.

Сағындым ғой көп күтіп,
Алды ма екен құрбының?
Паровозын жүйткітіп,
Келеді қашан құлыным...

«Мектебім¹ – өнер мектебі,
Оқуым жақсы, алдамын.

¹ Қолөнер училищесі.



Хатында қарғам – күт мені, –
Таяуда, – депті, – барамын!»

Ертіспен жалғап Нұраны,
Жана бір жол біткенде,
Паровозбен ұланы
Келер биыл көктемде.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ АЙТЫСЫ

Класта
Қаптаған құрдасқа
Лепіріп, көпіріп,
Леп белгісі сөйледі,
Сөз нұсқасы бір басқа
Сөйлегенде бүй деді:



– Сен жай бір, ноқатсын,
Тау емес, шоқатсын.
Мүләйім, момынсын,
Сүренсіз қоңырсын.

Жүресін соңында,
Жігер жоқ бойында.
– Сен кері үтірсін,
Құныссын, бүкірсін.

Аяққа оралғысын,
Алмайсын ел алғысын!
– Имиген сұрақ белгісі,
Сені кім келер көргісі?!

Жылауықсын, сұрауықсын,
Шүбәшілсін, күнәмшілсін.

– Тырбиған тырнақша,
Сен бейпіл бір лақса.



Сөзді де қамайсың,
Бізді де қамайсың,

Тоңады дейсің бе,
Қымтайсың,
Шымқайсың

Несіне орайсың?!

– Көп нүкте-ау, көп нүкте,
Бір көнбейсің бірлікке:

Бізді қуып шығасың,
Ұнамасың, ұнасын
Сөз аяғын жұтасың,
Сонымен не ұтасың?!

Керілген сызықсың,
Бас бұзар бұзықсың.
Сөзді сөзден бөлесің,
Иықтайсың – кересің.


– Сен бізден басқасың,
Жаққа ұқсас жақшасың.
Айырып үйірден,
Қысасың бүйірден.

Біз саған жылқы ма,
Үйірлеп иірген?!
– Әй, қос нүкте, нашарсың,
Жұрттың алдын тосасың.

Сөз ергенге соңыңнан,
Сен қалайша тасасың...

Өзгені даттады,
Өзін тек мақтады:

– Мен лептімін,
Мен ептімін!
Жалындымын,
Сарындымын!



Бүгілмеймін,
Йілмеймін!
Мен леп белгісі,
Кімнің тең күші!!

Ұмыт қалған сызықша,
Леп белгісі сөз ұқса,
Айтылмақты
Айтып бақты:

– Бөлекеймін,
Дөнекермін.
Сөз арасын,
Жымдастырамын,
Мағынасын
Жалғастырамын.



Сен көбіне көпіресің,
Өткенде күн – өкінесің.
Кішіпейіл, міне, біз,
Өз орнымызды білеміз,
Жеңілтектігіңе күлеміз!
Қалам ойда-жоқта шыға келді,
Тыныс белгілері бұға берді:

– Айтқанға көнесіңдер,
Айдауға жүресіңдер.
Қаласам, қағаз жазсам,
Өмірге келесіңдер.

Опық жеп орын таппай,
Әйтпесе өлесіңдер!

* * *

Біткен де жоқ сөз әлі:
Иә. Орнын тапқан озады.



СОҢЫРА

Бір кезде жұрт жұмсайтын: –
«баласың» – деп,
«Шаршасаң, ертең қунап қаласың!» – деп.
Жұмсайды қазір мені «ағасың» деп,
Жас таппас кілтін істің табасың деп.
Бермейтін ер кезегін елгезегім...
Деп маған бермесе де бағасын көп,
Кеудемнен қакпаса екен бір күндері:
«Қажыдын, қартым, қайда барасың?» – деп.

ТҮЛЕКТЕН ҚЫРАН ӨСЕДІ

Қиялың – канат асқарға
Көтерсе сені, жас жігіт,
Талабың алға бастар да
Маяктай жанар жақсы үміт.

Баландау көріп сені әлі
Бәйек болса жан анаң,
Жоғары қара, жоғары,
Қысылма, жігіт, сен оған!

Нұр жанып кәрі көзінде:
«Оқысын, – дейді анаң да, –
Оралар қайтып кезінде.
Механизатор болар да».

... Салынды «ЗИС-ке» чемодан,
Мотор да әнін бастады.
Қол бұлғап қалды сан адам –
Қол бұлғап қалды достары.

Көз алмай жолдан, жан ана,
Тұра да берме далада,
Түлегің ұшса ұядан,
Қыран боп қайтар қиядан.

ЖЕМИСІҢ БОЛСА АРТЫҢДА

Баянның сұлу баурында
 Үш ай жатты демалып.
 Қалды туған аулында
 Шыбықтар жерге қадалып.

Содан бері санаса,
 Бес рет ағаш көктеді.
 Бойы да өсті аласа,
 Ақылын шындап мектебі.

Атасынан ауылдан
 Немересі хат алды.
 «Айналайын Бауыржан,
 Қуандырдың атанды.



Өзің еккен сондағы,
 Алма ағаш өсіп келеді.
 Бәрі де көкке бойлады.
 Ақ ұлпа гүлін төгеді.

Биылғы жылдың күзінде
 Тұңғыш алма береді».
 Гүл өссе басқан ізіңе,
 Әркім де жақсы көреді.

ҰСТАЗЫМА

Сүйікті, парасатты мұғалімім!
 Өзіндей адам жанын ұғады кім?!
 Бас иіп шәкіртіндей құрмет тұтып,
 Алдыңнан алғыс – өлең шығар бүгін.

... Бердің де Ата кітап әліппенді,
 Солдаттай сапқа тізіп өріптерді,
 Алғашқы сабағыңның өзі дағы
 Алдыма Әлем сырын алып келді.



Әлемді араладым бірге өзінмен,
Көргендей екеу емес мың көзіммен.
Талмастан тас ғасырын... тарих бетін
Ақтардым. Есіңде ме бір кезгі Мен?

Мен бүгін азаматпын – жас маманмын,
Үмітін арқалаған ұлы Отанның.
Азғана еңбегіме алғыс алсам,
Мен емес, сол алғысты өзің алдың.

Қолыңнан әр шәкіртің ұшқан түлеп,
Сыйлайды еңбегіңе алғыс, құрмет.
Мақтан! Мақтан! Мұғалім армиясы!
«Республика түгелдей шәкіртім!» – деп.

АЛҒЫС

Г. Әлимоваға

Есіміңіз «Гүлбарам» – «Гүлді көктем»,
«Көктем» десе, дегендей, гүл түлеткен.
Көктем болып қырық жыл жайнадыңыз,
«Ел баласы бол!» деген нұр тілекпен.

Алдыңыздан адамдық дәріс алған
Ұл мен қызды жисақ ше алыстардан?!
Бірінші кластан-ақ баулыпсыз-ау,
Азамат қып ел үшін намыстанған.

Қанаттанбай өтпейміз қасыңыздан,
Сипағымыз келеді ақ шашыңыздан.
«Біздің ұстаз – бұл кісі!» – дей береміз.
Сыйлауға үйренген соң жасымыздан.

Ұстаз жолы өшпейтін – тәлім ізі.
О құрметті Гүлбарам Әлімқызы!
Осы хаттай жайылсын алдыңызға
Көңілдердің алғысы – дәмі-тұзы.

ІЗЕТ*Төлеутай Ақшолақовқа*

Без-баяғы еркелігін тыймаған,
 Балалыққа мейірбандық сыйлаған
 Өз алдында әлі күнге, ұстазым,
 Шәкірт болу – сый маған!

Кітап шарлап ойға шомдық өзінше,
 Сынап, толғап, сөз де жондық өзінше.
 Шылым да біз тартпаймыз
 Әлі күнге көзінше.

Біреуге сөл ұнамаса мінезім,
 «Кімнен дәріс алдың, – дейді, – сен өзін?..»
 Сонда айтамыз есіміңді ақырын,
 Жым болады алқын сөздің пақыры.

Ұлым менің «үштік» алып қалса да,
 Өнерімді біреу сынап, шалса да,
 Саған келіп тиетіндей салқыны,
 Мен терлеймін қаншама?!

Шәкірттердің тойлай бер де жеңісін,
 Көрмей өтші кемісі мен кейісін!
 Ел алдында қысылмаспын сен үшін,
 Мен бақытты, қызармасаң мен үшін!

ҚҰРМЕТ*Зейтін Ақышевқа*

Ол күндерде қадірінді аз білсек те,
 Бір болушы ек кейісек те, күлсек те.
 Лириканың айдынында жүзуші ек,
 Физиканың сабағына кірсек те.

Адамзаттың ақыл кенін ашқандар –
 Архимед, Ом, Ньютон мен Паскальдар...

Ақын болып сайраушы еді класта
Ақышев кеп өуеніне басқанда.

Ұстаздықтың аты ізгі де, заты игі,
Жер бетінен таппан сендей сақиды!
Бір сабағың – бір қырық бес минутын,
Қырық жылға қымсынбай-ақ татиды!

«Физиканы білсек, – деуші ек, – сендей біз».
«Лириканы сүйсек, – деуші ең, – сендей
біз!»

Бергеніне шүкірана тағдырдың! –
Бүгін, міне, қатар қалам тербейміз.

Біз терлесек, туған ел! – деп терлейміз,
Біз жасаймыз, өлең сөзде өлмейміз!

БАЛАЛАРДЫҢ АТЫНАН

Бейбіт өмір – игілікке біз күштар,
Токтата алар бізді тежеп не күш бар?!
Бірақ «соғыс» деген сөзді көпіртіп,
Сумандап жүр соғысқұмар жыртқыштар.

Өрт шалмасын десең, қызыл гүлінді –
Қор болмасын десең қыз бен ұлынды.
Сапқа қосыл, күреске шық бірлікпен,
Серпіп таста қауіп бұлтын бүгінгі!

Жетсін десең, қолы бақыт – жұлдызға,
Қамқор болсаң өз бөбегін – ұл-қызға –
Күреске шық, қарсы тұр да соғысқа,
Өмір шырқын жендеттерге бұзғызба!

Алдымызда болашаққа тартар жол,
Өмір үшін күрескенде қауқар мол.
Сенгендері сендерсіндер, ата-ана,
Партиядай қорғаушы бол, қамқор бол!

АҚ БЕТ

Ақ бет – ақ шың Баянда,
 Ал ертерек оян да.
 Солай қарай аянда,
 Ақ таяққа таян да.

Баян таудан алысқа
 Біраз ұзап тоқташы.
 Маралдыдан таныс па
 Сол «Ақбеттің» аттасы?

Баян үш жүз шақырым
 Маралдымен арасы.
 Сол «Ақбеттің» атының
 Ауысқанын қарашы.



Маралдының жерінде
 Тау түгілі, төбе жоқ.
 Қандай бұл ат берілген
 Қайдан шыққан бөле боп?

Туған тауын атақты
 Менің атам сағынған.
 Жон-бет кейде атапты,
 Содан осы ат тағылған!

Шарлап тыным таппайсың
 Кең дүние жер бетін:
 Көкейіңнен өшірмей,
 Туған жердің сақтайсың
 Көшірмелі келбетін.

КҮШІНУ

М ы с ы қ:
 – О сен не білдің, не білдің?!
 Шегір десең, шегірмін,



Тарғыл десен, тарғылмын.
Тырнак десен, бар, кұрбым.
Барыс – менің тұқымым!
Сол барыстай болар ем,
Жолбарыстай болар ем,
Жетпейді, әттең, күтімім...

И т:
– Жолбарыстай болар ең,
Азулыны соғар ең,
Әдетіңе баспасан,
Тышқаншылауды тастасан...

БАҚЫТ ЗАҢЫ



Көлдiң бетiн көк мұз жапқан жып-жылтыр
Қыс күнi едi аязы бар шыңылтыр.
Орнай қалды еркелетiп шуақ жаз
Көз алдымда тойдағы ауыл бүгiн тұр.

Аңғал едiм бар сөбилiк қалпыммен,
Ол күндерде түсiнбес те ем, бөлкiм, мен.
Алуан сырды кейiн ұққан сияқты
Бертiн бiлдiм өмiр заңы паркын мен.

Шақырды да жас баланы, жас қызды,
Аттатты да қасиеттi басқышты,
Алтын заңым қоңыр күздiң бiрiнде
Әлiппенiң бетiн бiзге ашқызды.

Жiгiт болдым – жиырмаларға жас жеттi,
Құтты орнымды – мекенiмдi көрсеттi.
Алтын заңым ерiк бердi ерлiкке –
Бақытымды бесжылдықпен өлшеттi.

Шар тарапқа қанат қакқан шарқұра
Өрелi өрiс шаттығы да шалқыма.
Тағдырының моторындай қолына
Отаным берген заң бұл менiң халқыма.



КӨК СИЫРДЫ КӨТЕРГЕН КЕЛІНШЕК

Болыпты баяғыда асқан мерген,
Дейтұғын: «Садақ барда, аштан өлмен».
Қыр кезіп, тау аралап қысы-жазы,
Олжасын – атар аңын тосқан белден.

Мақтанып қоймайды екен жолдасына:
«Мен кепіл мендей мерген болмасына!»
Жебесін табанда атып ұшырыпты
Шанышқан тебенді де тал басына.

Бар болса екі жебе қорамсақта,
Ымыртта ел орынға қонар шақта.
Саятқа тәуекелсіз шыға берген:
«Жаныңды, кезіккен аң, аман сақта!»

Қол мерген – көздемей-ақ атқан қандай,
Алдында атқан аңың жатқан қандай, –
Дейді екен, – алтайыны қарға аунатып,
«Бір сілкіп қанжығаға таққан қандай!»



Көнбепті ақыл айтқан жұбайына,
Қайтпапты қайсар мерген райынан.
Келіншек жүреді екен сәтін күтіп:
«Сенің де қарармыз, – деп, – сыңайыңа».

Біткені маңдайына төл дегенде,
Бар екен жалғыз сиыр сол мергенде.
Қорегі балалардың – соның ағы:
Таңдайын жібітетін шөлдегенде.

– Атқанға өлдеқандай тиінінді,
Қоймадың мұрыныңды сен шүйіруді. –
Жұбайы депті бірде –

мықты болсаң,
Көтеріп көрші мына сиырыңды!

Талабы келіншектің тосын еді,
Бұ қайдан тұтқиылдап тосып еді?!
Көтерсе – көп көзінше абырой да,
Әйтпесе, жер болар жер осы ма еді?!



Үйірген тауды асықтай Толағайлар,
Инедей олар үшін қарағайлар.
Қиялы ертегінің ерлері ғой,
Шындықты ертеке қалай жанамайлар?!

«Күшінді сынға салып көрші!» – деуге,
Жиналып келіп жатыр көршілер де.
Сырт көздер сынағыш қой осындайда,
Қызықтап ентелесе, ерсі көрме.

Ерегіс ержігіттің бағын сынар,
Мерген де жігіт еді намысы бар.
Көк сиыр қалды орнында, тырп етпестен,
Демеген мерген «бұлай сағым сынар».

Келіншек дәу сиырды ауырсынбай,
Қарына іліп алды қауырсындай.
Қайтадан дік еткізіп қойды жерге,
Пәлен пұт зіл болса да тау тасындай.

Ері айтты:
– Тамашана қайран қалдым,
Жаркыным, мұнша күшті қайдан алдын?
Әуелі езу тартты, бір жымыды,
Айтатын жауабының ойлап бәрін:

– Шапаты, шағын дене түрім мынау.
Болмаған тұқымымда бірде-бір дәу.
«Туасы адам күшті болмақ» деген
Сөзіңе сенің, міне, күлемін-ау...

Мен жеңдім, сен жеңілдің, күш сынасып,
Берейін құпияның кілтін ашып:
Күніне үш-төрт рет төл кезінен,
Көтеріп көк бұзауды, еттім машық...

ЕКІ ҚҰРБЫ

Бір күні келіп өмірге
Екеуі қатар өсіпті.
Қаяу жоқ бала көңілде.
Қызықты қатар кешіпті.

Өмірде бірақ бар жанға
Ұсынбас бірдей үлесін:
Күресте, тартыс, жанжалда
Өмірдің құнын білесің...

Сол екі достың біреуі
Патшаға уәзір болыпты.
Өрге баспай тілегі
Біреуі гүлдей солыпты.



Ісі жоқ, іші пысқан соң
Шығыпты уәзір сайрандап.
Ел кезген жоқтық, қысқан соң,
Болыпты досы сайдан тап.

– Кетіпсің, сорлы, қартайып,
Не күн түскен басыңа?
– Жүргендер аз ғой шалқайып,
Көргені жұрттың осы да!..

Айтысып солай екеуі
Тұрғанда бір шал келіпті,
Сынады өлде кекеді:
Оларға сауал беріпті.

– Ақыл мен ақша ұсынсам,
Қайсысын алар едіңдер?
Жауабын таппай қысылсаң,
Мақтар ма еді ерді ел?!

Айтыпты уәзір сол шақта:
«Мен өзім ақыл алам», – деп



Айтыпты кедей бірақ та:
«Ақшаңыз – біздің қалау», – деп:

– Ақылды болсан, қарағым,
Табылмас па еді қазына.
Ақшаны қалай қаладың,
Ақылыңның азы ма?

Бірақ та кедей саспады,
Кедейің білді не дерін:
– Мен қалаппын ақшаны.
Алмай ма өркім керегін.

ТҮЙЕБАЕВ ПЕН ТҮЙМЕБАЕВ


Класта бар қос күрбы
Жараспаған достығы.
Жүз шайыспас, сірә да
Жоқ олардың хош күні.

Түйебаев біреуі,
Түйебаев түймедей.
Түймебаев біреуі,
Түймебаев түйедей.

Жер шағардай табанын,
Әрең-әрең сырғиды.
Әзірлесе сабағын.
Түймебаев мүлгиді.

Үйге берген есепті
Әрлі-берлі өурелеп.
Екі сағат бос өтті,
Ілікпеді жөнге кеп.

Түймебаев күрдасын
Шарасыздан шақырған.



Берді ол жұмбақ сырды ашып,
Басты ұзақ қатырған.

«Жүргенін сол ыбылжып,
Көрсем ішім пысады.
Болмашы деп тым ынжық»,
Түйебаев ұрсады.

* * *

Түймебаев қысылмай,
«Көрдім, – дейді, – Абайды:
Беу, палуан күшін-ай,
Бір-ақ соқты ағайды.


Тимур жазған «Гайдарды»
Оқыдың ба сен дейді:
Дәлелді айтып қайдағы,
Түймебаев көнбейді.

Әнші дейді Бауыржан,
Концерттерін тыңдадым.
Шығарып сап ауылдан,
Мен де өзінше жырладым.

Айтысады – терлейді
Сәтбаевты ақын деп,
Түймебаев көнбейді,
«Кел нанбасаң, – шақыр» деп.

«Батыр, – дейді, Әуезов
Фашистерді қаусатқан»,
Өтірікті он езіп,
Түймебаев дау сатқан.

«Лақпа сөзге тойдым», – деп
Досы күйіп-піседі.
Түймебаев «қойдым» деп
Тағы ант-су ішеді.



* * *

Бақта тұқым сепкенде
Бүкіл мектеп баласы.
Көрінбеді көктемде
Түймебаев карасы.

Тигізбекке қол ұшын
Сол бакшаға кіріпті.
Көк қиярдың желісін
Арам шөп деп жұлыпты.

Сол қызықтың үстінен
Түйебаев түсіпті,
Қуыпты бақ ішінен
Білгішсінген «пысықты».

Түймебаев білдірмей
Өз жайына жүре ме...
Жұртқа мұны білдірмей,
Түйебаев күле ме?!

Фотограф келгенде
Түймебаев түйедей,
Топтың алдын берген бе
Киіп-жарып, кимелей.

Қолын қақпа бірін де,
«Сол-ақ алға тұрсын», – де.
«Түймебаев түріне
Ел жұрт қарап күлсін», – де.

БІРЕУДІҢ ҚАТЕСІ – БІРЕУГЕ САБАҚ

Жолдастан жолдас сұрайды,
Сұрайды өлде сынайды;

– Көз ашпай қойдым қатеден,
Жүргенім ылғи мен лағып.
Тартсаң да тура төтемен,
Баспайсың жаза сен нағып?!

– Қатесін көріп басқаның,
Ол жаққа аяқ баспадым.

КЕЙДЕ БІР ОЙЛАСАҚШЫ КЕРІСІНШЕ



Санай ма кісі өзін күші кемге,
Үлгіні ұлан-асыр пішіп демде.
Өнеге үйреткішпіз, ақылгөйміз
Бір саты өзімізден кішілерге.

Көптенгі көп айтатын келісімше,
Ұстаздың шәкірт үшін тері сіңсе,
Шәкірттің ұстазға да берері аз ба?
Кейде бір ойласаңшы керісінше...

БҮРКІТ ПЕН ЖАПАЛАҚ

(Мысал)

Тарыққан соң азықтан,
Төмендегі жазыққа
Көз тастады қарт қыран,
Ойда-жоқта тартты дәм.
Бос кетпеді болжамы,
Оңай тапты, олжаны.
Әуре болмай қуалап,
Іліп түсті дуадақ.



Жалған айтсақ, тайшадай;
Қаншама ет, қанша май!
Құзар таудың басына
Қонды қыран асыға,
Жарып тастап, сол сол-ақ
Соқты жемін, боршалап.

Жанай ұшқан жапалақ,
Қызыл қанға қаталап,
Жалп етіп кеп, бас ұра,
Жетті бүркіт қасына,
Алқын-жұлқын ентігіп,
Сөйлеп кетті серпіліп:
– Жүз ұшып, жүз қонып,
Сіз болып, біз болып,
Шүйіліп бәлемге,
Ілдік-ау әреңге.
Уа, батыр! Уа, батыр!
Бізге де дәм татыр!..

БІР ШЫНДЫҚ

«Сегіз қырлы, бір сырлының өзіміз!
Сіздің бұған жетпейді, әттең, көзіңіз»... –
Деп қарындаш мақтанды.
Жарылуға шақ қалды.

Біз білетін бір шындық:
Түпсіз терең – сыршылдық.

ЖАС ҰЛАН, АСАУЛАРДАН АС, ҰЛАН

КІШІЛІК ПЕН КІСІЛІК

Қазіргі бұл шағымда
Қаба сақал еркекпін.
Жеңгелердің алдында
Баяғы бір «Тентекпін».

Сөйте тұра... қарашы:
Мен біреудің баласы,
Мен біреудің ағасы,
Мен біреуге нағашы.

Төтті құмар балаша
Еркелікті қалармын.
Кішілікке жарасам,
Кісілікке жарармын.



САҒЫНЫШ

Балтық – теңіз. Кеме құдды қақпақыл,
Жаутаңдайды кеме үстінде көп пақыр.

Адам бар ма азабына жұбанар:
Ортасында қалың көптің бір ана.

Қабак шытпай, қайрат жинап бойына,
Келе жатқан жан секілді тойына.
Алыс қалған сағым жылдар жеткізбес:
Ана жасы алпыс та емес – жетпіс бес.

Жігер тауып, жетпіс беске жеңдірмей,
Ұзақ жолға тілеп шыққан өндірдей.



Жолаушы ана жолда атырды он танды.
Жүрек сыздап, бас айналып, бел талды,
Буын-буын сырқырайды андыздап.
Стокгольм әлі қайда? Жол ұзақ...
Жетпіс бесі қинаса да тұсау сап,
Келеді екен, келеді екен кімді аңсап?
Сарғайтты ғой сағыныштың үш жылы
Осы екен ғой бала-бауыр ыстығы.
«Россияның алдан туар күні үшін,
Қиып еді өз ғұмырын тұңғышым.
Күйген жүрек үркек құстай зәразап,
Тап берер ме деп сескенем тағы азап.
Елдің дәмі ортаншыма бұйырмай,
Жат жерде жүр, өжет ойдан тыйылмай.
«Әлде қалай?..» Әлсін-әлсін сол сұрақ
Соны ойласам, қалармын ба қансырап.
Ұл-қыздарым – жұлдыздарым бірдей ғой.
Ортаншы ұлдың көкейінде күндей ой.
Қапас дүние қараңғысын жарық қып,
Тарихқа мен берем дейді анықтық.
Тәуекелдің жолы ұстара жүзіндей,
Сонда да үміт ұзарады, үзілмей.
Әзелден-ақ дұшпаны көп жаңаның.
Аман жүргей... бар уайым-алаңым.
Кәріліктің кірбіңіне мың көніп,
Қайтсам болды, қайсарымды бір көріп.
Төбемді бір көрсетейін... Кеш, елім:
Одан өзге тиер дейсің не себім?!»
Әлде біреу екі тілін сағаттың
Зілдей бөген, тауысқандай тағатты.
Стокгольм әлі қайда, жол да ұзақ.
«Есен көрсем» – есі-дерті жалғыз-ақ.

Кеме, міне, жағаменен жанасты,
Қауышуға, табысуға жол ашты.

Келеді ұшып Володясы – баласы,
Құлай жаздап, құшақ жайды Анасы.

ҚОШТАСУ

Көк пароход Стокгольм портында
Көлбеңдейді, тербеледі толқынға.
Россияға аттанады пароход,
Дегбірді алып, ішті өртеп барады от.

Екі ортаға трап міне төселді,
Жолаушылар қоштасар шақ осы енді,
Қандай қуат қолтықтаған ананы?!
Ширақ басып, сатыны өрлеп барады.



Көрі дене көнбесе де ынғайға,
Қайран ақыл қайрат табар мұндайда!
«Сақта өзінді біздер үшін, мамашым!» –
Деп сыбырлап қолын қысқан жанасып.

Туған ұлы ту сыртынан бағады,
Қайрылып бір, қиыла ана қарады.
Екпіндей кеп, трап жаққа ұмтылды,
Екі аттады, ұлы еріксіз іркілді.

Екі дүние – трап пенен палуба
Ерік қайда салып жетіп баруға?!
Патшалықтың пароходы – туа жат
Алты аттама, ауызға алма мінажат.

Онда, онда қол-аяғың бұғауда,
Онда түстің шытырманды шырмауға.
«Қандай қуат қолтықтаған ананы? –
Палубадан сабырлы көз қарады.

Ильич жүзін мұнар күндей мұң шалды,
Сезбепті гой бұрын мұндай кұрсауды?



«Көріспейміз! Мәңгі айрылу шағы бұл,
Мамам қолын қысар ма едім тағы бір»...

Бір ой өртеп, ток сияқты зу етті,
Қан тасқыны көміп өтті жүректі.
Бетті түзеп үлкен кеме шығысқа,
Сырғи берді, жылжи берді жылыстап,
Кеме ұзады боз тұманмен ұласып,
Елжіреді, екі көңіл құлазып.

Жақсысынан жаңа айырған жағада,
Қалт етпестен қалды тұрып Володя,
Ақ көгершін қанатындай орамал
Көз ұшында желкілдейді... Қарап ал!

МАХАББАТТЫҢ КҮЗЕТШІСІ

Тербетіп жұмсақ вагон – ой бесігі –
Ашылып ақыл-зерде кең есігі.
Қарт ана келе жатыр ой толғантып,
Келіп кет дегеннен соң кенжесі – ұлы.

Кенжесі бұрынғыдай жас бала ма?
Ол солдат армияда, астанада.
... Шықпаққа тағзым етіп Мавзолейге,
Кезегін көп ішінде тосты ана.

Мавзолей қарт Кремль аясында,
Самсаған жұлдыздардың арасында
Ұйқтап ұстазы мен шәкірт жатыр
Бақыт боп туған адам баласына.

Жаз бен қыс. Көктем мен күз.
Тасқын халық
Жатады Волгаға ұқсап тынбай ағып.
От жүрек, алғыр ақыл осы арадан
Қайтады өміріне қуат алып.

Аттады, жүрек лүп-лүп, босағадан,
 Көрем деп өз баласын осы арадан.
 Ол, сірә, ойлап па еді? Сағыныш жас
 Көзге іркілсе, жұрт айтар: «Осал адам»

Деп қалды ана: – Женья!.. – Ұл жүрегі.
 Бір сөтке шымыр етті, елжіреді.
 Жас солдат қас қақпады, қалт етпеді,
 Айрылмай айбынынан сұсты реңі.

Құрметті қарауылда – ұлын алда!
 Мақтансаң, мақтан, ана, орны барда!
 Халықтар махаббатын күзетуден
 Әлемде артық бақыт табылар ма?!

ЕРТЕҢГІ ҰРПАҚҚА

Бір жыл өтсек деуші ек, бұ да бір белес,
 Былтырғы жыл асқандаймыз мың белес.
 Үміті мол үлкен жылым ой салды:
 Кеп қалыппыз келешекке іргелес.

Ертеңгі ұрпақ! Бізге қандай жақынсың!
 Біз туралы жыр-дастаннан оқырсың.
 Аптап күнге, аңызакқа тотыққан
 Жүздер сонда қатарында отырсың.

Біз қан төккен, біз тер төккен белдерге
 Бізді еске алып, келесіндер сендер де:
 Тыны айрылған топыраққа гүл егу
 Әлдеқайда оңай болар сендерге!

* * *

Ұмыта жаздасаң сен борышыңды,
 Арала ата мекен-қонысыңды.
 Ессіз жұрт, ескі мола еске салар
 Халыққа адалдықпен болысуды.

Ұмыта жаздасаң сен борышыңды,
 Арала жаңғырған жер қонысыңды:

Көк егін, көркем шаһар еске салар
Халқыңа коммунистше болысуды.

* * *

Талайдан мен де үйрендім,
Бүгін де жүрмін үйреніп.
Үйренгенімді сый көрдім,
«Ұстазым» деуге именіп.

Менен де талай үйренді,
Үйреніп бағар өлі де.
«Ұстазым» деуді мін көрді,
Жеткендей өзі бөріне.

Кетпеспіз содан біз құрып,
Үйренсе болды ізгілік.

«МАРАЛДЫ» КӨЛІ БАСЫНДА

Бала кезде жағасында аунаған,
Алабұға, ақ шабағын аулаған
Көлге келдім. Дөп-дөнгелек, мөп-мөлдір.
Жердің көзі секілді бір аумаған.

Аңғармаппын аңқау бала күнімде,
Бейқам басым ұмтылмаппын білуге.
Жатады екен көк өлемін сыйғызып
Айна көлім айдынында, түбінде.

Мана жанбыр жауып өткен. Міне, енді,
Көлдің беті бір керемет түрге енді.
Кемпірқосақ көлге малып доғасын,
Мың бояумен құлпырды да түрленді.

Көгалына кеудем тосып жатқанда,
Күн де батты. Пердесін түн жапқанда.
Жымындаған жұлдыздарды жиып ап,
Ұқсады көл люстрасын жаққанға.

Көл көркінен көңіл-күйін сезіндім,
 Жас жырларым жайнар еді-ау өзімнің.
 Мен осылай елдің тұтас тұлғасын
 Сыйғыза алсам аясына көзімнің.

БАТА АЛҒАН БАЛА

(«Естай – Хорлан» поэмасынан)

Арқадан кернейлетсе өні шалқып,
 Жалпақ ел хан көтерген жаны балқып.
 Біржан сал келе қалды тобын ертіп,
 Ақкөл мен Ақсу өлке дөмі тартып.

Біржаннан кім асырған аруағын,
 Шырқаса, күнге мезгеп, дауыл өнін,
 Бөркіндей диуананың шошандатып.
 Шайқалтқан ақ орданың шаңырағын.



«Төренің ауылына халық дүмеп,
 Топырлап, ойдан-қырдан барыпты» деп,
 Бала Естай естіген соң тыпыршыды,
 Құмартып, Біржан өнін жаны тілеп.

Баланың шаруада жұмысы не,
 Жалынды әкесінің інісіне:
 – Ағатай, ала баршы тойлы ауылға,
 Апар да салып жібер ду ішіне.

«Қарай гөр қағылездің мына сөзін!
 Сөйлеткен болар асау бұла сезім... –
 Деп аға алып кірді төре үйіне, –
 Осал ма ел алдында сынаса өзін?!»

Естай түр есік жақта төменшіктеп,
 Жекіріп тастар ма екен төре: «Шық!» –
деп.

Ол түгіл ағасы да қалды қағыс,
 Өңшең сал иілер ме: «Төрге шық!» – деп.



Ұланға осы сөтте болысқандай,
Төр жақтан көзін тікті қарыс маңдай:
– Қай бала – домбыралы онды бала.
Өнерде дәмесі бар жарысқандай?

– Алғалы сізден бата келіп еді,
Өзі де өнге жастан жерік еді. –
Деп сонда ағасы да сөз қыстырды,
Біржанның тына қалды төңірегі.

Б і р ж а н:

– Өлеңді айта алмайды жасық бала,
Балақай, қасыма отыр, қашықтама.
Бұл өңір өнге де бай... тыңдап бірін
Көнекей, шырқап жібер, асықпа да!

Келтіріп домбыраның құлақ күйін,
Бала Естай бола қалды бір-ақ түйін.
Жүрегі тайдай тулап өуелінде,
Дауысы әзер шықты қинап қиын.

Жер үйіріліп айналады:
Әппақ дала алай-дүлей.
Жеті түнде айналаны
Тұмшалайды боран дүлей.

«Қуғыншылар көрмесін, – деп,
Қыз бұғады текше қарға,
Сүйреткен ит сүлдесін тек
Бұйырмаймын көксау шалға!»

Көзден моншақ ұшып түсіп,
Омырауға тізіледі.
Раушан гүл үсіп, ұшып,
Енді таяу үзілері...

Көтеріп алды басын Біржан аға,
«Осыным келді ғой, – деп, – бір жобаға»,
Енді Естай еркіндеді, толқығаны
Лықсып кеп қайта ұрғандай
су жағаға.

«Тұр екен мына бала болайын деп,
Дауысын құбылтады талай түрлеп?! –
Деп отыр іштен, ырза санлақ акын, –
Есіртпей, арқасынан қағайын тек».

– Құлаққа жағымды екен, інім, даусың,
Көп жаса! Шыңдаларсың, шынығарсың.
Қысылып біз де сендей терлегенбіз,
Көп алды – темір талқы... не ғыларсың.

«Баланың күдірет бар дауысында,
Өлеңнің шабар түбі алысына. –
Деп Біржан оңаша айтты ағысына, –
Еркелет, бетін қақпа, бағын сына».


Арада той-думанмен төрт күн өтті,
Біржан сал бала Естайды ертіп кетті.
Серілер Баян барды, Ерейменмен,
Ән туын Қараөткелде желкілдетті.

Көкшетау киелі өннің Мекесіндей,
Біржан сал сал-серінің көкесіндей.
Арқаны аралатты серілерге
Ерке боп ел ішіне жеке сіңбей.

«Теңіз толқып тербелмесе,
Кеме де тербелмейді.
Әнші өуелі тебіренбесе,
Тыңдаушы тебіренбейді!».

Біржанның әлгі ақылы құлағына
Сал мінез өндеріндей ұнады да.
Тамағын тоқсан кенеп оңашада,
Құмартты бала жігіт үн бабына.

Бұлдайтын көделі деп жарамасты
Көрмеді серілерден сарамасты,
Қыздардай кесте тіккен келістіріп,
Қиналып терін сығып, табар нәшті.



Кұйды да құлағына жақсы лепті,
Баулыды көрі қыран жас түлекті.
Бір жылдай ел қыдыртып, су сыдыртып,
Інісі Ақанға әкеп табыс етті.

«Біржаннан алған менің олжам басқа,
Ойласам, Ақан басқа, Біржан басқа.
Көру бар... көріп өрнек төгу бар ғой...
Төл өлең келмей жүр-ау оң жамбасқа.

Тыңдатқан зар мұңдарын, наз жырларын,
Дариға, қыс жылдарым, жаз жылдарым!
Жүлдесін жиырма бестің алмадың деп,
Жөн болмас он сегізде жазғырғаның.

Жүр менің әзір ауға баспай құсым,
Талаптың төуекелін тастаймысың?!
Бір ауыл жүлдесіне ырза емеспін
Үш жүздің жеңіп алмай бас бөйгісін!» –

Деп Естай оймен қайтты ауылына,
Бұққандай талабынан дауыл ыға.
Піспейді күні жетпей бақта жеміс,
Қанбаса жаздың жомарт жауынына.

БІР КҮН КЕЙІН БІЛДІМ МЕН...

Күйесі беттен кетпеген
Түнгі жойқын ұрыстың,
Тері әлі кеппеген
Түнгі жойқын ұрыстың.

Таң алдында қалжырап,
Жер кепеде отырдым.
Почташы әкеп берді хат,
Мен асыға оқыдым.



«Құттықтаймын, – депті аға, –
Сені туған күніңмен!»
...Толғанымды жиырмаға
Бір күн кейін білдім мен.

ЕР ӨЛМЕЙДІ

Мерт болды ер.
 Жүзі оның күліп қапты,
 Туған жер ыстық қанын суытпапты,
 Ырғағын қағып алып жүрегiнiң,
 Сағаты қолындағы жүрiп жатты.

МЕНІҢ ЖАСТЫҚ ЖЫЛДАРЫМ

Жеңіл ойды ауырлатты қатал күн,
 Жас болса да, тебіренбей жатар кім?
 Жас иыққа бар тағдыры Отанның
 Түсті келіп, мен де солдат атандым.
 Мен күрекпен жер бетіне том жаздым,
 Бір канал боп тартылардай ор қаздым.
 Сақылдаған сары аязда, жігіттер,
 Жауырыннан шып-шып ақты суық тер.
 Туған еді бізді анамыз балғын қып,
 Жорықтарда өкшемізді алдырдың.
 Төзбегенде шар болат, біз шыдадық
 Өзіміздің күшті сонда сынадық!
 Жер қойнында қалдырғанда досымды,
 Бір тал ақ шаш қара шашқа қосылды.
 Бір белгісін қалдырды да қатал күн,
 Он тоғызда ақ шаш солдат атандым!
 Қарт Берлинге жеткізгенше фрицті,
 Өткізіппін он тоғызды – жиырма үшті,
 Елдің мен бір – қарапайым баласы,
 Батырлардың көрер көзге қорашы,
 Төрт жыл бойы мойымаған жас солдат,
 Жеңіс күні кетті көзден жас парлап,
 Өз полкыммен қош айтысқан шағында
 Он тоғыз жас тұрды самсап алдымда.



ЕЛ МЕН ЕР

Ер арқалап ел жүгін,
Ауырлықты елер ме?!
Ұзатар ел өмірін,
Өз өмірін берер де.

АСПАЗ СОЛДАТ

Ішер ас – бәрі қалды, – тыныс – ұйқы,
Үш күндей ұрыс болды ұйқы-тұйқы.
Он келіп, оңбай қайтты шебімізден,
Түтілген тауыққа ұқсап жаудың сиқы.

Қадалған қанжардай боп жүрегіне
Шебіміз сұғынған ед жау шебіне,
Бір взвод ел тағдырын содан танып
Дұшпанды бастырмады ілгеріге.



Көл-көсір, мидай езіп жердің үстін,
Шүмектеп құйды нөсер үш күн, үш түн.
Окоптар белуардан толды суға,
Тимейтін туды шағы тіске тістің.

Етігің аяқ бассаң сазда қалды,
Лажсыз жол кесіліп, қол байланды.
Асхана күндегіше көрінбеді,
Арт жаққа қарай-қарай көз де талды.

...Саз кешіп, шомылып бір кара терге,
Аспаз да шықты міне биік дөңге,
Қапшықты арқадағы қойды сипап:
– Күш-қуат әкелем деп мен сендерге!

Көз салса, боялғандай қанға батыс,
Қым-қиғаш, қызыл сүрең қызған атыс...
Артынан бүкіл Отан деп тұрғандай:
– Тез қуант достарыңды, қанат қақ, үш!

Елемей оқ боранын, сұрапылды.
Өкпесін қолына ала оқша атылды.



АНА СӘЛЕМІ

Аттандырды қарт ана
Армияға кенжесін:
– Үш ағана сәлем де,
Мен үшін қам жемесін!
Әжем әлі тың, – деп айт.
Езбейді мұң еңсесін,
Жеңістен бұрын өздерін
Күтеді әжем демесін.
Жұртпен бірге айтарым –
Жауды жеңбей келмесін!

* * *

Қашырып қайратыңның берекесін,
Естіртсең жаудың таба-келекесін,
Ер жігіт, – одан жаман масқара жоқ, –
Анандай есіл елді жер етесің.

ҰМЫТА АЛМАС


(Офицер дәптерінен)

Жат қала... Жаудың шебі болған кеше,
Қойнына ажал тыққан әрбір көше.
Хауіптің қара бұлтын елестетер,
Түршігер үлкен-кіші мина десе.

Минадан қарт Берлинді талмай аршып,
Ажалды табанға сап жүрдік жаншып.
Аула іші... Ротаммен отырдым мен,
Сан Зоя еске түсіп, талай Мәншүк.

Бір кезде ашы дауыс жетті талып,
Жалт қарап, құлақ тостық, қайран қалып.
(Ду шықса елең етер солдат жаны)
– Бұл не екен? Білелікші, достар, барып!

... Алдыма келді кемпір жаутандаған,
Көрген қорлық, жәбірін айта алмаған.



Мұнын шағып тұрғандай Германия:
«Озбырдан елдігімді қайтар маған».

Көз жасын мөлтілдетті ақ шашты ана,
Шошыған шырылдайды бір жас бала.
Екеуін қанқақсатқан қандай найсап,
Сорлыға сойыл ұрған не масқара?!

Дауысы барқыраған, сөзі дөкір
Шылқи мас американ майор отыр.
Күл болып графиндер жатыр жерде,
Үй іші жын ойнағы опыр-топыр...

«Еркіне қоя берсең мынау дүлей,
Бүлдірер жердің жүзін графиндей», –
Деп іштен қадалдым мен мистерге өлгі,
Айбыным атқан оқтай оны түйрей.



Сабазың сауығып-ақ кетсе керек!
Бас ұрып қарсы алдымда қақты дедек,
Кемпірге уыс марка лақтырды да,
Сүңгіді виллисiне, зытты, жөнep...

Кейде ойлап қоямын мен содан бері,
«Қой алдында қожандар қасқыр «сері»
Батырға кездесе өзі қойдай болар» –
Сол майор ұмыта алмас, сірә, мені?!

ГҮЛ ЕКСЕҢ ЖЕРГЕ ЕКЕУ ЕК!

*Отан соғысында опат болған, енді іздесем де
таппас досы Ерғали Қалымжановқа*

Екеуіміз түйдей құрдас ек,
Екеуіміз сырлас, мұндас ек.
Жұлдызды туған бала еді,
Ақындай албырт жан еді
Жаңа өмір сүйген жары еді,



Отаны – адал ары еді...
Құрдасым неге кешікті?
Қаға ма біреу есікті?
Қақпайды енді есікті,
Мөңгілік досым кешікті.

* * *

Жаңа ашылған жауқазын,
Қапыда етті жау жазым.
Көктемей жатып қиылды.
Жат жерден топырақ бұйырды.

Қалыңдық қалды күйеусіз,
Інісі қалды сүйеусіз...
Аузынан шыққан соңғы арыз:
– Мойнында енді мол парыз!
Егіздей тату екеу ек,
Гүл ексең жерге екеу ек.


ӘКЕ СУРЕТІ

Соқтырып жеңіс сағатын,
Лап қойдық соңғы қамалға.
Оққа ұшты досым – Саматым
Қамалды бұзып аларда.

Суреті қанға бояулы –
Айғағы еді көп сырдың.
Досымның сыйын аяулы
Жарына өкеп тапсырдым.

Суретке төрде ілінген
Талпынып сәби қарайды,
Оттан да ыстық мейірмен
Әке де көзін қадайды.

Қарай да қарай суретке
Келеді ұлы ержетіп:
Әке ерлігін бөбекке
Айтады ана жыр етіп.



ТҮТІН

Поездан түстім асығып,
Қарсы алды туыс, дос-жаран.
Жеңіспен қайтып оралдым,
Ауылыма аңсаған?!


Дөң астында ауыл бар,
Көп жыл бойы көрмеген.
Көк түтінін көз шалды
Будақтаған, көлбеген.

Аңсап келген колхозым –
Арнасы еңбек құтының!
«Жұпарынан» жат елдің
Артық сенің түтінің.

ДОСЫМНЫҢ ҰЛЫН КӨРГЕНДЕ

Кәкенұлы Ерікке

Бір үзім нанды қақ бөлген,
Бір ұрттам суды бірге ішкен,
Мінезі, ойы шақ келген,
Жастайынан бірге өскен,
Бар еді менің құрдасым.
Көптен бері көрмеген
Төрт жылғы дауыл – бұрқасын
Көруге ерік бермеген.
Сағындым қоңыр дауысын,
Сағындым ойлы сөздерін,
Сағындым жұмсақ қол ұшын,
Сағындым өжет көздерін.
... Оралдым туған қалаға,
Беттедім достың үйіне.
Кез болып сыртта балаға
Қалыппын қарап үңіле.
Таныдым айтпай, елжіреп
Бастым ыстық кеудеме,



(Досымның өзін көрдім деп
Айта алмаймын мен неге?!)
Айнымаған әкеңнен,
Айналайын өзіңнен
Алдыма қайта әкелген
Достықты, жастық кезіммен!

АТА-БАБА ЖОЛЫМЕН

(Белгісіз солдат өлеңдерінен)

Россия, өзіңе әлі ораламын, –
Кеземін көк өзеннің жағалауын.
Шуына құлақ түрем орманыңның,
Жолымен жүрем ата-бабалардың.

Неше жыл нуда шырқап жүрмегелі,
Орыстың айдынында жүзбегелі.
Құрбысы жас дәуреннің – күлімкөзбен
Бөйтерек саясында күлмегелі.

Сонда да мені өзіңмен бірге деп біл.
Кірпігім айқасады түнде тек бір.
Сәулеммен серуендеймін қиялымда
Айдынкөл жағасынан теріп шоқ гүл.

Россия, өзіңе әлі ораламын, –
Кеземін көк өзеннің жағалауын.
Шуына құлақ түрем орманыңның,
Жолымен өтем ата-бабалардың.

ОРАЛУ

Жалғыз жақсы қоршау бар:
Естеліктер қоршауы!
Өткен күнді аңсау бар,
Еске аларың болса өрі.

Өзің ойлап қарашы,
Жөн-жосықсыз дауласпа.

Жастығымның қаласы –
Жаңа оралдым Каунасқа.

Жүзіп өтсем ар жаққа
Жүйрік өзен Неманнан,
Полктастар әр сапта
Тосып алар мені алдан.

Наполеон тауына
Шықсам желдей жұлқынып,
Понемуннің бауына
Ұзақ тұрам ынтығып.

Құшағында тез өткен
Күәсіндей әр күннің
Ізгілікті күзеткен
Ізі жатыр танкімнің.



СОҢҒЫ ОҚ

Алуан мерген шыңдаған
Анау біздің полигон.
Ерсіл-қарсыл зырлаған
Нысаналар толы жон.

Қиып түссем қылт еткен
Қияндағы қараны,
Бүкіл полк құрметпен
Маған талай қарады.

Қоштасарда полкпен
Қошаметтеп сол көпті,
Соқпайтындай болып мен
Сонда атқанмын соңғы оқты.

Сапта танкін самсатып,
Сарбаз жастар көзімше,
Жатыр өне, қаусатып
Нысананы өзімше.



АҚ БАУЫРСАҚ

Тұра сала тартушы едік ойынға,
Бауырсақты толтырып ап қойынға.
Ақ бауырсақ әжем менің пісірген
Айтқызбай-ақ танушы едім түсінен.
Жесек бүгін ақ бауырсақ, бауырсақ,
Түседі еске балалық шақ – балғын шақ.

Арман қуып, ақыл іздеп алыстан
Жас жылдарда ойшылдармен табысқан
Ауылдағы бауырларды сағынсан,
Жұбататын үйден келген бауырсақ.
Жесек бүгін ақ бауырсақ, бауырсақ.
Түседі еске жас ұлан шақ – жалын шақ.

Отан қамы ер жүрегін сыздатар,
Отқа кірдік әкелермен біз қатар.
Шеру-жорық сындарында сарылсақ,
Әл беретін елден келген бауырсақ.
Жесек бүгін ақ бауырсақ, бауырсақ,
Түседі еске жауынгер шақ – ауыр шақ.

Халқымыздың батыр ұлы, бал қызы
Қастерлейтін бабалардың дәм-тұзы.
Той-думанға шашу етіп шашатын
Ақ бауырсақ не бар одан асатын?!
Қиыр шетте сағыныштан ауырсақ,
Түседі еске ақ бауырсақ, бауырсақ.

АҚ СҮТТЕЙ ЖҰТҚАН АСЫЛЫМ

Сүйсінерлік жақсылық
Бойында болса адамның.
«Сол қасиет, – дейді жұрт, –
Ақ сүтінен анаңның».

Рас па бұл сөз білмеймін
Есте жұрт ұзақ сақтаған...

Көрсен де оғаш, біл мейлін,
Кей кезде мен де мақтанам.

Аяулы Отан жасымын
Ақын боп қалам шындаған.
Ақ сүттей жұттым: асылым –
Абайдан қалған жыр маған,

Ұнайтын жырым жалпыңа
Сөз бе екен бұл тұста азы.
Жетпей ме қалам даңқына
Абайдай болса ұстазы.

ДӘН МЕН ЖЫР



Д и қ а н:
– Хош келдіңіз, ақын досым, төрге оз!
Бар ма жаңа жан сергітер сенде сөз?

А қ ы н:
Қуанышты өні бардың сөні бар,
Жыр жазайын, сыйлығымды қабыл ал!

Д и қ а н:
– Жыр да қымбат жан толғауын
кешірген.

А қ ы н:
Дән де қымбат ащы термен өсірген.

Д и қ а н:
Сен де, мен де – бір Отанның ұлымыз.
Бірдей қымбат дөніміз бен жырымыз.



АҚ ШОҚЫЛАР

Серуендеп, шаңғы байлап аяққа,
Керуендей тарттық шұбап тау жаққа.
Алдымызда әппақ-әппақ шоқылар,
Төбесінде талдан үкі шоғы бар.

Ақ қоянның терісінен тігілген
Бөріктерге ұқсастырдым түрін мен.

Кім тікті екен әдемі де көрікті
Осыншама әппақ-әппақ бөрікті?
Ол табиғат бөрін қолдан пішкен мол.
Ол табиғат – шебер ана іскер қол.

ӘДІЛ БАҒА

Біреу ғұрлы осы пәнді білермін, –
Деп жүресің, – «бес» не «төртті» ілермін.
Ештеңе де түспейді еске бірақ та,
Нақ алдында емтиханға кірердің.

«Ұрды-ау дейсің құдай оқыс төбемнен,
Тұрсам еді бүгін алаң-елеңнен».
Столдағы көп сұрақтың біріне
Нәр төуекел – қол созасың, дегенмен.

Апыл-ғұпыл шоласың үш сұрақты,
Білетін де, білмейтін де сияқты,
Ауру емес не сау емес – бейхалсың –
Шың етеді түбі екі құлақтың.

Біртін-біртін ашылып көк жиегің,
Бір тасқынның ағытқандай тиегің,
Ретімен жауап бере бастайсың,
Сырғи ағып өн бойымен жүйенің.

Ел алдында тигенде сөз кезегі,
 Өзімді ылғи тап шәкірттей сеземін.
 «Төрттік», «бестік»... – қайсысы екен
 аларым, –
 Әділ баға қоятуғын өз елім!

СОНДА БІР СӨЗ АЙТ, БАЛАМ!

Сен де бір күн тілеп тоят – жанға азық,
 Жол тартасың алыс шеттен дәм жазып.
 Көңілінде шабыт та бар, шалқу бар,
 Қобалжысан, белбеуіңді тартып ал!

Сырттан пішіп, сыпсындаушы тақылдар.
 Жақсы еліңе кір шалдырма қапыда.
 Жат жұрттықтар қадап сыншыл жанарын,
 Сеніменен халқыңды өлшеп бағады.



Бар сенікін барша еліңе теліді.
 Не сыйлайды, не төкаппар жериді.
 – Өз еліңнің өргек күйін тарт! – дейді,
 Құрман атаң құсап сонда бұрқап бер.

– Өз халқыңның асқақ өнін айт! – дейді,
 Біржан атаң құсап сонда шырқап бер...
 Жас болсаң да сыйлы төрге шығасың:
 Іштен: «мен де – елшімін!» – де – мінәсіп!

Оң қолыңа ұстатады тостаған,
 Көтертеді қонақ көде – тост саған.
 Мұхтар ағаң құсап маңғаз түрегел,
 Сонда құлақ алыс-жақын түреді ел.

Әлі күнге жан баласы айтпаған
 Сонда тың сөз суырылып айт, балам!
 Жаңа дүние төл баласы – жас қазақ,
 Лениндік заман сырын аш ғажап!

Сөйтіп бір күн алыс шетке шығасың,
 Қандай елдің ұлы екеніңді ұғасың...



ҚОС КЕРЕНАУ

Қырықта қурай басын сындырмаған,
Бір істі ес білгелі тындырмаған.
Болыпты екі жалқау баяғыда
Өзінен өз өмірін күнде ұрлаған.

Екеуі бір күркеде жатса керек,
Ұйқыға көзін ашпай батса керек.
Қынжылып жер қазғандай кейиді екен,
Оянып жұмасына татса қорек.
Десіпті қу үш жігіт:
– Ой құрайық,
Кежірін пышақ кесті қойдырайық,
Ол үшін мынау қамыс лашыққа
Біреуіміз сыртынан кеп өрт қояйық.

Қалайша өрт ішінде жатып шыдар,
Сілкініп жаны болса атып шығар.
Кер кетіп кегежесі кейін тартпас, –
Осымыз, сірә, біздің ақыл шығар.
Сыртта жұрт үрейі ұшып дірілдеді.
Қау қамыс өрт тиген соң дүрілдеді,
Жаналқым өрт тықсырған жеме-жемде
Шарасыз күрке ішінен бірі үндеді:

– Өрт! Өрт! Өрт! Өлдім, ойбай!
Қол ұшын бер!
Досы айтты: – Дауыстай сал мен үшін де.
Тұрғандар алып шықты саппастарды:
– Кім шықпас біздің байтақ ел ішінен?!

ТЫҢДАҒЫ ТОЗБАС ЕСКЕРТКІШ

Тықсырған жауды жаныштай,
Туысқа мейір көрсеткіш,
Азаткер ерге алғыстай,
Тұратын танк-ескерткіш.

Ерлікке сондай жол тартқан –
Телегей-теңіз егінге.
Трактор тұңғыш жал тартқан –
Ескерткіш тыңның төрінде.



* * *

Үлгірмей қалдым еркелеп,
Үзілді ерте жан анам.
Тоғызда тағдыр желкелеп,
Тұмсығым талай қанаған.

Жамадым тозған көйлекті –
Жамадым жыртық көңлімді.
Жетімдік абай сөйлетті:
Сөйлейді солай шер-мұңлы.

Панасыз қалдым – өлмедім,
Анасыз қалдым – өлмедім.
Ұлы той көппен көргенім,
Ай-күнім болды ел менің.

Сындарға өлі шыдармын,
Жан емен жасық, қайғыршаң.
Өліп-ақ кетер шығармын.
Отаннан бірақ айрылсам.



АЛАСА БОЙЛЫ АСҚАРЛАР

Жерлер бар Қазақстан даласында,
Көз тоймас көлемі мен қарасына.
Аласа, ергежейлі бойындай-ақ,
Жүлде алмас асқарлықтың таласында.

Бірақ та биік олар ұлылықпен!
Торғайды айт Аманкелді туын тіккен.
Замандар озған сайын заңғарланып,
Тартады ұрпақтарды жылылықпен.

Ері биік болған соң жері биік,
Азамат аруақтанар елін сүйіп?!


* * *

Оң қолымда заман берген қалам бар,
Ей, адамдар, менен бәрін қаландар!
Жүз жасасам жаңылмас ем жолымнан,
Сусытпас ем қаламымды қолымнан.
Аңқылдаған ақ көңілмін ақ көйлек –
Ар айтқанын өтемін мен пак сөйлеп.
Ойым сергек, басым бұлтсыз, көңіл шат.
Әттең, әттең... жүрек әлсіз, өмір шақ...
Ей, адамдар, бері қарандар!
Жасым жетсе, букет тізіп жыр-гүлден,
Әрқайсына берер едім бір-бірден.

ҚАЛАМЫМА

Қаламым – қос қанаттым –
Ұлысың тәуекелдің.
Сыйласар дос та таптым,
Сынасар жау әкелдің.

Тылсым боп сезілмей түк
Басқаға байқалмаған
Сырым бар. Өзімдей ғып
Өзге ақын айта алмаған.



Сол сырды жаздым лепті,
Арқау ғып гүл жырыма.
Сөзімнің азды-көпті
Бар шығар ынжығы да.

Алайда адал сырым,
«Айтты, – де, – маған шынын».

КАУНАС ТЕҢІЗІ ТҮБІНДЕ

Бронюс, кел жылдам, тезірек
Түсіп қал суретке, түсіп қал.
Тұрғанда серуен кезі кеп,
Әтай-ау, сусыннан ішіп қал.



Объектив сендерге қараулы –
Соңғы рет «ФЭД» қазір шырт етпек.
Күн түгіл, минуттар санаулы,
Қыдырған алтауды кім күтпек?!

Қарт Неман селдетіп жас теңіз,
Күн жақын қуантар отымен...
Бірақ та достарым, сөкпеңіз,
Бұл сөтте сөл ғана өкінем.

Қарашы, айнадай тас жолға,
Қарандар, ойпаттың түбіне.
Көк теңіз ертең күн тасқанда
Көрмейсің солардың бірін де.

Жас балаң шалқарға келер де,
Кемесін оң-солды ағызар.
Сен айтсаң көрмеген сенер ме,
Осылай туады аңыздар...

Тұрғаның мөңгі өшпес жадында
Телегей түбінде июньде,
Ай өтпей оралсам тағы да,
Қайығың бар ма, дос, үйінде.



* * *

Адамзат кешпеген ауыр сын
Кезінде, космосқа жол тартқан
Гагарин, секілді қауырсын
Қалқыпты «айрылып» салмақтан.
Бәрібір сол сәтте пендеде
Салмақты жоқ-ты сол саңлақтан!
Кейбіреу осынау Жерде де
Жұрдай боп жүреді-ау салмақтан?..

КӨКШЕТАУ ҚЫЗЫ

Бұлбұл тауда, әнші бауда, –
Көкшетауда
Виктория бой жеткен.
Жалын атып жасымауға,
Жаратылыс әнмен ғана сөйлеткен.

Қиналса да, қимаса да
Көкшетауы Карпаттауға ұзатқан.
Тауын аңсап,
Бауын аңсап
Елегізген ессе де жел біз жақтан.

ҚЫЛЫШ БАБАЕВ

«Тұлпар болар тай туа таршынар,
Есті бала да ерте талпынар». –
Деген халықтың ырым салты бар.

Жастан ұнатқан туыс халайық
Жақсы бала еді-ау Қылыш Бабаев.
Қайтпас қажыры құрышқа лайық.

«Қызмет бабында ұрысқан айып
Болмас, – дейді екен Қылыш Бабаев, –
Көзін байлықтың дұрыс табайық».

Жалпақ Арқаны жаяу аралап,
Әрбір жентегін екшеп бағалап.
Жақсы-жаманын жазды саралап.

Ғалым алғыр ой қанша сый берді:
Тапты миллион гектар тың жерді.
Ерлер өктеді – тың жер түрленді.

Елдің ерлеген алғы сапында.
Біздің совхоз да соның атында.
Әзір белгіміз осы батырға.

Қылыш Бабаев, Қылыш Бабаев...
Елге ғалымша ырыс табайық,
Неге батырша ту ұстамайық.

БІР ӘУЛЕТ



Әйткен және басқа Арыстанбековтерге

Отыз жылда өнегесін ұғыпты ел,
Сыйлайды оны бүкіл аудан, «Үміткер».
Әлі күнге «мұғалім» деп атайды
Алты ұлға әке болған жігіттер.

Ұлдарымен тартып мінген ат жалын,
Қалжындасса, кұрып өзіл қақпанын,
Ата екенін аңдатпайды – теңіндей,
«Өздеріндей болса екен, – деп баққанын».

Үй сыпыртып алты жасар Маратқа,
Жазда сиыр бақтырады Жанатқа.
«Еңбек, – дейді, – ең ақылды мұғалім»,
Сол жұмсақ жан қатаң екен талапқа.

Он диплом – фамилия бір есім,
Еңбегінен бәрін танып білесің.
Бір әулеттен танығандай боласың
Халқымыздың бақыт үшін күресін.



АУЫЛ ТҮНІ

Таң атқаннан ақ жауын көз ашпады,
Бірте-бірте сөнгендей толастады.

Төбенің тырс-тырс еткен қаңылтыры,
Тынды, міне. Тым-тырыс ауыл түні.

Зырылдасын несіне жүгі жоқта,
Толқып барып тоқтады движок та.

Көшті көктен жұлдыздар тайғанақтап,
Құйған сүттей кесеге Ай ғана өппак.

Күндіз тынбай жұлқынған құр шәуілдеп,
Ауыз жігін ашпады бір шәуілдек.

Ызындаған шыбын жоқ... қотанда мал,
Кілттеусіз «Волга», «Газик», ат-арбалар.

«Ит-құс бар-ау, бейсауат кісі бар-ау», –
Деген жоқ күзет қою, кісі қарау.

Жылап тұрсаң, еріксіз жымиясың,
Ауыл түні бейғамдық риясыз.

«ҚАНЫШ БҰЛАҒЫ»

Асықсаң іңкәр ұяна,
Аптапта аңқан кепсе егер,
Аялда «Сұңқар қияға».
Сен мейлі түсте, кеште кел.

Хош алар «Қаныш бұлағы»
Даланың жәрмеңкесіндей.
Алдыңнан тосып тұрады,
Қамқорлық шамын өшірмей.

Мөлдірі бойың сергітер:
Қанғанша сімір құмарың.

Сенен де әр кез ел күтер,
Бар болғай ашар бұлағың.

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЫ

Партиям адалдыктан айнымаған,
Қалайша, жайраң қақпай, жай қуанам?!
Алдыма аян еттің ақиқатпен,
Айқындап алпыс керуен – айды маған.



Бес жылдық бес белесте, ұлы асуда,
Шығып ап шырқау биік шың басына.
Кеңіске көз тігемін ашық айдын,
Жаңаша жүрегіммен сырласуға.

Ертегі ерлерімен теңескенің
Керемет! Керекүлік жерлестерім!
Ертісім, елдігіңнен енді ұғындым:
Ежелден бақыт екен сенде өскенім.

Қиынның қымбатынан мерей таптың:
Көзіммен көрмегенде сенбес те едім.
Талантты ұсынбасаң мандатымдай,
Тобыңа жыршың болып келмес те едім?!

Боз далам бала кезде бұзау баққан,
Сарылып сөтін күтіп ұзақ жатқан.
«Менің де дүркірейтін дерем бар!» – деп,
Арманын тұғырынан жүз аунатқан.

Ел құты Ертіс ене шыдасын ба?!
Қол созып немересі Нұрасына,
Өрлікпен өрге тасып ұмтылады,
Кең жайып құшағын да, құлашын да.



Шашудай шашады Ертіс жол-жөнекей,
Толқынын – толы ырысын қыр басына.
Сыйлайды жасымайтын шымырлығын
Құрышын Теміртаудың шындасуға.

«Ең тегін қара тұзы қанағат» деп
Өзгесін тілемеген жамағат көп.
Маралдым – мәйек көлім – маңғаз төрім!
Кім білген қазынаңды ғаламат деп.

Ашыпты сені Дәуір инженердей,
Әр тамшын асыл екен інжу зердей.
Көл-көсір құйыл-дағы Комбинатқа,
Үлде мен бүлде болып, бізге келгей.

«Келді де, Екібастұз, ер кезегі!»
Бүгін сен еңбеккердің елгезегі.
Тереңге бойлата көс ожауыңды,
Тарта бер қазаныңнан кеңге желі.

Бауырлас іргендегі көршілерге
Өшпейтін жалыныңнан енші бөл де,
Бикте, биіктеуің – сом сыбағаң,
Тұлғанды тұтас дүние көрсін Жерде!

Ер өлкем, еркін өлкем Павлодар!
Еселе құтыңа құт, балыңа бал.
Анамдай аймалаймын атағыңды,
Алдыңда арым таза, жаным адал.

ӨЛКЕ СЫРЫ

Алқынардай ақ иық
 Атырабын шолса егер.
 Дала жатыр далиып,
 Ертіс бойы жайсаң ел.

Марғұланша қазып та
 Көне күндер музейін,
 Тауыса алмас жазып та
 Жүз Қалижан, жүз Зейін.

Қарт жасарып, шалқып жас,
 Жайрандаған заманды ол
 Жырга қосса сарқылмас
 Жүз Дихан, жүз Аманжол.

Жатыр қат-қат тау теңдес
 Шежіресі жиналып.
 Мыңнан бірін еңсермес
 Мен түгілі Иванов¹



Алқынардай ақ иық
 Атырабын шолса егер.
 Дала жатыр далиып,
 Ертіс бойы жайсаң ел.

ХИМИК – ЛИРИК

Е. Букетовке

Өткен өтті... сырынды
 Енді, көне, бүгіп көр:
 Класта оқып жырынды,
 Күлетін кей жігіттер.

¹ Всеволод Иванов – Павлодар облысы, Лебяжье селосында туған. Біздің атақты жерлесіміз, аса көрнекті совет жазушысы.



Есте кекір сөздері:
«Келе жатыр қос ақын».
Әйтсе-дағы өздері
Бізге құлақ тосатын.

«Мың бір түннен» теруші ең
Алхимиктер аңызын.
Жыр ғып айтып беруші ең
Көргендей-ақ әр ізін.

О, қиялшыл балалық –
Өндірі күнің,
бал күнің.
Жылдар кетті аға ғып,
Жұрт танитын нарлығын.

Шексіз-шетсіз өрісің,
Жатыр деме көрінбей.
Молекула сен үшін
Мыңғырған мал төліндей.

Жаңалыққа жан ғашық,
Ізденгішке қиын жоқ.
Молекула алмасып,
Шығады тың бұйым боп.

Қолтаңбанды тани қап,
Деймін: «Әйдік, ірісің!»
Сен «Екінші табиғат»
Жасаушының бірісің.

Химиктердің тобында
Лирик болып сайрай бер.
Лириктердің тобында
Химик болып ойлай бер.

РАБИҒА ЖЕҢГЕЙДІҢ ҚЫМЫЗЫ

Р. Қанапияноваға

Жылқылы ауыл. Қойлы ауыл,
 Бұлақтың басы. Жолым үй.
 Тыныстың сол ма жайлауы –
 Тірелер соған жол ылғи.

Қап-қара моншақ сияқты
 Қаптаған құлын желіде.
 Шомбалдан терген тұяқты:
 Мініскер – жүйрік, жегін де.

Қарауға тіктеп қимайсың,
 Қапыда көзің тиер деп.
 Қашанғы салтты сыйлайсың,
 Қонаққа парыз үйге енбек.



Сен төрге озбай жатып-ақ,
 Қолыңа қонған көрленнен
 Тұшынып дәмін татып бақ,
 Жұтып сал сонсоң бір демнен.

Әлсін де әлсін тамсанып,
 Айрылдым дей бер таңдайдан.
 Бап қымыз... төтті бал салып
 Піскендей... ішкен жан қайран.

Кетесің кейде бала боп,
 Ертеде бәрі шат күнгі
 Есіме алдым – шара жоқ,
 Ең алғаш татқан төттімді.

... Моторы бардай, кең саба
 Түнімен шықты күрпілдеп,
 Жеңгейге енді шаршаған
 Айып па терін сүртінбек?!

– Түнімен саба піскенде
 Титықтап... – дедім қағытып.



Тілін-ай! Сөзден еш пенде
Көрмеген шығар әлі ұтып:

– Қайнатсаң халық қазанын,
Қолыңа күйе жұқпайды. –
Сөйлейді қалай қазағың,
Сірә де, естен шықпайды!

БАЛҚАН ТАУДЫҢ БАУЫРЫНДА НЕБИТДАГ

«Балқан, Балқан, Балқан тау
О да біздің барған тау».
Бабам айтқан өлеңнен
Бала есімде қалған тау.

Содырлы жау, сойқан жау
Сияқтанып Балқан тау,
Ұйықтағанда түсімде
Үрейімді алған тау.

Қиыр қонған қиян тау,
Көңілдегі қиял тау.
Бала шақта қызық қой
Барсамшы деп қиялдау...

... Ақиықтай келем мен
Асқак қарап төбеңнен.
Қайрыла кет дегендей
Қол созасың төменнен.

Қу бас шалдай қуарған
Көз ашып ең жылаудан.
Азаматың – Небитдаг
Атағыңды шығарған.

Соны көрдім. Балқан тау,
Сен екенсің дархан тау.

Сен – өмірге қалқан тау,
Сенің баурың шалқар бау.

* * *

Әнімнің кім біледі
Ұнамасын, ұнарын:
Тындамаса жүрегің,
Естімейді құлағың...
Жалғыз ғана тілегім:
Жөндеп тында, шырағым!

ҚАРТ ПРАВДИСТ – ҚАЛАМ ЕРІ

Бар жананың барлаушысы,
Бал достықтың жалғаушысы,
Асқақ ойдың талғаушысы,
Жас өмірдің қорғаушысы
Қалам алсам,
Сен тұрасың көз алдымда.
Мен өзіңше қадамы алшан
Халық сырын сезе алдым ба?!
Қайда барсаң бірге өкелдің
Партияның көзі нұрын,
Елмен жеміс бірге тердің,
Жолың – күрес, сөзің мығым,
Қарт правдист – қарт күрескер.
Сүйеді елің кең пейілмен.
Маған тиді тың үлестер –
Сенше құлаш сермейін мен.

ДӘСТҮР

Ежелгі елдің ескі өнегесі
Ескірмей күні бүгін келеді осы:
Тай тисін, тайлақ тисін тақымына,
Қозады қазекеннің делебесі.

Біледі бес жасары аттың жайын,
 Демейді: «Қайдан міндім, қап,
 кұлаймын».

Менің де астымдағым жыр тұлпары
 Сар желем, маймандатам, шапқылаймын.

Мен үшін, ал өлеумет, қуан бүгін,
 Асқартау ақ басына шығам бүгін:
 Жығылып жолда қалман жасықтарша,
 Даламда рас болса туғандығым!

Аршындай арындаған шапқан атты
 Бәйгеден көзің шалса салтанатты,
 Көмбеге көкейтесті бұрын жеткен
 Ақынның шабыты де от қанатты.

АҚ ШАШТАР

Ерте біз ержеттік – асықтық.
 Туасы жат бізге жасықтық,
 Өскенбіз күресті бақ санап.
 Әжім жүз, ақ шашпен ақ самай...

Ерсілік емес ол ел күлер.
 Ерекше қымбат бір белгілер!
 Қадірін мен білер, сен білер.
 Інілер! Балғындар! Балаңдар!
 Ақ шашқа ізетпен қараңдар.
 Ақ шашты самал боп тараңдар.
 Ақ шаш ол – ағаға абырой.
 Ақ шаш ол – ақ перен алғыр ой.
 Ақ шаш ол – қан көлшік ұрыстар.
 Ақ шашта ел татқан ырыс бар.
 Інілер! Балаңдар! Тарландар!
 Ақ шашқа мейіріммен қараңдар.
 Ақ шашты самал боп тараңдар.
 Ақ шаш ол – көзіне жас іркіп,
 Қарттардың сендерге қарауы.

Ақ шаш ол – күрескер жылдарда
Турксиб, Балхаш пен жаңа ауыл
Жапанға лаулатқан алауы.

Бүгінгі жылдардың қолында,
Бүгінгі ұланның қолында.
Ардагер ақ шаштар сыйлаған
Өрліктің мұрагер жалауы!

* * *

Мен туғанда ауыл совет хатшысы
«Дүниеге келді, – деп, – бір пәк кісі», –
Төрт орынды санды атымның тұсына
Жазған екен (сақтаулы сол папкісі).

Мен білмейтін, білмей өтер бір сан бар,
Бір күн ол да мені мөңгі құрсаулар.
Арманым не, ақырғы рет, туған ел,
Пәк денемді ыстық жаспен жусандар.



ЖҮЗГЕ КЕЛГЕН ҚАРТ СЫРЫ

– Жетесіз ұл жер етер,
Жігерлісі – қуатың.
Талаптыға не жетер,
Тапса өмірлік суатын.

Айналды еңбек гүрпына,
Ақылды өсті он балам.
Шүкір ана, жұртына
Дегізген жоқ «оңбаған».

Әр немерем, әр балам
Бір жасымды шегерді.
Солар берді өл маған,
Қарттық жолда бөгелді.

Әр қуаныш өшірді
Маңдайымнан әжімді.



Көңілімді өсірді,
Белім содан жазылды.

Неме керек асығып;
«Өлу саған ерте» – деп,
Апарардай нәсілім
Болашаққа жетелеп.

СЫЙЛАУ

Мандайымнан ілтипатпен сүйіп күн,
Мен отырмын бір төрінде Киевтің.
Сұрамады: «Баласы, – деп, қайсы елдің?» –
Әлде мені, қайсар ұлы Қайсеннің
Қасым аға інісі деп жатыр ма?
Қошаметі сондай ма екен батырға!..
Сыйлап жатыр «қинап» жатыр дәм-тұзбен,
Жақсысынан қалғандай-ақ жалғыз мен.
Сұрамады «Келдің деп те, – қай
жақтан?» –
«Өсиетті» өз тілінде сайратқан
Әбділда деп әлде мені жатыр ма?
Қошаметі сондай ма екен ақынға?!
Сыйлап жатыр, «қинап» жатыр дәм-тұзбен,
Жақсысынан қалғандай-ақ жалғыз мен.
Тіл жетпейтін туысқандық сезіммен
Таныды ма олар мені көзімнен?
Өз басыма жетерлік өз қадірім!
Шіркін, бауыр біледі ғой бауырын.
Сыйлап жатыр, «қинап» жатыр дәм-тұзбен,
Жақсысынан қалғандай-ақ жалғыз мен...

* * *

Желдің өті жап-жалаңаш қылыштай
Қалай бүксаң, солай бүк сен дәрменсіз.
Ақ жалыннан жаңа шыққан құрыштай
Қоп-қоңыр бет ағарады қан-сөлсіз.

Миың мұздап, маңдай сыздап кетеді,
Жілігіңнің майы қатып қалардай.
Тас кесектей тоңға кеп топ етеді,
Тоңған торғай қанаттарын қаға алмай.

Жол жапсырып тастағандай шананы,
Жадау торы жүрісі бір өнбейді.
Туған ұя артта қалып барады,
Қимайды ішім, менің кеткім келмейді.



Әкем байгүс сыр бермейді тістеніп,
Анам байгүс күрсінеді «аһ ұрып».
Сан құбыжық шошытады түске еніп,
Жалмайтындай жан-жағыңнан атылып.

Әкем байгүс күбірлейді «Жар бол!» деп,
Алласы мен аруағын шақырып.
Жаратқаннан табан асты жәрдем кеп,
Жарылқардай мол дәулетке батырып.

Үміттенген «Ұзақ жолға жетер» деп,
Тақырланып қалды сықпа, малтамыз.
Аяз – аю, аштық – қасқыр екеулеп
«Айдалада құрта ма?» – деп қорқамыз.

Қыбырлайды жадау торы – жануар,
Сөл мүдірсе, жүрегіміз соқпастай.
Артта Баян... Алда Қарағанды бар,
Әттен, жетсек өкініштен от баспай.

Мәңгі ұмытпан Майқұдыққа іліккен
Оныншы күн – үрейлі күн кешін мен.
Құтылдық-ау, жаным шошып үріккен
Алапаттай мейірімсіз «Мешіннен».
Ол жылы мен он жаста едім: Сол сапар
Өле-өлгенше өшпейтіндей есімнен.



ҚЫДЫРӘЛІНІҢ ШЕКАРАШЫ КЕЗІНДЕГІ ХАТЫНАН

Күзеттемін, ояумын,
Маужыратып тербесе де жазғы леп.
Алыстан-ак аймалайын, аяулым!
Өкпелеме хатты сирек жазды деп.

Шахтер көнлі шыдай ма:
Шарлап кетем Қарағанды бак төрін.
Оралармын сәті түскен бір айда:
Тоса берсін, тоса білсін шахтерін.

Алақаным қышып жүр:
Сағынған ба электровоз тұтқасын.
Түсімде де бақытымның күсын кіл
Көріп жүрем... Ырымшыл деп ұқпасын.

... Жер бауырлап жатырмын:
Естисің бе жүрегімнің дүреілін?!
О туған жер, шебіндегі батырмын,
Жатқа кимае бір талыңның бүршігін.

ОРНЫН ТАПҚАН ШЕГЕ ОҢДЫ



Күрсінеді, елегізіп ол неге, –
Кенседегі сыймағандай бөлмеге?!

Құрбы ішінде десек одан мықты жоқ,
Неге мазаң май ішкендей, күпті бон?..

Кенші халқы лавасына беттесе,
«Уақытта менің қанша кетті есем?» –

Дегендей ол... жиі өтеді қарайлап,
Қыдырәлі жүр жұмбақтап нені ойлап?

Жұрттан кем бе мәртебесі, мерейі?
Олар – сақа, осы ма екен кенейі?



Көрші-қолаң пыш-пышы да екі ұдай:
– Есірген жан не істемейді, е, кұдай?!

Қарына іліп жүр кеншілер мектебін,
Қалта қалың... су-суаны теп-тегін.

Орынбасар... күні ертең-ақ директор,
Лауазымды ойлай ма екен ерік бір?!

Күбірлейді Қыдырәлі көшеде:
– Арызымды айтып шықтым кеше де.

Аупарткомде мәселемді оң шеше ме?
«Жолдас, мұның жеңілтектік» десе, не?..

Жоқ!.. Өмірде орнын тапқан шеге оңды!
Жиырма орнына алмақшымын неге оңды?

Неге түнгі трамвайдай бос кетем,
Самарқаулық еңбеккерге хош па екен?!

Жан баласын жарылқай ма оңай бақ,
Лағу жөн бе лауазымға қарайлап?!»



Құмарпаздай наша тапшай зарыққан
Ол безінді үйреншікті қалыптан.

Кері оралмас атылған оқ секілді,
Бекем ойға біздің Қыдыр бекінді.

Партбюро да мәселені оң шешті:
– Жас коммунист, талабыңыз жөн! – десті.

Қыдыр барды (кұпта, мейлің ерсі де)
Жәрдемші боп комбайнер-кеншіге.

Желауыздар сөзді желдей сабалап:
– «Жүрген, – десті, – жар-жұбайы не
қарап?»



Шаш-етектен бататындай ырысқа,
Шатасқаны шахтер болып дұрыс па?»

... Ал Қыдыр жүр жүзінен нұр тамылжып,
Иығынан түсіргендей ауыр жүк...

* * *



Тырбанғанмен күні ұзын,
Тынбай, шала іс қалса.
Аяқталмай күндізін,
Амалсыз күн қысқарса.

Бал татымас, кермек боп,
Күнгі татқан несібең –
Ертең қайтып бермек боп
Арқалаған несиең.

Бүгініңмен аша алсаң
Ертеңнің есігін.
Батырларша бас алшаң,
Өрлігіңе – кешірім.

Ойламай қап әріден,
Сенбесең сен осыған:
Сұра Қыдырәліден –
Сұра шахтер досымнан.

Сенбесең бұл сөзіме
Сұра еңбегі қымбаттан.
Күн-тәуліктің өзін де
Комбайндай зырлатқан.



ҚАЙРАТКЕР

«Россия» – Мейманхана. Вестюбиль.
«Сарылумен өткіздім-ау кешті күр», –
Деп репортер әлекедей жаланған
Көз алмайды кірген-шыққан адамнан.


Турист аз ба Москваны аралар:
Алуан жұрт – ақ пен сары, қаралар...
Мандайында тай тепкендей таңба бар,
Көзге қораш, тұлғалы емес таң қалар
Шымыр кара кіре берді есіктен
Осы ма екен, зарықтырып, кешіккен?

Жоғалтқаны табылғандай жолынан.
Репортер де ұшып тұрды оңынан.
– О' кэй! О' кэй! Момент? Ғафу өтінем:
Сізді тосып тұрмын сағат екіден...

Шымыр кара озып барып, оралып,
Сыпайы өзін таныстырды! – Омаров!
Құлағымыз сізде, мистер! Мархабат!
Не сұрайсыз? Кетпейін сөз арқалап...
– Парламентке мүше екенсіз,
Мәртебелі кісі екенсіз.

Мұнда сізге бола келдім,
Интервью ала келдім.
Ең бірінші сауалымыз:
Кім боласыз?
Ал сонымен жауабыңыз?

– Шахтермін – жұмысшымын! –
(Бір сөзбен құрыштығын
Танытып, сәл кідірді,
Жүзінде сабыр тұрды).
Әлгі сөзге нанбағандай,
Өзін біреу алдағандай,
Салды түлкі бұлаңына,
Көшті екінші сұрағына:



– Депутат қалай болдыңыз?
Өмірде қандай орныңыз? –
Қыдырәлі іркілмеді
(Өзі ішінен «шіркін!» деді).
– Беделді қолдаушым бар,
Қуатты қорғаушым бар,
Мықтыдан миятым бар,
Сондықтан сыйлы атым бар. –
Біздің кенші сөзін үзді,
Тілші мистер көзін сүзді:
– Сөзіңіздің жаздым бәрін... кешірім,
Иә... ол кім? Атасаңыз есімін?
– Аты оның – адал еңбек,
Зейнетін адам көрмек,
Сол ғана теңгереді, –
Деп еді Еңбек Ері.
Отырғандар ду күлісті,
Тайқып шықты қу жымысқы.

КОСМОНАВТ СЫРЫ

Әзірге хош, сүйіктім,
Жақсы болсын келер күн.
Ұнатушы ең биікті
Сол биікке жөнелдім.

Биік ұста еңсеңді,
Ерік берме жасыңа.
Космоста да мен сенің
Жүргендеймін қасыңда.

Озып кеттім қиялдан
Ойға бердім кеңістік!
Ұшқан сайын қиянға
Тартады екен жер ыстық.

Арман түбі тұңғиық,
Әлі талай ұшармын.

Ұшқан сайын мен биік,
Тарта түсер құшағың.

СҮЙІНШІ

Космонавт

Валентина Терешковаға

Жаңалық!

Ғажап жаңалық!

Сүйінші, Отан, сүйінші!
Космосқа тартты жол алып,
Бірінші қызық – бірінші!

Ардағым дейтін кәрі-жас,
Әр үйдің қызы – бұл бір қыз.
Әр аға тапты қарындас,
Әр кеуде тақты бір жұлдыз.



Әпкесін құшты інілер,
Ақсия күлді сіңлілер.
Сүйсінді сәтте сүйінер
Анасы болып – күллі Жер.

* * *

Бусанып шаңқай тал түсте,
Жал-жал боп жас шөп шабылған
Құбылып, ойнап, әр түсте
Шығады қырда алдыңнан.

Жоңышқа, өлең, қызғалдақ,
Тана көз, мия – аралас
Тартады-ау, шіркін, бізді арбап,
Бұндайда сергек сана – мас.

Дариға-ай, дәрі не керек,
Шардару жұпар жұта бер,
Кеудеңе нұрдай себелеп,
Құйыла берер құт-өнер.



Рахатпен елтіп қозғалмай,
Шалқаңнан жатсан шалжиып...
Қастерлі қырдан көз алмай,
Қайтасын үйге әл жиып.

** *

Өнерде өмір бақи олынбастай,
Ләм демес жүрегiнiң отын ашпай.
Тазаның өзі нағыз – тапқыр сөзі
Бөлінген метеориттен жалтыр тастай.
Өнердің пайғамбары – дуалы ауыз,
Қашанда өтер білем қапы баспай...

ЖАҢА ПАВЛОДАРДА



Заманның сол дарханы:
Заңғар бойлы зәулімдер.
Көзді еріксіз тартады,
Көлеңкелі бау, гүлдер.

«Қолайы да сол шығар:
Асқан ойлы адамдар
Аласаны қомсынар,
Асқарды іздеп, аландар», –

Деп құрылысшы кіл өрен
Құйып нұрдан кірпішін,
Ансамблі – тың өлең,
Жаңа нақыш, түр-пішін.

Үн қатсаңыз, күй тасқан,
Күн-терезе, тау-еңсе,
Үйлер салған ұйқастан,
Жайраң қағар жан енсе.

Ай балконға асылып,
Өне, қалды ойланып.
Күндегідей асығып,
Көрші шықты дойбы алып.



Профессор көршісі
Прорабпен күнде ойнар,
«Тынбаймын, – деп, – тең түсіп»
Бір жүрісін мың ойлар...

Аласаны қомсынар,
Асқарды іздеп заманда
Қолайы да сол шығар,
Асқақ ойлы адамға!

ӘКЕСІ МЕН ҰЛЫ



I
Алпыс жылдай жер басып сыр бермеген,
Алпамсадай денесін зіл көрмеген.
Еркін кірген шерумен Берлинге де,
Екі аяғын нендей дерт шідерлеген.

Шахтер жатыр сарғайып төсегінде,
Кіріптар боп көлденең кеселіне.
Әттен, ұлдың қолында дару жоқ қой.
Шақырса да келмей ме неше күнге!

Иығынан түсірмей өсірген ұл
Әкесінің шықпайды есінен бір.
Екібастұздан алыста, Ертіс жақта
Тракторшы, тың дала төсінде жүр.

Бөйбішесі – ежелгі көрі досы
Үйіндегі шұрайлы нәрін тосып,
Қалт еткізбей, қасында қалбалақтап,
Бағып-қағып табатын бабын да осы.

Хабар берген, кім білсін, көршілер ме,
Қатал әке демеген «Келсін елге».
Кіріп келді кеш құрым күтпеген ұл,
Жөн көрер ме «қыңыр» шал, ерсі дер ме?



Баяғыша ұл өзін баласынбай,
Сүйді әкесін бас салып баласындай.
Үнсіз-түнсіз күшты да үлкендерше,
Бунап кеткен босатты жағасын жай.

Құлады ана ұлының өр төсіне,
Сыймағандай күсасы кеудесіне.
Ана байгүс әлсіз ғой көз жасына,
Білмей қалды аңырып не десуге.

– Тозыпты он бірінші трамвайым,
Тозықты түзеймін деп тырандаймын... –
Жымиды баласына қарап әке,
Деген жоқ «сүйенішсіз тұра алмаймын».

II

Баяғыша ұл өзін баласынбай,
Дертті әкесін көтеріп баласындай.
Кавказ барды. Шипалы саз сылатып,
Емдеттірді бір айдың шамасындай.

Сүйсінді жұрт азамат ұлға қарап,
Қарт тымпындап, қағардай шыңға қанат.
Аэропорт басында көзім көрді
Тастап кетті таяғын құмға қадап.

III

Айта ма қасақана өдейілеп,
Жамандап сол жігітті сөгейін деп,
Сыртынан бір жел ауыз сыпсыңдады:
«Тәйірі, киімшең ұл, өгей ұл...» – деп.

Өзім де о басында білмеген ем,
«Соқтыққан адал жанға кім?» – деген ем,
Без бүйрек балалары бейпіл өскен
Айтыпты-ау бейбақ неме күндегеннен.

ТЕҢІЗГЕ ӨКПЕ

Қызылсуда қызығып,
Желкенімді жайдым да.
Жағалаудан үзіліп,
Бет түзедім айдынға.

Со бір сәтте, Атырау,
Алдың ба көз шырымын?
Тыныштықпен, апыр-ау,
Тандандырдың қыр ұлын.

Естуімше, апыр-ау,
Ер едің ғой өр кеуде.
Өкпеледім, Атырау,
Жел бермедің желкенге.



«Қияметке» жер ұлын
Қимадың ба, Атырау?!
Келмегенге мен бұрын
Сыйладың ба, Атырау?!

«Атыраумен ойнама,
Албырттықты қой, бала,
Тереңіне бойлама», –
Деген еді жай ғана.

Бекі ағаның көңіліне
Қарадың ба, Атырау?!
Айтшы, айтшы, оның не,
Аядың ба, Атырау?!

«Жаңқаша атып, шайқасам,
Жасып қалар», – дедің бе?!
«Сынға салып, байқасам,
Сасып қалар», – дедің бе?

Қас батыр да сыналмас
Бастан қатер өткермей.



Жасық темір шындалмас
Жалын өтпей, от көрмей.

Дауылпаздар ойнайтын
Дауылдарын қайда еді?
Сүмендетпей қоймайтын
Жауындарын қайда еді?

Моншақтарын сіркіреп
Үстен сусып сынаптай,
Көрсен еді сілкілеп,
Атсан еді тымақтай.

Қақпақыл ғып қайықты,
Қара терге шомдырсаң,
Мен болар ем айыпты,
Қара басып, болдырсам.

Жат теңізге жол түсіп,
Сынға түссем қайтемін?
Өмір үшін жұлқысып,
Ұялмаудың айт емін.

ҚҰРБАН ДҮРДИЕВ АҚСАҚАЛДЫҢ АЙТҚАНЫНАН

«Төрін бермес түрікмен»
Туған қандай күдіктен?
Қыңыр мінез біреу-ау
Құр беталды үріккен.

Төрім түгіл, төбеме
Көтеремін, шықсаң да.
Көңіл бөлме көнеге,
Көңіліме дық салма.

Түрікменнің төрі әзір
Туыс болып келгенге.
Құм ішінде көр әзір
Қырыс болып келгенге.

БЕЙҒАМДЫҚ*М.Ю. Лермонтов ескерткішіне*

Азғын қолдар өр ұлға
 Атқанда оғын, Машук тау!
 Кеудең тоспай, орнында
 Кекжиіпсің қашықтап.

Ар перзенті мерт болып,
 Айдалада жер құшқан.
 Көкірегіңе кек толып,
 Тебіренбепсің намыстан...



Бұл өкпе емес – бос тілек.
 Тәйірі... саған несі мін?!
 Сені қойшы, тас жүрек
 Сен таусың ғой... Кешірім!..

Тасқа алғысыз бастар да
 Бар ғой... Әлдебіреулер
 Қайғы сені басқанда
 Қалт етпейтін дүлейлер.

Сол баяғы өзгеге
 Жаны ашымас селсоқтық.
 Содан, содан біздер де
 Опық жедік – жер соқтық.

БӘРІ СОНЫҢ ІШІНДЕ*Ұйқассыз өлең*

Термос-жүрек секілді, –
 Тосын көрме бұл сөзді.
 Тұрмыс құйған ыстық та,
 Тұрмыс құйған суық та –
 Түгел соның ішінде,
 Төгілмейді бір тамшы...



* * *

– Болмай-ақ жүрмін разы,
Жұмсақсың, сыпа, биязы...
– Бұлттай-ақ болар жұмсағың,
Бұлтқа сол мен де ұсадым.
Жүземін жайда мамырлап,
Салмақты оймен қалыңдап.
Шамдансам кетем шатырлап,
Құйып та берем сатырлап...

ШЫҒЫН МЕН ОЛЖА

«Ә!» десең де, ауызы
Аңқиятын балалық –
Аршылмаған қауызы
Дәнсіз, уыз даналық.

Қидым оны шығынға
Жастық дейтін олжаға.
Бастар жігер шыңына
Жатты алдымда жол жаңа.

Оң кадамы санаулы,
Опығы көп жастығым –
Оң мен солға қарауды
Масыл көрген мас күнім.

Желдей ескен желбастық
Мастығымдай айықты.
Алдым енді жолдас қып
Ақыл, сабыр-байыпты.

Өкінбедім шығынға,
Қуандым тың олжама.
Бастар кемел шыңына
Алдымдағы жол жаңа!

ҮНДЕЙМІЗ ДОСТЫҚҚА

Жетеміз мұратқа,
Сенеміз қуатқа! Көлеңке
Түспейді біздің күншуаққа!

Жарықты кім көрмес,
Жақсыға кім ермес? Халықтар!
Тілейміз, бол дейміз біз теңдес!

Соғысқа – аштыққа,
Қарсымыз қастыққа! Адал жан!
Кел дейміз, үндейміз достыққа!

АЛМАТЫ ВОКЗАЛЫ ПЕРРОНЫНДА

Бұл асфальтта талай көздің жасы бар,
Бұл асфальтты аяй, абай басындар.
Аттандырып ұлын жолға қайрылмас,
Көрі көзден бұл асфальтқа тамды жас.



Келіп жары сағынышы басылмас,
Аунап түскен аякөзден асыл жас.

Жұлдыз тағып келгенінде бабасы,
Қуанғаннан көзін сүрткен баласы...

Бұл асфальтта талай көздің жасы бар,
Бұл асфальтты аяй, абай басындар.
Жадына тұт, мұнда келсең, жолдасым,
Жұлығыңда жұғын кіршік болмасын.

* * *

Мен айтамын балама:
– Мені аласа санама,
Тым биіктен қарама.
Иығымда тұрсың сен,
Мен болмасам, кімсің сен?
Тауың болған соң шыңсың сен!



Ел де айтады данаға:
Мені аласа санама,
Тым биіктен қарама.
Иығымда тұрсың сен,
Мен болмасам кімсің сен?
Тауың барда, шынсың сен!

ТАУДЫҢ ГҮЛІ ЖӨНІНДЕ

Тауға бардың қасында Алматының
Тамаша тау – жәннат төр, жанға тыным.

Көгі жұғар демедік көгалының
(Керек те ғой осылай демалуың?)

Аунай кеттік, көсіліп шалқамыздан,
Сыз өткенін сезбейміз арқамыздан.

Хош иістен тән балқып, жаның елтіп,
Алып шығар тереңнен әнінді ертіп.

Бәйгесіне түскендей сұлулықтың
Гүлдер сансыз... келеді сырын ұққың.



Нәзік гүлді – көк гүлді ерте көктем
Нәрестедей мәпелеп еркелеткен.

Қыздай гүлге әркім-ақ қызығар-ды,
Әлгі гүлді Әнетай үзіп алды.

Ойшыл Зекен қабағын шытып қалды,
Өкініштің шарабын жұтып салды...

Жетпей жатып шаһарға көкшіл «Волга»,
Семіп қалды бүрісіп көк гүл қолда.

Аяп кеттік, тау гүлін аяп кеттік,
Айыптыдай, Абайға қарап та өттік.



Бұл сезімді шалағай түсінбеңдер.
Таудың гүлін төменге түсірмеңдер...

ЖЕКЕ ШУМАҚТАР

Сапар шектім мен талай,
Өттім жолдар торабын:
Жолдар кинолентадай
Жүрегіме орадым.

* * *

Ақыным! Күні-түні майдандасың,
Ел-жұртың ерлігіне қайран қалсын.
Капитан мостигінде шабыт тұрса,
Тайызға кемең неге қайрандасын?!

* * *

Дауыл күнгі палубадай мазасыз
Дамыл таппай адал жүрек өбігер:
Жауыздықты жібермеске жазасыз,
Жақсылықтың жолына, дос, жаның бер.

* * *


Ұқыптыға уақыт мол,
Әр істің сәт кезі бар.
Өзгелерге бақыт бол,
Ал мерейін өзің ал.

* * *

Түлеп келді, түлек келді тұғырға.
Бұл тұғырға қыран қонған бұрын да.
Іркілмейді-ау бар болған соң үлгісі
Талмай ұшар қияға да қырымға.

* * *

Қайсарлық – шектен асса, – қыңырлық.
Ой салдық: Әділ сөзге жығылдық.



* * *

Күннің нәрі – уыз дән
Жарылардай тырсиып.
Төгілердей қауыздан,
Әрең-өзер тұр сыйып.

* * *

Тарих сөзін көрген емен жай тыңдап:
Кешегімнің жотасынан бой созып,
Ертеңімді барлау үшін айқындап,
Дүрбі етемін бүгінгіме ойды озық.

* * *

Күніге бір жақсылық жасамасаң,
Халыққа жол төсеп, тас қашамасаң,
«Мен – мұндай!» дегеніңе кім нанады,
Жаныңның жақсылығын қашан ашам?!

* * *

Алыс қарар әріге
Азаматпыз ел сенген.
Бағалаймыз бәрін де
Лениндік өлшеммен.


* * *

Асқарлығы тамаша
Тау көрсетсін таулығын:
Төбелерге аласа
Жұмсамасын жаулығын.

* * *

Қолыма алсам көк шыбығын ырғайдын,
Есітемін сыршыл сазын сырнайдын:
Несіне мен өзімді-өзім ұрлаймын,
Әлгі сазды адамдарға сыйлаймын.

Адамның алғаш кесесі –
Алақанының аясы.
Тағдырдан жоқтап есесін,
Тапқан ғой тұңғыш данасы.



* * *

Ерлік – ердің өмірі,
Күнделікті жұмысы.
Көншімейді көңілі,
Шала қалса бір ісі.

* * *

Ер ұзақ жасамайды өз елінен,
Келгенін өз кезегі сезе білген,
Әр жігіт халық жасын ұзартады;
Көтерсе ауыр жүкті кезегімен.

* * *

Өлгендер өре тұрардай,
Өңменнен ұрып жығардай.
Бір сөзді жалған жазсам мен,
Ғұмыры сағым сынардай.

* * *

Өнерпаз тыңнан жол ашпай,
Өзіне-өзі кешпейді.
Аязда қалған ағаштай
Астамшыл ақын өспейді.

* * *



Тартысқа түссең, өзінді-өзің бұлдама,
Таласса мейлі, шаужайдан тартып кеңкелес.
Ойласа елін, он жеті жасар ұлға да
Кемелге келу, кемеңгер болу ерте емес.

* * *

Алтыда асауға бас білгізбеген,
Шұлғытып, бұлғандатып жүргізбеген.
Арудай сыйламаған хас тұлпарын,
Сөйлеспен қазақпенен, қырғызбенен.

* * *

Көтерілсең қайқаңға,
Көкжиегің ашылар.



Құлдиласан ойпанда,
Көркін қырат жасырар.

* * *

Сөзді судай бейберекет төгеміз,
Сұрамаймыз, неге өйткеміз неге біз?
Құлақ біткен құрдым болып кеткен бе,
Сонша судың не пайдасын көреміз?!

* * *

Алыс шыққан абзалдар
«Туған жер» деп ән салар.
«Хош бол!» деген вокзалдар
«Хош келдің!» деп қарсы алар.

* * *

Бір өзі бүкіл дүние, бейне ғалам,
Аядай Қазақстан кейде маған.
Ежелден аядай жер аяулы ғой,
«Білсеңші қадірімді!» дей ме маған?

Планета тұтқасындай тұрақты
Адам, адам жақындатқан жырақты.
Жердің шары кетпесін деп бытырап,
Жолмен шандып, буып қойған сияқты.

ОЛ СОЛ

– Анау тұрған мысық-ай –
Дүниедегі пысықай.
Сұғынбайтын жері жоқ.
– Қой, үндеме!
Ол кім деме!
Жолбарыстың жиені!
Ондайға кім тиеді?!
Жұлып жейтін жемі көп.

СЫЛҚЫМ

Сылқым – сал дәлдірбайды көресің де,
Япыр-ау, өз көзіңе сенесің бе?!
Қобырап сабалақ ит құйрығындай
Үрпиген шәмелей шаш төбесінде.

Дырдудың дәу перісі, сол серкесі
Айықпас мастығынан ерте-кеші.
Құбылма, үсті-басы әлем-жәлем –
Қуыршақ театрдың ортекесі.



Жалп етті емтиханнан талай құлап,
Қаладан табар енді қалай тұрақ?!
Жылына кітап бетін бір ашқаннан
Ол үшін көше таптау оңайырақ.

Коньяк ғашығындай қойынында,
Сабаздың өзі тойда, қойы құмда.
Атанып жиырма жасар пенсионер,
Әлі отыр әкесінің мойынында.

СҰМЫРАЙ

(Мысал)

Суман түлкі сұмырай,
Сұнғыласын, сұмын-ай!
Ойы бірге армандас,
Мекені ортан, ормандас
Сыбайласын жиыпты,
Маслихатын құрыпты:
– О, жарандар сүйікті!
Мен айтайын уағыз,
Сабыр тұтып, шыдаңыз
Тыңдап алып, сынаңыз.
Кімде жерлес сезім бар,
Көрші орманға көзің сал:
Біз сияқты күйкі емес,
Өзгелерге күлкі емес.
Кілең дойман, кілең дүр



Бізге азуын білеп жүр.
Үлесіміз кетіп жүр,
Ызасы да өтіп жүр.
Бұл сөзіме көніңдер,
Пәтуаға келіңдер:

Қошеметсіз жақпайды ер,
Өз дегенді мақтай бер.
Есегінді дүлдүл де,
Қарғанды да бұлбұл де.

Сойқанынды жуас де,
Сондай момын тумас де,
Жолбарыс де мысықты,
Арыстан де күшікті.

Тасбақанды жүйрік де,
Доғалынды сүйрік де.
Арығыңды семіз де,
Сыңарынды егіз де.

Бір аңқауды сендірсең,
Үлкен ұтыс – сен білсең.
Онға айтады ол аңқау.
Оған нанар он аңқау.

Қасың жүрер қаймығып,
Анадайдан айбынып.
Әр тұтқаға ие бол,
Сыбағаң да тиер мол.

Жат бүркітін бүрге де.
«Дәрі» болмақ кімге де...

Бұзық біткен сөз байлап,
Пітінәмен кезді аймақ.
Сол сұмырай күйінде,
Отыр түлкі үйінде,
Біз келейік түйінге,
Түлкіге ешкім нанған жоқ.

Қарға бұлбұл десе де,
Қарқылынан танған жоқ...

ЖҰМБАҚТАР

Көкала костюм киеді,
Күннің көзін сүйеді.
(Қарбыз)

Көлігі жоқ – көшеді,
Өзін кезбе деседі.
(Бұлт)

Бұдан кір қорқады,
Судан бұл қорқады.
(Сабын)

Қанаты бар ұшпайды,
Жұрт айламен ұстайды.
(Балық)

Жіппен келеді,
Үзсең сөнеді.
(Электртогы)

Ортасында «шегесі»
Жіп-жіңішке денесі.
(Қарындаш)

Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Тапшайтұғын жолы жоқ.
(Хат)

Баласының саны жоқ,
Ал өзінің жаны жоқ.
(Инкубатор)

Өзі – көзі,
Көзі – өзі.
(Күн)



Жүз төрт түйме,
Он бір ине.
(Есепшот)

Сыңар иық тұлғасы бар тоқпақтай,
Тонналарды көтереді тоқтатпай.
(Домкрат)

Лақтырып бөркін басынан,
Бүйірі қызса, тасыған.
(Құман)

Жалғыз бағыт білері,
Бұрғанына көнбейді.
Жол көрсетіп береді,
Өзі бірақ көрмейді.
(Компас)

Көленкесін тосады,
Өлшеп берсең еншісін.
Өз бетімен жіберсең,
Буындырар көршісін.
(Шырмауық)

Ақ дуалдың аржағында қызыл ат,
Байлауынан бір босамас қызық ат.
(Тіс пен тіл)

Кішкене ат пен үлкен ат
Бір қазыққа байлаулы.
Айналса да мың қабат,
Тілемейді айдауды.
(Сағаттық екі тілі)

Тұмсығына бұйда тауып байласаң,
Қақпайлап жай айдасаң.
Сүңгіп батып, сүңгіп батып бұл мықты,
Бүтіндейді жыртықты.
(Ине)

Таңертең бар, кешке жоқ,
Кеш түгілі, түсте жоқ.
Мен әдемі моншакпын,

Ірі емеспін, ұсақпын.
 Мойнына ешкім таға алмас.
 Мендей мөлдір таба алмас.
 (Шық)

Көп, көп ине, көп ине,
 Бір сабағы жоқ ине,
 Іс тікпейді, өрине.
 (Кірпі)

Шөп шабады өр қайда
 Қыста да тау үстінде.
 Сол пішеннің, алайда,
 Керегі жоқ ешкімге.
 (Шаш қырыққан машина)

Жұғысқанын жұқартады,
 Өзі бірге жұқарады.
 Оған тисе тура келіп
 Өткірлер де мұқалады.
 (Қайрак)

Қараңыздар бөріңіз:
 Әне ақшыл сары қыз.
 Суда тұрып билейді,
 Қырға шыға-білмейді.
 (Қамыс)

Аузы бар, ішіп – жемейді,
 Алайда жұртқа «же!» дейді
 (Қасық)

Өзі кірден арылмас,
 Ізінен кір табылмас.
 (Сыпырғы)

Денесі жоқ, тілі жоқ,
 Қайталайтын үні көп.
 (Жаңғырық)

Мөлдір моншак,
 Өзі жұмсақ.
 (Шық)

Өзін көзің көрмейді,
Барлық тілде сөйлейді.
Сен «мен!» десең, «мен» дейді,
Сен «кел!» десең, келмейді.
(Жаңғырық)

Кең әлемді кернейді,
Көзің бірақ көрмейді.
(Ауа)

Қаласы бар, үйі жоқ,
Өзені бар, суы жоқ.
Орманы бар, бүрі жоқ,
Бақшасы бар, гүлі жоқ.
(Географиялық карта)

Көк шатырда қол орақ,
Өмірі ормас ол орақ.
(Ай)

Бақшада жоқ, қырда бар,
Орманда бар, құмда жоқ.
Табан асты кім табар,
Мұнда қиын дым да жоқ.
(«Р» әрпі)

Үш жүз алпыс жөне алты құсы бар,
Кезегімен бір-бірлеп ол ұшырар.
(Қабырға календарь)

Жауып алсам қақпамды,
Орнатамын ақпанды.
Ашық қойсам қақпамды,
Дей бер шілде боп қалды.
(Тоңазытқыш)

Табанында азуы,
Желкесінде ауызы.
Жоқ ешкімге жазығы,
Жып-жылмағай әр ізі.
(Сүргі)

Кесетін де өзінде,
Тесетін де өзінде,

Бұрайтын да өзінде,
Турайтын да өзінде.
Егейтін де өзінде,
Демейтін де өзінде.
(Көп басты бәкі)

Күннің көзін сүйемін,
Күнге басымды иемін.
Моншағым мол қойнымда,
Үлкен қалпақ киемін.
(Күнбағыс)

Ұзын мұртты сарылар,
Қойынында наны бар.
(Бидай сабағы)

Бойын жерге жасырған,
Бұрымы бар жасылдан.
(Сөбіз)



Сырым – қызыл, өзім ақ, денем доптай,
Шешіндірсең жылатам ұрмай-соқпай.
(Пияз)

Әр желінің асты толған көк қоян,
Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.
(Қияр)

Басым – дене, денем – бас,
Мойным қысқа бұрылмас,
Парникте туып жас бала,
Ержеттім өсіп бақшада.
(Капуста)

Кейде батыр басында,
Кейде аяқ астында.
(Дулыға)

Бір қораның ішінде
Қаптаған қара бала бар –
Бітім, түрі-түсі де
Егіздей ұқсас балалар.
(Қарбыз шопактары)



Оңға бұрасаң,
Тамшы татырмай, қатырар.
Солға бұрасаң,
Барын аямай татырар.
(Су краны)

Ұстасаң қолды қариды,
Оты жоқ оның бірақ та.
Бәрі де жұрттың таниды,
Өседі ойда, қыратта.
(Қалақай)

Найзасын түйреп біреуге,
Өзі де өлер бір демде.
Көрдін бе, сондай «батырды»:
Оп-оңай жұмбақ білгенге.
(Бал арасы)

Бірде көрінер
Таудың тасындай.
Бірде егілер
Көздің жасындай.
(Түз)

Күндіз соқыр не деген?!
Түнде қандай көреген?!
(Үкі)

Күн мен түн немен аяқталады?
(«Н» әрпімен)

Бойлаған сайын тереңге,
Шығасың биік белеңге.
(Білім)

Ұзын жібім үн қатар:
Ән мен күйін тындатар.
(Дауыс жазылатын пленка)

Қалың өртті кешіп ем,
Кірпігім де күйген жоқ.
Қыста көлге түсіп ем,
Тымауы да тиген жоқ.
(Түс көру)

Аузы түймедей ғана,
Өңеші толған өлім.

(Мылтық)

Жарқ етті де жоғары,
Он бөлінді от қылыш.
Кім қайтадан соғады?
Енді ол қылыш – жоқ қылыш.

(Найзағай)

Басы жоқ, екі беті, жүз тісі бар,
Қақ бөлер бөренені тың күші бар.

(Ара)

Еңкеймесе екі бетін кір басар.

(Кетпен)

Арқаным бар тым ұзын,
Ала алмайсың бір үзім.

(Жол)

Ілгерілі-кейінді
Емпендеуге бейімді.

(Екі аяқ)

Имек бұтақ, екі бұтақ
Отынға жаға алмайды бұтақты отап.
Екі бұтақ бойына
Шаң да тұнбайды,
Қар да тұрмайды.



(Сиырдың мүйізі)

Екеуі басып тұрар,
Екеуі қашып тұрар.

(Малдың төрт аяғы)

Сандықшаның ішінде
Ұйықтайды елу от.
Ие болмаған кісіге
Елу оты – елу өрт.

(Бір қорап сіріңке)



Тонын кие туған
Жалап
Беті-қолын жуған.
(Мысық)



Білмесеніз, біліңіз,
Бір мылқау қыз – мұнымыз.
Бірақ үлкен-кішіге
Сүйкімді қыз, сұлу қыз.
(Қуыршақ)

Өзі түзу, ізі қисық бір аттың,
Өшпес ізін бала кезден ұнаттым.
(Қалам мен жазу)

Саусақ батпас түтіктен
Сандуғаш құс сайрайды.
(Сырнай)

Ағаш мойын, шойын бас,
Осы мықты мойымас.
Мықтап тұрып ұрады,
Мықты жерге тығады.
(Балға мен шеге)

Қос құлақ тұтас біткен тым көрікті,
Айрылмай бір-бірінен күн көріпті.
Біреуі тыңдап, бірі сөйлейді екен,
Құлақтың тіл қатқанын кім көріпті?!
(Телефон трубкасы)



* * *

Тау дәу,
Дәу тау.

* * *

Аласалау анау ала шананы ала салайын ба,
Ала қасы бар анау кара шанамен
жанасалайын ба?

* * *

Ұлытауда ұларлар бар,
Ұларларды ұстар ұландар бар.
Оларды орағыта қашатын
Ұларлар айлалы ма?!
Ұларларды орнынан басатын
Ұландар айлалы ма?

* * *

Жылқының көп ала-құласы,
Жалының көп сала құлашы,
Қызың екен кара-құрасы.

* * *

Бұл аң
— деме.

Бү мал —
Бұлан.
Бұл аң

деме.


Бұлан —
Бү — мал.

* * *

Тұлпарды жапа-тармағайламағанда
Тұғырды жапа-тармағалайды деп пе едің!

* * *

Жақсы атты
Әп-сөтте Асқаттар
Ақсатты.
Ақсақты,



Тоқсақты
Жаза алмай бас қатты.
Ақсатса жақсы атты,
Кім болар жақсы атты?!

* * *

Олжаланыңқырағандағың да бар болсын,
Қалжаланыңқырағандағың да бар болсын.

* * *

Пеш үстінде бес мысық –
Бес күзетші, бес пысық.
Тышқан ұстап жемесе,
Бола қоймас еш қызық.

* * *

Шұғайбай
Шығайбайға:
– Су қайда, өй? – деді.
Шығайбай
Шұғайбайға:
– Шық, ойбай! – деді.

* * *

Алма базарда
Ала алма алар ма?
Ақ алма алар ма?
Әлде алары анар ма?

* * *

Шорағай шоршып кетті,
Шорабай шошып кетті.
Шорағай қорқақ па,
Шорабай шорқақ па?!

* * *

Шошайма
Бөрікті
Бошайға
 беріпті,
Қосайдар
 көріпті.

* * *

Тау бар, тау бар.
 Тауда бау бар.
 Бауда ара бар,
 Ара барда бал бар.
 Жейсіндер, балалар,
 Қайда кетер бар бал?!

* * *

Маубас
 Сарбас,
 Сарбас
 Маубас.
 Жата-жата,
 Жауыр
 Жамбас.

* * *



Құжырадан
 Құжынаған
 Құмырсақа шықты:
 Жұмысқа асықты.
 Күй күй,
 Күй күйма,
 Суыңа
 Қарамай,
 Қикимай,
 Құмында
 Өседі қарағай!

* * *

Дейді маған шылшық:
 – Терлегенше шып-шып,
 Кел, далаға шық, шық!

* * *

Шалғышы шалғында шалғысын шыққа
 шылады.
 Шалғысын шалғышы шалғында шаққа
 шылады.



* * *

Жұлып ем дөң басында долананы,
Долананың домалағы
Дөңнен төмен домалады.

* * *

Ақшамда жаққаның
Көк шам ба, ақ шам ба?
Мейлің қайсысын жақсаң да.

* * *

Кеше
Кеше
Кесе,
Өтті
Неше
Шеше?

* * *



Қырғи қызыл етті
Қылғи-қылғи,
Құнығып алды.
Қырғи қылғи-қылғи,
Құмығып қалды.
Құнықты,
Құмықты...

* * *

Балам бағар
Бала марал,
Ала марал
Қорада.
Ағалар
Далаға
Ала барар.

* * *

Шапшаң
Шапсаң,
Бұрқырайды
Ақ шаң.



ӘН ШЫРҚАШЫ ӘУЕЛЕТІП

БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАДА

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай өсіріп,
Мәпелейді бақшамыз.

Бұл – екінші үйіміз,
Бір туғанбыз бәріміз.
Біз – осы үйдің гүліміз,
Біз – осы үйдің сәніміз.

Бұл – құшағы тым ыстық
Мектебіміз бастапқы!
Бұнда жақын туыстың,
Бұнда тұңғыш дос таптық!

Бұл – екінші үйіміз,
Бір туғанбыз бәріміз.
Біз – осы үйдің гүліміз,
Біз – осы үйдің сәніміз.

МҰҒАЛІМ ОЛ БІЗДІҢ

Білімнің кілтіндей
«Әліппе» ұстатқан,
Оқуға іркілмей.
Тоқуға ұстартқан.

Қамқоры ұл-қыздың –
Мұғалім ол біздің.

Қиынға төзуге
 Үйреткен қашанда:
 Жаманнан безуге,
 Жақсылық жасауға.

Қамқоры ұл-қыздың —
 Мұғалім ол біздің.

Атам да сыйлайтын
 Атамның тұстасы,
 Панам да сыйлайтын
 Ауылдың ұстазы.

Қамқоры ұл-қыздың —
 Мұғалім ол біздің.

ТОЙ ЖЫРЫ¹

Бүгін біздің, балалар,
 Туған күнгі тойымыз.
 Бәріміздің барабар
 Бойымыз бен ойымыз.

Кел, балалар, ойнайық,
 Туған күнді тойлайық.
 Ертең тағы сабақ бар,
 Оқуды да ойлайық.

Сәби едік кеше біз —
 Жігіт болып өсеміз!
 Көк мұхитты кешеміз,
 Көк әлемін кеземіз!

Кел, балалар, ойнайық,
 Туған күнді тойлайық.
 Ертең тағы сабақ бар,
 Оқуды да ойлайық.

¹ Бұл өлеңді А. Асылбеков жазысқан.

КЕЗЕКШІ

Класс іші айнадай,
Шаң мен тозаң ұшпайды.
Үзілісте ойнамай,
Кіршіксіз қып ұстаймын.

Қ а й ы р м а с ы:

Класс тұрса жарқырап,
Жақсы ұғасың сабақты.
Алғыс айтар өркім-ақ,
Кезекшіге талапты.

ҚОС ҚАРЛЫҒАШ

Қос қарлығаш, қарлығаш,
Үйді айналып, зырласар.
Жан досына айнымас
Қанатымен су шашар.


Адам досы – қарлығаш,
Адал досың – қарлығаш.

Қыз Қарлығаш, Қарлығаш –
Қарындасым елгезек.
Қыз Қарлығаш талдырмаш,
Кіші демей бер кезек!

Қыз Қарлығаш кішкентай,
Кішкентай да мүскентай.

МӘНШҮК АПАЙ

Мақтан еткен мектебі,
«Бестік» толы дәптері.
Білім құмар балаға
Жұрт қызыға қараған.



Мәншүк апай – батыр қыз!
Ардақтаймыз атын біз.
Ұқсап Мәншүк апайға,
Өсіп келе жатырмыз.

Соғыс бұлты төнгенде,
Серік болып ерлерге,
Жаудың бетін тойтарған,
Елдің кегін қайтарған.

Мәншүк апай – батыр қыз!
Ардақтаймыз атын біз.
Ұқсап Мәншүк апайға
Өсіп келе жатырмыз.

КОСМОНАВТ БОЛАМЫН

Жұлдыздарға мен құмармын жастан-ақ,
Гагариндей мен де болам космонавт.
«Жақсы мама жылай ма екен, шыда да, –
Деймін, мама, сағынсаң да жылама».

Көкке ұшарда осылай деп айтар ем.
Космос төрін шарлап, шарлап қайтар ем,
Күн қасынан оралғанда баласы,
Құшақтасын мақтанышпен мамасы.

БЕСІК ЖЫРЫ

I
Төбемдегі аспаным,
Маңдайдағы жұлдызым,
Дәйім жырлар дастаным.
Күңгірт тартпас күндізім!
Әлди-әлди, бөбегім,
Әлдилесін өлеңім.

II
Ерсі емес қой, еркешім,
Ұйқтасаң да қаншама.
Күш жинап ал, бөпешім,
Ер жеткенде шаршама?!
Әлди-әлди, бөбегім,
Әлдилесін өлеңім.

III
Ұйқышының үлесі аз, –
Осы бастан біліп қой.
Өмір сүйген тыншымас,
Еңбек – нағыз қызық той.
Әлди-әлди, бөбегім,
Әлдилесін өлеңім.


МЕНІҢ ПАПАМ

Күнде ертемен бүкіл Отан
Жұмылады еңбекке.
Папам барса егін-жайға,
Мен барамын мектепке.

Қ а й ы р м а с ы:
Әй, әй, папажан,
Оқу, оқу – талабым!
Әй, әй, папажан,
Еркін өсіп толармын.

Папам озды сан жарыста,
Еңбек Ері атанды.
Бүкіл халық, ел сүйеді,
Мадақтайды папамды.

Қ а й ы р м а с ы:
Ақталады абыроймен
Ата-анамның үміті.
Боламын мен ең өнерлі
Келешектің жігіті.



Қ а й ы р м а с ы:
Әй, әй, папажан,
Оқу, оқу – талабым!
Әй, әй, папажан,
Еркін өсіп толармын.

ЖОРЫҚ ЖЫРЫ

Таудың биік басында,
Мөлдір бұлақ қасында.
Танды қарсы аламыз,
Түнде костер жағамыз.

Туған үйдей ну орман,
Адаспаймыз тұманнан.
Ықпаймыз да жауыннан,
Қорықпаймыз дауылдан.

Көрген өзі көзімен,
Қасиетін сезінген
Біледі елін бағалай,
Сүйеді елін анадай.

ЖАҢА ЖЫЛ ӘНІ

Өткен жылға ырзамыз:
Өсе түсті бойымыз.
Қандық талай сырға біз
Шарықтады ойымыз.

Жақсы жаңа жыл келді,
Асқар таумен тұрғылас.
Біз осылай жылда енді
Жоғарылаймыз бір класс.

МЕКТЕП – АНА

Тәлім алған осында атамыз да,
Әжеміз де, мамамыз, папамыз да.
Құшағына түлегін шақырды ана –
Енді біз де үлгілі шәкірт бала.

Қ а й ы р м а с ы:

Бал араша тынбаймыз,
Білім балын жинаймыз.
Мектеп – ана! Еңбегіңе
«Бестіктерді» сыйлаймыз.

Қарамаңыз кішкентай бойымызға,
Биіктейді жыл сайын ойымыз да.
Біліммен де достасып еңбекпен де,
Ел алғысын алармыз ер жеткенде.

Қ а й ы р м а с ы:



Бал араша тынбаймыз,
Білім балын жинаймыз.
Мектеп – ана! Еңбегіңе
«Бестіктерді» сыйлаймыз.

ЖАЗҒЫ САЯХАТ ЖЫРЫ

Асқар тау, ну орман, айдын көл,
Асыл кен, көк егін, самал жел.
Жарқын жаз шақырды қол бұлғап:
«Пионер, бізге кел, бізге кел!»

Жол ашық, көңіл шат бол сергек,
Келеміз жорықта серуендеп.
Ұлы Отан – жер қандай тамаша
Көркейткен жемісті ұлы еңбек.

Жас ұлан, кел біздің қатарға,
Дайындал жолы ұзақ сапарға.
Жан қияр ерлерше өсеміз,
Жан күшін арнаймыз Отанға!



АНАНЫҢ ӘЛДИ

Қарағым менің,
Жанарым менің.
Ұйқынды сенің
Бағады елің!

Тынышыңды алдырмайды,
Ұйықта, сәби,
Қамқоршылар қалғымайды.

Тербейін әнмен,
Ұйқтай ғой, сәулем, ұйқтай ғой.
Алаңсыз дем ал,
Ұйқтай ғой, сәулем, ұйқтай ғой.

КӨЛ ТУРАЛЫ ӘН



Біздің колхоз қаласы –
Айна көлдің жағасы.
Ақ шабақтай жүзеді
Алты жасар баласы.

Айтқан сайын жаңа таң,
Шомылғанда балақан.
Тал бесікше тербейді,
Толқын – жұмсақ алақан.

Ата салтын сыйлаймыз:
Аязға да қыңбаймыз.
Салқын аудан сергіміз –
Денемізді шындаймыз.

ЕЛ ҚОРҒАУҒА ӘЗІРМІЗ

Аязда да тоңбаймыз,
Аптапқа да төземіз.
Түнде де жол барлаймыз,
Суда еркін жүземіз.



Қ а й ы р м а с ы:

Бұл шақта, бұл шақта
Кішкентаймыз қазір біз.
Кішкентай болсақ та,
Ел қорғауға өзірміз.

Біз Отанды сүйеміз,
Біз Отанға адалмыз.
Қызыл туға иеміз –
Қалай жасық болармыз?!

Қ а й ы р м а с ы.



«БАЛДЫРҒАН» ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘНІ

Көктем, көктем, көктемде
Біз бау-бақша еккенде
 Қарсы шығар алдыңнан,
 Ақылшы дос «Балдырған».

Жайдары жаз келгенде
Жидек-жеміс тергенде
 Қарсы шығар алдыңнан
 Ақылшы дос «Балдырған».

Шөп сарғайып қалғанда,
Біз мектепке барғанда
 Қарсы шығар алдыңнан
 Ақылшы дос «Балдырған».

Көңілді қыс жеткенде,
Біз сырғанақ тепкенде
 Қарсы шығар алдыңнан.
 Ақылшы дос «Балдырған».



КЕЛ, БИЛЕЙІК!

Кел, билейік, кел, билейік,
Неге тұрсын билемей?
Кел, билейік, іркілмейік,
Неге отырсын үйренбей?

Қ а й ы р м а с ы:

Жалығуды білмейміз,
Жабығуды білмейміз.
Жауқазындай
көзді тартып,
Жайраң қағып билейміз.

Біз өнерсіз баламыз ба?!
Көрсін аға-апалар.
Көрсін папа, мамамыз да,
Ырза болсын аталар.

Қ а й ы р м а с ы.

ЖАС СПОРТШЫЛАР ЖЫРЫ

Жалт-жұлт етіп конькиіміз,
Ұқсайды аққан жұлдызға.
Құламаймыз, сырғанаймыз,
Жалтыр айна көк мұзда.

Тасқынды өзен, айдын көлде,
Жүзе аламыз балықша.
Жүгіргенде, секіргенде,
Оздық талай жарыста.

Балғын дене шынығады,
Өтер бес жыл, өтер он.
Арамыздан шығар әлі
Талай-талай чемпион.

БІР ЖАС ҚАЗАҚ

Сағынышты қам көңілмен ұласып,
 Күз аспаны бірде күңгірт, бірде ашық.
 Бір жас қазақ отыр окоп ішінде
 Елден келген өнші ағамен сырласып.

Сағынғаны Сарыарқаның өлкесі,
 Сағынғаны Алатаудың өркеші.
 Сағынғаны Ақ Жайықтың толқыны,
 Сағынғаны кербез сұлу еркесі.

«Кең көсілер бүгін қандай шама бар,
 Көңіл күйін халқым өзі бағалар.
 Домбыраның кеудесіне қондырып,
 Бір баланның сәлемі деп ала бар.

Сағынғаным Сарыарқаның өлкесі,
 Сағынғаным Алатаудың өркеші.
 Сағынғаным Ақ Жайықтың толқыны,
 Сағынғаным сүйген жардың күлкісі».



Сөзі қандай, өзі қандай сүйкімді,
 Шертер еді-ау жүрек сырын мың түрлі.
 Шабуылға кете барды жас қазақ,
 Өнші ағаның көзіне жас іркілді.

АМАН АҒАЙ – МАМАН АҒАЙ

Күндегідей радио сөйлемей,
 Қалса кенет, қалса тарс үндемей.
 Шақырамыз ағаны,
 Тілін аға табады.

Өйткені Аман ағай –
 Өнерпаз маман ағай!

Шам жанбаса күндегідей жарқырап,
 Шам жанбаса жыпылықтап, қалтырап,
 Шақырамыз ағаны,
 Аға шапшаң жағады!



Өйткені Аман ағай –
Өнерпаз маман ағай!
Аман ағай – көпке сыйлы көрші ағай,
Шарқ ұрады күні бойы шаршамай:
Сендер үшін мен дейді,
Бұзылғанды жөндейді.
Өйткені Аман ағай –
Өнерпаз маман ағай.

КӨҢІЛДІ ҚУЫРШАҚТАР

(Орысшадан)

Біз – қуыршақ, біз сұлумыз,
Алақай, алақай!
Сәндеп етік киіп жүрміз,
Алақай, алақай!



Ала көйлек кигеніміз,
Алақай, алақай!
Егіз-ұқсас түрлеріміз,
Алақай, алақай!

Шөйі орамал байлап алып,
Алақай, алақай!
Шыға келдік балбұл жанып,
Алақай, алақай!

ЖАС САЯХАТШЫЛАР ЖЫРЫ

Жаз келсе, саяхат көңілді,
Еңбекпен құт қонған өңірді.
Мақтаныш етеміз, сүйеміз,
Сүйеміз Отанды, өмірді.

Кел дереу, сапқа тұр, жолдастар!
Өлкені зерттеуші жас достар!
Шығамыз саяхат-жорыққа,
Вожатый – жетекші жол бастар!



Каспийден өрледік жоғары,
Кемеміз тербеліп ағады.
Тап мұндай сейілді қызықты
Бала боп көргеміз жоқ әлі.

Зулатып моторлы қайықты
Шарлаймыз Днепр, Жайықты.
Колхоздың тайындай тулаған
Аулаймыз, аулаймыз балықты.

Оралдың қазыналы тауларын,
Кавказдың жемісті бауларын,
Көзбенен көреміз өзіміз
Жаңарған бүкіл ел аумағын.

Өлкенің алтынды алқабы,
Айдынды көлдердің шалқары –
Бәрі де біздерге ұнайды –
Ну орман, түлкісі, арқары...

Көргенде жаңарған даланы,
Жас жаның қанатын қағады.
Отанның келбетін дәптерге
Жазғандай көкейге қонады.



Кел дереу, сапқа тұр, жолдастар!
Өлкені зерттеуші жас достар!
Шығамыз саяхат-жорыққа,
Вожатый – жетекші жол бастар!

СПАРТАКИАДА МАРШЫ

Алатаудан ассақ алқынбас
Аяздарда тоңбас жалқын жас –
Біз – өрліктің отын жаққандар,
Біз – жүлдеден жұлдыз таққандар.

Қ а й ы р м а с ы:

Оқиғаның Ақпараттар!



Танытар өнеріңді сын да бар:
Кім озса шаршы топ жарыстарда.
Кім жеңсе белдескен сайыстарда,
Еңбекте солар жүлде алар.

Желбіреген тулар астында
Қызыл алан, ұлы Москва
Ырза болып талай қараған
Мақтауына жастар жараған!

Қ а й ы р м а с ы.

ҚАЗАҚСТАН МАГНИТКАСЫ ЖАСТАРЫНЫҢ ӘНІ


Күні кеше балғын ек, балаң едік,
Жапан түзге жаңа екпін ала келдік.
Жас қаланың іргесін қалап едік,
Өзіміз де биіктеп сала бердік.

Қ а й ы р м а с ы:

Бойымызда лауласын,
Жастық оты, жалында!
Қазақстан қазынасын,
Отан-ана, қабылда.

Білім бізде, от бізде, төзім бізде,
Комсомолдық берікпіз сөзімізге!
Домналардан шалқытып шойын-өзен,
Шыңдаламыз болаттай өзіміз де.

Қ а й ы р м а с ы.



АЛТАЙ

Ежелден алтын Алтай, аян Алтай,
Емес ол сараң қолды баяғы Алтай.
Алуан асылдарын ала білсең,
Алдыңа дастархандай жаяды Алтай.

Қ а й ы р м а с ы:

Қуат алып ғасырдан
Алтай даңқын асырған.
Батырларды баулыған
Жас қыз бенен жас ұлдан!

Еңселі Алтай таудың шын-күздары
Алтайдай өр кеуделі ұл-қыздары.
Ертістей тасқындайды ел дәулеті
Жарқырап ерлік еңбек жұлдыздары.



Қ а й ы р м а с ы.

ШӨЖЕЛЕРІМ

(Әзірбайжан балаларының өні)

Шеп, шеп, шөжелерім,
Шеп, шеп, шөжелерім,
Шеп, шеп, шеп, шөжелерім,
Көк шалғынды жайылым бар,
Тез келіндер, жайылындар,
Мамық жүнді шөжелерім,
Нәзік үнді шөжелерім
Балғын бөбек шөжелерім,
Шеп, шеп, шеп, шеп, шөжелерім.

Шеп, шеп, шөжелерім,
Шеп, шеп, шөжелерім,
Шеп, шеп, шеп, шөжелерім.
Не жейсіндер мен берейін.
Су берейін, жем берейін.



Мамық жүнді шөжелерім,
Нәзік үнді шөжелерім,
Балғын бөбек шөжелерім,
Шеп, шеп, шеп, шеп, шөжелерім!

Шеп, шеп, шөжелерім,
Шеп, шеп, шөжелерім,
Шеп, шеп, шеп, шөжелерім
Тез-ақ өсіп толарсындар,
Ақ тауықтай боларсындар.
Мамық жүнді шөжелерім,
Нәзік үнді шөжелерім,
Балғын бөбек шөжелерім,
Шеп, шеп, шеп, шеп, шөжелерім!
Шеп, шеп, шеп, шеп,
Шеп, шеп, шеп, шөжелерім,
Шеп.

«БАСПАЛДАҚ»



(Ойын)

Бізде қызық ойын бар,
Ал, ықылас қойындар.
Көне, төртіп сақтайық,
Баспалдақтан аттайық.

Қ а й ы р м а с ы:

Баспалдақты басқанда,
Батыл атта, жасқанба!

Ең әуелі балалар тәрбиешіге қосылып, бұл әнді екі рет қайталап айтып шығады. Содан кейін ортаға бір бала шығып, екі орындықтың ортасына қойылған баспалдақтың текпішегіне аттап, ән ырғағымен жүріп өтеді. (Баспалдақтың ұзындығы екі метр, көлденеңі 38 сантиметр, текпіштердің арасы 20–25 сантиметр болу керек. Текпішектерді ағаштан жұмырлап жасаған жөн).



Қос аяқтап, қос қолдап,
Біз басайық баспалдақ.
Қызық ойын білеміз,
Паровоз боп жүреміз.

Қ а й ы р м а с ы:

Баспалдақты басқанда,
Батыл атта, жасқанба!

Бір бала басқыштың екі жақ қарғашасына екі аяғын
қойып, текпішектерден қолымен ұстап, төрт тағандап,
паровоз болып жүріп өтеді.

Өрт сөндіргіш ағадай
Тосқауылға қарамай.
Мұнараның басына
Тез шығамыз асыға.

Қ а й ы р м а с ы:

Баспалдақты басқанда,
Батыл атта, жасқанба!



(Көлбеу мұнараның басына балалар басқышпен шы-
ғады). Ойынды қайталап ойнауға болады. Ал, бұл ойын
үшін, балалар, баспалдақ жасатып алуларың керек.

Бұл ойынды Ж. Смақов жазысқан.

«ҚҰРСАУ-ҚҰРСАУ»

Балалар тәрбиешіге қосылып ән айтады:

Біз ойнайтын дөңгелек,
Өзгелерден тым бөлек.
«Құрсау-құрсау» ойнайық,
Қызығына тоймайық.



Т ә р б и е ш і:
– Кәне, кім шығады?

Ортаға қолына құрсау ұстаған бала шығады.

Құрсаудан тез өтейік:
Кәне, жеделдетейік.
«Құрсау-құрсау» дөңгелек,
Айналсын шыр көбелек!

Ортаға шыққан бала құрсауды белінен шыр көбелек айналдырады, қолымен ұстамайды.

Б ә р і қ о с ы л ы п:
Башпайлар мен бақайды,
Қалай-қалай атайды?

Б і р і н ш і б а л а:
Басқы бақай.

Е к і н ш і б а л а:
Онай-сонай.



Ү ш і н ш і б а л а:
Атсыз атай.

Т ө р т і н ш і б а л а:
Ерке тотай.

Б е с і н ш і б а л а:
Титтей шоқай.

Б ә р і қ о с ы л ы п (әндетіп):
Ал, балалар, балалар!
Кім құрсауды бақаймен
Тартып-тартып ала алар.

Ортаға құрсауды қойып, екі бала башпайларымен қысқан бойда тартыса бастайды.



Е к і б а л а (кезекпе-кезек):
Кімнің көне ебі бар,
Мықты болсаң, жеңіп ал!

Б ө р і қ о с ы л ы п:
Қатар-қатар тұрайық,
Құрсау жарыстырайық.
Епті болсаң, бірақ та
Құрсауынды құлатпа!

Балалар құрсауды дөңгелетіп жіберіп, өздері жанамалай жүгіріп отырады. Кімнің құрсауы құламай озып шықса, сол ұтады. Ойынды бірнеше қайталап ойнауға болады.

Бұл ойынды Ж. Смақов шығарысқан.

«КӨЛЕҢКЕ»

Көлбең-көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Көне, қатар тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.



Тәрбиеші осы өленді әндетіп айта жүріп, бір үлкен, бір кіші баладан қатар-қатар тұрғызады. (Кішісі – «көлеңке»). Барлығы шеңбер жасайды.

Көлбең-көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!

Бүркіт қалай бүреді?
Кім көрсете біледі?

Балалардың бәрі осы сөздерді айта жүріп, қолдарын жазып, жанындағы көлеңкелеріне көрсетеді.

Бүркіт былай бүреді,
Көлеңкем де біледі.



Ән ырғағымен балалар бүркітше канат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тіреді. «Көлеңкелер» қайталап қимыл жасайды.

Көлбең-көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!

Қасқыр қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?

Қасқырдың жүрісін бейнелейді.

Қасқыр, қасқыр, жолама!
Кірме біздің қораға.
Аңдып келген қасқырды,
Қойшы былай басқа ұрды.

Музыканың ырғағымен қасқырды ұрған қимыл бейнеленеді.

Көлбең-көлбең көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем!
Аю қалай жүреді,
Кім көрсете біледі?

Балалар «көлеңкелеріне» аюдың жүрісін көрсетеді.

Б а р л ы ғ ы қ о с ы л ы п:
Қорбаң-қорбаң, қорбаңбай,
Біз тұрмаймыз қорғанбай.
Келе жатқан аюға,
Кәне, таяқ дайында.
Қатар-қатар тұрайық,
Былай-былай ұрайық.

Бұл ойынды Ж. Смақов жазысқан.

ТҮЛКІ МЕН ҚАЗДАР

(Қырғыз ақыны Алықұл Османовтан)

Т ү л к і:

Қаңқ, қаңқ, қалың қаз!
Қашсаң, пана табылмас!

Қ а з д а р:

Қулықты қой, қу түлкі,
Аузыңды жап, өрі қаш!

Т ү л к і:

Қаңқ, қаңқ, қалың қаз!
Ұстап жеймін, қарным аш!

Қ а з д а р:

Атай көрме, аш түлкі,
Балапандар арық, аш.

Т ү л к і:

Мамыр, мамыр, мамыр қаз!
Мамырламай, бері бас!

Қ а з д а р:

Қой, қой, түлкі, сұм түлкі,
Балапандар өлі жас!

Т ү л к і:

Тындамаймын сөзінді,
Ұстап жеймін, көне, қаш!


Қаздар қашады, түлкі қуалайды. Осы сөтте күшік шыға келеді.

К ү ш і к:

Әуп-әуп, әуп, әуп, аш түлкі,
Қазды күшік алдырмас!

Т ү л к і:

Арс, арс, арсылдақ,
Қайдан шықтың, арсылдап?!



К ү ш і к:
Қутың-қутын қусың-ақ!
Қуып шығам, қу шұнақ!

Т ү л к і:
Маған бұлай үруге
Сенің әлі басың жас!

К ү ш і к:
Әуп, әуп, әуи, әуп, аш түлкі,
Күшті болсан, кел сынас!

Енді түлкі қашады, күшік қуалайды.

Қ а з д а р:
Қанқ, қанқ, қалың қаз
Енді саған алдырмас,
Арам ниет аш түлкі,
Бас сауғалап, қаш, түлкі!

*Түлкі қашып құтылады, күшік қаздарды қайтарып,
алаңға қайта келеді.*

ДАСТАНДАР

АЛАТАУДЫҢ БАУРАЙЫНДА

Ертегі-дастан

А р н а у
Ерте күннен – ескіден
Ескірмеген ертегі.
Құйма құлақ естіген
Құйқылжыта шертеді.

Кәрі өжең мен қарт атаң
Секілді ғой ертегі.
Сені қағып арқадан,
Еркелете ертеді.

Ертегіге беруші ем
Тәтті ұйқымды айырбас,
Өтпейтіндей көруші ем,
– Ол бала күн қайрылмас...

Қызық-қызық ертегі
Қызыға мен тындаушы ем
Ертекте сөз көркемі,
Көкейіме жинаушы ем.

Алғыр ақыл Алдарды
Аяз бидей есті мен
Шаруақор шалдарды
Ертегіден естіп ем.

Тоғыз туыс Тонқылдақ,
Шіңкіл-шіңкіл Шіңкілдек,

Балықшы шал қоңқылдақ,
Ойда қалған біртіндеп.

Ертегі көп елімде,
Есімде жүр жастан-ақ.
Ертегім бар менің де,
Бұл өзгеден басқарақ.

Б і р і н ш і б ө л і м

Қара жердің өзіндей
Зілдей басқан мұңлы шер.
Ғасырлар белі үзілмей
Көтерген қалай жұмыр жер?!


Болған екен бір жарлы,
Болған екен жұбайы –
Құрығы ұзын сұм тағдыр
Құртқан мысын ұдайы.

Бай малының соңында
Бейнетіне қарамас.
Бір тұяқ жоқ қолында,
Бой жалаңаш, тамақ аш.

Байлардың көп қарасы,
Қозысы мен тапасы...
Ал кедейдің, әдетте,
Көп болады баласы.

Кедейдің көп баласы,
Баласынан наласы.
Оралымға келмейді
Шамасы мен шарасы.

Майы бітіп, таусылған
Шырағдандай күш кемін,
Сарсып құлақ шаң-шұңнап,
Жағы жүрді тістеніп.



Жер үйінде аласа
Жеп болды да түнгі асты.
Жұбайымен оңаша
Жақы байғұс мұндасты:

– Қысқы күндей қысқа өмір
Көрсетпеді бір қызық.
Әуреледі босқа күр,
Есек үміт мінгізіп.

Туған жерден тентіреп,
Алыс кеттік қара үзіп.
Түбі бірге ер – тірек,
Болар отқа тамызық.



Ауылды іздеп табайын,
Күні күрсын кірменің.
Қарайласар ағайын
Күн көрістің бір жөнін.

Бізге жаны иеді
Ағайындай кім аяп?
Ағайынның біреуі
Айран берер бір аяқ.

Өзек талар күн туса,
Балтыр сыздап, бас қатып,
Бірі құяр тым күрса,
Көжемізге ас қатық...

Қара лашық сатылды,
Құны болды бір есек.
Қаракемер шақырды –
Қандай болмақ келешек?

Арба басын тіреді
Ауылға кеп тоқырап.
Жазсын – Жаңы тілеуі –
Туған жерден топырақ.



«Қайда барсаң – бытпылдык»
Күтіп алды Жақыны:
Сол баяғы ит құлдық
Жаздырмады тақымды.

Қол ұсынар қай туыс?
Қансып отыр өздері.
Қайда барса тар қуыс
Қысты алқымнан кезбені.

«Қосы ауганның – есі ауган»
Қайрат шіркін майрылды.
Болсашы бір босаған
Білмейтұғын қайғыны?!

Е к і н ш і б ө л і м

Шакпа тілді елде көп,
Сөйлейді олар қалай дөп?
Ұзын бойлы Пернебек
Атаныпты «Сорай» боп.

Іздеп тума-жақынын,
Тие ме деп көмегі.
Кешіп кеткен Жақының
Үйін алған сол еді.

Алты қанат ақ орда
Бұйым емес бойына.
Мұндай алып туар ма,
Қарулы екен қолы да.

– Көне лашық тәпенек,
Көтерейін еңсесін, –
Деді Сорай. Дәу күрек
Алды қолға, бел шешіп.

Күрек бойлап кеуледі,
Күрең топырақ атылды.

Көзіне Сорай сенбеді,
Дауыстап, жарын шақырды.

Кесек-кесек сары алтын
Үйдің астын кернеген...
– Өзін-өзі сорлатып,
Жақы нағып көрмеген?

Көре тұра алтынды,
Тигізбеген қол ұшын.
Кім дейінші Жақыны,
Кім дейінші сол үшін?!



Алтын көмген жерлерде
Жылан жүрер деуші еді.
Алтын бөлген жерлерде
Лаң жүрер деуші еді.

Сескенген бе осыдан:
Жақы алтыннан алмаған.
Ол аққұла шошыған,
Аңқаулыққа таң қалам.

Алып кетсін алтынын
Пұлы бар жан өлер ме?
Іздеп Сорай Жақыны,
Тартты Қаракемерге.

С о р а й:
– Сүйінші әкел тезірек!
Бұл – орынды بازیна
Құдай берді өзіңе
Қисабы жоқ қазына.

Асты толған үйіңнің
Сом-сом алтын екен-ау...
Түрі мынау күйіңнің,
Неден тоздың, көкем-ау.



Есінді жи, бол, жарлым!
Есегің жек арбана.
Жүр, алып қайт олжанды,
Сыйын бүгін аллана!..

Жақы бірден – салғаннан
Ала қашты ат-тонын:
– Бұзбай өтем жалғаннан
Адалдықтың ақ жолын.

Жарымаған жарлының
Жалынғаны – адалдық.
Жарлымын да арлымын,
Жанға жақпас қараулық.

Көзің сатып жеген нан
Кептеледі өңешке.
Терің сатып жеген нан
Балдан тәтті емес пе?

Белгілі үй ғой бұрыннан
Жоқ еді алтын мен барда.
Нәсіп саған бұйырған,
Мені құтқар, сен ал да.

Өзіндей сорлы құрбының
Сөзі қонды көкейге.
Сорай да айтты сыр-мұңын,
Сой еді ол бір екейде:

– «Жарымаған жарлының
Жалынғаны – адалдық»
Дедің, сондай жарлымын.
Маған да жақпас қараулық.

Онай олжа – арам ас,
Мен де алтыннан беземін.
Бола қоймас балам аш,
Терсем де жер «тезегін».

Аңқылдаған ақын жан
Токсан толғап ойлаған,
Билік айтса, ақылмен
Әділіне бойлаған.

Қазыға барды екеуі,
Толғандырып тосын жай.
Даудың жөнін шертеді:
«Осылай да осылай...»

Қазы айтты: – Біріңнің
Ұлын болса ер жеткен,
Әгермәки біріңнің
Қызың болса бойжеткен.



Сол екеуін қоса гөр,
Қоса ағарсын қосағы!
Алтынды да қоса бер,
Бөлер еншің осы әрі.

– Айтты қазы әділін,
Сөзінде жоқ бір кемдік.
Әділдіктің өмірін
Бұлжытпау да – білгендік, –

Деді Жақы Сорайға, –
Сен екеуміз – белсенер.
Тойдың қамы оңай да,
Жастар бұған көнсе егер.

Жігіт қызды көрерде
(Емес бірақ бұл ұрын)
Қыз да Қаракемерде
Құлақтанды күн бұрын.

Тек көріспей жүр екен,
Қыз – көрікті гүл екен.
Жігіт – жайсаң ұл екен,
Тілектері бір екен.



Құйрық-бауыр желінді,
Сөз бекіді ойдағы.
Пәлен күні делінді,
Келісілді той қамы.

Қыз бен жігіт жұптасты,
Тұтандырды бір түтін.
Ел мақұлдай құптасты.
«Екі жарты – бір бүтін».

Ү ш і н ш і б ө л і м

Жас жұбаймен отырып,
Жігіт бір күн мұндасты.
Көптен жүрген өкініп,
Көңілдегі сырды ашты:

«Жарымаған жарлының
Жалынғаны – адалдық.
Мен де сендей жарлымын,
Жақпас бізге караулық.

Көзің сатып жеген нан
Кептеледі өңешке.
Терің сатып жеген нан
Балдан тәтті емес пе?» –

Депті әкеміз, білдің бе,
Қарттар ғұрлы жоқпыз ба?
Қара басты бізді не,
Жүрегіміз отсыз ба?

Қазыға барды екеуі,
Ойландырып осы жай.
Даулың жөнін шертеді:
«Осылай да осылай...»

«Мен шеше алмас дау екен» –
Қазы ханға сілтеді.
Хан да осал жау ма екен,
Құртады ғой діңкені.

Қыз бен жігіт екеуі
Ханға келіп жасымай.
Алтын жөнін шертеді:
«Осылай да осылай...»

Уәзір екен данышпан
Жиренше шешен атақты.
Орағытып алыстан
Ханды сөзбен матапты:

«Хан тақсыр, сіз алыңыз.
Алтынға елді жалдаңыз.
Алма бағын салыңыз,
Халқыңызға арнаңыз».

Айта алмай билікті,
Хан шарасыз көніпті.
Дүйім жұртты жиыпты –
Алма бағын егіпті.



Қастек пен Қаракемерде
Алма ағаштар өуелеп.
Ырызық боп көп елге
Алма өсіпті мөуелеп.

Қатыгез хан, қатал бай
Тартып апты топталып.
Өз жемісін тата алмай,
Қамығыпты көп халық.

Торыпты жұрт бау маңын
Сілекейі шұбырып.
Хош иісі алманың
Қытықтапты мұрынын.

Т ө р т і н ш і б ө л і м

Ертектегі сол бақтың
Көргің келсе жұрнағын,
Әсем таулы алқаптың
Алабына жүр, жаным!



Мынау біздің астана,
Астанамыз Алматы!
Сапар содан басталар,
«Алматы – жер жәннаты».

Бұрын мұнда келмесең,
Алматы өзі жас қала.
Бұрын оны көрмесең,
Ендім дей бер бақшаға.

Көшелерде көк емен,
Көшелерде қарағаш.
Көкке бойы өрлеген
Қарағай, тал аралас.



Салқа тұрған тізіліп
Жасыл киім солдаттай.
Сен қарайсың қызығып,
Бұдан асқан сән жоқтай.

Жапырақтар түйісіп,
Көк қанатын жаяды,
Соқса аптап, күн ысып,
Саған тосып саяны.

Алма, алмұрт, жүзім бе... –
Әр аулада самсап тұр.
Жегің келсе үзіп же,
Аузыңды ашпа, аңсап нұр.

Бар көшесін қаланың
Өтем деме жаяу-ақ.
Болдырасың, қарағым,
Болсаң-дағы желаяқ...

Фуникулер осында,
«Көктөбеге» шыға кел.
Биік төбе басынан
Астананы шолады ел.



Алматы аяң астында,
Алатаудың қойнында.
Абай ата – бас тұлға,
Ленин көше бойында.

Көңіліңмен көрші орап,
Көзіңе өне түсті ме:
Қызыл жалау көк жолақ
Үкімет үй үстінде.

Аясындай аспанның
Ақ күмбезді көрдің бе?
Цирк сол. Өнер жастары
Ойынын көр, келгін де.

Жаяу жүріп не керек,
Шаршайды ғой аяғың,
ІПақырайын вертолет,
Шаһарды шол, қарағым!



Көтерілсең аспанға,
Бір бүйірде тау қалды.
Шыға келе асқарға,
Шолшы, кәне, бауларды.

Жердің беті көк кілем,
Соны айт, шіркін, өлке деп.
Шеті-шегі жоқ білем,
Қанша ұшса да вертолет.

Жемісі көз тұндырған
Көрдің байтақ өлкені.
Жаңа өлкені жыр қылған
Жазам талай ертегі.

* * *

Таң атты да, күн шығып,
Тамылжытты өлкені.
Шаншып кетсең бір шыбық,
Жалғасады ертегі.



КӨК КІЛЕМ

(Тәжік аңызының сүреңімен)

Б і р і н ш і б ө л і м

«Сарғайтып» барып, ұл туды,
Ұл туды, енді күн туды!
Уайымдамаймын құлқынды», —
Деп мұрап Мұнал сілкінді.

Ұзаққа бармай шаттығы,
Басылды бірақ аптығы.
Аяқтан шалды сор-азап
Тұрғандай аңдып нақ мұны.

Тұрғандай аңдып Мұналды,
Мұналдың басын дал қылған.
Мұналдың көңлін мұң алды,
Шықпады ұлы аурудан.

Кедейдің кең гой терісі,
Жан себіл, жаны сірідей.
Мұнал да мұңға көнісіп,
Өлместей еді тіріде.

Десек те солай жәй төуір,
Жан бар ма, сірә, жүз жасар?!
Көз жұмды Мұнал... Әйтеуір
Соңында қалды ізбасар.

Мұналдың ұлы Рахымға,
Бұйырды қандай сыбаға?!
Ертегім осы хақында,
Бағала өзің сына да.

Рахымжан ер жеткелі,
Зейнет-бейнет шеккені,
Есіл тер жерге төккені,
Егіні байдың — еккені.

Бұйырса қайтер тым күрса.
Саулықтың сарып, көк сауы,
Сиырдан сауын бір түлеп,
Есектің ақсақ-тоқсағы...

Ағына қанбай қойса да,
Тұяқтың бары медеу ғой:
Қаралы күні сойса да
Дерттіге, дөтке демеу ғой.

Бірі жоқ бұның Рахымда
Ұқсайды көңлі молаға.
Ойламас тұяқ хақында,
Сенгені – жалғыз Жер-ана.

Сөріден тұрып сөлпектеп,
Жұмысын істеп жұлына,
Алары байдан үш шелпек,
Сылдыр су жалғыз құмыра.

Саманнан соққан құжыра –
Жаман да болса өз үйі,
Әйелі, өзі, қызына
Баспана «Қайран боз үйі».

Ұстаған жеті бабасы,
Ұстаған өзі жас күннен.
Өлшеусіз құны-бағасы
Бар екен тықыр тас кілем.

Жиһазы осы қолында –
Жеті атаның көзі екен!
Тоқыған өмір бойында
Жетінші өке өзі екен!

Көк кілем беті – бай қала,
Жемісті жасыл салқын бақ.
Мөп-мөлдір көкті айқара,
Жұлдыздар жанған жарқырап.

Қалдырған баба өсиет:
«Сақтаса қайсы үй дұрыстап,
Сол үйде болар дос ниет,
Сол үйге қонар ырыс, бақ».

«Алда – деп, берер ырысы»,
Үмітке игі жұбаныш,
Отырар еді үй-іші,
Кілемді көріп, қуанып.

Көзіне сенбей аңырған
Көк кілем түсін бір көрген.
Аралап тауды сабылған,
Аңыз ғып айтып үлгерген.

Кілемді естіп қызыққан
Үйіне сұм бай шақырды.
Мейірім бар ма бұзықтан,
Барқырап қысты, пақырды:

– Кілемді маған бер! – деді.
Рахымжан оған көнбеді.
– Жеті атамның көзі ғой.
Аласың қалай сен! – деді.

Зілді қол, залым қан көмей
Сұстанып қалды ләм демей:
«Бір күнгі нәрге зар кедей,
Көрерміз жүрсең нан жемей...»

Е к і н ш і б ө л і м

Баяғы жұмыс, сол жұмыс,
Баяғы михнат, бос сөлпек.
Көрінген бұрын «мол» ырыс –
Көзден бір ұшты үш шекпек.

Кеміді үшеу екеуге:
Шөміштен қақты деген сор.
Әлдінің кегі кетер ме,
Қадалар оқтай берен сол.

Аз асқа ауыз жарымас,
Әйел де алды кетпенді
(Жібір ме мырза қатыбас
Сона да қатты кектенді).

Жұмысқа түсті зар жылай
Жас қызы – жалғыз тынысы.
Сарқытын ғана қиды бай,
Бұралды бейбақ үй-іші!

Таусылып үнем, ішіп-жем,
Талшықсыз өзек талды да,
Бір ойын түйді ішінен,
Ой – серік мұндай зарлыға.



Далаға келді:
– Сен мені
Білесің ұдай сор жұтқан.
Білемін көптен мен сені,
Кетпенмен өзім қопсытқам.

Сорлына бейбақ мен сынды
Топырағыңнан қи, – деді.
Үнілеп дала күрсінді,
Күрсініп жатып бүй деді:

– Сыйлар ем саған барымды,
Бай білсе ашу шақырып,
Қағар-ау менің шаңымды.
Қайта ғой үйге, пақырым!

Құлақ та аспай бұл сөзге,
Қос қапқа топырақ салды да,
Рахымжан оны лезде,
Үйінің төкті алдына.

Топырақ күрдай не берер,
Құнары көкпен тұнса да,
Аңызың қайдан көгерер,
Сепшесең тұқым бір шама?!



Егінге келді:

– Сен мені

Білесің ұдай шер шеккен.
Қара тер төгіп мен сені,
Бұл жерге сені мен сепкем.

Сорлыңа бейбақ бұл сынды
Дәніңнен аздап қи, – деді.
Сөзінен шошып қисынды,
Сыбырлап бидай бүй деді:

– Сыйлар ем саған дәнімді,
Ақырын, ойбай, ақырын.
Бай білсе қағар шаңымды.
Қайта ғой үйге, батырым.

Құлақ та аспай бұл сөзге,
Екі бау жұлып алды да.
Рахымжан оны лезде,
Үйінің септі алдына.

Болса да майлы топырақ,
Болса да тұқым шығымды.
Көгерер қайдан атырап,
Бермесен нәрлі суыңды?!

Арыққа келді:

– Танисың,

Білесің айтпай, сен мені.
Азапты шегіп бай үшін
Егінге тартқам мен сені.

Мен сынды бейбақ жалқына
Суыңнан аздап қи, – деді.
Тербеліп арық толқына,
Сыбырлай ағып, бүй деді:

– Үндеме, ойбай, оның не,
Ақырын сөйле, ақырын,

Бай көрсе пәле болды де,
Қайта ғой үйге, пақырым!

Құлақ та аспай бұл сөзге
Қос құмыра су алды.
Апарып үйге лезде,
Бидайын еккен суарды.

Мезгілі жетіп күні артып,
Біп-бітік болып шықты егін.
Бидайын орып, ұн тартып,
Рахымжан жемек шелпегін.

Бай залым сезіп қойыпты,
Рахымжан қылған «ұрлықты».
Қаптата тағып айыпты,
Бастады жаман сұмдықты:



– Көпе-көрінеу ұрладың
Суымды, дән мен жерімді!
Қу кедей, мені қорладың,
Аламын сенен кегімді!..

Долы бай солай зілденді
Дәурені жүріп тұрғанда.
Әкетті тартып кілемді,
Рахымды тықты зынданға.

Неше күн мен неше түн,
Қараңғы көрге түскелі.
Ұмытты айдың есебін,
Қасірет уын ішкелі.

Көзі де қалды көруден,
Аяғы қалды жүруден.
Әйтеуір аман өлімнен,
Рахымжан шалдай бүгілген.

Рахымы түскен күзетші
Рахымды бір күн босатты:



«Үйіңе, сорлы, тез жетші!»
Көзінен шалдың жасы ақты.

Титықтап әлі, болдырған,
Жүре алмай шал сүрінді.
Таппады ескі орнынан,
Қалыпты үйден үйінді.

Өліпті әйел құсадан,
Панасыз қызы қаңғыпты.
Қу өмір қасқыр құсаған
Қамады,
басын мәңгіртті.



Жасқана басып ол келді
Жауыздың үйі маңына.
Көрді де іші өртенді,
Кілемін төрдің алдында.

Көк кілем со бір – өз мүлкі –
Баянды бақыт кілемі.
Үй-іші байдың мәз күлкі,
Әндетіп дулап, гуледі.

– Екі адам жүрсе жер басып,
Біреуі – мырза, бірі – құл,
Семіріп бірі шөл басып,
Қалмақ на мәңгі бірі құр!..

Осылай деді ол айғайлап,
Сіледі қарғап иесін.
Тау жаққа тартты жаяулап,
Көрмеуге зорлық дүниесін.

Ү ш і н ш і б ө л і м
Рахымжан елден безді де,
Есі ауып қырда адасты.
Жерлерді талай кезді де,
Шөлдерді кешіп, тау асты.



Балтыры сыздап шаршаған
Бір күні қызыл іңірде
Тектұрлар сыртын қоршаған
Келіп те жетті үңгірге.

Барар жер енді қалмады,
Бас аман тұрса – жан қайғы.
Шалдығып Рахым, таудағы
Үңгірге еніп, жантайды.

Рахымжан ұзақ жол соққан
Етпеттей жерге жабысып.
Жатқаннан со бір мол жатқан,
Зілқара салмақ жанышып.



Десек те жыртқыш, талағыш,
Аң мен құс (өзі таланған)
Мейірбан екен аяғыш,
Мейірбан екен адамнан.

Қаумалай қоршап пақырды,
Қыран құс дөмін сыйлады.
Тауешкі сүтін татырды,
Аралар балын сыйлады.

Шөктірер асау атанды
Бал дәурен екен сау шағы.
Ақ шалды мұрт пен сақалды,
Ақ маржан тісі қаусады.
Өлімнен тықыр тақалды, –
Бүрердей суық саусағы.

– Қыраным, шолып қайтсаңшы,
Қырағы көзің түсті ме,

Не болып жатыр, айтсаңшы,
Қара бір жердің үстінде?
Адамзат әлі бар ма екен,
Шеккені өлі зар ма екен?



Айтқаны шерлі өн бе екен,
Жер үсті әлі тар ма екен?

Қ ы р а н:

– Күніне қырық қырқысып,
Ойпатты қанға толтырып,
Адамзат жатыр жұлқысып.
Біреуін бірі өлтіріп.

Р а х ы м ж а н:

– Әділдік орнап әлемде,
Заманы қашан өзгерер?
Мен байғұс соны көрем бе,
Күн туар ма екен көз көрер... –

Рахан соны айтты да,
Ақырын басын шұлғыды.
Арманнан көңлі қайтты ма,
Аһ ұрып жатып, мүлгіді...

Т ө р т і н ш і б ө л і м

Ойда жоқ дүмпу басталды
Рахым шал шошып оянды.
Қопарған тау мен тастарды
Көрді ол бір топ адамды.

Аяқтың асты қалшылдап,
Жарылды быт-шыт жартастар.
Төменге құлап тарсылдап,
Домалай берді қой тастар.

«Не пәле тағы төнді!» – деп,
Шал байғұс біраз аңырды.
Құлаған таудан әрірек,
Көзіне алқап шалынды.

Бұрынғы тандыр құла күм
Жап-жасыл бакша, көк дала.
Айқара ескен гүл-бағын
Ақ дала, тіркес көк қала.

Көк кілем беті мың сырлы
Осындай еді-ау, тегінде.
Дедектеп Рахым жүгірді
Жақыннан жөндеп көруге.

Өзіне-өзі сенбеді.
Елес пе, мынау мұнар ма.
Құлпырар алдап шөлдегі
Сағым ба, таңғы тұман ба?

Бөрі шын екен алдында,
Хош иіс мұрнын жарады.
Шақырды шалды тағы да
Шалғынды алқап алабы.


Көп жүріп аяқ талыпты
Тандайы кеуіп шөліккеп.
Баяғы көрді арықты
Арналы, суы мөлдір көк.

Ш а л а й т т ы:
– Бізге су бар ма,
Мырзалар тірі тұрғанда.
Маңайлап кетсең бұл маңға,
Тағы да тығар зынданға.

С у а й т т ы:
– Ішіп қана ғой,
Жаңалық көп-ақ жиһанда.
Бұл күнде заң да жаңа ғой,
Өзеннің бөрі диханда.

Су сөзі шалды таң қылды,
Сұқтанып біраз тұрды да,
Рахаң шөлін қандырды,
Беттеді жаңа бір қырға.

Алдында оның толқыды
Теңізге ұсап мол егін.



Дөнеске келіп отырды
Сүйсіне шолып көлемін.

Ш а л а й т т ы:
– Бізге күн бар ма,
Мырзалар тірі тұрғанда.
Маңайлап кетсең бұл маңға,
Тағы да тығар зынданға.

Н у а й т т ы:
– Дәннен ала ғой,
Жаңалық көп-ақ жиһанда.
Бұл күнде заң да жаңа ғой,
Жеміс пен егіс диханда.

Бидайдың сөзі таң қылып,
Сұктанып біраз тұрды да.
Аяққа тыныс алдырып,
Беттеді сонау бір қырға.

Қаптаған адам қыр үсті
Жұмыста жүріп әндеткен.
Құнарлы топырақ қыртысты,
Тым ірі еді дән неткен!

«Жерінде байдын салпақтап,
Жетісіп неге жүр бұлар!
Болды ғой жүрсен жан сақтап,
Бейнетте әнге кім құмар?..»

Тіл қатты сол кез жон-дала:
– Жаңалық көп-ақ жиһанда.
Бүгінде өділ заң жаңа,
Бүгінде жер-су диханда.

Даланың сөзі таң қылып,
Сұктанып біраз тұрды да.
Аяққа тыныс алдырып,
Беттеді жасыл бір қырға.

Б е с і н ш і б ө л і м

Көрінді алдан бір қыстақ,
Әдемі үйлер сән сарай.
Саялы, гүлді тыныш бақ
Қыстақты өскен қоршалай.

Баяғы кілем түсіндей
Бәрі де әсем тамаша,
Шеберлер соққан мүсіндей –
Бәрі де әсем жаңаша!

Әр үйде бақыт кілемі
Арнайы төрге ілінген.
Мәз болып жұрты күледі,
Еңбекке білек түрінген.

– Мұншама бақты кім берді,
Қалайша кеткен өзгеріп?
Өзгеріп қалай үлгерді,
Өскен жер жастан көз көріп? –

Деп еді Рахым танданып,
Бір әйел топтан тіл қатты:
– Бірікті жарлы бар халық,
От қойып құртты зұлматты.

Әділдік деген немене,
Білмеуші ек анық өзіміз.
Жол сілтеп Ленин көреген,
Ашылды ақыр көзіміз!..

Өз қызы екен әлгі қыз,
Әкесі алды құшақтап.
Елінен кеткен шал жалғыз
Көзінен жасы бұршақтап.

– Соқпаған бір де жолыңда,
Бейтаныс саған ежелден
Өзге жер, басқа орында
Жаңарған көркін сезер ме ең?

Бай ма еді сәулет-көрікке
Бұрыннан ата-мекенің.
Жасыңнан естіп, көріп те
Білесің қандай екенін.

Бұрынын көріп-білгенге
Бүгінін оңай бағалау.
Орнапты-ау жұмақ бұл жерде! –
Жыламай қайтем, балам-ау?!

Қуаныш жасын жасырман,
Ел көрсін, бүкіл ел көрсін.
Шашынан сорын асырған
Шал сөзін ертең «Жөн!» – дерсін.

– Ататай, неге жыладың
Өшкенің жанған күнінде?
– Айтайын бәрін, шырағым,
Себеп бар, себеп,
білдің бе?!

Бай үшін басты дал қылып,
Қызықтан мұнша күр қашын.
Қыр кезіп қу бас қаңғырып,
Ортаңда, өттең, болмаппын?!

ҚҰРЫШ ҚАЗАҚ

Лирикалық дастан

Қаршадайынан қасірет дертке шалдыққанымен қайыспаған қайсар ұлан, жаны жалын, ақын інім Зейнолла Шүкіровке арнадым бұл дастанымды.

Б і р і н ш і т а р а у

Еңсесін езіп жатқан қорғасын – мұң
Барып қайт көңлін сұрай жолдасыңның.
Жасыңнан жақсы ұғынған қағидаң бар:
«Халқыңа қатер төнсе, қолдасын мың».

* * *

Ол бір гүл әлі күнге ашылмаған,
Тың дастан басталмаған, басылмаған.
Тым ерте аяз шалған алма ағашы,
Қайнаркөз әлі күнге аршылмаған.

Мектеп қой жас баланың бір өрісі
Көл-көсір қуанышы, реніші.
Орталай бергенінде үшіншіні,
Оқудың шорт үзілді рельсі.

Тебісіп тел өскендер құлын-тайдай,
Көш жерге ұзап кеткен жүйрік ойдай!
Ермегі мұның екі-үш оқулығы,
Төңкерген тоқсан рет түгін қоймай.

Ол сендей тандап мінбес жүрдек тайдан,
Ол сендей жеміс термес «Жидексайдан».
Көк мұзда коньки байлап аяғына
Сен құсап зырлап ағып жүрмек қайдан?!

Ауылға келген «Газик» кузовына
Білмейді ол жармасудың «қызығын да»
Кітаптан «қақпа» жасап, сабақ біте,
Футболдың түсе алмайды қызуына.

Жалына өр толқынның жармасуға,
 Жармасып шыға алмайды жар басына,
 Ол енді аяғымен келе алмайды
 Төлеуге комсомолдың жарнасын да.

Жабысқан жазатайым кеселінен
 Бел шорлы, екі аяғы мешел мүлдем.
 Мұң болып қарға адым жер –
 Есік пен төр.
 Сырғып та түсе алмайды төсегінен.

Білместен қолды қайда қоярыңды,
 Білместен толарыңды, соларыңды.
 Телміріп төбесіне тапал үйдің,
 Сарылу неткен ауыр бала күңгі!

Ақ Арал, айдын Арал, асау Арал,
 Тербейді толқынымен қашан Арал?
 Кешегі сегіз жасар күндегідей
 Құшағын енді қайтіп аша ма Арал?

Тартқылап барса келмес тұңғиыққа,
 Тірейді оны бір күн бір тұйыққа!
 Келер күн күйрете ме, түлете ме,
 Түңіліс албастыдай қонды иыққа.

... Сырқаты босатпады құрсау қысты,
 Қыршын жас бой бермеске қасарысты.
 Саудырап сүйек қалды
 Таба алмады
 Дәрігер дерт уытын басар күшті.

Жете алмай межесіне – тілегіне,
 Жолаушы жалғыз қалса құм өңірде.
 Сусынын соңғы тамшы сарқып жұтса,
 Өзеуреп, өрлік жасар кім өлімге?!

Осындай көз алдында көптен елес,
 Жерде емес көңіл бей-жай, көкте де емес.

Қайрылмас қаһар күнін күтті кейде...
Тістеніс...

Үнсіз тартыс...

Дертпен егес...

Жатқанда табандатқан ол сегіз жыл,
Оллоһи, шошыр еңіз көрсеңіз бір.
Білмеймін, айта алмаймын немен тынбақ:
Білерім: жыр өледі, өлсе бұлбұл?!

Е к і н ш і т а р а у

Өмірден осынау үйге желі жалғап,
Құрбылар жолдас-жора келіп аңдап,
Самарқау жата берді кейіпкерім,
Кітаптан ермек тауып, көңіл аулап.


Бір мықты шәкірт етіп бір мықтыны,
Бір мықты бір мықтыны шынықтырды.
Ерліктің ұстанындай, нұсқауындай
Оқыды ол «Құрыш қалай шынықтыны».

Көктетпей қара дауыл, құм жапырған
Егіннің көк өрімі тұл қалпынан
Кем-кемнен дәл осылай бас көтерер
Сел жаңбыр, шуағы мол күн артынан.

«Кезікті қарсы алдыңнан өлімдей кер,
Көнеки, мықты болсаң жеңілмей көр.
Сұрапыл соқпас қайтып, – деді жігіт, –
Жас үміт өртең жерге тебіндей көр.

Не күн бар атылмаса зеңбіректе,
Не күн бар көзсіз қуыс көкіректе?
Мәз болған ауа жұтып, ас ішкенге,
Тағдырым, теңей көрме текірекке!

Айқаста Абдолладай алысқам жоқ,
Айдарда Саин құсап сайысқам жоқ.
Әбудей дәм татқам жоқ Балатоннан,
Сырбайдай сырлы орманмен танысқам жоқ.



Сонда да көрейінші ойды қазып,
Құрысқан, талмаураған бойды жазып.
Туған жер гүлге тосса таусылмас нәр.
Елімнен мен де табам ойыма азық:

– Өзге айтпаған өлеңге
Орын жоқ деп Бөгенде
Кім айтты?

Жыр – қарлығаш
Шарқ ұрып жүр төбемде
Өлең барда өлем бе!
Өлімге мен көнем бе?!
Құлағын түр, әлеумет,
«Өмір» атты өлеңге!

Ү ш і н ш і т а р а у

Білдірді біраз жырмен көңіл күйін,
Өзінше әлі бұлар жеңіл бұйым.
Сермеуге кең құлаштап не жетпейді?
Пайымдап жеткіншекке жеңу қиын.

Дегендей «Шабытыңды шақырып қал»
Топталып, тонырлайды тақырыптар.
Жазады бірде мұны, бірде оны,
Бірі де ырза етпейді татырып бал.

Жыртады аяусыз-ақ жаңағысын,
Барлауға бағыттайды қалам күшін.
Сәулесі көкірегіне түспегенді
Сипалап қармағанмен табармысың.

Осындай көп күн өтті, көп күн өтті,
Дерт пен жыр екі жақтап бек жүдетті.
Тұйықтан төтті жырға жол ашатын
Сәулелі сөз сағаты келіп жетті.

Бұлыңғыр, жылауың күз мұнар еді,
Көңіл де жабыранқы тұман еді.
Қақпаға тұмсық тіреп «ГАЗ-64»,
Ішінен егде кісі шыға келді.

Иіліп жатағандау босағадан,
Именбей ішке кірді тосын адам.
– Кеш жарық!

Шақырылмаған меймандармыз
Бұйырған шығар бір дәм осы арадан.

– Шырағым, хош келдіңіз, төрге озыңыз! –
Деді атай, – орынды ғой ол сөзіңіз.
Құтты үй-қонақ келіп тұратын үй,
Құдайы қонаққа өзір дәм-тұзымыз.

Сан рет біліскендей жолығысып,
Үйдегі адамдардың қолын қысып.
Ілді де сырт киімін, төрге шықты, –
Қасынан орын берді шал ығысып.



– Дерсіздер: – Танымадық бұл адам кім?
Әрине, айыбы жоқ сұрағанның.
Аупартком хатшысымын, ақын інім,
Сырыңа сырттан қанық бір ағаңмын.

Қарағым, бойың қалай, тәуірсің бе,
Атыңды естіп едім ел ішінде. –
Таңырқап елең етті үйдегілер
Хатшының өзі қалап келісіне.

«Шүкір», деп жайлап жігіт жауап берді,
Шай келді, шарап келді, тамақ келді.
Алынды қонақасы, қол жуылды.
Ақынға қолқа айтты қонақ енді.

– Азырақ жыр оқиық, ақын, көні!..
Секретарь шам түбіне жақындады.
Талапкер алып берді жыр дәптерін:
– Мұнда жоқ әдемі сөз алтындары...

«Осы ғой үлкен қонақасымыз!» – деп,
Қонағы үніледі асыл іздеп.
Қалады қалың қабақ қатпарланып,
Қояды кейде бір сөт басын изеп.



Болар ма жас талапқа азап мұндай,
Ұзарды минут – сағат, сағат – жылдай.
Емтихан тапсыратын шәкірт құсап,
Қысылды «Не айтар?» – деп, тағат қылмай.

– Тым тәуір, жаман емес алғаш адым,
Білемін бұған жақсы жалғасарын.
Әйтеуір жұрт үміті қаламыңнан,
Өзендей дүрілдейтін жазға салым.

«Жақсы жыр табайын мен, танып ал» де,
«Жайқалған жаңа бақта талым бар» де.
Сөз емес қол ұшының тимегені,
«Тың жердің миллиардында дәнім бар» де.

«Желігіп, мақтағанда желге мінбес,
Жер болып, мініп айтсаң жерге кірмес, –
Деп түйді секретарь өз ішінен –
Нақ осы

Мәймөңкелеу жөн көрінбес».

Ел сөзін айтайын бір тағлым алар:
«Бұлбұлды көрем десен бағына бар,
Алманы татпай дәмін ешкім білмес –
Бұлақтан ішем десен тауына бар».

Жаңа айттым, жазғаныңның көбі майда,
Алманың хош иісі, дәмі қайда?
Сай келе бере ме тон сырттан пішкен,
Соны ескер, сонда жоғың табылмай ма?

Бұл өмір сыбағасын тек бере ме?!
Ағаңа ащы айтты деп өкпелеме:
Деген бар

«өзі шөлде, көзі көлде...»

Өйтсе акын, өз парызын өткере ме?!

– «Ағасы-ау, менде ұшар бар ма қанат? –
Дерсің-ау, отырмаса ем жайға қарап...»

Жай вагон – жайдақ тақтай жайлы оған:
Ат үсті, құм арасы, ағаш іші ...

Б е с і н ш і т а р а у

Жалтарған қашағандай жамбасынан,
Өзендей аунай аққан арнасынан.
Ұстатпай іздеген сөз, құштар ойы
Киіктей құлдырайды тау басынан.

Мотордай оқыс сөніп, от алмайды,
Қостағы күзгі отындай тұтанбайды.
Теріне малшынтады он орамал,
Оңай сөз тереңнен ой қопармайды.

Сол ғана жанына оның батыр қайғы,
Жас ақын қоңылтақсып жата алмайды.
Ысқаяқ толғаныста таң атқанша
Төрт жолдан шумақ қалап қатарлайды.



Пікірдің тітіркеніп көнесінен,
Жаңаға жаңар тігіп зердесімен.
Төбешік Бөгенінде тұрып-ақ ол
Қарайды дүниенің төбесінен.

Жазды ол жалғыз шырақ жарығымен,
Жазады ол жастық жүрек жалынымен.
Жазады ездiк емес, ерлік сырды.
Жазады халқы берген дарынымен.

... Қолынан Те Ги-ченнің ұшқан кезде
От қалам.

Оқ атқанда дұшпан кезбе,
Күрестің жаңа ұйқасын жалғастырып,
Әкетті ақын қазақ ұста сөзге.

... Япырмай, соңғы минут тақалды ма,
Қасқиып Белоянис сот алдында.
Иіскеп қалампыр гүл, жымияды,
Ел арын тудай тұтып жат алдында.



Жалдаптар таң ата оқ атады ұлға,
Ақ шашты батыр ана батар мұңға.
Жас жүрек төкті қанды, төкті жырды –
Анаға көңіл айтпай жатар бұл ма?

«Қайғының топанына көмілгенде,
Қағажу озған заман – өмірден де.
Жатыпты жарлы ауылым жабыраңқы,
Күлкі боп, келемеж боп көрінгенге.

Мойымай жәбір-жапа, қиянаттан,
Бір шақта әрекеттен қиял артқан.
Қиялдан қайрат асқан туды дәурен,
Дән жиып, данқ талқан миллиардтан.


Құрбылар, ырзалықтан сол ісіңе,
Қолымда – биік тұрса өз күшімде,
Ескерткіш орнатар ем мәрмәр тастан
Әркімнің өз көзінің тірісінде...»

Қаламмен қатарласа ой жарысып,
Саулады сөз қағазда жолға түсіп.
Ыстық қан басқа теуіп, самай сыздап,
Көз талды, жаза-жаза қол қарысып.

Сусады... сусын жұтса түрегеліп,
Кетердей сөз секундпен бірге өліп.
Қолын ол бір-ақ сілтеп, тапжылмады,
Сырғанап жүйрік қалам жүре беріп.

Бар болғыр, көз шіркін талмасаңшы,
Ілесіп ойдан, қалам, қалмасаңшы!
Уақыт мұрша бермес қатал ма едің,
Шыдасын жан төзгенмен, төн қашанғы.

Минуттың удай көріп бос шығынын,
Толассыз сүзеді ол сөз шырынын.
Күн шыға бел шойырылып, бас қаңғырып,
Алуға қисаяды көз шырымын.



АРУАҚТЫ АТА-БАБАЛАР

ӘНЕТ БАБА

Әнет баба – бар қазақтың данасы,
Тәуке ханның ақылшысы, ағасы.
Төле биге бата берген кезінде,
“Әділдікпен, – деген, – мерей табасың”.

ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ

Еңсегей бойлы Ер Есім
Бекітіп бірлік шегесін,
Еңсейткен елдік өресін!
Жондамақ болған қазақты
Найзамен сөгіп көбесін,
Жоңғардың ойған төбесін!
“Еңсегей бойлы Ер Есім!” –
Халқына солай атанған
Көсем хан, дана, қаһарман!
Еңсегей бойлы Ер Есім!..

АСАН ҚАЙҒЫ

Халқы үшін таңдап қоныс, құтты мекен,
Желдіртіп Желмаясын шықты ма екен?!
Жете алмай Жерұйыққа абыз бабам,
Сұм ажал қапылыста жықты ма екен?!
Көреген, ойшыл көсем Асан Қайғы,
Әділ би, ақын, шешен Асан Қайғы.
Халқының жанашыры, қамқоршысы,
Туған ел құшағынан босанбайды.

ТӨЛЕ БИ

Бата алған Әнет бабадан
 Бабамыз біздің Төле би.
 Көреген көсем, дана адам,
 Әділ де адал, төбе би.

ХАН АБЫЛАЙ


Жастай батыр атанды,
 Айбары асқан алыстан.
 Хан Абылай қаһарлы –
 Дара көсем данышпан.
 Кешіп түпсіз азапты,
 Түршікпеген тірлікте.
 Басын қосып қазақтың,
 Елді бастап бірлікке.
 Қаймықпаған қатерден
 Хан Абылай, Абылай!
 Төбесіне ел көтерген
 Жалауындай Абылай!

ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ БАТЫР

Қолын бастап Қаракерей Қабанбай,
 Жауын жасқап Қаракерей Қабанбай.
 Арыстандай ақырғанда айбарлы ер,
 Дұшпан қашқан кірер тесік таба алмай.

БАЯН БАТЫР

Қауіптің төнген сор шағын,
 Байсалды күйде қарсы алған.
 Қалмақтың қалың қоршауын
 Найзадай жарып, жол салған.
 Айбыны асқан ақылды,
 Аймалап сүйген ел сеніп.



Алапат Баян батырды
Абылай тұтқан жан серік.

НАУАН БАТЫР – НАУРЫЗБАЙ

Кене ханның інісі –
Сарбазының ірісі.
Науан батыр атанған
Теңдесі жоқ қаһарман.
Қаһарман да қолбасы,
Қайрат, ақыл – жолдасы.
Өрт-дауылдай мінезі,
Шатырлаған найзағай,
Тік түйрелген найзадай
Қаһарымен алыстан
Жауды жайпап жанышқан!
Жаулаушыны жондаған,
Туган елін қорғаған!

САЛҚАМ ЖӘНГІР ХАН

Қазақ жерін өрттей шарпып сорлатқан
Қалың қосын – қолы Ойрат-Халқаның.
Тар қысаңда, қазулы орға аунатқан,
От қарумен шығарған жау талқанын.
Салқам Жәңгір – хан, қолбасы көреген,
Ұрпақтары ұлыларға теңеген.
Ол Ескендір, Еділ батыр, Шыңғыстай
Қолбасы екен елді ерлікпен жебеген.

РАЙЫМБЕК БАТЫР ҚОЛБАСЫ

Он жетіде отқа кірген ойқастап,
Отыз үш жыл жасын атып жоңғарға.
Жетпіс жеті жараланған шайқаста
Райымбек ер сарбаз өрі сардар да.

БӘСЕНТИН МАЛАЙСАРЫ БАТЫР

Хан Абылай сыйлаған қолбасы боп,
 Қадалған жауға күдды қорғасын оқ.
 Жарасын қан саулаған қолмен басып,
 Атойлап, ерден ұшқан, өрден асып.
 Тазартып Жетісуды жоңғарлардан,
 Тұлғасы Алатаудай заңғарланған.
 Өшпестей сардар ізі қия белде,
 Ел сүйсе, қимасын да қияды ерге.
 “Малайсары тауы” бар өз атында,
 Мерей сол ғасырлардан озатын да.

ТАРАҚТЫ БАЙҚОЗЫ БАТЫР



Абылай батыры –
 Тарақты Байқозы.
 Жоңғарды жапырып,
 Атағын жайды өзі.

АҒЫБАЙ БАТЫР

Хан Кененің бас сардары – Ағыбай,
 “Ақжолтай” деп аталынған бағын-ай!
 Сарыарқаға сұқтанғанда жау ұдай,
 Төбесінен жай түсірген Ағыбай.

ЕСКЕЛДІ – БАТЫР, ӘУЛИЕ

Төле бидің жиені –
 Әулие, батыр, киелі.
 Ескелді ата, ұрпағың
 Рухына бас иеді.



БАТЫР ЖЫРАУ НЫСАНБАЙ

Хан Кененің қолдасы,
Сарбаздардың жолдасы –
Батыр жырау Нысанбай,
Ақын жырау Нысанбай,
Өлең-жырдың жорғасы,
Имандылық молдасы.
Қан майданның шебінде
Басын тігіп өлімге,
Қиын-қыстау демеген,
Қалың қолды жебеген.

БОПАЙ АПАЙ МЫҢБАСЫ

Хан Кененің қарындасы, мұндасы,
Батыр туған Бопай апай мыңбасы.
Шеру тартып, шерін артып жар шашқан:
– Еркіндігі – елдің сағы сынбасын!
Бопай апай жайсаң мінез жайдарман,
Жарқ-жұрқ етіп ақ алмастай қайралған.
Отарлагыш жау әскермен шайқасып,
Ел аузында аты аңызға айналған.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Отырары – құдды бала-шағалы үй,
Сонда туған Әбу Насыр әл-Фараби.
Шет жерде оқып, жаңа ғылым ашқан ол,
“Екінші ұстаз” атанып та асқан сол.
Туған елін сағынғанда қайран ер,
Домбырадан күйін төккен “Қайран ел...”

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ


Мұхаммед Хайдар Дулати –
Тарихшы ғалым бабамыз.
Оқысақ сөзін зулатып,
Намысшыл от боп жанамыз!

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

Зерек ойлы, алғыр ақыл жас ұлан
Ғылым іздеп, кітап жазып жасынан,
Шетелдердің сайрап тоғыз тілінде,
Өз жұртына білім дөнін тасыған.
Туған елге тілеп бақыт, бостандық,
Ет жүрегі сыздап, жаны ашыған...
Ақ патшаның зорлығына басынған
Қаны қайнап, арыстандай ашынған.
Ұлт көсемі, ұлы бабаң Әлихан
Бар әлемге қазақ даңқын асырған...
Пір тұтатын бүкіл Алаш баласы
Көз жазбасын алдындағы асылдан!

МҰСТАФА ШОҚАЙ

Мұстафа Шоқай ата – білгір көсем,
Қаламгер, ғалым әрі дүлдүл шешен.
Азаттық өперем деп алты алашқа,
Шетелде ширек ғасыр жанталасқан.
Аңсаған бағы жанып, нұр құшқанын,
Ол ортақ сүйіктісі Түркістанның!
Берлиннің жерленген бір зиратында,
Мұстафа хикаясын жина, тыңда.



ҚАРА БУРА АТА

Өзі әулие, даналықтың иесі,
Елдіктің де, ерліктің де киесі...
Абыз Ахмет Иассаuidiң жан досы
Қара Бура атаға бас иесің.

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ

Жырау-акын, жырдың жүйрік керігі,
Жырлары да кестелінің керімі.
Батырлықты мадақтаған Үмбетей –
Қарт қолбасы Бөгенбайдың серігі.

АҚТАНБЕРДІ

Ақтанберді асқан ер, акын-жырау,
“Жүрекжота” басында жатыр мынау...
Жоңғарды дүрліктірген айбынымен,
Қазақты желпіндірген батыр дырау.
Абылайдың тұстасы Ақтанберді,
Ақтанбердіні бар қазақ мақтан көрді.

ШӨЖЕ АҚЫН

Құдайым жастан екі көзін алған,
Көкірегі көреген көзі бардан.
Акын Шөже ешкімге шалдырмаған,
Кір шалмай бізге жеткен сөзі маржан.

СЕГІЗ СЕРІ

Сендей жан туса туар бір ғасырда,
Бар екен сегіз қасиет бір басында.
Сал, сазгер, акын, өнші, батыр, аңшы,
Қолбасы һәм мәрт – сегіз, расында!

ҚҰРМАНҒАЗЫ

Екпіні қатты дауылдай,
Күйлері жаршы дабылдай,
Есімі Құрман атаның
Даңқтың биік тауындай.

ЖАЯУ МҰСА

Күрестің жырын жырлаған,
Халықтың мұнын мұндаған,
Елі ұйып тындаған
Жаяу Мұса бір бабаң.

ӘНШІ, АҚЫН ЫБЫРАЙ


Құдай берген ашық дауыс, төтті үнді,
Үкілі Ыбырай шырқағанда “Гөккүді” –
Төбесінде қалықтатып, еріксіз
Үйірілтіпті аспандағы аққуды.

БІРЖАН САЛ

Біржан ақын Арқадан
Асқак өуенге басқанда,
Аққуға өнін қосқанда,
Елдің шері тарқаған.
Желпілдеген түндік те,
Түндік түгіл аспан да.

БӨЛТІРІК ШЕШЕН

Сайрағанда саңлақ шешен Бөлтірік,
Сүттей ұйып тындайды екен жел тынып.
– Ділмар болып қайдан туған? – десеңіз,
Түпкі атамыз тіл дүлдүлі – ер түрік.



ҚАШАҒАН АҚЫН

Өрнекті өлең өрген ақын Қашаған
Өлеңімен өзі ескерткіш жасаған.
Талантына басын иіп табынған
Егде түгіл, жас өрендер сағынған.

БАЙМАҒАМБЕТ ІЗТӨЛИН

Есіл бойы қауымын
Өлеңімен оятты.
Елге өшіккен жауының
Өнменінен оқ атты.
Ақын болып жаралып,
Батыр болып жұмды көз.
Кетті елге таралып
Қанмен жазған сырлы сөз.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Көлдің аты естілмейді күйден кем:
Ақын, ғалым Ахмет туған Ақкөлде,
Сол атадан Ана тілін үйренген
Атаң,
Әжен,
Әкең,
Шешен,
Әпкен де...
“Әліппенің”, өлең-жырдың ұстасы,
Ахмет ата – бүкіл халық ұстазы.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

Жазушы, ақын даңғайыр,
Қайраткер – халық данасы.
Айқасқан батыл әрдайым
Алаштың қамкор панасы.

Ынтыққан жарқын жаңаға
Мұхтардың досы қаламдас,
Жүсіпбектей ағаға
Тағзым ет үнсіз, жалаңбас.

ШӘКІР АҚЫН

Мекен еткен Құндызды,
Шұғыладай күндізгі.
Сөзден соғып жұлдызды,
Аймалаған ұл-қызды.

ӘНШІ МАЙРА

Сырнайын кең құлаштап серпігенде,
Он саусақ жортқанында теріп перне.
Сырлы өуен жер мен көкті тербеткенде,
Бей-жай боп отыра алмас ешбір пенде.

ӘНШІ ӘМІРЕ

Толқындырып, мың түрлентіп сөнімен,
Шырқағанда өуелетіп Әміре,
Бүкіл Париж тіке тұрып, қол соққан,
Қайран қалып біздің қазақ өніне!
Төрткүл дүние жарысында топ жарған,
Озып шығып өнерпаздың бөрінен.

АҚЫН, ӘНШІ КЕНЕН

Бекболаттың серігі,
Жамбыл ақын шәкірті,
Бекітіп ел сенімін,
Аруағын шақыртып
Шырқап өткен Кенекем –
“Өлең-жырдың кені екен”.

КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТ КЕЛІНІ

Ән шырқатса Күләш тәте әрдайым
Тәтті әуенге ұйытатын маңайын.
Мың кұбыла күйқылжыған даусына
Бұлбұл құс та қағады екен тандайын!

СУРЕТШІ ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ

Қойшы бала көмірменен жартасқа
Сансыз сурет сала берген әр тасқа.
Содан көпке танылыпты Әбілхан,
Көпшіліктің қалдырыпты бәрін таң.

БАУБЕК БҰЛҚЫШЕВ


Ақын Баубек Бұлқышев
Ата жаумен жұлқысып,
Оқ тессе де кеудесін,
Жығылмалты жер құшып!..
“Батырлықтың жыры боп
Қайтқан, – дейді, – елге ұшып”.

АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

Тарих сырын ұғайын деп аргыдан,
Жер қатпарын ақтарғанда Марғұлан,
Қазыналы керуендей тізбектеліп,
Өтеді екен замандар көз алдынан.

АЙҒАНЫМ ӘЖЕ

Уәли ханның бір қосағы Айғаным,
Орта жүздің билеген кең аймағын.
Шалқар ойға шақырсын деп қатарын
Азамат қып әлпейштеген Шоқанын...



Айғанымның немересі сүйікті
Бар әлемге жайды Қазақ атағын!

НҮРҒИСА ТІЛЕНДҰЛЫ



Нұрғиса домбыра шерткенде,
Төгілер нәшті сан күйлер.
Күйлерден балқып кеткендей
Тау дөңгелеп, тас билер.

ШӘМШІ

Бар қазаққа желпінтіп ән салдырған,
Атқан таңды өнімен қарсы алдырған.
Шәмшінің шалқар өні қайда барсаң,
Баурындай құшақ жаяр қарсы алдыңнан.

ӘНШІ ҚАЙРАТ БАЙБОСЫНОВ

Шырқатса әнші Қайрат Байбосынов,
Аспанда Күн күлгендей, Ай қосылып!
Сұлу үн, сыңғыр дауыс, тәтті әуендер
Жатады жүрекке еніп, ойға сіңіп.



АТАМЕКЕН АЯУЛЫ

(Жер аты – ел тарихы)

ҚАРАТАУ

Ғасырлар сөзі – Қаратау,
Бабалар көзі – Қаратау,
Батырлар жері – Қаратау,
Ақындар елі – Қаратау,
Қара шанырақ – Қаратау.

АЛАТАУ



Әлемге әйгі Алатау –
Ата мекен баба тау,
Әр қазақтың баласы
Осында тігер ақ отау.

АЙЫРТАУ

Тапқырлықпен сардар болып қосынға,
Таң қалдырған дұшпанын да, досын да,
Ақ киізге Кенесары көсемін
Туған халқы хан көтерген осында.
Мөңгілікке өшпейтіндей Айыртау
Ханмен қатар жырға аты қосылған.

КӨКШЕТАУ

Тұнық көлдер көрмесі,
Сеңгір таулар өлкесі.



Сұлулықтың төресі –
Табиғаттың өркеші.
Көкше, Көкше – көп бояу...
Көкше көркі көпке аян.

ЕРЕЙМЕН ТАУ

Тамаша тау!
Таудың аты – Ереймен.
Таза ауасын жұтсаң, кеудең кеңейген.
Мал баққанға ырыс дарып, құтайып,
Көдесіндей төлі қаптап көбейген.

ТАРБАҒАТАЙ ТАУЫ



Тарбағатай...
Аты оның жоңғарларша
Суыр тау...
Білер өркім келген болса.
Арқар, марал, тау ешкі, аю, қасқыр...
Жотасында қойлардай өрген қанша?!

ДЕГЕРЕС ТАУЫ

Дегерес – жылқы зауыт, өйгілі төр,
Осында өсіп шығады сәйгүліктер.
Қия күздар, жалама шыбын таяр...
Атқа мінбей, әуелі жай жүріп көр.

ХАНТАУ

Хантауының Сұңқар атты асқары
Шу бойында, жалпақ дала төсінде.
Тұңғыш рет қазақ хандық құрғаны,
Балапаным, болсын мәңгі есінде.



АЛТАЙ ТАУЫ

Шығыста Алтай тауы бар,
Алтайдын тәтті балы бар.
Қасиетті қара қонысы,
Иісі түркі табынар.

ХАНТӘҢІРІ

Күнді иыққа қондырған Хантәңірі,
Хантәңірі – табиғат дарқандығы.
Қазақтың дара шыңға қарап өскен
Ойы аласа болмайды (байқа мұны!).

ШЫҢҒЫС ТАУЫ

Тарихы бар ғаламат,
Таудың сәні гүл түсті.
Ақ киізге орап ап,
Хан көтерген Шыңғысты.
Айнымаған сертінен
Ол Шыңғыс хан – ұлы адам.
Қазақ тауы көркімен
Ұлы адамға ұнаған.

ҚАРАТӨБЕ

Атына да, затына да құмар ғып,
Ата жұртым жад есімде тұрар нық...
Қаратөбе топырағын бір уыс
Сақтап жүрмін, тағып жүрмін тұмар ғып.

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

Қасиетті қала біздің Түркістан,
Түркістанды Ай аймалап, Күн күшқан.

Қожа Ахмет Иассауидың күмбезі –
Мекке екінші...
Ағылады ел тұс-тұстан.

ОТЫРАР

Ол кешегі көркем қала – Отырар,
Ойрандалған орнында енді шоқылар.
Шыңғысханнан шімірікпей қорғаған
Бабаларды Құдай өзі қолдаған.
Бас имеген батыр қала Отырар...
Онда ерліктің өшпейтұғын оты бар.

СЕМЕЙ



Семей – қала...
Көрмеген де қызығар,
Ол қалада шәкірт Абай ізі бар.
Жатқа оқысаң ұлы ақынның жырларын,
Бойың түгіл, тоңған ойың қызынар.
Семей – қала...
Мұнда ойнайды отты қан.
Алаңында бала Мұхтар доп қуған...

ҚАРАҒАНДЫ

Қарағанды қара алтынды – көмірлі,
Көмір керек жылытуға өмірді.
Көмір деген қызулы ғой керемет,
Қызулы оттар жадыратқан көңілді.

ТАРАЗ

Ірге соққан жиырма ғасыр бұрында
Тоғыз жолдың торабы –



Тараз қала...
Отпен ұйпай ұрынған
Шыңғысханға обалы!

АҚМЕШІТ

Ақ күріштің астанасы – Ақмешіт,
Ата қоныс, ағайынға бақ бесік.
Қонақ болсаң, хикаясын көп тындап,
Ораласың, қуанышты шақ кешіп.

ҚАПШАҒАЙ

Жағалауы, жағажайы бақшадай,
Жана қала, жаңа теңіз Қапшағай.
Жағасында дем алғандар жыр қылып,
Мақтайды ылғи ауызынан тастамай.

ЕРТІС ӨЗЕНІ

Ертіс – өзен елгезек,
Көмегін мол көресің.
Күтпесін деп ел кезек,
Жүйткітеді кемесін.
Кел, кемеге кел, отыр,
Төңіректі көре отыр.
Әсем қала, сәнді ауыл –
Бәрі саған жан бауыр.

ТАҢСЫҚ ӨЗЕНІ

Танып қой: Таңсық өзені
Аяғөз жерін кезеді...
Ол көне қазақ тілінде
“Жақсы өзен” деген сөз еді.

ЕСІЛ ӨЗЕНІ

Есілім, менің Есілім,
 Сөніндей қазақ көшінің!
 Көсіліп ағар төрінде
 Сарыарқа жалпақ төсінің.
 Жанынан дихан қосының,
 Жайылып ағар Есілім!

СЫРДАРИЯ

Суы мөлдір, топырағы құнарлы:
 Қауынымен қандырады құмарды.
 Әр тамшысы – ақ күріштің бір дәні,
 Күзде таудай әр ауылдың қырманьы.

АЙ ӨЗЕНІ



Жарқырап айдай буланып,
 Ағатын өсем бұралып,
 Көрдің бе Ай өзенін,
 Жүр, ішейік су алып.

АРЫСТАН ӨЗЕНІ

Өзен бар Арыстанды
 Аймағында Шымкенттің...
 Тармағы тербетіп алыстағы
 Көнеден көшелі сыр шерткін...

ЖЕМ ӨЗЕНІ

Мұғалжардың тауынан
 Атырауға асыққан.
 Жем өзені сағына
 Жүгіреді қашықтан.



ІЛЕ ӨЗЕНІ

Тәңіртаудан құлаған,
Күнес, Текес қосылып,
Іле өзенін құраған.
Ағатұғын көсіліп,
Іле өзені ағынды:
“Қайдасың, – деп, – Балқашым?”
Сырғиды алға сабырлы,
Сылап-сипап жартасын.

ӘЛДИ ДЕГЕН ӨЗЕН БАР

Әлди өзен толқыны
Тербетеді бесіктей...
Шомыл да жүз желпініп,
Кел көктемде кешікпей.

БАҚАНАС

Өзеннің аты Бақанас,
Жер атын бекер атамас.
“Келте су” – түркі, монғолша...
Сөздер бар сондай аталас.

АРШАЛЫ ӨЗЕНІ

Көрмегеннің, көргеннің де ансары,
Ақмола мен Көкшетауда Аршалы.
Аршалы өзен жағасына асығар
Тіс шұқығыш іздеп жүрген әр шалы.

АБАЙ ЖАЙЛАУЫ

“Ботақан ошағы”
 Абайдың жайлауы.
 Шырқалған дос өні,
 Қырдағы, ойдағы.
 Ақынның сөздері
 Ауаға сіңгендей.
 Жұрт ділмен сезгендей,
 Құлағын түргендей.

ЖАСЫБАЙ КӨЛІ



Баянтауда киелі көл – Жасыбай,
 Мөлдірлігі періштенің көз жасындай.
 Қара қарға сүңгіп шықса суына,
 Ұқсай қалар қырдың аппақ қуына.

АЛАКӨЛ

Айдыны кең толқынды Алакөл,
 «Дара көл!» – деп, мақтап өнге салады ел.
 Қайық мініп, еркін сайран сала бер,
 Аумен сүзіп, май балығын ала бер.

ТОРАЙҒЫР КӨЛІ

Ақбет таудың етегінде...
 Ерінбе,
 Шомылайық Торайғырдың көлінде.
 Біз сияқты бала Сұлтанмахмұт
 Жүзген шығар өлең түйіп көңілге.
 Біз сияқты бала Шөкен Айманов,
 Қармақ салған осы көлді айналып...
 Киелі көл құшағына тарта ма –
 Сағынышым бара жатыр қайда алып?!



ЖАЛАУЛЫ КӨЛІ

Көлдің аты – “Жалаулы”,
Осындай көл санаулы.
Жел өтінде шалқыған
Көргендейсің алауды.
Туған екен осында
Ақын Иса аяулы.

МАРАЛДЫ КӨЛІ

Маралды көлі – тұзды көл,
Көрмегендер үздігер.
Маралды көлі – айдын көл,
Көріп, қанша қайрылды ел?!
Маралды көлі – шипа көл!
Мені де сылап-сипай көр!

АҚКӨЛ

“Ақкөл” – Торғай жерінде,
Кел де, шомыл көліне.
Ұлы Ахмет Байтұрсын
Сонда келген өмірге.

БАЛҚАШ КӨЛІ

Жартысы тұщы суының,
Жартысы ащы суының,
“Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған...”
Деп тұрғандай “кел маған!”

ШӨМІШКӨЛ

Рахаттана ел ішкен
Сыр бойында Шөмішкөл.
Дөп-дөнгелек шөміштей,
Атауы да келіскен.

ТОЛҚЫН КӨЛ

Ақмоланың жерінде
Аунақшыған Толқынкөл.
Серуендеуге ерінбе,
Көзді арбаған көркін көр.

АҚСҮМБЕ МҰНАРАСЫ

Қаратау. Жота үстінде
Ақсүмбе атты мұнара.
Дес бермей жауға, ешкімге,
Тас қамал болған бұл ара!

АЛТЫНКӨЛ

Көкшетауда Алтынкөл,
Жан саясы – салқын көл.
Бағаласа алтынмен,
Білген екен парқын ел!

БАЯНАУЫЛ

Қызықсаң хұсни Баянға,
Баянда жаяу аянда.
Әр тасқа үңіл – сырын ұқ,
Әр бұлақ сайын аялда.
Бабалар жазған тасқа ойып

Оқып көр ойдың өрнегін,
Қайталап оқы, бас қойып...
Азап деп санай көрмегін.

АБЫРАЛЫ АУДАНЫ

Ежелгі атамекен Абыралы,
Түскендей ортасына шаңырағы.
Қырық жыл бомба жарып улаған соң,
Елі түгіл, жері де ауырады.

МЫҢБҰЛАҚ

Ашқызғандай алып халық бұрғылап,
Ағылады өрден ойға су құлап...
Ақ күмістей мың арна боп жосылған,
Есте сақта,
Семей жақта “Мыңбұлақ”.

НАРЫНҚОЛ

Туған жердің түкпірінің бәрі – төр.
Толып жатыр атамекен, кәрі төр.
Күнге таяу көтерілгің келсе егер,
Әне анау Хантөңірі, Нарынқол!

МАҚТААРАЛ

Оранғандай ақша бұлтқа, ақ қарға,
Оңтүстікке көрпесін күз жапқанда.
Жон да аппақ, жол да аппақ – бәрі аппақ,
Мақтааралым мақта жинап жатқанда.

ОЙЫЛ АУДАНЫ

Қыста қалың ақ қары,
Жазда ыстық аптабы.
Ойыл елдің мақтаны –
Ағыл-тегіл ақ тары.

ҚОРДАЙ АСУЫ

Арғы бетте – қырғызым,
Бергі бетте – қазағым.
Әр қауышу – бір қызық,
Ұмыт жолдың азабын...

ЖОҢҒАР ҚАҚПАСЫ


Бабалар батырлықты елдес еткен,
Көрленген қатер төнсе елге шеттен,
Жоңғардың қақпасынан ішке қарай
Қас түгіл, тас өте алмай жерге шөккен.

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ

Түркістан деген Орта Азия екені
Белгілі ғой, әр шәкіртке жетелі...
“Түркістан” деген сөз екен –
“Ер жүректер, күдіреттілер мекені”.

ТАМҒАЛЫТАС

“Тамғалытас” – көне тарих, ғажап тым,
Тасқа түскен тұңғыш сөзі қазақтың!



АҢЫРАҚАЙ

Аңырақай – үлкен аңғар, кең шатқал,
Сонда талай сойқан болған жау шапқан.
Сонда жеңіп батырлары қазақтың
Жоңғарларды тұралата қаусатқан.

АЛТЫНЕМЕЛ


Алтынемел деген сұлу жер осы.
Ер-тоқымдай таудың биік белесі...
Көзін жұмған жері ұлы Шоқанның,
Қасиетті бір мүйісі Отанның!
Алтынемел! Жүрегіңе жақсын от,
Шоқан баба аруағына төжім ет!

ШӘУІЛДІР

Қара қоныс Шәуілдір!
Қалың бақша, қалың гүл...

МЫҢАРАЛ

Балқаш көлде Мыңарал,
Мыңаралда мұра мол...



АТЫҢНЫҢ ЗАТЫН АНЫҚТА

АҚАТ

Қуантты Ақат озғаны,
Еңбектің нағыз ері боп.
Арабша Ақат сөз мәні
Жеке-дара, теңі жоқ.

АКБАР

Зерттеп туған өлкені,
Ақбар құжат көп терді...
Ақбар – ұлы, үлкені,
Арабша есім көптенгі.

АЙНА

Болжар істің алды-артын,
Айна жеңгей байышты...
Айна – таза, ақ жарқын,
Атына заты лайықты.

АРҒЫН

Арғынбайдың жыры мол:
Көпке ұнайды бүгінде...
Арғын – жүйрік, күлік ол,
Көне түркі тілінде.

АЙНИ

Ғылыми мұра, көп нұсқа
Қалдырды Айни артында...
Айни – мәнiс, түпнұсқа
Деген сөздің парқында.

АБЫЛАЙ

Тарихтан білдік танысып,
Абылай сардар, хан екен...
Жеңімпаз – бұл сөздің мәнiсi
Арабта көптен бар екен.

АЙДЫН

Табатындай алтын мол
Айдын тауды кезеді...
Айдын – айқын, жарқын ол,
Түрікше көне сөз еді.

АҚМАР

Қарт тарихтан ұзын не:
Ақмар соны ақтарған...
«Ақмар» десе, «қызыл» де,
Арабша есім сақталған.

АШРАФ

Қолында жаңа бағдары
Ашраф жолы ашылды...
Ашраф – бекзат, дегдарлы,
Жұрағаты асылдың.

ӘМІР

Аға қадірін біле біл,
Әмір – сыйлы нар ағаң...
Әмір деген бұл өмір.
Ат арабтан тараған.

ӘБІЛҒАЗЫ

Әбілғазы күнесте
Жүреді гүлдер өсіріп...
Дін жолында күрескер,
Бұ да араб есімі.

ӘДИНА

Демегей: «Келген ол қайдан?»
Әдина – ауыл түлегі.
Әдина – жұма, ол мейрам.
Парсыша аттың біреуі.

ӘКРАМ

Көкшеге жүрші, ертейін,
Құмарың, Әкрам, қанар-ақ...
Асқан жомарт, кең пейіл,
Мөнісі сондай арабы ат.

ӘЗИЗ

Шыңгер Әзиз сынап күш
Тауға өрмелер жаз күні...
Ұлы, қымбат, тыңайтқыш –
Арабша аттың мазмұны.

ӘЗІМ

Қалай шапшаң, неден тез
Әзім шебер салады үй?
Әзім – ұлы деген сөз,
Бұл бір есім араби.

ӘНЕС

Батыл қадам жасаған
Қияға Әнес шындағы...
Әнес – ол дос, дос адам.
Арабша есім бұл дағы.

ӘНУАР



Тұтамын мақтан кұрбымды:
Әнуардай іскер білікті...
Деген сөз Әнуар күн нұры,
Арабтан бізге сіңіпті.

ӘДИ

Әдиді ұмыт қалдырма
Қадірлеген қалың ел...
Әди – лектін алдында,
Деген сөз арабша жауынгер.

ӘПСАМАТ

Әпсамат жүрмес қанғырып,
Өтпесін босқа есіл күн...
Әпсамат – ізгі мәңгілік,
Солай ұқ мәнін есімнің.



ӘСЕЛ

Суреттер сызып, өрлеген
Көрмейді Әсел бір тыным.
Сөз екен Әсел бал деген
Тілінде араб жұртының.

ӘБУ НАСЫР

Әбу Насыр теңі де аз
Ұлы ғалым, данышпан...
Әбу Насыр – жеңімпаз
деген сөз
Арабтан ауысқан.

ӘСЕТ

Білерсің, өзің таныссың,
Ақын Әсет өйгілі...
Арабша бұл сөз – арыстан
Қаһарлы, күшті айбыны.

ӘСЕР

Тандантты Әсер біздерді,
Жақсы де бізді жаратса...
Ескерткіш, ықпал, із, белгі –
Әсер – ол есім арабша.

ӘСЕТОЛЛА

Әсетолла барлай шолып жан-жағын,
Жайлап қана жақындайды жаныңа...
Арыстаны, қорғанышы Алланың –
Ол есімде, міне, сондай мағына.

ӘБСАЛАМ

Әбсалам көптің бірі ме,
Сөз сөйлейді ол көсіліп.
Құтқарушының құлы де,
Әбсалам – араб есімі.

ӘЛІМ

Ақылын айтар ағаң бар,
Көз жасын, Әлім, көлдетпе...
Әлім – ол – білгір, хабардар,
Арабша есім, әлбетте.

ӘБІЛҚАЙЫР

Әбілқайыр ділімен
Әділдікке жүгінген...
Қайырымдының баласы
Деген сөз, араб тілінен.

ӘЛІП

Ұста Әліппен қосыла,
Тіреу қақтым қосыма...
Әліп – дос. Бұл арабша,
Адал бол өз досыңа.

ӘШІМ

Әшім – өте сабырлы,
Ұнатпайды ашуды...
Құрметті де қадірлі
Деп ұққын атын Әшімнің.

ӘШІР

Әшір – ұлан талапты,
 Демегей істі болымшы.
 Бұ да – есімі арабтың,
 Әшір яғни оныншы.

БАЯН

Қадірледі Баян уақытты
 Әр сағат оған аяулы...
 Алаңсыз, ашық, бақытты –
 Мәні сол бізше Баянның.

БОДАН



Кешікті ме бүгін де,
 Бодан қалай келмеген?!
 Көне түркі тілінде
 Бодан – халық, ел деген.

БЕГЕШ

Қанбасардың түбінде
 Бегешті жұрт таныды...
 Көне түркі тілінде
 Бегештің мәні – хан ұлы.

БАЗАН

Базанға ұстаз қарады
 Дегендей: «Нағыз батырың!...»
 Бассейн, су алабы –
 Мәні сол араб атының.



БАҒДАТ

Көрінді Бағдат қарасы
Ішінен таяу бау-бақтың...
Құдайдың берген баласы –
Парсыша мәні **Бағдаттың**.

БАДЫР

Мамандығы ұстарған
Бадыр көпке қадірлі...
Бахадүрдің қысқарған
Түрі деп біл **Бадырды**.

БҰРХАН

Бұрхан атты сайғакты,
Әдемі аңға қарап қал...
Себеп, дәлел, айғакты
Бұрхан деген арабтар.

БӘКІР

Бәкірге аян зат есім,
Ұқтырды оны Таңатқа...
Бәкір деген ат-есім –
Зерттеуші екен арабша.

БАРИ

Оралды Бари неден тез,
Жүр еді жана жарысып?
Жаратушы деген сөз
Бари есім мәнісі.

БАРАТ

Барат – сенің дос аған,
Аузына елді қаратты.
Тыныс алған, босаған –
Мағынасы **Бараттың**.

БИНЕШ

Бинеш, саған бүгінде
Ойлама ешкім тимес деп.
Ақыл-ой парсы тілінде
Айтылады **Бинеш** деп.

БАЙҚАРА

Байқара жіті байқаған:
Ертістің қатты ағысы...
Түркі сөзі – **Байқара**,
Жойқын деген мәнісі.

БЕЙБАРЫС

Күрессен дөймен, Бейбарыс,
Ішінен шал да, атып ұр...
Бейбарыс – күшті жолбарыс,
Түркінің көне аты бұл.

БИБІ

Гүл бақшаны ұдайы
Бибі жүрер аралап...
Ханым... молла жұбайы –
Бибі – ежелгі арабы ат.

БОСТАН

Сағди ақын “Бостанын”
Қазақша оқи бастадым...
Бостан – ол – гүлзар жайнаған,
Парсыдан таптым бастауын.

БАҚИ

Мадақтаймыз Бакиды,
Мақтауға ол татиды...
Бақи деген мәңгілік,
Бұ да – арабтың аты игі.

БАНУ

Мінезі аса сабырлы,
Сыйлады Бану бөріңді...
Бану – ханым деген сөз,
Парсыша есім қадірлі.

БҮЛДІРШІН

Бүлдіршін шықты төбеге,
Аумағын шолып жұртының.
Бүлдіршін деген бөдене,
Есімі көне түркінің.

БІЛӘЛ

Лай жағатын қалақша
Сыйлады Біләл Азатқа...
Біләл – ылғал арабша,
Ауысқан сөз қазаққа.

БІЛГЕ

– Білге ағаң ба, інің бе? –
Сұрадым солай Қамардан.
Білге деп түркі тілінде
Кемеңгер сөзі аталған.

БЕГЕНДІК

Шахматтан данқы дүрілдеп
Бегендік озды тағы да...
Бегендік түркі тілінде
Қуану деген мағына.

БАБЫР

Кітабын оқып Бабырдың,
Өткеннен көпті танығам...
Парсыша есім көдімгі,
Мәнісі-мәні: қабылан.

БАСЫР

Болса егер Басыр көген көз,
Мойындар қайдан қатесін?!
Басыр – ол – алғыр деген сөз,
Арабша бұ да ат-есім.

ГАУҒАР

Көңілдегі ойын жасырмас
Гауһар келсе, қарап қал...
Гауһар – інжу, асыл тас,
Солай дейді арабтар.

ҒАЙНИКАМАЛ

Ғайникамал ар үшін
Сыйлады жұртты имамша...
Кемелдінің мөнісі
Ғайникамал иранша.

ҒИЯС

Ғияста бар өр талап.
Жан серігің жолда алыс...
Ғияс – түркіше – қолғанат,
Үлкендерге қолғабыс.

ҒИЗАТ

Еңбегі елге сыйлы еді,
Ғизатты мен де жараттым...
Құрмет, сый, адал, құрметті,
Ғизат – аты арабтың.

ҒИНАЯТ

Бекерге оған кейідің,
Ғинаят – ұлы Талаптың...
Жомарттық, алғыс, мейірім,
Ғинаят – аты арабтың.

ҒИДАЯТ

Ғидаят атпен құйғытты,
Алты айналып парадта...
Мерекелік сыйлықты
Ғидаят дейді арабта.

ҒАРИФОЛЛА

Ғарифолланың келгіші –
Ауылды қатты сағынған.
Демеуші, жәрдем беруші –
Ғарифолла қадымнан.

ҒАБДІЛҒАЗИЗ

Жұртты аузына қаратса,
Ғабділғазиз дарынды...
Ғабділғазиз арабша
Құрметті де қадірлі.

ҒАНИ

Ғаниді қанша өуре етті
Азабы мынау фәнидің.
Бай, ауқатты, дәулетті –
Арабша мәні Ғанидің.

ДАТ

Дат – әкесі Сырымның,
Дуалы сөзін ұғынғын...
Дат – әділдік деген сөз,
Парсыдан қалған бұрынғы.

ДАНИЯР

Еңбекке арнау әр күнін
Даниярдың асыл мұраты...
Данияр – Алла тартуы,
Жөйттің көне бір аты.

ДӘНЕШ

Әнші өткен аты зор,
Дәнеш – талант ірі де...
Дәнеш – білім, ғылым ол
Жаңа парсы тілінде.

ДИЯР

Тың хабар Дияр таратса,
Келтірген жаңа айғақты...
Дияр аты арабша
Мегзейді елді, аймақты.

ДАНАЙ

Жолыққан сайын қадалып
Данайға дәйім қараймын...
Ілімгерлік, даналық –
Парсыша мәні Данайдың.

ДУБАЙ

Дубай қызық кешіп жүр,
Дубай желдей есіп жүр...
Атағы, данқы ассын! – деп
Тілеуден қойған есім бұл.

ДИАС

Азамат Диас бүгінде,
Із басар есті ұлы бар...
Күн, күндіз испан тілінде,
Диастың атын біліп ал.

ДӘУІТ

Қай жаққа Дәуіт асықты
 Мұңаю бар ма түрінде?!
 Сүйікті, сүйген, ғашықты
 Дәуіт дер еврей тілінде.

ДАЙЫР

Оралар Дайыр жуықта:
 “Бабамның қайран елі!” – деп.
 Арабша Дайыр, ұмытпа,
 Мағына-мәні төңірек.

ДАНИЯЛ

Даниял – ердің бірі де,
 Емес ол жай бір көген көз.
 Даниял – араб тілінде
 Төңірдің сыйы деген сөз.

ЕЛДАР

Елдар: – Түп жоқ білімде
 Дейді, – інжу түбінде...
 Елдар деген жол бастар
 Көне түркі тілінде.

ЖАУАТ

Талай-талай бел асып,
 Жауат гүлдер теріпті...
 Жауат – жомарт, қолы ашық.
 Арабтан бұл ат келіпті.

ЖАМБЫЛ

Тарихи мәні әр қанша,
Жамбылдың том-том жыры бар.
Жамбыл – қорған монғолша,
Мағынасын ұғып ал.

ЖӘНІБЕК

«Жәнібек жақсы ән шығарды», –
Деді маған танысым...
Жаны берік, шыдамды
Түркіше есім мәнісі.

ЖӘМШИТ

Күтеді ерлік сенен де ел,
Жәмшит, ұқса затына...
Жәмшит – ұлы, кемеңгер.
Бұл – парсының аты да.

ЖӘМИ

Шақырды үйге Төленді
Көкшеде Жәми танысқан...
Жәми – ол толық, кемелді.
Арабтан бізге ауысқан.

ЖҮНІС

Дос көңілін ұғарсын,
Жүніспен көріс күніге...
Жүніс деген көгершін
Көне жөйіт тілінде.

ЖАРАС

Еңбек етіп ел үшін,
Танылған Жарас білікпен...
Жарас деген келісім,
Жеткен ат көне түріктен.

ЖАНДАР

Ұсынар көпке қол ұшын
Әдеті Жандар көршімнің...
Күзетуші, қорұшы деген сөз
Мәнісі осы есімнің.

ЖАНАН

Жананның досы жақсы де,
Мінезі жоқ-ау жасанды...
Жанан – сыйлы, нақ сүйер.
Парсының аты қашанғы.

ЖӘЛЕЛ

Он жаста Жәлел ұғынып,
Құранды жаттап алыпты...
Жәлел бізше – ұлылық,
Мәртебелі, даңқты.

ЖӘДІГЕР

Жәдігер үйге кеш келді,
Түнінде ненді ұйықтайсың?!
Ескерткіш не естелік –
Жәдігер деп ұққайсың.

ЖАҚЫП

Армандасың шыңға асар
Жақып ашық сырласар
Көне жөйт тілінде
Жақып деген ізбасар.

ЖАҒЫПАР

Жағыпар көрді су ақты
Ылдиға қарай кезеңнен...
Арабша жылға, бұлақты
Жағыпар дейді ежелден

ЖАДАЙ

Суретті Жадай жаңалап,
Қызықтап ылғи қараймын.
Арабша жаңа, жаңарак
Мағынасы Жадайдың.

ЖАПАР

Біле берсін жер танып,
Жапарды елге апардым...
Әмірші, батыр, ер, алып –
Қазақша мәні Жапардың.

ЗӘКИ

Қияннан құсты көреді,
Қалмайды Зәки қапыда...
Зәки – алғыр, зерегі...
Заты сай араб атына.

ЗИЯ

Сөз сөйлегіш жұлына,
 Зия аумайды жаршыдан...
 Зия – жарық, шұғыла,
 Сінген есім парсыдан.

ЗИБА

Сыйлаймыз оны бөріміз:
 Оқудың Зибә озаты...
 Біздіңше, Зибә – ару қыз,
 Көне парсының төл аты.

ЗУХРА



Зухра: – тірлік сынында
 Солқылдау, – дейді, – сорақы!..
 Зухра – ашпақ, шұғыла,
 Арабтардың төл аты.

ЗҰЛШЫҚАР

Зұлшықар – ердің інісі,
 Ерлігін тында атаңнан...
 Хазірет Әлі қылышы
 Арабша солай аталған.

ЗЕРЕК

Құрбының маңдай алды ғой,
 Зерек жан құштар білімге...
 Зерек – ол бізше, алғыр ой
 Парсының көне тілінде.



ЗӘУІР

Зәуірді жібер елші етіп,
Ел басы құптап жаратса...
Женіс пен ерлік көрсету –
Зәуірдің мәні арабша.

ЗҮБӘЙДА

Зүбәйда біздің жүр қайда?
Бізден де сәлем жолданыз...
Тартылған сыйлық – Зүбәйда.
Арабтан келген олжамыз.

ЗАХИД

Талапшыл Захид тамызда
Суретін сырлап жаңартты...
Захид – ол сопы, абыз да,
Есімі екен арабтың.

ЗҮБАЙЫР

Зүбайыр, бізді шақырған
Көрсетіп құйған мүсінін.
Зүбайыр – мықты, ақылман,
Аты бұл араб иісінің.

ЗАДА

– Ерлікке ылғи бас ұр! – деп,
Баулиды Зада ұланды...
Зада – ол ұрпақ, нәсіл де,
Парсыша бір ат ұнамды.

ИСА

Қазақтың Иса ақыны
Лаулаған жыр боп жалынша...
Иса – ол Алла рақымы,
Исустың өзі қадымша.

ИБАДАТ

Ибадат қыздың Нұрада
Ежелгі ата қонысы...
Ибадат – діни дұғада
Мұсылманның борышы.

ИМАН

Сазы кандай ұнайды,
Иман – өнші жас інім...
Иман – сенім Құдайға,
Жүректегі асылың.

ИЗЗАТ

Иззат үйді жиды деп,
Бір көргеннен жараттым...
Иззат – қуат, сый-құрмет,
Көне есімі арабтың.

КАМАЛ

Қуантты әкім Камалды,
Камалдың үйі жаңарды...
Камал десек, арабша
Кемелге келген адам бұл.

КӘРІМ

Қазак
Кәрім сияқты
Ат қояды білген-ақ!..
Кәрім – күшті, қуатты,
Арабшадан кірген ат.

КҮБІРӘ

Күбірә сөйлер көсіліп,
Тындаған жақсы көрерлік...
Күбірә араб есімі:
Асқан ұлы дегендік.

КҮЛӘНДАМ

Күләндам тілі тым төтті,
Тындаған қарттар қуанды...
Күләндам – бізше сымбатты,
Парсыша бір ат ұнамды.

КЕРЕЙ

Бұрды да Керей бұлақты,
Толтырсын деді өзенді...
Керей деген күшті, қуатты,
Түркінің сөзі ежелгі.

ҚАБЫЛ

Құрметтейміз Қабылды,
Өйткені ол дарынды...
Арабша бұл есімнің
Мәні: шебер, қарулы.

ҚАЙЫМ

Жасынан зерек зайырлы
Жұртшылық білер Қайымды.
Қайым – мөңгі жасаушы
Деген сөз арабша байырғы.

ҚАРАБАЙ

Тыжырынба баладай,
Жаман ат па Қарабай?!
Әлуетті өмірші деген сөз,
Біл түркі тілін бағалай.

ҚАДЫР



Қадырдың ойлы өлеңі
Жасыңнан жақын досыңдай...
Қолынан бәрі келеді –
Арабша мәні осындай.

ҚОЖА

Көңілің – айна ғажайып,
Қожа, саған төнтіміз...
Қожа – мырза, қожайын,
Парсыдан алдық атын біз.

ҚОЖАН

Қожан көзі қарақты
Жастан айқын аңсатты...
Мақсатшыл да талапты
Деген Қожан парсы аты.



ҚҰМАЙ

Құмай дейді: “Мені құш,
Саған да сый бар шығар!”
Бақыт құсы – феникс,
Құмай, бұ да парсыдан.

ҚАМАР

Зулайды достар тоқтамай,
Солардан Қамар қалар ма?!
Қамар деген көктегі Ай.
Арабы ат таныс маған да.

ЛАТИФ


Әнімен аты жайылған
Әлемге Латиф аян-ды...
Латиф – рахман, мейірбан,
Арабша бір ат аяулы.

ЛӘШКЕР

Ләшкер бәйгі алды, иә,
Озып жазған жырымен...
Ләшкер – өскер, армия,
Бұл да парсы тілінен.

МҰХТАР

Ойлап қапы қалмауды,
Ынтықты Мұхтар білімге...
Мұхтар деген таңдаулы
Көне араб тілінде.



МӘРИЯ

Шаһардың тұрған түбінде
Мәрия жақсы танысым...
Мәрия араб тілінде
Кекілік екен мәнісі.

МАРХАБА

Соңында қалма көштердің,
Мархаба, көлік бар шығар...
Мархаба – сыйлы, қош келдің,
Осылай дейді парсылар.

МАҚПУЗА



Жақтырмас өсте мақтауды
Мақпуза, кішіпейілді...
Мақпуза, демек, сақтаулы,
Арабша ат бізге дейінгі.

МҰХЛИС

Жез қонырау, сынғыршыл:
Мұхлис елти тыңдады...
Мұхлис – адал, шыншыл,
Арабша есім бұл-дағы.

МАЗДАҚ

Маздақ – өлі жас адам
Өнерін жайған ауылға...
Маздақ – Алла, Жасаған,
Парсы сөзі деп қабылда.



МҮБӘРАК

Мүбәрак дос қыздырған
Үйдің пешін тұрақты...
Алғыс алған, ізгі жан,
Арабша де бұл атты.

МҰЗАФАР

Шексек те бірге жүз сапар,
Шарпадым демес Мұзафар.
Мұзафар бізше – жеңімпаз,
Арабша атқа тіз қатар.

МҰСТАФА

Қазақтың көсем арысы
Мұстафа Шоқай – ұлы айбын.
Арабша оның мәнісі
Сүйіктісі Құдайдың.

МӘЛІК

Еліне жырдай жарасып
Ер Мәлік даңқын таратқан...
Мәлік – патша, ел басы,
Ауысқан ат арабтан.

МҰХАММЕД

Мұхаммед жалғ қаратты,
Дүниені дінмен таңғалтты...
Даңқы да асқан, мадақты
Деген сөзі бұл-дағы арабтың.

МӘДИНА

Мәдина – өн шебері,
Таусылмайды өлеңі...
Мәдина – ат парсыша
Ізгі қала дегені.

МАРДАН

Марданға сөз бе басқасы,
Бес тілде сөйлер көсіліп...
Жаужүректердің патшасы –
Мардан – ол парсы есімі.

МАҒАЗ



Ойыншық жасап қолдан мол,
Бізге әкеп Мағаз таратты...
Мағаз – пана, қорған ол,
Арабтан алдық ол атты.

МӘКІЛ

Бүртияды баладай,
Мәкілдің не жыны бар?!
Мәкіл – біздіңше – пана, жөй,
Арабша ат деп ұғып ал.

МАНСҰР

Әуен-сазы келіскен
Мансұр өнін тыңдай бер.
Мансұр деген жеңіскер,
Арабша атты сайлайды ел.



МУДДАРИС

Мұддарис – елге таныс жан,
Әңгіме бастар алыстан...
Мұддарис – ұстаз, төлімгер,
Арабтан бұл ат ауысқан.

МӘЖИТ

Мәжит таң ғып халықты,
Аузына дәйім қаратқан...
Мәжит деген даңқты,
Сіңген есім арабтан.

МИФТАХ

Мифтах қатар жүргенде
Сырласым мауқым басатын.
Кілт, ашқыш – Мифтах білгенге,
Арабша мәнін ашатын.

МАРХАБАТ

Мархабат, неге кейідін
Суы лай деп бұлақтың?
Мархабат – бізше мейірім,
Парсыша де бұл атты.

НАЗАР

Нанады Назар сөзге рас,
Айнымай ата ғұрпынан...
Назар – ол – пейіл, көзқарас,
Сіңген ат парсы жұртынан.

НИЯЗ

Нияз – ескі танысым,
Тыңғылықты өр ісі...
Мейірбандық, қайырым –
Парсыша есім мөнісі.

НҰХ

Көріп үлкен қуаныш,
Нұх шығыпты сатыға...
Нұх – арабша жұбаныш,
Нұх – пайғамбар аты да.

НҰРИ



Нұри емей, кім ие
Мұраға қалған атадан?!..
Нұри – жарық дүние,
Түркіше солай атаған.

ОЛЖАЙ

Олжай деген бауырды
Жиі көрем бүгінде...
Олжай деген салымды
Көне түркі тілінде.

ОСМАН

“Білімге ғана құнықшы”, –
Дейді Осман жездеміз.
Осман деген сынықшы,
Бұл арабша сөз деңіз.



ОРАЛ

Суреттеріне қарап ап,
Оралды еске ал бүгінде...
Орал – шаттық, қанағат,
Көне түркі тілінде.

ОМАР

Төгілтсе Омар кемел сөз,
Әр үйдің ашық есігі...
Кажыға барған деген сөз –
Омар – араб есімі.

ӨЗБЕК


Қастерлер өзбек ағанды
Түркілер басы біріксе...
Жүрегі мықты, табанды
Деген сөз көне түркіше.

РАЙХАН

– Апаң келді, алақай!
Ашшы, Райхан, ұйқынды...
Райхан – бөпе, балақай,
Арабша есім сүйкімді.

РУХИЯ

Рухия емес той құмар,
Еңбекпен ырза терлесе...
Рухия деген бойтұмар,
Арабша есім ендеше.



РАШИД

Рашид кұран ақтарды
Қайта сала мешіттен...
Түзу жолда аттаушы,
Арабша атың есіткен.

РАУЗА

Рауза өндер заулатса,
Қарттар да тыңдап қуанар.
Рауза деген бау-бақша,
Парсыша есім құп алар.

РҮСТЕМ



Рүстем терді қарақат
Тоғайға барып қырдағы...
Рүстем – мықты, алапат
Деген сөз екен бұл-дағы.

РАФҚАТ

Мамыр туа, жаз шығып,
Рафқат гүлзар күтеді...
Рафқат деген жақсылық,
Парсыша есім бұл, тегі.

РАҚИЯ

Жұлдені алып екінші
Рақия көпке танылды...
Рақия – тағзым етуші,
Арабтың аты көдімгі.



РАСУЛ

Сенімім дінге бекіді,
Көп ұқтым Расул атамнан.
Расул – Алла өкілі,
Мұхаммед солай аталған.

СӘБИТ

Оқы Сәбит ағанды,
Қолға ал томын таң атса...
Қайсар, берік, табанды
Деген сөз Сәбит арабша.

СӘУЛЕТ

Бір суретінді қолқалап,
Көрмеңе, Сәулет, келіп ем...
Билік пен күш, салтанат
Арабша сәулет делінген.

САҒАДАТ

Сағадатты көр мақтамай,
Бар чемпион атағы!..
Сағадат – бақыт, бақ-талай,
Бұл-дағы араб атауы.

САҚЫП

Сыбағадан тиесі
Құр қалмайтын Сақып бұл...
Сақып – мырза иесі,
Көне араб атын біл.

САРА

Сара ақын, білікті,
Сайраған ел-жұрт жиналса...
Текті, жақсы, ірікті
Сараның аты иранша.

СЫДЫҚ

Сыдық жасыл далаңнан
Көп теріпті дәру шөп...
Сыдық бізше адал жан,
Араб атын танушы ек.

САПИЯ


Сапия жақсы жазады өн,
Қарындасы досымның...
Күнөдан пәк, таза жан,
Арабтан бұл сөз қосылды.

САРДАР

Сардар бізбен қолдасып,
Бірге ойнайды күнімен...
Сардар деген қолбасы,
Сіңген сөз парсы тілінен.

СЕЙФОЛЛА

Сейфолла жұрттан пайдасын
Аямас жаңа сағатша...
Жаратқанның найзасы
Деген сөз екен арабша.



СОФИЯ

Өзгеден ыстық, жақын ғой,
София – дәрігер білікті.
София – дана, ақыл-ой,
Гректен бізге сіңіпті.

САДЫР

Найманнан өсіп тараған
Іргелі ата бірі, – де...
Садыр – басшы, ел аға
Деген сөз араб тілінде.

СИРАЖ

Сираж ойшыл туғаннан,
Қиялын сермер қанатша...
Сираж бізше шырағдан,
Ол есім де арабша.

САДЫҚ

Садық – батыр жалаң төс,
Хан Кене ұлы айбынды...
Садық біздіңше адал дос,
Арабтан бұл ат жайылды.

САСАН

Сасан – күшнаш, дүр емші,
Ел танитын білікті...
Сасан бізше тіленші,
Ат парсыдан сіңіпті.

СҮЛЕЙМЕН

Су патшасы Сүлеймен,
Ақылға кен сүлей ең.
Бейбіт деген сөз екен,
Арабтан шығып бізге енген.

САЛЫҚ

Жасы үлкенді сыйлауды
Біздің Салық біледі...
Салық – ізгі, иманды,
Арабша аттың біреуі.

САФИ



Үш-төрт күнде санаулы
Сафи дастан жаттады...
Сафи бізше қалаулы,
Бұл арабша ат тағы.

САНЖАР

Жандосов ұлы Санжарды
Білмессің, әлде білерсің.
Өткір көз деген сөз аужайы,
Арабтан енген бұл есім.

САТТАР

Жағасы жайлау Есілдің,
Саттарға жақты жылы ауа...
Саттар деген есімнің
Арабша мәні рауа.



СӘЛІМ

Демейтін: “Есті біз-ақпыз!”
Сыпайы Сәлім мінезі...
Сәлім – сап-сау, сызатсыз,
Арабша есім бұл өзі.

СҮЙІМ

Ата-анаға жұбаныш
Сүйім атты сәби бар...
Сүйім – шаттық, қуаныш,
Түркіше ат деп таныңдар.

САМАТ

Әсем-ау күйдің толқыны
Тебірентер Саматты...
Самат сөзінің төркіні
Мәңгілік сөзі арабтың.

САИД

Саид көргіш алысты:
Шолады бәрін алаптан...
Бақытты және табысты,
Саид сөзі де арабтан.

САЯТ

Төсек әне салулы,
Саят, көне төрге жат...
Саят – аңпы кәдімгі,
Бұ да арабтан келген ат.

СҰБЫҚАН

Сұбықан, бекер алақтау,
 Тұрмайды білгір тосылып...
 Сұбықан – мақтау, мадақтау,
 Арабша есім осы бір.

ТАУШЫҚ

Тирде Таушық оқ атса,
 Дөп тигізер қадап-ақ...
 Таушық – табыс арабша,
 Қазақша айтсақ – қанағат.

ТАЙЫП



Құшағы маған жайылған
 Тайып – бір бөлем аяулы...
 Тайып – ол – абзал, мейірбан,
 Арабтан бұл ат тараулы.

ТӘЛІП

“Алаш мына біз!” – деуші,
 Тәліптің зор мұраты...
 Ізденуші, іздеуші,
 Тәліп – арабтың бір аты.

ТАЙЫР

Бір сурет салды төрт жаздай,
 Тамаша!
 Тайыр дүр екен!
 Тайыр – таза мұнтаздай,
 Арабша аттың бірі екен.



УӘЙІС

Уәйіс бабын келтіріп,
Еккендері өнікті...
Уәйіс бізше бөлтірік,
О да арабтан еніпті.

УАҚИТ

Уақит ара өсіріп,
Жайлайды жаздай тау ішін...
Уақит – араб есімі:
Жалғыз ұл деген мәнісі.

ҰЗАҚ


Жалықпай Ұзақ тау да асар,
Ізіне түссе түлкінің...
Ұзақ деген сөз көп жасар,
Көне бір аты түркінің.

ҰСТАД

Ұстад аға – әділ ер:
Өтірікшіге өш екен...
Ұстад – ұстаз, тәлімгер,
Парсыша мәні осы екен.

ҮММҮГІЛСІМ

Үммүгілсім жарысып,
Қуантты бізді озып кел...
Үммүгілсім мәнісі:
Дөңгелек жүзді, толық бет.



ФӘРИДА

Фәрида өрнек салады,
Өлеңмен өрі сөзбенен.
Фәрида – інжу бағалы,
Арабтан біздің тілге енген.

ФАЙЗОЛЛА

Бокстың өжет батыры –
Файзолла!.. Топқа қосып ал.
Файзолла – Алла рақымы,
Парсыша сондай есім бар.

ФАРХАТ



Фархатқа бар іс жұбаныш,
Ынтасын керіп білесің...
Фархат деген қуаныш,
Арабтан келген бұл есім.

ФУАТ

Жанары жылы шуақты
Танимын көптен Фуатты...
Фуат – жүрек, ақыл-ой,
Арабтар тапқан бұл атты.

ФАТИХ

Дұрыс деп, Фатих, келісің,
Қуанды достар мұндағы...
Жаулаушы және жеңуші,
Арабша есім бұл дағы.



ХАБИБ

Хабибты жақсы таныр бол,
Өнердің о да арысы...
Сүйікті дос – **Хабиб** ол –
Арабша есім мәнісі.

ХАЛИД

Халидты мен де ұнаттым,
Айтқызбай ұғар жайыңды...
Халид – мөңгі, тұрақты,
Араби есім байырғы.

ХҰДИЯР

Әдейі іздеп барғаным,
Хұдияр қойшы қырдағы...
Сүйіктісі Алланың,
Парсыша есім бұл-дағы.

ХАКІМ

Хакім сырттан, алыстан
Елге білім жаяды...
Хакім деген данышпан,
Арабтың сөзі баяғы.

ХҰСАЙЫН

Мүсіндер жонған кайыңнан
Хұсайын зергер нар ағаң...
Хұсайын – жақсы, мейірбан,
Арабтан бұл ат тараған.

ХАИТ

Күндіз-түні ой қуған
 Ой түбіне бір сүңгір...
 Хаит – мейрам, той-думан,
 Түркіден қалған бір сөз бұл.

ХАДИША

Хадиша, жазда суда жүз,
 Пайдасын қыста көресің...
 Хадиша – шала туған қыз,
 Арабша ескі бір есім.

ХАЛИМА

Майданда даңқы жайылған
 Халима жеңгей – батыр қыз.
 Халима – момын, мейірбан,
 Білеміз араб затын біз.

ХАЛЕЛ

Білімге Халел қол артқан,
 Даланы гүлмен жаңартқан...
 Халел деген – адал дос,
 Бұл ат та келген арабтан.

ХИКМЕТ

Хикмет жүзі қабарып,
 Бетпақтан келді бесінде...
 Хикмет бізше даналық,
 “Бұл – арабша есім”, – де.

ХАЙРОЛЛА

Хайролла – ауыл ақыны,
Сан рет озған жарыста...
Хайролла – Алла рақымы,
Арабтан бізге ауысқан.

ШЫҢҒЫС

Атағы кеткен алысқа,
Жазушы Шыңғыс арыстан...
Шыңғыс – ол ұлы деген сөз,
Монғолдан бізге ауысқан.

ШӘКІР

Ғылымға Шәкір талпынып,
Іздейді кітап шарқ ұрып...
Арабша есім мәнісі:
Шәкір – разы, төнтілік.

ШӘРБАН

Қалдың ба мені сағынып,
Қарайсың, Шәрбан, тесіліп...
Падиша, өлке өмірі,
Шәрбан бұл парсы есімі.

ШЕР

Аты жеткен алысқа
Шерхан жұртқа әйгілі...
Шер – арабша арыстан,
Аян кепке айбыны.

ШАМСИЯ

Шамсия жалт қараса,
 Мүз жүрек те елжірер...
 Шамсия – күн арабша,
 Күндей болсаң ел білер.

ШАХИМАРДАН

Шахимардан от басып,
 Талайды бастан өткерген...
 Жүректілер патшасы,
 Парсылар солай ат берген.

ШӘРІП



Біліп барар бағдарды,
 Шәріп өзін жұбатты...
 Шәріп – ұлы, дегдарлы,
 Арабша де бұл атты.

ШАМСОЛЛА

Шамсолланы сыйлаймын,
 Ұнатпаса да кей көкем...
 Шамсолла – күні Құдайдың,
 Арабтар солай дейді екен.

ШАРАФ

Қалдырса атаң өсиет,
 Қадірін, Шараф, білесің...
 Шараф – ол данқ, қасиет,
 Парсыдан шыққан бір есім.



ЫБРАЙЫМ

Ыбрайым бапты күнінде
Сөйлесін неге шатасып?!
Ыбрайым жөйт тілінде:
Халықтардың атасы.

ЫҚСАН

– Шұғыласы жайылып, –
Деді Ықсан, – күн жылынды.
Жақсылық пен кайырым,
Арабша аттың ұғымы.

ЫҚЫЛАС


Ықылас бақты адам ғып,
Ырза оған жасы, кәрісі...
Риясыз достық, адалдық
Парсыша есім мәнісі.

ЫСРАИЛ

Қылқалам алды қолына
Ысраил шәкірт күнінде...
Күрескер Құдай жолында,
Мәні сол еврей тілінде.

ІСМЕТ

Ісмет күтіп-бағады ол,
Аялайды атаны...
Ісмет – қорған, пана ол,
Араб тілі атауы.



АЙНАЛАДАҒЫ АЛУАНДЫҚ

БАЛЫҚШЫ ТҮЛКІ

Су жағалап,
балық аулап түлкі жүр,
Құйрық малып,
суды көзбен тінтіп жүр.
Ұсақ-түйек ілікті ме қылағай:
Судан шығып,
су құйрығын сілкіп тұр.

СУ ТАСЫП ЖҮРІП СУСАҒАН



Үй иесі кеспекпенен өзеннен
Су тасиды өгіз деген безермен.
Бір жұтым су сол өгізге бұйыртпай,
Қаңтарады...
Солай ма екен ежелден?!

ҚҰЛАНЫҢ МІНЕЗІ

Мінезін біл Құланның:
«Аулақ жүр, – деп, – шырағым»,
Анадайдан, алыстан
Қайшылайды құлағын.

ҮШЕУ

Жыбырлаған жылан,
Үрке қашқан құлан.
Екеуіне қарап,
Аңырып тұр бұлан.



ОРМАН

Оң жағымда – орман,
Сол жағымда – орман.
Қандай қалың орман –
Жел-дауылдан қорған.

ҰРАНЫ АЙНАЛЫП ӨТ

Не ақын бар ұрынып,
Айналып өт ұраны.
Арбаң қалса тығылып,
Тырп ете алмай тұрады.

ШАҚЫРЫМДЫҚ БАҒАНА

Сұрай түртіп қыңқылдама ағаңа,
Әуелі өзің іштей өлшеп шамала.
Береді айтып
алдағы ауыл қанша жер
Жол бойында шақырымдық бағана.

АҚША ҚАР

Күн нұрына шағылысқан қыр үсті,
Жарқырайды, жалғап батыс, шығысты.
Қолдан ұнтап кім шашты екен далаға
Осыншама ақ қиыршық күмісті?

ЖОЛДАР

Сарыарқада
атамекен, мол мекен,
Тарам-тарам шиыр жолдар сонда екен.
Қоныс іздеп желмаясын желдіртіп,
Асан Қайғы бабаң жортқан жон ба екен?

БАЙЛАУЛЫ ҚАЙЫҚ

Теңіздің желі жұлқынды,
Лап қойды толқын жазыққа:
Желідегі тайдай

бұлқынды

Байлаулы қайық қазықта.

ҚЫРАТ-ҚЫРДА ТРАКТОР

Бусанады қырат-қыр
Көк мұнармен бүркеулі.
Дүрілдейді трактор
Дөн сепкіші тіркеулі.

ҚҰРБАҚА

Көз жеткісіз көлемі
Жол жиегі – қыр-жота.
Шыбын-шіркей тереді
Секең-секең құрбақа.

ОМБЫ ҚАР

Ақ далада омбы қар,
Деме: «Бетім домбығар...»
Қармен бетті ысқыла,
Тас бұлаққа қолың мал.

БАЛБАЛ ТАС

Мынау сынтас, балбал тас –
Аталардан қалған тас.
Заманына белгі етіп,

Түрлі таңба салған тас.
Ғұннан* ба өлде сактан* ба –
Балбал таста көп таңба...
Өткен күнді оқи біл,
Тарих сырын ақтар да.

ОРМАНДА

Бір кісідей жұмылып,
Отын жардық жұлынып.
Біздер жаққан алаудан
Орман кетті жылынып.

КҮЗДЕ ҚҰСТАР ҚАЙТҚАНДА

Құстар қайтып барады жылы жаққа,
Көзімді алмай қараймын күн ұзаққа.
Тырау, тырау тырналар!

Жат жерде де
Туған елдің жадында жырын сақта.


ТҰСАУЛЫ АТ

Ұзамайды тұсаулы ат,
Атың тұса көгалға:
Күні бойы құс аулап,
Кеш оралар ағам да.

САРШҰНАҚ

Жол үстінде дән сұрап,
Күткендей-ақ күніге.
Тақап келсең,
Саршұнақ
Зып береді ініне.

* Ғұн, сак – ежелгі тайпалар.



БЫЛҒАМАСЫН КӨГАЛДЫ

Торайлардың көгалда
Аунағаны обал да...
Шалжиып ол жатпақ па
Айдап таста батпаққа

ІЗ БЕН СҮРЛЕУ

Көгалдың үстінен баяу ғана
Із қалар, жалғыз өтсе жаяу бала...
Он бала жүрсе соның ізін басып,
Сүрлеумен жалғасады таяу дала.

ЖАЙЛАУДАҒЫ ҰЙҚАСТАР

Өріс


Көк шалғынды кеңіс,
Мал атаулы тегіс
Еркін жайлап тойған,
Мұның аты – өріс

Құрық

Тұзағы бар ұшында,
Сырт қарасаң бір сырық.
Асауды ұстар тұсында
Көдуілгі бұл құрық.

Жолым үй

«Қош келдің!» – деп қарсы алар,
Аппақ шаңқан жолым үй.
Жаз жайлауда малшылар
Дөңге тігер соны ылғи.



Сай

Сай десем, кәдімгі астау ұзын, терең,
Тасқынның осып өткен ізін көрем.

Ешқашан

аққан судың құлағына
Кірмейді киелі сөз «түзу» деген...
Бұралаң, иір-иір, бұраң-бұраң,
Ағын су – қиыр-шиыр қызық өлең.

Көкжиек

Көкжиек осы
Көк аспан жермен қосылған,
Қызықтыратын
көздің ұшынан көрініп...
Ұшсан да қанша,
Шықсан да қашан қосыңнан,
Көкжиек осы
Жеткізбей қойған шегініп.

АУЛАДАҒЫ ҰЙҚАСТАР

Қаз бағамын



Бір топ қаз бар қорамда,
Жайып келем көгалға.
Балаусаға тойдырып,
Жүздіремін тоғанға.

Қомағай үйректер

Асыранды үйректер
Шеттерінен қомағай.
Тоймай ылғи күйбектер,
Жемін шашсаң соғады-ай!

Каникулдағы шана

Балты-жайлы қалпында
Қаңтарулы шана тұр.
Мал қораның артында
Жазда сен дем ала тұр!



Арба үстінде ойнаймыз
Кірсең біздің аулаға,
Бар қорапты арба да.
Қыстың күні топырлап,
Сонда ойнаймыз бар бала.

Есектің де еңбегі бар
Жем себейін ақырға,
Кел, есегім, тақырла.
Еңбегіңе тапқан сол —
Азығың да, ақың да.



Құлынды сугарамын
Ат шаптырым аула кең,
Құдық та бар шығырлы.
Су тартамын қауғамен,
Сугарамын құлынды.

Шөлдемесін шөжелер
Су толтырсам астауға,
Шүпірлейді шөжелер.
Енесі көш бастар да,
Шөжелері өзі ерер.

Таза сақта құдықты
Суы тұнық құдыққа
Ит пен құсты жуытпа.
Қақпағын да жауып жүр,
Мұз қатпасын суықта.

Шай қайнатамын
Үш-төрт мәрте
 әр күнде
Шай қайнатам шөугімге.

Су тасимын
«Бақ суарсам керек», — деп,
Су тасимын шелектеп.



Тегене мен шеге
Ернеуі тайпақ тегене
Іліне қоймас шегеге.

Түндік түрілгенде
Түрілді түндік,
Шанырақтан күн түсті.
Тыныштық мүлгіп,
Үйдің ішін нұр күшты.

Көк тайғақта
Аулада көк тайғақ,
Коньки бек байлап,
Бала да кетті ойнап,
Аға да кетті ойнап.
Аталар, әжелер
Жас күнін өтті ойлап...

Жалғыз адам ағаш аралай алмайды
Бөрене бар... ара бар...
Ретін таппай бала дал:
Арғы басын кім тартар,
Жалғыз қалай аралар?

Шу-дабырдың қырсығы
Ұқтым сыр бағбан сөзін тыңдауымнан,
Өзім де байқап жүрмін гүл бағымнан.
Сайратып қойсаң егер магнитофонды,
Гүлдер солып қалады шу-дабырдан.

ОНДА ҚАУІП ЖОҚ

Бұл жерден болғай су алыс –
 Бұлақ та алыс, көл алыс...
 Су алыс болса егер де –
 Кірпі үшін со да жұбаныш.

Еш қорқау онда кірпіні
 Бас салып өсте жемейді.
 Өзгесі түгіл,
 түлкіні
 Көрсе де,
 кәтер демейді.


ИТМҰРЫН

Құдды қызыл моншақ
 Бұтада тұр самсап.
 Ну тоғайға енсең,
 Итмұрынды көрсең,
 Өзінді-өзің сына,
 Тікеніне шыда.
 Итмұрынды терем,
 Ол дәрі де, ол – ем.

АЙДЫНДАҒЫ АҚ КЕМЕ

Зуылдаған жебедей
 Қапшағайда ақ кеме.
 Далалыққа деме өгей,
 Таулықтарға жат деме.

Кеме – көшкен көшелер,
 Дуылдаған қала дәл.
 Ырза өке-шешелер,
 Серуендеген балалар.



КИІЗ ҮЙ МЕН ОБСЕРВАТОРИЯ

Киіз үй
Жұлдызды түнгі жайлауда
Обсерваториядай.
Болады теңеу ойлауға.
Ал обсерватория
Кәдімгі боз үй – ұядай...
Түнліктен көкке қарасаң,
Жарқырап жұлдыз, тұрады ай.

АЛУАН, АЛУАН АТЫ БАР

Тұқым, бидай жыл күтіп,
Тосып еді көктемді.
Дихан ата жер жыртып
Аңызға дән сепкен-ді.

Шықты енді өскін боп
Жел ескенде желкілдеп.
Қуанбаған ешкім жоқ,
Егін көрсе, елпілдеп.

Сол өскіннен көкпеңбек
Масақ болды тербеліп.
Жаз бойына көкке өрлеп,
Ал қаптады дән келіп.

Комбайншы орды егін,
Ақ бидайды саулатты.
Шофер тасып келгенін
Диірменші алып, ұн тартты.

Ұннан наубай нан жапты:
Тоқаш, күлше нөрі көп.
Дүкеншілер нан сатты,
Халық тойды қарық боп.

Бір өзінің ұнамды
 Алуан, алуан аты бар...
 Қастерлей біл бұл нанды,
 Еңбек етіп, сатып ал.

СУСАМЫР ТОРҒАЙ

Сөредегі жас күртты
 Үш күн бойы қақшыпты.
 Содан көні кепкен де,
 Бір құдыққа жеткен де.
 Суға толы қауғадан
 Торғай ішіп, қанбаған,
 Іше берген – қанбаған,
 Іші сыздап, зарлаған,
 Күні бойы аунаған...
 Әлі күнге таң қалам:
 Қалай өліп қалмаған?

ТОҒАЙДАН ЖИДЕК ТЕРСЕҢ...

Табылмастай ой-қырдан,
 Тоғай іші той-думан.
 Тере білген баланы
 Қарақатқа тойдырған.

Табылмастай ой-қырдан,
 Тоғай іші той-думан.
 Тере білген баланы
 Итмұрынға тойдырған.

Табылмастай ой-қырдан,
 Тоғай іші той-думан.
 Тере білген баланы
 Бүлдіргенге тойдырған.

АЛҒЫРЛЫҚ ЕМЕС – ОБЫРЛЫҚ

Қызыл ет табылса,
Ал қылғыт, –
Дейді Бүркіт, –
Мұның аты –
алғырлық.

Алғырлық емес, ол –
кәдімгі содырлық.
Қанағат жоқ – обырлық.

ҚЫРҚЫНДЫ

Қырқындыны қыстайғы
Кім қорада ұстайды?
Күнде шашам қырқынды –
Қондандырам жылқымды.

ШЫРҒАНАҚ

Тоймайды көзің мың қарап:
Тауда өскен бұта шырғанақ.
Сап-сары, қызғылт моншағы
Толысып күзде самсады.

Иісі құдды ананас,
Жанамай өтсең, жарамас...

Кел де тер күзде Ел үшін
Шипалы, дөру жемісін.

ҚИЯҚ

Кәдімгі қылыш сияқты
Көрдін бе жасыл қияқты?

Шабындық жерде өседі,
Жағалай көлді, бұлақты.

Сортанда тағы өседі,
Епсіздің қолын кеседі.
Ептілер себет тоқиды,
Қияктан арқан еседі.

ЛӘЙЛЕК

«Тыныш орын-жай», – деп,
«Осы маған сай», – деп,
Көрі еменнің басына
Ұя салды ләйлек.



СЕҢ

Жағалауда көппіз –
Қиқулаймыз андап:
Күтір-күтір көк мұз
Сығылысып, аунап,
Жөңкілді-ай кеп демде
Апақ-сапақ кеште:
Астан-кестен сең де
Ұқсайды ұзын көшке.

БЕРІК ПЕН КЕРІК

Айтқыш біздің Берік:
– Көрдім, – дейді, – Керік. –
Ортада өзен, су бар,
Арғы жақта ну бар.

Балаусаның көгін
Мойнын созып жеді.
Аш қалмайды Керік, –
Дейді біздің Берік.



Қайсысы қайсысына ұқсайды
Пияла ұяға ұқсайды,
Ұяға пияла ұқсайды.

* * *

Үйрендің бе, кішкентайдан бақылап,
Ұқсас заттар шалына ма көзіңе?
Қызыл жалын
 күдды қызыл жапырақ,
Күдды жалын
 жапырақтың өзі де.

* * *

Түрпі кірпідей,
Кірпі түрпідей.

* * *

Тік шаншылған жауынгер ту саптағы
Көк теректей бақтағы.

* * *

Күдірейген белі бар
Мысық ұқсас көпірге.
Қарсы алдыңнан жолығар,
Тас лақтырып, жекірме.

* * *

Парашют ашылған күйінде
Бақбақтан аумайды – қарашы!
Парашют секілді – түйінде –
Бақбақтың бітімі – қарасы.

МОЙЫНДАУ

Класта диктант жазып ек,
 Бағамыз бірдей, Қазыбек:
 Сен болсаң, менен көшірдің,
 Мен болсам, сенен көшірдім,
 Сенің де бағаң – «екілік»,
 Менің де бағам – «екілік»...

ОМАРТАШЫ БАТЫРБАЙ



Сараң көршім, япырмай,
 Шеп күзеткен «батырдай».
 Омартасын қориды
 Тәтті балдан татырмай.

КҮШІК КӨРСЕ...

Тілеш досым тілектес
 Дүр ғой десем дір етпес.
 Күшік көрсе безеді:
 Қорғалақтың күні өтпес.

ЖЕТПЕЙДІ, ӘТТЕҢ, ЖІГЕРІ...

«Екілік» не, «Бестік» не?
 Барша шәкірт біледі.
 Қараса да достықпен,
 «Екі» алғанда күледі.
 «Екі» алғанда омалып,
 «Үш» алғанда күледі.
 «Беске» оқуға солардың
 Жетпейді, әттең, жігері.



МАЗАҚТАМА

Өкпелесең, өкпе же,
Сатып алмай, текке же.
Соңынан іш көк көже,
Ашуынды тек теже.

СӨЗБЕН ОЙНАМА

Аңқаусыма, ой, бала,
Ағат айтсаң, қайтып ал.
Айтар сөзбен ойнама,
Асық емес қайтып бар.

ЖЫР ДӘПТЕРІН БЕРЕ ТҰР

Ел аузынан жиганың –
Көркем нұсқа, көне түр...
Жаттайыншы жырларын,
Дәптеріңді бере түр.

ҰШҚАЛАҚ

Біздің Досан,
Көрсен қашан,
Ербен-ербең,
Шошаң-шошаң.

СЕН ДЕ АУЫЛДА ТУДЫҢ БА?

Мен бе екем сені жылатқан,
Қияқпен қолың кесіп кеп?
Қорқатын болсаң қияқтан,
Бұл ауылдан көшіп кет.

ЫЗАҚОР

Ызаланса булығып,
Сөйлей алмай мүдіріп,
Әлтай қолын жұмсайды,
Ал жейтіні – жұдырық.

СОТАНАҚТЫҢ СУРЕТІ

Майлап сылап, қойсаң мейлі опалап,
Қозы көштен танылады сотанақ.
Таяқ жей-жей, кезі-басы көкпеңбек,
Ал жүрісі алақ-жұлақ, қопалақ.



НАҒЫП ТҰР?

– Мынау Әсет нағып тұр?
Шалғайынан тамып тұр...
– Қалтасына салған қар
Еріп кетіп...
Налып тұр.

ЕРКЕНІҢ БӘРІ ЖЫЛАУЫҚ

Екі иіні селкілдеп,
Боздайды ерке еңкілдеп...
Жылауық екен бұлттан да,
Ұят-ау енді жұрттан да!

Бұлттан да ерке жылауық,
Бұлт та тыйылар бір ауық...



НЕ ЖАЗАДЫ, НЕ ІЗДЕЙДІ?

Аю өлең жазса егер,
Не жайында жазады?
Қабан жерді қазса егер,
Нені іздеп қазады?

Дәмі көмей суырған
Аю балды жырлайды.
Қабан қалың шымыннан
Түбір іздеп тынбайды.

ҚЫЛҚАЛАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

– Қабырғаны былғаған
Ол не екен?
– Қылқалам...
– Жаланы ондай тыңдама! –
Деді ашулы қылқалам... –
Сурет салып сырлаған
Мына менмін – қылқалам!

МЕРГЕННІҢ ЖАУАБЫ

Мергеннен досы сұрады:
– Аншылар мылтық атарда
Бір көзін неге жұмады?
– Оның да бар гой себебі:
Екеуін бірдей жұмғанда,
Андарды қалай көреді?

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....5

БҮЛДІРШІН, БҮЛДІРШІН КҮНМЕН БІР КҮЛСІН

АУЛАҚ БОЛ ЖАМАН ӘДЕТТЕН	7
ОН САУСАҚ	11
ҚОЯН МЕН ҚАСҚЫР	-
АЯЗДА	-
ТЫРАУ, ТЫРАУ, ТЫРНАЛАР	12
АЙТАҚЫРДА АЙ ЖАТЫР... ..	-
МАЙГҮЛМІН – МЕН	-
АҚ ЛАҚ ПЕН БАҚАЙ	-
МАРАЛДЫНЫҢ МАРАЛЫ	-
КҮНБАҒЫС	13
БӨДЕНЕ	-
КІМНІҢ БАЛАСЫСЫҢ?	-
ҚҮС АТҚАНДА	-
МЕН ТІЛ АЛҒЫШ БАЛАМЫН	14
АҢҚАУ	-
СЫЙҒА СЫЙ	-
ТАТУ БОЛ	-
ЖАҢҒЫРЫҚ	15
«АДАЛДЫҚ»	-
МЕНІҢ ОЙЫНШЫҚТАРЫМ	-
РАХЫМЕТ ДЕП АТАЛЫПТЫ АХЫМЕТ	16
САУЫСҚАН	-
БИККЕ, БИККЕ	17
ҚОЗЫ МЕН ТЕКЕ	-
КӨЗ ТОСТАҒАН	-
«ҰМЫТШАҚ»	18
ЖЫЛҚЫШЫ	-
БАЛАҚАЙ МЕН ҚАЛАҚАЙ	19
МЕН ДАЛА БАРДЫМ	-
ӘЖЕМНІҢ АЛАШАСЫ	-
ТЫШҚАН МЕН БАЛАСЫ	-

ДӘРІГЕР БОЛАМЫН	20
ҚЫСҚЫ КӨЛ	20
БҮЛТ ПЕН ҚҰС	-
ҚОЛПАТЫР	-
ЕКІ КӨРІНІС	21
МЫСЫҚ ПЕН ҚҰМЫРА	-
ҚОЛҚА	-
ГҮЛ МЕН ТАМШЫ	-
ШАЙ ҚАЙНАТЫП БЕРЕЙІН	22
ШЫНЫҚСАҢ – ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ	-
АЙ МЕН АЯ	23
ҚОМАҒАЙ	-
САМАТ ПЕН САҒАТ	24
ДӘУ БАЛЫҚ	-
САНАМАҚ	-
МИЯУБИКЕ МІНБЕСІН	25
ЖАЛҚАУДЫҢ ЖАУАБЫ	26
ТӨЛЕГЕН – БЕРЕГЕН	-
ПОЧТАШЫ АҒА ЖҰБАТТЫ	-
ӨРШТЕРДІ БІЛІП АЛ	27
ТІЛ СЫНДЫРУҒА	28
НАРКӨЗ	-
БОРСЫҚ	-
ТАЛАС ҚАЛАЙ ТЫЙЫЛДЫ	-
БАЛАҚАЙҒА	29
СОТҚАРДЫ СҮЙЕР КІМ?	-
СУАЙТ САУЫСҚАН	-
ЖАЛМАҒЫШ	-
ҚЫРЫҚАЯҚ	30
ЖАҢҒАЛАҚТЫҢ ӨЛЕҢІНЕН	-
ӘППАҚ ПЕН САТПАҚ	-
ОРМАНДА	-
МУЗОЙНАҚ	31
О, ҚОРҚАЙЫН МЕН НЕГЕ?	-
«ҚАҚ САТАМ, ҚАҚ САТАМ»	-
САРЫ ЖАПЫРАҚТАР ЖАУҒАНДА	32
ЖЕЛ ДЕГЕН НЕ?	-
МЕДУЗА	-
КӨЗІҢ НЕГЕ ҚЫСЫҚ?	33
ТАБИҒАТ ӨЛІППЕСІНЕН «Ш» ӨРПІ	-
БІЛМЕЙ МЕ КҮШІК ОИДАЙДЫ?	-
ДҮРБІ	34
ТІС ПЕН ТІС ЫСҚЫШ	-

БАЛҒАБАЙ	35
ҚАРАҚАТ ТЕРЕ БАРҒАНДА	-
ҚОРБАҢ АЮ	35
ТАРҒЫЛ МЫСЫҚ ДАҒДЫСЫ	36
ТҮНҒЫШ КӨКТЕМ	-
ҚҰМЫРСҚАЛАР	37
БАҚАНЫҢ ЖАУАБЫ	-
КЕЖІР	38
ҰЗЫН ТІЛ	-
БАСТАЛМАҒАН ЖЫР	39

ЖАРҚЫРАЙ БЕР ЖҮЛДЫЗША

МОНТЕР АҒАЙ	41
КҮЛӘН ТӘТЕМ	-
ҚҰСТАРДЫҢ ТОЙЫНДА	42
ЖОРҒА ТОРҒАЙ	43
ЛАҚ НЕГЕ ШҮНАҚ?	-
СЕГІЗІНШІ МАРТ КҮНІ	44
ОЙЫННАН ҚАЙТҚАН ОРАҚ	-
КӨРЕГЕНДІК	45
ТУРИСТЕР	46
ОРАҚ - ОЛАҚ	-
ЖАЛҚАУ ВИНТ	47
ҚОЯҢ ӨРГЕ ҚАРАЙ ЖАҚСЫ ЖҮТІРЕ МЕ, ОЙҒА ҚАРАЙ ЖАҚСЫ ЖҮТІРЕ МЕ?	-
ЖЕЛ - ДАУЫЛДЫҢ ІНІСІ	48
ШАҒҒЫ ЖОЛ	-
РАХАТ ҚОЙ САЛҚЫН СУ	49
ЖАҒҒАҚ ПЕН ЕСІК	-
КҮРЕКТІҢ ЖЫРЫ	-
КӨКТЕМ КЕЛДІ	50
МЕНИҢ ТӘТЕМ КОРРЕКТОР	-
СЫЛАҚШЫ АПАЙ	-
АРНҰР ҚҰСТЫ АЯЙДЫ	51
ТАСБАҚАНЫ ЖҰМСАСАҚ	-
ӨШІРГІШ ПЕН ҚАҒАЗ	53
ҚИСЫБАЙ	54
КӨК ТАЛ - КӨРКІ КӨШЕНІҢ	-
КҮЗ КЕЛДІ	54
ҚАЙТЫП КЕЛГЕН ХАТ	55
БҮ НЕ?	56

БА ЗАРЛЫҚ	57
КІТАП – ЖЕ МІС АҒА ШЫ	58
КІМ ҰТЫЛДЫ, КІМ ҰТТЫ?	–
ПЕРНЕБЕК ПЕН КӨБЕЛЕК	59
ЕКЕУ ДЕГЕНШЕ, БЕКЕМ ДЕ	–
ЖАМАҚАЙ МЕН ДУШ	60
АТЫ МЕН ЗАТЫ	–
БАС ПЕН ҚОЛ	61
ЖОЛ ҚАЙДА ЖОҒАЛДЫ?	–
КӨКТЕМДЕ	62
ҚОЛ	–
КҰРБАҚАНЫҢ ЖЫРЫ	–
ҚОШАҚАН МЕН ОПАҒАНЫҢ СЫРЛАСУЫ	63
ХАЛЫҚ ӨЗІННЕН	–
ҰРЫНШАҚ	–
СӨЗ МӘНІСІН АЙЫРА БІЛ	64
ҰШЫП КЕЛДІ ҰЗАҚ ҚҰС	65
ҚЫС	66
САЯ	–
ҰҚСАТАСЫҢ БА?	–
ЖАЗДА НЕГЕ ЫСЫ?	67
НАНАСЫҢ БА?	–
СОЛ ДЫБЫСТЫҢ ҚИЫНЫ-АЙ	68
ҰЙҚЫНЫҢ ҚЫРСЫҒЫ	–
КІТАП	–
ЕГЕР ДЕ	–
АҚ ДӘПТЕРДІҢ ОЛАҚ ҚАЛАМҒА ЗАРЫ	69
КІШКЕНТАЙ БАЛАНЫҢ ТАҚПАҒЫ	70
ӘСЕМ ШАРЛАР АСПАНДА	–
ҚАРАҒАЙ НЕГЕ ҰЗЫН, ЖЫҢҒЫЛ НЕГЕ ЖАТАҒАН, ТОБЫЛҒЫ НЕГЕ ҚЫЗЫЛ БОЛҒАН?	–
ОЛ ЖЫЛЫ МЕН БЕСТЕ ЕДІМ	72
ҚАЙСЫСЫ ДҰРЫС? ҚАЙСЫСЫ БҰРЫС?	–
ХАЛЫҚ АЙТҚАН СӨЗ АНЫҚ	73
ҚАУЫН ҚАБЫҒЫНДАҒЫ ЖАЗУ	–
МАҢЫРАУЫҚ	74
ҚАРАҒАЙ	–
ЖЕЛ	75
ЫРЗАЛЫҚ	–
ЖАС БУЫНҒА ЖАҢА ЖЫЛҒЫ ТІЛЕК	–
ТИІН	–
ҚЫРДАҒЫ ҚУДЫҚ	76
ТАУЫС НЕГЕ ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ, ҚАРҒА НЕГЕ ҚАРА?	–

ЖОЛДАМА	79
ЕБІ ЖОҚТЫҢ ЕМІ ЖОҚ	80
АЛ ТАБАЛЫҚ, ІЗ КЕСІП	-
ДЕМАЛЫСТА ЖАЙЛАУДА	81
ОТПЕН ОЙНАМА	81
ЕЛІН СҮЙГЕННІҢ ЕҢСЕСІ БИІК	84
КЕМПІРҚОСАҚ	-
ЕПТІ КІМ?	85
КҮН ТОҚЫҒАН КІЛЕМ	88
КІРІПТАР КӨЖЕК	-
«Г» ӘРШІ	89
КҮН КӨСЕМ	-
ОЛ БІЛГЕН ЖОҚ	-
КӨҢІЛ, ШРКІН, ШӨЛДЕГЕНДЕ	90
ТОС ҚҰЛАҚ	91
КӨҢІЛНЕ КЕЛЕР ДЕП	92
ЕНДІ ТҮСІНДІМ	-
БОЗТОРҒАЙ ӘНІ	93
МЕН АҒАНМЫН	-
ҰМЫТШАҚ ҰМІТХАН	94
ӘДЕТ ҚОЙ	-
ДАБЫЛШАЗ	95
БАЛА АЙТАДЫ БАЙҚАҒЫШ	-
КҮНДЕ НЕГЕ КЕЗЕКШІ?	96
ӘЖЕМНІҢ ЕРТЕГІСІ	-
СУРЕТ	-
АНА МЕН БАЛА	-
БІР АПТАДА	99
ӘЛІППЕ	-
КӨКІМЕ ҚОРАЗ	-
ЖАННҰРҒА	101
БҮЛ ҚАЙ КЕЗДЕ БОЛАДЫ?	-
ОМОНИМ СӨЗДЕР	102
ЛОГОГРИФ	104
ШАРАДА	105
МЕТАГРАММАЛАР	106
АЙДЫҢ АРҒЫ БЕТІНДЕ	-
ШЕГЕ	107
ЖЫЛТЫҚАЙ	108
КӨКЕК НЕГЕ «КӨКЕК» ДЕЙДІ	-
ӘРШТЕРДІҢ СЫРЫ	109
ОТЫРДЫ ОЛ ПАРТАҒА	111
ІЗДЕГЕН ТАБАДЫ	-

ПАРТА	112
ҰҚЫПТЫ ОҚУШЫ	113
БАСТАҒАН ІСТІ ТАСТАМА	-
ШЫНДЫҚ	114
АКПАР ЖӘНЕ АКВАРИУМ	-
ДЕМАЛЫС ЖОҚ ЕҢБЕКСІЗ	115
СУАЙТТЫҢ ӨТІРІК ӨЛЕНДЕРІНЕН	-

ТАБИҒАТ ТАМАШАЛАРЫ

ҚЫС КӨРІНІСІ	119
АНА ТІЛІ	-
ДАЛА БАЛАСЫ	120
АУА – ТЕҢІЗ	-
АЛМАТЫНЫҢ АЛМАСЫ	121
МАРТ АЙЫ	-
ЕКІ СҰРАҚ, ЕКІ ЖАУАП	-
ФЕРУЗА	122
ӨЗІҢ БІЛ	-
ДУНАЙ ТОЛҚЫНДАРЫ	123
ОТАҒА АНТ	-
ЕСІК КӨЛІНДЕ	-
ТУҒАН ӨЛКЕ	124
БІЗ СОДАН КӨРГЕНБІЗ	-
ҚЫСҚЫ АУЫЛ КӨРІНІСІ	125
БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ ЕСКЕ АЛУ	-
ТӘТТІ ЕСІМДЕР	129
МАРАЛДЫ МӘЙЕГІ	130
ТІЛЕШКЕ ТІЛЕК	-
СТАДИОНДА	131
СЕН ҰҚСАМА ОҒАН	132
САҒАТ ҚАНША	-
ЕРІНШЕКТЕР ЕЛІНІҢ ЕРТЕҢБАЙЫ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ	-
СЫРЛАСТАР	134
СУ ДА – БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТШІ	135
ТАУ МЕН ТАУЛЫҚ	136
КҮЗ	-
НЫШАН	-
ТАМШЫ	137
КРОКОДИЛ – ҚОЛТЫРАУ ҚАЛТЫРАЙДЫ	-
КІТАП ТУРАЛЫ ОЙ	-
ЕЛІНЕН АРНА ТАБАДЫ	138
ЖЕТІ ТҮС	-

НҮРКЕНІҢ КӨШЕСІНДЕ	139
КЕН КОМБАЙНЫ	-
А. БАЙЖАНОВ ПРОСПЕКТИСІНДЕ ТУҒАН ОЙ	140
БАҚШАШЫМЕН ӘНГІМЕ	142
КІРІШІ	-
СОНДАҒЫ БАЛА	143
ҚАЛМАШТЫ БІРІ	144
ЖИЫНҒА КЕЛДІ ҚАРТ ШАХТЕР	-
ДҮКЕН АЛДЫНДА	145
ҚАРАҒАНДЫҒА	146
ТЛШНІҢ АУЗЫНАН	-
ӨТЕЛМЕГЕН ЦАРЫЗ	148
СОЛАЙ ДЕЙМІН	149
ЕЗ КҮЙРЕГЕН, ЕР БЕКІГЕН	-
МЕЙМАН	150
АҢЫЗ	157
ХАЛЫҚ ҒАЛЫМЫ	158
АМАНКЕЛДІГЕ	159
ЖАСЫБАЙ БАТЫР МЕН ЕЛШЕКБАЙ	-
МҮНАРА	160
ОРМАН КҮЗЕТКЕН ТЕМІР	161
ШЕЖІРЕШІ	162
ӘЛИЯ	164
ҚҰРЫЛЫСШЫ ӘНІ	-
ЖАНАШЫР	165
СӨТ СУРЕТІ	166
БӨЛЕТІН НЕ?	-
МҮЗ АЙДЫНЫ МЕДЕУДЕ	-
ДҮНИЕ ҚОҢЫЗ	168
АНА	-
ЖАҚСЫЛЫҒЫ – ЕСКЕРТКІШІ	169
ӨМІР САБАҒЫ	170
ЭСТАФЕТА	-
МУЗЫКА МЕКТЕБІНДЕ	171
ТУ ҰСТАУШЫ	-
СӨЗ БЕН ІСТІҢ АЛШАҚТЫҒЫ	172
АНА САҒЫНЫШЫ	-
ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ АЙТЫСЫ	173
СОҢЫРА	176
ТҮЛЕКТЕН ҚЫРАН ӨСЕДІ	-
ЖЕМІСІҢ БОЛСА АРТЫНДА	177
ҰСТАЗЫМА	-
АЛҒЫС	178
ІЗЕТ	179

ҚҰРМЕТ	179
БАЛАЛАРДЫҢ АТЫНАН	180
АҚ БЕТ	181
КҮШІНУ	-
БАҚЫТ ЗАҢЫ	182
КӨК СИЫРДЫ КӨТЕРГЕН КЕЛІНШЕК	183
ЕКІ ҚҰРБЫ	185
ТҮЙЕБАЕВ ПЕН ТҮЙМЕБАЕВ	186
БІРЕУДІҢ ҚАТЕСІ – БІРЕУГЕ САБАҚ	189
КЕЙДЕ БІР ОЙЛАСАҚШЫ КЕРІСІНШЕ	-
БҮРКІТ ПЕН ЖАПАЛАҚ	-
БІР ШЫНДЫҚ	190

**ЖАС ҰЛАН,
АСАУЛАРДАН АС, ҰЛАН**

КІШІЛІК ПЕН КІСІЛІК	191
САҒЫНЫШ	-
ҚОШТАСУ	193
МАХАББАТТЫҢ КҮЗЕТШІСІ	194
ЕРТЕНГІ ҰРПАҚҚА	195
«МАРАЛДЫ» КӨЛІ БАСЫҢДА	196
БАТА АЛҒАН БАЛА	197
БІР КҮН КЕЙІН БІЛДІМ МЕН	200
ЕР ӨЛМЕЙДІ	201
МЕНІҢ ЖАСТЫҚ ЖЫЛДАРЫМ	-
ЕЛ МЕН ЕР	202
АСПАЗ СОЛДАТ	-
ЕСКІ ДОТ ПЕН ЭКСКАВАТОР	203
АНА СӘЛЕМІ	204
ҰМЫТА АЛМАС	-
ГҮЛ ЕКСЕҢ ЖЕРГЕ ЕКЕУ ЕК!	205
ӘКЕ СУРЕТІ	206
ТҮТІН	207
ДОСЫМНЫҢ ҰЛЫН КӨРГЕНДЕ	-
АТА-БАБА ЖОЛЫМЕН	208
ОРАЛУ	-
СОҢҒЫ ОҚ	209
АҚ БАУЫРСАҚ	210
АҚ СҮТТЕЙ ЖҮТҚАН АСЫЛЫМ	-
ДӘН МЕН ЖЫР	211
АҚ ШОҚЫЛАР	212
ӘДІЛ БАҒА	-

СОНДА БІР СӨЗ АЙТ, БАЛАМ!	213
ҚОС КЕРЕНАУ	214
ТЫҢДАҒЫ ТОЗБАС ЕСКЕРТКІШ	-
АЛАСА БОЙЛЫ АСҚАРЛАР	216
ҚАЛАМЫМА	-
КАУНАС ТЕНІЗІ ТҮБІНДЕ	217
КӨКШЕТАУ ҚЫЗЫ	218
ҚЫЛЫШ БАБАЕВ	-
БІР ӘУЛЕТ	219
АУЫЛ ТҮНІ	220
«ҚАНЫШ БҮЛАҒЫ»	-
ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЫ	221
ӨЛКЕ СЫРЫ	223
ХИМИК – ЛИРИК	-
РАБИҒА ЖЕНГЕЙДІҢ ҚЫМЫЗЫ	225
БАЛҚАН ТАУДЫҢ БАУЫРЫНДА НЕБИТДАҒ	226
ҚАРТ ПРАВДИСТ – ҚАЛАМ ЕРІ	227
ДӘСТҮР	-
АҚ ШАШТАР	228
ЖҮЗГЕ КЕЛГЕН ҚАРТ СЫРЫ	229
СЫЙЛАУ	230
ҚЫДЫРӘЛПІНІҢ ШЕКАРАШЫ КЕЗІНДЕГІ ХАТЫНАН	232
ОРНЫН ТАЛҚАН ШЕГЕ ОҢДЫ	-
ҚАЙРАТКЕР	235
КОСМОНАВТ СЫРЫ	236
СҮЙІНІШ	237
ЖАҢА ПАВЛОДАРДА	238
ӘКЕСІ МЕН ҰЛЫ	239
ТЕНІЗГЕ ӨКПЕ	241
ҚҰРБАН ДҮРДИЕВ АҚСАҚАЛДЫҢ АЙТҚАНЫНАН	242
БЕЙҒАМДЫҚ	243
БӘРІ СОНЫҢ ІШІНДЕ	-
ШЫҒЫН МЕН ОЛЖА	244
ҮНДЕЙМІЗ ДОСТЫҚҚА	245
АЛМАТЫ ВОКЗАЛЫ ПЕРРОНЫНДА	-
ТАУДЫҢ ГҮЛІ ЖӨНІНДЕ	246
ЖЕКЕ ШУМАҚТАР	247
ОЛ СОЛ	250
СЫЛҚЫМ	251
СҰМЫРАЙ	-
ЖҰМБАҚТАР	253
ЖАҢЫЛТПАШТАР	261

ӘН ШЫРҚАШЫ ӘУЕЛЕТІП

БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАДА	267
МҰҒАЛІМ ОЛ БІЗДІҢ	-
ТОЙ ЖЫРЫ	268
КЕЗЕКШІ	269
ҚОС ҚАРЛЫҒАШ	-
МӘНШҮК АПАЙ	269
КОСМОНАВТ БОЛАМЫН	270
БЕСІК ЖЫРЫ	-
МЕНІҢ ПАПАМ	271
ЖОРЫҚ ЖЫРЫ	272
ЖАҢА ЖЫЛ ӘНІ	-
МЕКТЕП – АНА	273
ЖАЗҒЫ САЯХАТ ЖЫРЫ	-
АНАНЫҢ ӘЛДИІ	274
КӨЛ ТУРАЛЫ ӘН	-
ЕЛ ҚОРҒАУҒА ӨЗІРМІЗ	274
«БАЛДЫРҒАН» ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘНІ	275
КЕЛ, БИЛЕЙІК!	276
ЖАС СПОРТШЫЛАР ЖЫРЫ	-
БІР ЖАС ҚАЗАҚ	277
АМАН АҒАЙ – МАМАН АҒАЙ	-
КӨҢІЛДІ ҚУЫРШАҚТАР	278
ЖАС САЯХАТШЫЛАР ЖЫРЫ	-
СПАРТАКИАДА МАРШЫ	279
ҚАЗАҚСТАН МАГНИТКАСЫ ЖАСТАРЫНЫҢ ӘНІ	280
АЛТАЙ	281
ШӨЖЕЛЕРІМ	-
«БАСПАЛДАҚ»	282
«ҚҰРСАУ-ҚҰРСАУ»	283
«КӨЛЕҢКЕ»	285
ТҮЛКІ МЕН ҚАЗДАР	287

ДАСТАНДАР

АЛАТАУДЫҢ БАУРАЙЫНДА	289
КӨК КІЛЕМ	300
ҚҰРЫШ ҚАЗАҚ	313

АРУАҚТЫ АТА-БАБАЛАР

ӘНЕТ БАБА	324
ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ	-

АСАН ҚАЙҒЫ	324
ТӨЛЕ БИ	325
ХАН АБЫЛАЙ	-
ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ БАТЫР	-
БАЯН БАТЫР	-
НАУАН БАТЫР – НАУРЫЗБАЙ	326
САЛҚАМ ЖӨНГІР ХАН	-
РАЙЫМБЕК БАТЫР ҚОЛБАСЫ	-
БӘСЕНТИН МАЛАЙСАРЫ БАТЫР	327
ТАРАҚТЫ БАЙҚОЗЫ БАТЫР	-
АҒЫБАЙ БАТЫР	-
ЕСКЕЛДІ – БАТЫР, ӘУЛИЕ	-
БАТЫР ЖЫРАУ НЫСАНБАЙ	328
БОПАЙ АПАЙ МЫҢБАСЫ	-
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ	-
МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ	329
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН	-
МҰСТАФА ШОҚАЙ	-
ҚАРА БУРА АТА	330
ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ	-
АҚТАНБЕРДІ	-
ШӨЖЕ АҚЫН	-
СЕГІЗ СЕРІ	-
ҚҰРМАНҒАЗЫ	331
ЖАЯУ МҰСА	-
ӘНШІ, АҚЫН ЫБЫРАЙ	-
БІРЖАН САЛ	-
БӨЛТІРІК ШЕШЕН	-
ҚАШАҒАН АҚЫН	332
БАЙМАҒАМБЕТ ІЗТӨЛИН	-
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ	-
ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ	-
ШӨКІР АҚЫН	333
ӘНШІ МАЙРА	-
ӘНШІ ӘМІРЕ	-
АҚЫН, ӘНШІ КЕНЕН	-
КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТ КЕЛІНІ	334
СУРЕТШІ ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ	-
БАУБЕК БҰЛҚЫШЕВ	-
АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН	-
АЙҒАНЫМ ӘЖЕ	-
НҰРҒИСА ТІЛЕНДІҮЛЫ	335
ШӘМШІ	-
ӘНШІ ҚАЙРАТ БАЙБОСЫНОВ	-

АТАМЕКЕН АЯУЛЫ

ҚАРАТАУ	336
АЛАТАУ	—
АЙЫРТАУ	—
КӨКШЕТАУ	—
ЕРЕЙМЕН ТАУ	337
ТАРБАҒАТАЙ ТАУЫ	—
ДЕГЕРЕС ТАУЫ	—
ХАНТАУ	—
АЛТАЙ ТАУЫ	338
ХАНТӨНІРІ	—
ШЫҢҒЫС ТАУЫ	—
ҚАРАТӨБЕ	—
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ	—
ОТЫРАП	339
СЕМЕЙ	—
ҚАРАҒАНДЫ	—
ТАРАЗ	—
АҚМЕШІТ	340
КАПШАҒАЙ	—
ЕРТІС ӨЗЕНІ	—
ТАҢСЫҚ ӨЗЕНІ	—
ЕСІЛ ӨЗЕНІ	341
СЫРДАРІЯ	—
АЙ ӨЗЕНІ	—
АРЫСТАН ӨЗЕНІ	—
ЖЕМ ӨЗЕНІ	—
ІЛЕ ӨЗЕНІ	342
ӨЛДИ ДЕГЕН ӨЗЕН БАП	—
БАҚАНАС	—
АРШАЛЫ ӨЗЕНІ	—
АБАЙ ЖАЙЛАУЫ	343
ЖАСЫБАЙ КӨЛІ	—
АЛАКӨЛ	—
ТОРАЙҒЫР КӨЛІ	—
ЖАЛАУЛЫ КӨЛІ	344
МАРАҒДЫ КӨЛІ	—
АҚКӨЛ	—
БАЛҚАШ КӨЛІ	—
ШӨМІШКӨЛ	345
ТОЛҚЫН КӨЛ	—
АҚСҮМБЕ МҮНАРАСЫ	—
АЛТЫНКӨЛ	—

БАЯНАУЫЛ	345
АБЫРАЛЫ АУДАНЫ	346
МЫҢБҮЛАҚ	-
НАРЫНҚОЛ	-
МАҚТААРАЛ	-
ОЙЫЛ АУДАНЫ	347
ҚОРДАЙ АСУЫ	-
ЖОҢҒАР ҚАҚПАСЫ	-
ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ	-
ТАМҒАЛЫТАС	-
АҢЫРАҚАЙ	348
АЛТЫНЕМЕЛ	-
ШӘУЛДІР	-
МЫҢАРАЛ	-

АТЫҢНЫҢ ЗАТЫН АНЫҚТА

АҚАТ	349
АКБАР	-
АЙНА	-
АРҒЫН	-
АЙНИ	350
АБЫЛАЙ	-
АЙДЫН	-
АҚМАР	-
АШРАФ	-
ӘМІР	351
ӘБІЛҒАЗЫ	-
ӘДИНА	-
ӘКРАМ	-
ӘЗИЗ	-
ӘЗІМ	352
ӘНЕС	-
ӘНУАР	-
ӘДИ	-
ӘПСАМАТ	-
ӘСЕЛ	353
ӘБУ НАСЫР	-
ӘСЕТ	-
ӘСЕР	-
ӘСЕТОЛЛА	-
ӘБСАЛАМ	354
ӘЛІМ	-

ӘБЛҚАЙЫР	354
ӘЛІП	-
ӘШІМ	-
ӘШІР	355
БАЯН	-
БОДАН	-
БЕГЕШ	-
БАЗАН	-
БАҒДАТ	356
БАДЫР	-
БҮРХАН	-
БӘКІР	-
БАРИ	-
БАРАТ	357
БИНЕШ	-
БАЙҚАРА	-
БЕЙБАРЫС	-
БИЫ	-
БОСТАН	358
БАҚИ	-
БАНУ	-
БҮЛДІРШІН	-
БІЛӘЛ	-
БІШЕ	359
БЕГЕНДІК	-
БАБЫР	-
БАСЫР	-
ГАУЪАР	-
ҒАЙНИКАМАЛ	360
ҒИЯС	-
ҒИЗАТ	-
ҒИНАЯТ	-
ҒИДАЯТ	-
ҒАРИФОЛЛА	361
ҒАБДІЛҒАЗИЗ	-
ҒАНИ	-
ДАТ	-
ДАНИЯР	-
ДӘНЕШ	362
ДИЯР	-
ДАНАЙ	-
ДУБАЙ	-
ДИАС	-
ДӘУІТ	363

ДАЙЫР	363
ДАНИЯЛ	-
ЕЛДАР	-
ЖАУАТ	-
ЖАМБЫЛ	364
ЖӨНБЕК	-
ЖӘМШИТ	-
ЖӘМИ	-
ЖҮНІС	-
ЖАРАС	365
ЖАНДАР	-
ЖАНАН	-
ЖӘЛЕЛ	-
ЖӨДГЕР	-
ЖАҚЫП	366
ЖАҒЫПАР	-
ЖАДАЙ	-
ЖАПАР	-
ЗӘКИ	-
ЗИЯ	367
ЗИБА	-
ЗУХРА	-
ЗҮЛШЫҚАР	-
ЗЕРЕК	-
ЗӘУІР	368
ЗҮБӘЙДА	-
ЗАХИД	-
ЗУБАЙЫР	-
ЗАДА	-
ИСА	369
ИБАДАТ	-
ИМАН	-
ИЗЗАТ	-
КАМАЛ	-
КӨРІМ	370
КҮБІРӨ	-
КҮЛӨНДАМ	-
КЕРЕЙ	-
ҚАБЫЛ	-
ҚАЙЫМ	371
ҚАРАБАЙ	-
ҚАДЫР	-
ҚОЖА	-
ҚОЖАН	-

КУМАЙ	372
ҚАМАР	-
ЛАТИФ	-
ЛӘШКЕР	-
МУХТАР	-
МӘРИЯ	373
МАРХАБА	-
МАҚПУЗА	-
МУХЛИС	-
МАЗДАҚ	-
МУБӨРАҚ	374
МУЗАФАР	-
МУСТАФА	-
МӨЛІК	-
МУХАММЕД	-
МӘДИНА	375
МАРДАН	-
МАҒАЗ	-
МӨКІЛ	-
МАНСУР	-
МУДДАРИС	376
МӘЖИТ	-
МИФТАХ	-
МАРХАБАТ	-
НАЗАР	-
НИЯЗ	377
НУХ	-
НУРИ	-
ОЛЖАЙ	-
ОСМАН	-
ОРАЛ	378
ОМАР	-
ӨЗБЕК	-
РАЙХАН	-
РУХИЯ	-
РАШИД	379
РАУЗА	-
РУСТЕМ	-
РАФҚАТ	-
РАҚИЯ	-
РАСУЛ	380
СӘБИТ	-
СОУЛЕТ	-
САҒАДАТ	-

САҚЫП	380
САРА	381
СЫДЫҚ	-
САПИЯ	-
САРДАР	-
СЕЙФОЛЛА	-
СОФИЯ	382
САДЫР	-
СИРАЖ	-
САДЫҚ	-
САСАН	-
СҮЛЕЙМЕН	383
САЛЫҚ	-
САФИ	-
САНЖАР	383
САТТАР	-
СӘЛІМ	384
СҮЙІМ	-
САМАТ	-
САИД	-
САЯТ	-
СҮБЫҚАН	385
ТАУПЫҚ	-
ТАЙЫП	-
ТӘЛІП	-
ТАЙЫР	-
УӘЙІС	386
УАҚИТ	-
ҰЗАҚ	-
ҰСТАД	-
ҮММҮГЛІСІМ	-
ФӘРИДА	387
ФАЙЗОЛЛА	-
ФАРХАТ	-
ФУАТ	-
ФАТИХ	-
ХАБИБ	388
ХАЛИД	-
ХҮДИЯР	-
ХАКІМ	-
ХҮСАЙЫН	-
ХАИТ	389
ХАДИША	-
ХАЛИМА	-

ХАЛЕЛ	389
ХИКМЕТ	-
ХАЙРОЛЛА	390
ШЫҢҒЫС	-
ШӘКІР	-
ШӘРБАН	-
ШЕР	-
ШАМСИЯ	391
ШАХИМАРДАН	-
ШӘРІІ	-
ШАМСОЛЛА	-
ШАРАФ	-
ЫБРАЙЫМ	392
ЫҚСАН	-
ЫҚЫЛАС	-
ЫСРАИЛ	-
ІСМЕТ	-

АЙНАЛАДАҒЫ АЛУАНДЫҚ

БАЛЫҚШЫ ТҮЛКІ	393
СУ ТАСЫП ЖҮРІП СУСАҒАН	-
ҚҰЛАНЫҢ МІНЕЗІ	-
ҮШЕУ	-
ОРМАН	394
ҰРАНЫ АЙНАЛЫП ӨТ	-
ШАҚЫРЫМДЫҚ БАҒАНА	-
АҚША ҚАР	-
ЖОЛДАР	-
БАЙЛАУЛЫ ҚАЙЫҚ	395
ҚЫРАТ-ҚЫРДА ТРАКТОР	-
ҚҰРБАҚА	-
ОМЫ ҚАР	-
БАЛБАЛ ТАС	-
ОРМАНДА	396
КҮЗДЕ ҚҰСТАР ҚАЙТҚАНДА	-
ТҰСАУЛЫ АТ	-
САРШҰНАҚ	-
БЫЛҒАМАСЫН КӨҒАЛДЫ	397
ІЗ БЕН СҮЗГЕУ	-
ЖАЙЛАУДАҒЫ ҰЙҚАСТАР	-
АУЛАДАҒЫ ҰЙҚАСТАР	398
ОНДА ҚАУІП ЖОҚ	401

ИТМҰРЫН	401
АЙДЫНДАҒЫ АҚ КЕМЕ	-
КИІЗ ҮЙ МЕН ОБСЕРВАТОРИЯ	402
АЛУАН, АЛУАН АТЫ БАР	-
СУСАМЫР ТОРҒАЙ	403
ТОҒАЙДАН ЖИДЕК ТЕРСЕҢ... ..	-
АЛҒЫРЛЫҚ ЕМЕС – ОБЫРЛЫҚ	404
ҚЫРҚЫНДЫ	-
ШЫРҒАНАҚ	-
ҚИЯҚ	-
ЛӘЙЛЕК	405
СЕН	-
БЕРІК ПЕН КЕРІК	-
МОЙЫНДАУ	407
ОМАРТАШЫ БАТЫРБАЙ	-
КҮШІК КӨРСЕ... ..	-
ЖЕТПЕЙДІ, ӘТТЕҢ ЖІГЕРІ... ..	-
МАЗАҚТАМА	408
СӨЗБЕН ОЙНАМА	-
ЖЫР ДӘПТЕРІН БЕРЕ ТҰР	-
ҮШҚАЛАҚ	-
СЕН ДЕ АУЫЛДА ТУДЫҢ БА?	-
ЫЗАҚОР	409
СОҒАНАҚТЫҢ СУРЕТІ	-
НАҒЫП ТҰР?	-
ЕРКЕНІҢ БӘРІ ЖЫЛАУЫҚ	-
НЕ ЖАЗАДЫ, НЕ ІЗДЕЙДІ?	410
ҚЫЛҚАЛАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	-
МЕРГЕННІҢ ЖАУАБЫ	-

Әлем балалар әдебиеті

Мұзафар Әлімбаев

БАЛДӘУРЕН, БАЛАЛЫҚ

«Балауса» баспасының
бас директоры – Абылайхан Құлбаев
Бас редакторы Оразақын Асқар
Корректоры Сандуғаш Темірова
Суретшісі Ерлан Қожабаев

ИБ № 75

Теруге 15.08.07 берілді. Басуға 16.11.07 қол қойылды.
Пішімі 84×108^{1/32}. Есепті баена табағы 27. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 1111.

«Балауса» баспасы ЖШС-і, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы,
143, Баспалар үйі, 609-кеңсе. тел.: 42-16-00. Факс: 42-81-29.

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде теріліп
беттелген. 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143, тел.: 43-35-11.

Қазақстан Республикасы «Атамұра корпорациясы»
ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41 үй.

**«Балауса» баспасынан
«Әлем балалар әдебиеті» сериясы бойынша
шығатын 50 томдықтың мына кітаптары
жарық көрді:**

1. «Қазақ ертегілері».
2. Л.Лагин. «Хоттабыч қарт».
Л.Кэрролл. «Алисаның ғажайып елдегі басынан кешкендері».
А.Милн. «Винни-Пух өрі бөрі, бөрі, бөрі».
3. Б.Немцова. «Алтын» және «Күміс» кітап.
4. «Жер жүзінің жүзге жуық жұртының жұмбақтары».
5. А.Толстой. «Алтын кілт және Буратино».
Дж.Родари «Чиполлино».
«Телефонмен айтылған ертегілер».
«Джельсомино суайттар елінде».
6. Г.Троепольский. «Қара құлақ ақ Бим».
Р.Фраерман. «Түз тағысы Динго».
7. Эдгар По. «Алтын қоныз», «Қара мысық», «Ұрланған хат» т.б. өңгімелері.
8. Э.Распе. «Мюнхгаузеннің хикаялары».
Г.Бюргер. «Барон Мюнхгаузеннің басынан өткен оқиғалары».
А.Некрасов. «Капитан Врунгельдің басынан кешкендері».
9. Э.Сетон-Томпсон. «Жануарлар туралы өңгімелер».
10. А.Линдгрен. «Бөбек және Карлсон».
11. Х.К.Андерсен. «Ертегілер».
12. Эзоп. Мысалдар.
И.А.Крылов. Мысалдар.
13. Р.Киплинг. «Маугли», өңгімелер.
14. Әлем халықтарының ертегілері.
15. Майн Рид. «Жұмбақ салт атты».

16. Б. Сокпақбаев. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» повестері.
17. М. Әуезов. «Көксерек» повесі мен «Бүркітші» және басқа әңгімелері.
18. Ш. Айтматов «Ақ кеме» және басқа повестері мен әңгімелері.
19. А. С. Пушкин. Ертегілер, өлеңдер, поэмалар.
20. Н. Носов. «Дымбілместің Айға саяхаты». Ертегі-роман.
21. Шалғай шетел өлең-жырлары.
22. М. Әлімбаев. Балдәурен, балалық.

Алда мына кітаптар жарық көрмек:

23. «Алтын абдыра». Қазақ балалар ауыз әдебиеті.







«Балауса»
Баспасы